

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тарих факультеті

ӘОЖ: 94(47+57) «18/19»

КОНЫРОВА АЙЖАН МАУЛЕНОВНА

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ-ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚ
ҚОҒАМЫН ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

6D020300 –Тарих

Философия докторы (PhD)

Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:

Тарих ғылымдарының кандидаты
профессор Қозыбақова Ф.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

профессор Ахмет Ташағыл
Едитепе университеті (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК БІЛІК: ОРЫСТАНДЫРУ ҮРДІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	15
1.1 Зерттеудің теориялық методологиясы.....	15
1.2 Орыстандырудың кеңес үкіметіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттелу мәселесінің тарихнамалық талдануы.....	26
1.3. Отандық тарихнама және заманауи зерттеулермен басылымдар.....	44
 2 РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАҚСАТСЫЗ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ НЕГІЗІНДЕГІ ОРЫСТАНДЫРУ: БАРЫСЫ, САЛДАРЫ.....	59
2.1 Патшалықтың қазақ қоғамын орыстандыру саясатының демографиялық әлеуеті: саяси астары мен бағыттары.....	59
2.2 XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын орыстандырудың әлеуметтік және саяси өмірдегі негізгі шаралары.....	70
 3 ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ ЖҮЙЕНІҢ МӘДЕНИ ОРЫСТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ.....	79
3.1 Кеңестік биліктің ұлттық саясаттағы Қазақстанды орыстандыру үдерісі...79	
3.2 Қазақстандағы «сауатсыздықты» жою және әріптерді реформалаудағы орыстандыру шаралары, салдары.....	96
 4 ӘКІМШІЛІК КЕҢІСТІКТЕГІ ОРЫСТАНДЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ: ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....	109
4.1 Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің әкімшілік басқару жүйесі: орыстандыру саясатының тарихы.....	109
4.2 Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің мәдени-сакральды кеңістіктегі орыстандырудағы ұқсастықтар, бағыттары.....	120
 ҚОРЫТЫНДЫ.....	132
 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР ТІЗІМІ.....	138

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КСРО ҒА Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ғылым Академиясы
БАҚ Бұқаралық ақпарат құралдары
ИОГҚ Императорлық Орыс география қоғамы
КСРО Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР Қазақстан Республикасы
ҚР ОММ Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты
ОҒК Орталық Ғылыми кітапхана
ОҒМК Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы
ОҒКҚК Орталық Ғылыми кітапхана қолжазбалар қоры
ПСЗРИ Полное собрание законов Российской империи
РҒА Ресей Ғылым академиясы
РКФСР Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
СЗРИ Свод законов Российской империи
ПСЗРИ Полное собрание законов Российской империи
ОСО Обзор Семиреченский области
СОВ Семипалатинские областные ведомости
ИКРИ История Казахстана в русских источниках
КСК Культурное строительство в Казахстане
НПКС Народное просвещение Каз ССР
СЗ КазССР Сборник законов Каз ССР
УПВСКазССР Указов Президиума Верховного Совета Каз ССР
ДСВ Декреты Советской власти
ПКТ постколониалдық теория
БЕМТ Бірыңғай еңбек мектептері туралы
ЦСВГ Цветущее состояние Всероссийского государство
ҚТА Қазан теологиялық академиясы
ҚДА Қазан діни академиясы
ҚЭШ Қазан Эпифания шіркеуі
ТУГ Түркістан уалаяты газеті
ДУГ Дала уалаяты газеті
ИОГҚОБ Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімі
ОШВ Орынбор шекара ведомствосы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертация жұмысы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатын негіздеу және мәселеге тарихи-салыстырмалы талдау жасауға бағытталған зерттеу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адамзат тарихы үлкен кеңістікте және алуан түрлі жағдайларда қалыптасты. Олардың бірі күшті империяларға айналса, енді бірі тез құлдырап, құрдымға кетті. Алғашқы мемлекеттер шекараларына жақын аймақтарды бағындырып, адам ресурсы мен сол елдің байлығын пайдаланды. Ал «Ұлы географиялық ашылулар» дәуірінде империялар тіпті бәсекелестікке түсіп, көбірек отарлар иеленуге талпыныс жасады. Әсіресе Батыс Еуропалық мемлекеттер XIX ғасыр соңында дейін отар елдер арқылы баюға көшті, бұл процесс тіпті 1975 жылдарға дейін созылды. АҚШ кейінгі тұста Тынық мұхиты мен Латын Африкасына көз тіккені белгілі.

Отаршыл елдер байырғы халықтарды жаулап қана қоймай, олардың жері мен мәдениетін бақылауға алуға, оған қоса тілдік және діни тұрғыдан міндеттемеміз де бар деп түсіндіруге тырысты. Сонымен бірге жаулап алған елдерді «жабайылар» санатына жатқыза отырып, өздерін оларды өркениетке жеткізушілер деп санады. Қанаушылар жалпы көпшілікке жергілікті халықтың жерлерінде солардың мүддесіне сай әрекет жасап жатырмыз деуге тырысып бақты. Тіпті бұл әрекетті дін қызметкерлері де мақұлдап, шіркеу қызметкерлері белсене араласып, шоқындыру жұмысын жүргізді. Бұл турасында американдық танымал журналист Эрин Блейкмор: «Жаңа жерлерге көбіне бірінші болып христиан миссионерлері аяқ басты. Жергілікті халықты мейлінше көбірек христиан дініне енгізуге тиіспіз деп шабыттанған олар діни және мәдени әдет-ғұрыптармен бірге, жергілікті тұрғындарға қатысты патерналистік көзқарастың таралуына да себепкер болды», - [1, p. 473-476.] деп жазады.

Мұндай отарлаушылар қатарынан Ресей империясы да сырт қалмады. Оған тарих куә және оны жоққа шығару да мүмкін емес. Десек те, патша өкіметінің отаршылдық саясаты кеңестік тарихнамада үнсіздік жағдайында орын алды. Себебі, қазақ елін орыстандыру, оны өз мемлекеттілігін қалпына келтіру ниетінен айыру және ұлттық бостандыққа ұмтылыстарын басу патша мен кеңес өкіметі саясаттарының ортақ мақсаты болды. Нәтижесінде Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресейдің отары болды. Бұл тарихи шындық еді. Кеңестер одағының ыдырауынан кейін ғана Қазақстан тәуелсіз республика болды.

Осы орайда ерекше ескеретін жайт, XIX ғасырдың екінші жартысында толығымен отарлық езгіге түскен еліміз мәдени және рухани құндылықтар тұрғысынан аса ауыр сынға түсті. Себебі Патшалық Ресей тарапынан жүрген рухан-мәдени отарлау халық санасына ішкерілей еніп, тілі мен дінінен ажыратуға үлкен күш жұмсады және мақсатты ойына біртіндеп қол жеткізді. Ал, кейінгі кеңестік орыстандыру саясаты тұсында қазақтың рухани-мәдени құндылықтары еуроцентризм тұжырымдамасымен түсіндіріліп, соның негізінде руссоцентризм ұғымы пайда болды. Ондағы басты түсінік, әлемдегі барлық жаңашылдық пен жетістіктер тек орыс халқының басымдылығымен түсіндірілсе, керісінше Ұлы Дала төсінде өрбіген көшпелі және отырықшы өркениет

жетістіктері жоққа шығарылып, «жабайылылық», «мәдениетсіз», «сауатсыз» сынды ұғымдармен алмастырылып келді.

Патшалық Ресей мен кеңестік биліктің орыстандыру саясатын сараптасақ, бірыңғай мемлекеттік саясаттың болмағандығын байқаймыз. Әр этникалық топтың өзіне ғана арналған орыстандыру саясатының ұстанымдары жүзеге асырылды. Дегенмен қос биліктің түрлі ұлттарға қатысты қолданған орыстандыру саясатының ортақ белгілері де болды. Орыстандыру саясатының басты мақсаты – орталық биліктің шеткері аймақтардағы ықпалын күшейту, саяси режимнің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету, территориялық және саяси үстемдікті сақтаудың берік негізін қалыптастыру болды. Бұл мақсатқа жетудің бірнеше жолы анықталды. Алдымен саяси элиталарды өз жағына шығарып, ұлттық мемлекеттік қатынастарда орыс халқының үстемдігін орнату көзделді. Ол үшін үкімет түрлі этникалық топтарға бағытталған арнайы шараларды жүзеге асырды. Бұл шараларды кешенді әрі жағдаяттық тұрғыдан зерттеу арқылы ғана бүтіндей орыстандыру саясатының мәні мен оның салдарына, жалпы нәтижелеріне баға беруге болады. Зерттеушілердің орыстандыру саясатының барысы мен нәтижелеріне қатысты пікірлері де бір топтамға келген жоқ. Мәселен, А. Миллер [2, с. 79-81] және Т. Уикс [3, р. 473-476.] өздерінің еңбектерінде орыстандыру саясаты тек саяси астары басым шаралардан тұрды және ешқандай мәдени, тілдік отарлау мақсатында болған емес деген қате пікір келтіреді. Тарихнамада кездесетін мұндай пікір тек осы екі автормен ғана шектелмейді. Тіпті бүгінгі таңдағы орыс тарихшылары «отар» сөзі дұрыс пайдаланылмай отыр дей келе, оны көшпелі халықтарды интеграциялау сөзімен ауыстырып, бұл процес олардың тікелей қатысуымен және пікірлері мен тілектерін ескере отырып жасалды деген тұжырымдарын алға тартуда. Сонымен бірге «аккультурация» терминін де кеңінен қолданысқа енгізе отырып, отаршылдықты, болса да оның ішінде орыстандыру саясатын жоққа шығарушылық басым болып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсындағы орыстандыру саясатының жүргізілуі мен оның зардаптарына жаңаша баға беру тақырыптың өзектілігін негіздеп отыр. Мәселен, кеңестік тарихнамада Қазақстанның Ресейге қосылуының жағымды жақтарын саралап, жүзеге асқан шаралардың бастамашыл әсері болғандығы ғана терең насихатталды. Тіпті «отаршыл» сөзі пайдаланылған еңбектер қатары қатаң сүзгіден өткізіліп, басылымнан алып отырды. Мәселен, кеңес заңгері С.Л. Фукстың Қазақстанның Патшалық Ресейге қосылуын «отарлық» деп санауы большевиктерге онша ұнамды болған жоқ. Содан да болар, оның 1948 жылы ХҮІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ мемлекеті мен құқығының тарихына қатысты қорғалған диссертациялық жұмысы жарияланымнан алынып, құпия құжаттар қатарына енгізілді [2, 83 б]. Қалай болғанда да ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың І жартысында патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамына тигізген кері әсері өте жоғары болды. Жергілікті аймақтарда орталық билікті күшейту үшін қазақ халқының өзіндік даму заңдылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін ескермей, өздеріне бағынышты әрі тәуелді құлдық сананы қалыптастыруды

көздеді. Бұл өз кезегінде орыстандыру саясатын белсенді жүргізуге түрткі болды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатының мәселелері еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста отандық тарих ғылымында біршама зерттелгені белгілі. Танымал-тарихшы ғалымдарымыз М. Қозыбаев, М. Мырзахметов, С.Қ. Жақыпбек, С.М. Мәшімбаев, М.Ж. Абдиров, З.Т. Садвокасова [4-9] сынды ғалымдар отарлаудың түрлі тәсілдерін, атап айтсақ әскери, әкімшілік, отарлау, шаруашылық отарлау мақсатында қоныстандыру, рухани-мәдени отарлау бойынша тәуелсіз тарихнамада зерттеулер жүргізді. Десек те сол зерттеулерді негіздей отырып, соңғы жылдардағы алыс-жақын шетелдік және бүгінгі Ресей тарихшыларының жаңа көзқарастарының негізінде патшалық және кеңестік кезең тұсындағы Ресейлік орыстандыру саясатын салыстырмалы талдау тек теориялық қана емес, тәжірибелік те маңызы өте жоғары екенін нақтылап беріп отыр. Бұл тақырыптың өзекті екендігін көрсетеді.

Зерттеу нысаны. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты, оның барысы мен салдарын тарихи-салыстырмалы талдау, диссертациялық жұмыстың басты зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеу пәні Қазақстанның жаңа заман және XX ғасыр басындағы тарихын, патшалық Ресейдің мен Кеңестер одағы құрамында дамуының салдарларын қамтиды.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің орыстандыру саясатының қазақ қоғамына әсерін анықтау, нақты орыстандыру бағытында жүзеге асқан шараларды сараптау, өзара тарихи-салыстырмалы талдау болып табылады. Айқындалған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер тобы** анықталды:

- Жалпы қарастырылған мәселенің теориялық-методологиялық негізін талдау;

- Орыстандыру саясатына қатысты жазылған еңбектерді жинақтай отырып, қазіргі «жаңа империялық тарих» түсінігімен байланысты отар-метрополия, отар мен метрополия арасындағы қарым-қатынас мәселесіне қатысты еңбектерді топтастырып, оған баға беру;

- Орыстандырудың кеңес үкіметіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихнамалық әдебиеттеріне шолу жасай отырып, олардың орыстандыру мәселесіне қатысты тұстарын негіздеу;

- Қалыптасқан қазақ елі жағдайындағы зерттеулер мен қазіргі таңдағы жаңа тарихнамалық көзқарастарға тоқталу;

- Патшалық биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатының демографиялық әлеуеті, оның саяси астары мен бағыттарын негіздей отырып, қорытынды беру;

- XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын орыстандырудың әлеуметтік және мәдени өмірдегі жасалған негізгі шараларына сараптама жасау;

- Кеңестік биліктің ұлттық саясаттағы Қазақстанды орыстандыру үдерісіне баға беру;

- Қазақстандағы «сауатсыздықты» жою шаралары мен әріптерді реформалаудағы орыстандыру шараларын қарастыра отырып, оның салдарын зерттеу;

- Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің әкімшілік басқару жүйесіндегі орыстандыру саясатының тарихын қарастыра отырып, олардың арасындағы өзара байланыстарын негіздеу;

- Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсында мәдени-сакральды кеңістіктегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарға талдау жасау болып отыр.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Диссертациялық жұмыс XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің орыстандыру саясаты мен оның қазақ қоғамына әсерін айқындауға арналады. Осы аралықта аталған билік өкілдері тарапынан қабылданған заңнамалар, қаулылар мен жүзеге асқан шаралардың барысы талданып, салыстырылады. Осы арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы және ұлттық дүниетанымдағы өзгерістерге сипаттама беріліп, орыстандыру саясатының әсері тұжырымдалады.

Тақырыптың тарихнамасы. Диссертация тақырыбына қатысты зерттеу жұмыстарының үлкен тобы қалыптасқан. Олар қазақ өлкесін патшалық Ресейдің отарлауы, шептер мен бекіністердің салынуы, қоныстандыру саясаты, рухани отарлау, орыс-казак әскерилерінің орналастырылуы, қазақ жерлерінің тартылып алынуы, Кеңестік кезеңдегі жергіліктендіру саясаты, ғылым мен білім саласындағы орыстандыру саясатына қатысты зерттеулерден тұрады. Әсіресе тәуелсіздік жылдарында кеңінен зерттеліп, ғалымдар назарына алынғаны белгілі. Сол себепті де зерттеу жұмысына қатысты еңбектер тобы жинақталып, жұмыста жеке тарау ретінде қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының деректік негізі. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында пайдаланған деректерді сараптай келе, біз оларды бірнеше топтарға жіктедік. *Бірінші* топқа біз деректік маңызы жоғары жекелеген тұлғалардың еңбектерін жатқыздық. Олардың ішінде Ш. Уәлиханов [10], Ы. Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» деп аталатын еңбегімен қатар [11-13], Абай Құнанбаевтың шығармалары [14], Т. Шонанұлының [15], М. Есболұлының «Түркістандағы келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі [16], Ә. Бөкейхановтың еңбектері [17], М. Тынышпаевтың [18-19] еңбектерін пайдалана алдық. Деректік маңызы жоғары еңбектер қатарында А. Байтұрсынұлының [20-22], М. Дулатовтың [23-24], Х. Досмұхамедұлының [25], Мұстафа Шоқайдың [26], Т. Рысқұловтың [27], М. Сералиннің [28], С. Сәдуақасұлының [29], А. Гейнстің [30], Ф. Керенскийдің [31], А.В. Васильевтің [32] деректік құндылығы жоғары еңбектерін атап өтуге болады.

Деректердің *екінші* тобы заң құжаттары болып табылады. Мұндай деректер қатарында «Свод законов Российской империи. В 16 томах» [33], «Полное собрание законов Российской империи. Собрание третье» [34], «Совет министров Российской империи. 1905-1906 гг. Документы и материалы» [35] атты заң құжаттары бар.

Деректердің *үшінші* тобын әртүрлі жылдардағы қазақ даласына сипаттама берген жинақтар мен құжаттар жинағы болып табылады. Олардың қатарына «Обзор Семиреченский области 1882 г» [36], «Семипалатинские областные ведомости. 1906 год» [37], «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» [38], «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. Сборник документов и материалов» [39], Сонымен қатар «Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932)» [40], «Народное просвещение Каз ССР Сб. документов и материалов (1917-1939 гг.)» [41], «Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа. Сб. документов (1917-1973 гг.)» [42] атты құжаттар жинағының мәліметтері пайдаланылды.

Деректердің *төртінші* тобын кеңестік билік тұсында қабылданған қаулылары мен партия жетекшілерінің еңбектері болып табылады. Ол еңбектерде қабылданған қаулылар, олардың мәні мен орындалу барысы айтылады. Мысалы «Декреты Советской власти» [43], В.И. Ленин «Полное собрание сочинений. В 55-ти томах» атты жинақтың № 34, № 45 [44] томдарының құжаттарын атап өтеміз. Сонымен қатар И.В. Сталиннің «Сборник статей» деп аталатын мақалалар жинақтарындағы мәліметтер диссертация жұмысы барысында пайдаланылды [45].

Деректердің *бесінші* тобын архив құжаттары құрап отыр. Диссертация жұмысы барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің №19, №4, №15, №64, №30, №81, №1178 қор құжаттары, Қазақстан Республикасы Президент архивінің №139, № 141 қор құжаттары пайдаланылып, ғылыми айналымға қосылды. Сонымен бірге Шығыс Қазақстан облысы Цифрландыру және архивтер басқармасының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» КММ материалдары да жинақталды.

Деректердің *алтыншы* тобын 2020 жылдың 24 қарашадасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» ҚР Жарлығына сай құрылған «Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке-дара күрескен халықтың (адамдар тобының), қоғамдық және саяси ұйымдардың, сондай-ақ қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа да салаларда осы идеялары үшін мемлекеттік қудалауға және осы саяси идеялары үшін қуғын-сүргінге ұшыраған жеке адамдарды толық заңдық және саяси тұрғыдан ақтау үшін қорытындылар және ұсыныстар әзірлеу бойынша құрылған» комиссияның жыл сайынғы материалдар жинағының тақырыпқа қатысты бөлімдері негізге алынды. Мәселен, «Қазақстандағы саяси репрессия құрбандарын ақтау: құжаттар мен материалдар. Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның жинағы» бойынша 2021, 2023 жылдардағы материалдары [46-47] пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің орыстандыру (отарлау) саясаты мен оның қазақ қоғамына тигізген әсеріне қатысты бірқатар зерттеушілер еңбектерінде мәліметтер кездеседі. Дегенмен аталған тақырып әлі де болса кешенді зерттеу мен тарихи-салыстырмалы талдауды қажет етеді деп санаймыз. Бүгінде шетелдік зерттеушілер ғана емес,

отандық тарихнамада да патшалық Ресей мен кеңестік биліктің жүргізген саясатының оң және теріс нәтижелері туралы пікірлер мен көзқарастар бар. Бұл большевиктік тәртіп пен коммунисттік идеологияға сай жазылған Кеңестік тарихнаманың әсері екендігі байқалады. Сондықтан XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің жүргізген орыстандыру саясатының қазақ қоғамына тигізген әсерін бүгінгі күннің көзқарасына сай қарастырудың қажеттілігі туындайды. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы да орыстандыру саясатының қазақ қоғамына тигізген әсерін тарихи-салыстырмалы тұрғыдан талдап, тың тұжырымдар жасауға негіз болған деректерді ғылыми айналымға қосумен байланысты.

Нәтижесінде біз диссертация жұмысында төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

- Ресей отаршылдығы мен отарланған аймақтар мәселесіне қатысты соңғы кезеңдегі методологиялық ұстанымдар «жаңа империялық тарих» жағдайында қарастырылып отырғаны белгілі. Бүгінгі ресейлік тарихнамада еліміздің отарлануы мен орыстандырылуы жергілікті халықтың Ресей интеграциясына өз еркімен кіріктірілуі немесе көшпелілердің сыртқы күштерден қорғану мақсатында өз тілектері мен ұсыныстарын ескеріле отырып жүзеге асырылды деген қағиданы негіздеп көрсетуге тырысуда. Соған орай ғылыми жұмыстағы басты ұстаным, шын мәнінде ресейлік отаршылдықтың, яғни орыстандыру саясатының жүргізілуі мен салдарын ғылыми әдебиеттер негізінде дәлелдеуге бағытталды;

- «Отарлау», «отар-метрополия», «орыстандыру», «аккультурация» ұғымдарына қатысты анықтамалар нақтыланып, тұжырымдамалар жасала отырып, отарлау, оның ішінде орыстандыру саясатының қазақ қоғамына тигізген кері салдары жүйеленіп, талданды;

- XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басында патшалық Ресейден басталған және большевиктер тарапынан да қолданысқа ие болған Қазақстанға қоныс аудару саясаты тек жер тапшылығын жою ғана емес, орыстандыру саясатын жүзеге асырудың да бір жолы болғандығы дәлелденді. Қазақ халқының үлес салмағын механикалық жолмен азайтып, демография саласындағы саясат арқылы өлкедегі сенімді тіректерін қалыптастырғаны айқындалды;

- Патша үкіметі және большевиктер билігінің қазақ даласында жүргізіп отырған орыстандыру саясатына қатысты ұлт қайраткерлерінің өзіндік пікірлері мен көзқарастары, нақты ұстанымдары қалыптасты. Соған орай XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы орыстандыру саясаты астарында жүргізілген саяси-экономикалық және руханият саласын қамтыған шараларға қатысты ұлттық зиялы қауым өкілдерінің пікірлері сарапталды және орыстандырудың тек жағымсыз жақтары ғана емес, прогресшіл тұстарына да баға берілді;

- XX ғасыр басындағы дәстүрлі қазақ қоғамының дамуы мен қазақ халқының әлеуметтік-саяси, және мәдени өміріне де орыстандыру саясатының кері әсері тұжырымдалды;

- Қазан революциясынан кейінгі қабылданған қаулылар мен жүзеге асқан шаралардың орыстандыру астары ашылды. 1920-1950 жылдар аралығында

республика аумағында жүзеге асқан саяси оқиғалар мен экономикалық сипаттағы үдерістердің отарлық сипаты талданды. Кеңестік биліктің «әкімшіл-әміршіл саясаты негізінде жүргізген реформалардың қысымымен қоғамдағы азаматтардың жаңа сапалық толқынын қалыптастыруды көздегені дәлелденді;

- Орыстандыру саясатының жүзеге асқан негізгі бағыттарының бірі – білім беру саласы. Соған орай патшалық тұсындағы оқу-ағарту саласындағы іс-шаралар мен большевиктер тұсындағы әліпбиі реформасының орыстандыру бағытымен ұштастырылып жатқан шара екендігі тұжырымдалды;

– Орыстандыру саясатының саяси негіздері басқару жүйесін реформалаудан басталды. Қазақ даласын басқару ісін империялық заңдарға жақындастыра отырып, дәстүрлі билік түсініктері түбегейлі өзгертілгені және кеңестік билік тұсындағы жоғарыдан төмеге қарай басқару механизмінің ортақ белгілері нақтыланды;

– Орыстандыру саясатына сай елдігі сакральды құндылықтар мен ұлттың болмысын негіздейтін дәстүрлі дүниетанымы мен салт-санасына әсер еткен факторларға тоқтала отырып, дәстүрлі қазақ қоғамы үшін идеалды болған құндылықтар жүйесіне өзгерістер енгізілгені дәлелденді.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негіздері тарих ғылымына белгілі бірқатар принциптер құрап отыр. Олардың қатарында тарихилық, объективтілік принциптерін атауға болады. Десек те, тақырыпты негіздеуде әлемдік ғылымда кеңінен таралған постколониалық теорияға (postcolonial theory) жүгінуіміз керек. Постколониалық теория (postcolonialism) дегеніміз отарлау кезеңінің мұрасын терең талдаудан тұратын пәнаралық зерттеу аймағы болып табылады.

Постколониалық теория 1980 жылдары Мишель Фуко, Жак Деррида, Жиль Делездің постструктурализм идеяларының негізінде пайда болды [48]. Бұл жерде «постструктурализм» ұғымы философиялық бағытты және мәдениет пен қоғамға жасалатын сыни талдау жолдарын белгілеп береді.

Мұндағы постколониалық зерттеудің негізгі мақсаты біреуге кінә тағу мен есеп алысуға дәлел келтіру емес, оның орнына ізденушілердің арасында тиесілі түрде пікір алмасу. Бұл бір кездері тарихнамада үстемдік құрған біржақты тәсілдерден бас тартуға және бұрынғы отарлаушы мен ғасырлар бойы отарлаушының қыспағында болғандардың арасындағы қатынастардағы қайшылықтардан арылуға бағытталған қадам. Осы орайда әлемдік отарлау мен отарланушылардың тарихына қатысты даулы мәселелер қатары көптеп кездеседі. Қазіргі таңдағы ресейлік тарихнамада да бұл процесс дау туғызып, отарлау саясатының салдары «жаңа империялық тарих» тұрғысынан бағаланып жүргендігін атап көрсету керек. Яғни, Ресей империясы өзі бағындырған немесе отарланған аймақтарға жүргізген саясатын тек прогресшіл бағытта немесе ірі империяның шағын мемлекетті қорғауы, ал оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясатын рухани тұрғыдан дамыту сынды мазмұнда түсіндіруге тырысуда. Сол себепті де осы жаңа методологиялық ұстанымдарға тиісті жауап алу үшін зерттеу жұмысында жүйелілік парадигмасы негізге алынды. Жүйелілік парадигмасы әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің таптық тәсілінің біржақтылығы мен шектеулерін жеңуге бағытталған. Жүйелілік идеялар

негізінде талдау мен синтез, салыстыру, логикалық және тарихи әдістер, жалпылау және абстракциялау, индукция және дедукция сынды әдіс-тәсілдері топтасады және олар осы процесті нақтылауға негіз болады.

Сонымен бірге орыстандыру саясатының қазақ өлкесіне алып келген зардаптары мен прогрессивті қырларын анықтауда америкалық зерттеуші Эдвард С. Таден [49] теориясына да сүйенеміз. Ол орыстандыру саясатының негізгі үш түрін анықтап, оны зерттеушілердің көпшілігі осы кезеңге дейін шатастырып келгенін айтады. Олар: мақсатсыз, әкімшілік және мәдени орыстандыру.

Эдвард С. Таден мақсатсыз орыстандыру белгілі бір адамдар немесе топтар орыс тілін, көбінесе орыс православие дінін қабылдаған мәдени ассимиляцияның табиғи түрі деп көрсетсе, ал әкімшілік орыстандыру – биліктің барлық тармақтарында орыс тілін қолдануды талап ететін ресми саясатты білдіреді және оны оны орталықтандырудан ажырату кейде қиынға түсетінін атап өтеді. Ал мәдени орыстандыру – олардың бастапқы мәдениетін орыс тілімен алмастыра отырып, бүкіл халықты ассимиляциялау әрекеті деп көрсетеді. Алайда мәдени орыстандыру империялық кезеңге қарағанда Кеңес өкіметі тұсында күрделірек болғаны да тұжырымдалады. Сол себепті де жұмысты зерттеуде осы қағидаларды негіздей отырып, зерттеу жұмыстары мен іргелі еңбектердің де пайда болу табиғаты ескеріліп, сыртқы және мағыналық ішкі сыни талдау арқылы жұмыстар жасалды.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.

Диссертация жұмысы барысында алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдар алдағы уақытта Қазақстан тарихы, Қазақстанның Ресей құрамындағы тарихы, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы Қазақстан, Патша үкіметінің отарлық саясаты сияқты арнайы курстар даярлау барысында қолдануға болады. Сонымен қатар диссертация жұмысының тұжырымдарын магистрлік жұмыстар мен дипломдық жұмыстарды ұйымдастыру барысында қолданып, болашақта осы бағыттағы зерттеу жұмыстарына басшылыққа алуда маңызы бар деп санаймыз.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар: Диссертациялық жұмыс тақырыбын кешенді зерттей отырып, біз алынған нәтижелердің негізінде бірқатар тұжырымдар ұсынамыз:

1. Патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген қоныстандыру саясаты Ресейдегі басыбайлы құқықтың жойылуынан кейін туындаған жер тапшылығын шешуді және ең бастысы қоныстандыру арқылы орыстандыру саясатын күшейтуді мақсат етті. Ол Қазақстандағы демографиялық ахуалды шиеленістірумен қатар, кейбір облыстарда қазақтардың үлес салмағын азайтты. Қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстанған шаруалар патша үкіметі жүргізген орыстандыру саясатының сенімді тіректеріне айналды. Үкімет қабылдаған заңдар мен ережелер қазақтардың емес, ең алдымен қоныс аударушылардың мүддесін қолдады. Қоныс аударушылар санының артуы отарлық саясаттың «сәтті» жүргізілумен елдегі ұлттық құндылық, ұлттық болмыс пен ұлт мүддесінің ескерілмеуіне негіз қалап берді.

2. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің орыстандыру саясаты белсенді жүргізілді. Ол қоғам өмірінің барлық

саласын қамти отырып, қоныс аударушылар мен жергілікті қазақ халқының етене өмір сүріп, соған сай тілдік кедергілерді біртіндеп жоюға және ол үшін қазақтар арасында шоқындыру саясатының ашық жүргізуге әрекет жасады. Әсіресе орыстандыру саясаты білім беру саласында белсенді жүргізілді. Қазақ ағартушылары орын алып отырған мәселеге байланысты өз пікірлері мен ұстанымдарын айқындады. Ғылым мен білімнің орыс халқында екенін түсініп, орыс мәдениетінен бас тартпай, керісінше орыс тілін меңгеруді насихаттады. Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтар орыс тілінсіз білім мен ғылымның шыңына шығуда басқа жол жоқ екендігін түсінді және оны халыққа жеткізуге тырысты.

3. Қазан революциясы жеңіске жеткеннен кейін большевиктер тарапынан қабылданған декреттер азшылықты құрайтын ұлттарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер берді. Бірақ, сөз бен істің алшақтығы орын алып, алғашқы қазақ съездерінде ұлт қайраткерлерінің партия мен үкімет құру туралы талпыныстары тығырыққа тірелді. Дегенмен большевиктер қазақ зиялы қауым өкілдерінің әлеуетін тек білім беру сияқты салаларда барынша пайдаланды. 1920-1950 жылдары кеңестер тарапынан жүргізілген саяси-экономикалық және мәдениет саласында атқарған шаралары тікелей орыстандыру бағытында жүргізіліп, қазақ зиялылары тек қажет жағдайда тартылды және ұлттық болмысқа қатысты әрекеттері жіті бақылауда болды.

4. Қазан төңкерісінен кейін большевиктер білім беру саласына назар аударып, құрамындағы автономиялардың дәстүрлі білім беру жүйесіне тыйым салып, зайырлы білім беру жүйесін енгізді. 1918 жылдың 30 қыркүйегінде Орталық атқару комитеті тарапынан қабылданған «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» қаулыға сай екі сатылы білім беру жүйесі енгізіліп, қысқа уақыт аралығында мамандар даярлау ісі жүрді. Материалдық-техникалық қиындықтармен қатар, оқулық тапшылығы орын алуына орай зайырлы білім беру жүйесіне келетін оқулықтарды даярлау ісіне ұлттың зиялы қауым өкілдері белсенді атсалысып, қазақ дүниетанымына сай келетін оқулықтар жарық көрді. Уақыт өте келе бұл оқулықтар коммунисттік идеологияға сай келмеуіне байланысты айналымнан шығарылды. Әріптерді реформалау саясаты да ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты жоюмен бірге, орыстандыру саясатын одан әрі негіздеуге жол ашты. Соған орай жұмыста кеңестік саясаттың білім беру саласы мен әліпби реформасы арқылы жаңа «кеңес адамын» қалыптастыруға немесе «орыстандыру» ісіне бағытталған әрекеттері көрсетілді.

5. Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсындағы басқару жүйесі жергілікті басқарудың ерекшелігі мен ұлттық құндылықтарға мән бермеді. Алдымен өзіндік мүдде мен қызығушылық назарға алынды. Патшалық Ресей және кеңестік билік те жергілікті қазақ халқынан шыққан өкілдерді ел басқару ісіне араластырмай, орыстандыру саясатына адал орыс және өзге де ұлт өкілдерін билікке тағайындау ісін дағдыға айналдырды. Алғаш патшалық билік заманынан басталған басқару жүйесіндегі «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы кеңестік билік тарапынан да қолдау тауып, орыстандыру саясаты тұрғысынан келгенде тарихи сабақтастықтың сақталуы орын алды.

6. Большевиктер билікке келген алғашқы жылдардан бастап қазақ халқының дүниетанымын коммунисттік идеологияға сай етіп қалыптастыру жұмыстарын қолға алды. Мәдени-сакральды кеңістіктегі түбегейлі өзгерістер алдымен кеңес халқын бір мақсатқа жұмылдыру үшін жасалды. Саяси жүйені түбегейлі өзгерткен большевиктер азаматтардың ортақ мәдени құндылықтары болғанын дұрыс деп тапты. Сол себепті қоғамдық пікір тудырып, халықтың бойына рухани күш беретін ақын-жазушылар шығармашылықтарына тосқауыл қойылып, басылымнан алынып, коммунисттік идеологияға сай жұмыс жасау мәселелері нақты көрсетілді.

7. Жаулаушы немесе отарлаушы мемлекеттер тәжірибесіне сүйене отырып, патшалық және кейінгі кеңестік билік те орыстандыру ісінде мәдени-сакральды кеңістіктің тағы бір рухани-мәдени құндылығы болып табылатын жер-су атаулары, сакральды мәдени кешендері мен дәстүрлі құндылықтарына тиым салуы орын алды. Яғни орыстандыру ісінің халықтың рухани-мәдени құндылықтарына да қол сұғып, жер-су атауларын орысшалауы мен дәстүрлі құндылықтарына қол сұғуы әлі де болса толық зерттеуді қажет етеді.

8. Жер шарын мекен еткен әр бір ұлт пен ұлыстың өзіндік тарихы мен тағдыры бар. Олардың кейбірі әлемдік даму үрдісіне, енді бірі әлі даму немесе артта қалу үрдісін басынан кешіріп отыр. Оған өз кезегінде осыған дейін болып өткен саяси оқиғалар мен процестер немесе отарлаушы мен отарланушылар әркетінің салдары әсер етті деуге болады. Ресей отаршылдығы мен оның отарланған аймақтарына қатысты соңғы кезеңдегі методологиялық ұстанымдар еліміздің отарлануы мен орыстандырылуы жергілікті халықтың Ресей интеграциясына өз еркімен кіріктірілуі немесе көшпелілердің сыртқы күштерден қорғану мақсатында өз тілектері мен ұсыныстары ескеріле отырып жүзеге асырылды деген қағиданы негіздеуде. Шет аймақтардағы Ресей отаршылдығын немесе орыстандыру саясатының жүргізілуі мен салдарын ғылыми әдебиеттер негізінде тереңірек зерттеу мен нақтылауды негіздеп отыр.

9. Тарихи әдебиеттер мен зерттеу еңбектерінде «отарлау», «отар-метрополия», «аккультурация» және өлкеміздегі «орыстандыру» ұғымдарына қатысты анықтамалар көптеп жазылып, талдануда. Тіпті бұл мәселе бүгінгі орыс тарихнамасының өзінде талданып, оларға тарихи анықтамалар берілуде. Әрине кез-келген ел өз тарихын ұрпақ сабақтастығына сай айрықша негіздеп, барынша жақсы бағытта нақтылауға тырысады. Десек те белгілі бір деңгейде қазақ елі үшін орыстандыру саясатының кері салдарларының болғандығын тарих айқындап отыр. Осы ұғымдарға қатысты жасалған зерттеулер мен анықтамаларды қатыстыра отырып, екі билік тұсындағы орыстандыру саясаты салыстырылып, талданды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасында орындалды. Диссертацияның мазмұны мен алынған нәтижелері, қорытындылары бойынша ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен ғылыми журналында 6 мақала, және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда 2 мақала жарық көрді.

Диссертация жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспе, негізгі төрт тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімдерінен тұрады.

1 XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК БИЛІК: ОРЫСТАНДЫРУ ҮРДІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Зерттеудің теориялық методологиясы

Соңғы он жылдықта тарихи таным теориясы мәселелерімен айналысатын, сондай-ақ тарих ғылымының негізін қалаушы нормалар мен құндылықтардың басымдықтары болатын институционалдық жағдайларды зерттейтін мамандардың тарихтану іліміне деген қызығушылығының жандануымен ерекшеленіп отыр. Бұл әсіресе әлемдік бәсекелестік, отарланған елдердің төл тарихын қайта жаңғыртуы немесе тарихи сананың жандануы мәселелерімен тығыз байланысты екені де белгілі.

Ғылым тарихында өзара шекаралас орналасқан елдер арасындағы дипломатия мен саяси қақтығыстар туралы теориялар өте көп. Соған орай көршілес халықтар арасындағы байланыстар саяси қақтығыстар мен дипломатияның тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Бұл әсіресе отарлаушылар мен отарланған елдердің тарихын қарастыруда аса қиындықтар туғызары сөзсіз. Қай халық болмасын өз тарихын өзгеше, зорлық-зомбылықшыл деңгейде жазуға тырысқанымен, оның кесіп өткен іздері тарих парақшаларында сақталып қалады. Мәселен, кеңес мемлекетінің күйреуі және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы олардың экономикасына, саясатына және қоғам өмірінің әртүрлі салаларына түбегейлі өзгерістер қатарын алып келді. Бұл әсіресе ғылым саласына үлкен өзгерістер әкеліп, ғылыми таным әдіснамасындағы коммунистік идеологиядан ажырауға мүмкіндік берді. Шындығында кеңестік ғылыми еңбектер маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа алып, олардың маңызды мен артықшылығын дәріптеумен айналысты. Ғылыми еңбектер мен тарихи зерттеулер міндетті коммунистік партия құжаттары мен олардың жетекшілерінің сөздеріне сүйенуге тиіс болды. Тап күресін негізге ала отырып, тіпті қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесін сынап, кейбір тұлғалар портретін жағымсыз етіп қаралауға тырысты. Бұл тіпті кеңестік оқулықтар мәтінінен анық көрініс берді. Мәселен, Бөкейлік Жәңгір ханның бейнесі ақын Махамбет өлеңіндегі «Хан емессің қасқырсың, қас аласты басқырсың» жолдарымен толықтырылып, тек жағымсыз тұстарымен танылды. Ал оның зайырлы білім жүйесіне көңіл бөлуі мен еуропалық мәдениетке ұмтылысы мүлде жабық күйінде қала берді [50]. Бұл бір ғана мысалы деуге болады. Ал жалпы қоғамдағы зерттеу еңбегі немесе орындалатын жұмыс кеңестік идеологияның назарында болды. Бұл әдістің басты кемшілігі - зерттеуші өзіне қажетті материалды алын ала анықталған схемаға сай орындауға міндеттенуі болды. «Кез-келген тарихи дерек көзі пайдалы болуы мүмкін, алайда зерттеуші оның нақты не үшін қажет екенін жақсы түсіну керек», - деп Б.Д. Гековтың бұл әдіспен таныс екендігін көсетуі осының дәлелі болды [51, 28 б.]. Оның тіпті бір көрінісі тәуелсіздік алғанға дейін архив қорлары мен кітапханалардың сирек қолжазбалар қорларында сақталған дерек материалдарының құпия болып келуі осы идеологиялық принциптер шеңберінің көрінісі еді.

Ал Кеңес Одағы ыдырап, идеологиялық диктатура жойылғаннан кейінгі тұста тарихи дереккөздерді қайта саралау мен жаңаша көзқараспен қарау тарихи

зерттеулерге басымдылық берді. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері енді әртүрлі философиялық бағыттар мен мектептердің еңбектерімен қатар қарастырылып, ондағы артық мақтау мен мадақтау немесе шектеу қою шараларына шынайы баға беруге мүмкіндіктер туғызды. Сонымен бірге, әлеуметтік-саяси және экономикалық құбылыстарды талдауда бұрынғы таптық тәсілдердің біржақтылығы тоқтатылды, әртүрлі топтардың ішіндегі күрделіліктер мен қайшылықтар ескерілді.

Яғни, тарихнама ғылымында үлкен белестер мен ғылыми болжамдар жасауға мүмкіндіктер туындады. Әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан теориялық тарихи ойдың дамуындағы ахуал ғылыми әлемде «тарихнамалық төңкеріс» деген атауға ие болды. Бұл ұғымды тарих философиясын терең зерттеген орыс зерттеушісі М.А. Барг енгізді [52, 45 б.]. Алайда ол жоғарыда атап отырғанымыздай кеңестік дәуірде тоталитарлық тәртіптің қыспағына ұшыраса, ал әлемдік ғылымда қалыптасқан бұл жаңа методологияның теориялық нышандары шетелдің әлеуметтік зерттеулердің мәселелерін талдауда қолданысқа түсіп жатты. Әсіресе философиялық-әлеуметтанымдық, гносеологиялық, мәдениеттанымдық, методологиялық-тарихи бағыттарда пайда болды. Бұл бағыттардың соңғысы тарих ғылымының танымдық және әдіснамалық мәселелерін талдау негізінде қалыптасты. Нәтижесінде «отар», «отаршылдық», «метрополия», «мәдени ассимиляция», «аккультурация» терминдерінің қолданыс аясы турасында жаңа концепциялар туындады деп айтуға болады.

Ресейдің отарлау немесе орыстандыру саясаты турасында жинақталған тұжырымдар санаты көп болғанымен, оның тарихнамадағы түсіндірілуі түрліше деңгейде қолданылып келеді. Мәселен, «отарлау». «отаршылдық» терминіне саяси-құқықтық, әдеби-тарихи сөдіктерде: «отарлау саясаты (латын тілінен *colonia*) – қоныстану жергілікті халықты тұралап, қанаумен жүргізілетін, күшті державаның артта қалған ел мен халыққа аумақтық бақылау орнату саясаты, әрі іс-әрекеті» [53] деп анықтама береді. Ал неміс зерттеушілері Ф.А. Брокгауз және И.А. Ефронның энциклопедиялық сөздігінде: «Отарлау – мәдениетсіз немесе мәдениеті нашар дамыған елге өркениетті мемлекет тұрғындарының жаппай қоныс аударуы. Ондай әрекеттің нәтижесінде метрополиядан, яғни қоныстанушылардан шыққан мемлекеттен белгілі бір жағдайда тәуелді отар немесе отарланған мемлекет пайда болады» [54] делінеді.

Осылайша қалыптасқан отарлау термині кейінгі кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да қолданысқа түсіп келді. Алайда бүкіл әлемге өзін тапсыз қоғам құру идеясымен танытқысы келген кеңес өкіметі тарапынан «отарлау» термині «қоныс аудару» (заселение, переселение) сөзімен ауыстырылды.

Осы тұста «отар» мен «метрополия» сөздеріне анықтама бере отырып, орыстандыру үрдісінің оңшыл және жағымсыз жақтарын нақтылау қажеттілігі туындайды. Мәселен, метрополия (гр. *metropolis*, *meter* – ана және *polis* – қала) – мемлекет орталығын білдіретін ұғым. Алғашқыда метрополия деп отар аймақтарға ие ежелгі грек қалалары (полистері) аталды. XIX–XX ғасырлардың 70-жылдарына дейін отаршыл империялардың орталығы метрополия деп аталып, негізінен, үлкен қала орталықтары, олардың айналасындағы мекендер,

сондай-ақ астаналық қалалар қамтылды. Қазіргі кезде дамыған елдерде метрополия деп қаланың негізгі нысандары орналасқан басты ауданын айтады.

Екі термин де өзара бірін-бірі толықтыра отырып, өзінен төмен тұрған елді бағындыру сөзімен сәйкес деуге болады. Қазіргі заманауи отарларға келетін болсақ, олардың көбісін метрополия бірінші кезекте әскери-стратегиялық мақсатта пайдаланылуда, сол сияқты отарлар олардың басқа да саяси-әлеуметтік және көліктік-экономикалық қызығушылықтарын туғызуда. Көбінесе отаршыл-метрополиялар оларды мүмкіндігінше өз қолында бағыныштылықта ұстауға тырысады. Мәселен, Испания мен Ұлыбритания арасындағы Гибралтардың мәртебесі туралы тартыстың шешілмеген мәселе қатарында десек, АҚШ-тың көптеген әскери-әуе және әскери-теңіз базалары оның отар аралдарында және онымен қоса Ұлыбританияға қарайтын Үнді мұхитындағы Чагос архипелагының аралдарында (олардың ішінде Диего-Гарсия да бар) орналасқан. Сонымен қатар осы Гибралтар бұғазындағы Испанияға қарасты Перехиль аралдары үшін Испания мен Марокко арасындағы талас та, мароккондық аумақта орналасқан испандық - Сеута және Мелилья (бұларды 1640 жылы Испания жаулап алған) қалалары төңірегіндегі тартыстар бар. Осы мысалға қарай отырып, қалай десек те Қазақстан Ресей империясы мен Кеңестік Ресей үшін осындай мақсатта жауланған болатын. Профессор М.Қ. Қойгелдиев: «Қазақ тарихы әуелде патшалық, сонан соң кеңестік билік тұсында өз арасынан шыққан бірде-бір реформатор тұлғаның аты-жөнін атай алмайды. Өз билігі өзінде болмаған қоғамнан ұлт өмірінің ішкі сұраныстарына лайық реформалық өзгерістер жасай алатын тұлғаның шықпауы түсінікті жағдай. Метрополия ондай көрініске жол бермейді. Отар ел метрополия қалағандай бағытта және мазмұнда ғана өмір сүре алады. Өйткені отар елдің империя көлеміндегі орны – метрополия экономикасының шикізат көзі міндетін атқару ғана» [55], - деп көрсетеді.

Ал неміс географы, саясаттанушы Фридрих Ратцель жаулап алу немесе отарлау процесін геосаясат пен саяси географияның бастауында деп санайды. Сондай-ақ XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы Ұлыбритания, Франция, Бельгия және т.б. елдердің отарлау саясатынан Ресей отаршылдығын біршама жеңіл етіп көрсету қажеттілігі жоқ екендігін атап өтеді. Қалай болғанда да отарлау ісі немесе метрополия елдерін екінші бір халықты келіп басып-жаныштауы аса ауыр отарлық саясат арқылы жүзеге асқандығын атап өтеді [56, 10 б].

Бұл турасында қазақстандық зерттеуші Галина Ксенжик Ресейлік отарлау өзге отаршыл державалар Ұлыбритания, Франция, Германия елдерінен еш қалыспағандығын атай отырып, отарлау үрдісі қазақ еліндегі мемлекеттік құрылымдарының жойылуына, дәстүрлі өмір салтының бұзылуына, табиғи ресурстардың тартып алынуы мен жергілікті халықтың үлкен қысым көргенін және соған орай халықтың ұлт-азаттық көтерілістерге шыққандығын негіздейді [57].

Ал бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, отаршылдық әрекеттер айыптала басталса, 50-60-шы жылдарға қарай күйзеліске түсіп, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан отарсыздану туралы шешім қабылданды. Соған сай

әлемдік зерттеушілер өз еңбектері жаңа бағыт-бағдарлар негізінде жазуға мүмкіндіктер алды.

«XX ғасырдың бірінші жартысында тарихшылар әрбір мәдениет - кемел, үйлесімді әрі өзгермейтін болмысқа ие, әрдайым баз қалпында тұрады деген пікір ұстанды. Кез келген қауымдастықтың өз дүниетанымы және Күнді айналған ғаламшарлар сияқты іркіліссіз қызмет істейтін өзіндік ерекшелікке ие әлеуметтік, құқықтық және саяси салты бар. Осы теорияға сәйкес өзімен-өзі оңаша қалған қоғам өзгерістерге ұшырамайды. Ол бір бағытқа бір қалыпты қадаммен адымдай береді, тек сыртқы күштер ғана белгіленген жолдан бұрып әкетуі мүмкін» [58] деп изралдік әскери тарихшы, медиевист Юваль Ной Харари атап өтті. Ол тіпті бұған Тасмания тұрғындарын мысалға алады. Яғни, антропологтар, тарихшылар мен саясаткерлер «самоалықтардың» (немесе Тасмания жабайыларының) наным-сенімдері, нормалары мен құндылықтары есте жоқ ескі замандардан бері қарай еш өзгермегендей етіп сипаттап жүрді. Қазіргі кезде мәдениеттанушылардың көпшілігі бұл тұжырымға қарсы шығып отыр. Әр мәдениет, шынында да, өзіне тән нанымдарды, жоралғылар мен құндылықтарды иеленді, бірақ олардың бәрі ұдайы қозғалыста болатындығын айтады.

Негізінен кез-келген өзгерістерге көрші мәдениеттермен өзара әрекеттесуі немесе қандай да бір сыртқы факторлар себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ мәдениеттің ішкі динамикасы да көзге шалынып қалады. Тіпті толық оқшауланып, экологиялық тұрақты қоршауда тұрған мәдениеттің өзі мызғымаған төл қалпында сақталмайды. Адам орнатқан кез келген тәртіптің айнымалылықты жат санайтын физика заңынан айырмашылығы: өз ішінде қарама-қайшылыққа ұрынып жатады. Мәдениет үнемі осы қарама-қайшылықтар түйінін тарқатуға талпынады. Сол сияқты осы отарлаудың салдарынан дәстүрлі қазақ қоғамының да ұзақ уақыт іргесі сөгілді. Десек те, тәуелсіздігіміз бұл үрдіске тосқауыл қойып, қайта ел болуға мүмкіндік туғызды. Осы тұста қазақ жерінің отарлану мен орыстануына ерекше мән беріп, аянбай қалам сілтеп жүрген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «әлемді Ұлы Сана билейді деген жаңа танымды санаға сіңіру, орнықтыру аса қиын іске айналып отыр. Ескі дүниетанымнан арылу, жаңа дүниетанымды санаға ендіру жолы, әсіресе, еуропалықтар мен ресейліктер үшін ұзаққа созылмақ. Себебі, XVI ғасырдан бүгінге дейін бес ғасыр мерзім ішінде олардың ой-санасы, дүниетанымы материалистік, атеистік дүниетаным негізінде қалыптасып, тас болып қатып қалған. Мұндай сананың өзгеруі – қиынның қиынына айналары анық. Ресейге бодан болған қырық жеті түрік халықтарының жиырма жетісі отарлау саясатына ұрынып, жұтылып кетсе, қалған жиыrmасы жетпіс төрт жылдай Кеңестік билік ұстанған материалистік, атеистік саясаттың қысымына түссе де, ұлттық дәстүрі мен дінінен, ата-баба салтынан мүлдем қол үзіп кеткен жоқ»[59], - деп көрсетеді.

Осы тұстағы маңызды тағы бір нәрсе «орыстандыру» саясаты болды. Тарихи әдебиеттер мен саяси-құқықтық сөзіктерде: «орыстандыру термині – орыс мәдениеті мен тілін орыс емес халықтарға таратуға бағытталған саясат. Ол тілдік, мәдени және діни тұрғыдан да нақтыланады» [60], - деп көрсетіледі.

Жалпы империялық орыстандыру бағдарламалары ХҮІІІ ғасырдан бастау алды, бірақ 1860 жылдардан бастап маңыздылыққа ие болды. Соңғы кезеңдері қалыптасқан тарихнамада патша үкіметінің орыс еместерді ассимиляциялау жөніндегі дәйекті жоспарын ұсынған бұрынғы есептердің беделін түсірді. Соған қарамастан, Санкт-Петербург орыс тілін империяның басым тілі ретінде қарастырды, орыс еместердің орыс тілін этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде үйренуін табиғи деп санады. Ал кеңестік билік орыстандыруды ресми түрде қабылдағанымен, іс жүзінде орыс тілін таратуда өзіне дейінгі патшалық биліктен әлдеқайда табысты жұмыс жасағанын көрсетті. Мәселен, 1938 жылы Халық Комиссарлар Кеңесі және большевиктердің Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шықты. Қаулыға сәйкес КСРО бойынша барлық білім ошақтарының оқу үрдісі мен тәрбие саласын ұйымдастыруда орыс тілінің басымдылығы алдыңғы кезекке өтті. Орыс тілі ұлтаралық тіл болумен бірге орыс ұлтының идеологиялық рөлі одан ары күшейді. Болса да ол Одақтық негізде орыстандыру саясатының қарқынды жүруіне жол ашты.

Негізінен отарланған аумақтардағы мақсатты тілдік отарлау саясаты ХІХ ғасырда кең таралды және жалғаса берді. Десек те орыстандыру отарланған аумақтарда әр түрлі жолмен жүргізілді және ол әр түрлі салдарға ие болды, тіпті сәтсіз жұмыстар да кездесті. Сәтсіз әрекеттердің ішінде Польшаны мен Финляндияны орыстандыру жұмыстарының нәтижесін атауға болады.

Бұл туралы британдық тарихшы Джеффри Хоскинг анықтама береді, яғни орыстандыру Ресей империясының билік саясатында болғанын атап өте отырып, орыстандыру билікті орталықтандыруға және жергілікті артықшылықтарды жоюға ықпал еткенін нақтылайды. Оның пікірінше орыстандыру Ресей империясының барлық халықтарына Ресейге, оның өткеніне, дәстүрлеріне тиесілі болу сезімін беру міндетінен туындағанын көрсетеді[61].

Тарихта белгілі болып отырғандай, патшалық империя халқының жартысынан көбін құрайтын этникалық азшылықтар тұратын аудандарда барған сайын ұлттық қозғалыстардың көбейгендігін ескере отырып, бұл аймақтарды орыстандыруды белсенді түрде жүргізе бастады. Себебі Ресей тарихында 1897 жылы жүргізілген алғашқы халық санағы бойынша орыстар халықтың 43,4% құрады.

Соған орай мемлекеттің батыс бөлігі аймақтарына орналасқан Польша мен Литвада ХІХ ғасырдың бірінші жартысында орыстандыру басталып кетті, ал 1860 жылдары поляктар көтерілісі бұл процесті одан әрі күшейтті. Ал Эстония мен Латвияда орыстандырудың өркендеуі 1880-1890 жылдары байқалса, Финляндияның автономиясын шектеу әрекеттері ХІХ ғасырдың аяғында орын алған болатын[62].

Орыс ұлтшылдығы мен орыстануын талқылаған көптеген зерттеушілер бұл екі ұғымның да гетерогенді көзқарастармен тәжірибелердің бүкіл тобына сілтеме жасау үшін қолданылатынына назар аударды. Мәселен, орыс консерватизмін зерттеуші америкалық Эдвард Таден ХVІІІ ғасырдың екінші жартысындағы абсолютисттік әкімшілік орталықтандыру саясатының бөлігі ретінде басқарушы

топтың орыстандырылуын, яғни XIX және XX ғасырдың басында күштеп орыстандырудың (орыс тілі мен православие дінін енгізуге деген ұмтылыс) орын алғанын атап өтті [49, 15 б]. Сонымен бірге ол орыстандыру ісін консервативті, «романтикалық», «бюрократиялық» ұлтшылдық деп көрсетеді. Ал бұл тұстағы орыс консерватизміне баға берген А. Задохин оны былайша түсіндіруге тырысады: «XIX ғасырдағы Ресейдегі ұлтшылдық орыс консервативті интеллигенциясының ұлттық мұраттарды құру әрекеттерінен дамыды, бұл Ресей мемлекетінің, халықтық бірлестіктің біріктіру ісіне қызмет етті» [63]

Ал Андреас Каппелер орыс ұлтшылдығының негізгі түрлерін «реакциялық-антисемиттік», «консервативті-православиелік» және «либералды-конституциялық» деп анықтама береді [64]. Осы топтаулардың арасында «революциялық-демократиялық» ұлтшылдық туралы да айтады. Яғни, ол қазірдің өзінде талқыланған Вердери тезисін болжай отырып, әртүрлі идеологиялық жүйелер мен ойлау стильдеріндегі ұлт пен ұлттық мүдделерді түсіндірудегі айырмашылықтарды көрсетеді [62, 78 с]. Сонымен бірге Андреас Каппелер орыс ұлтының тұжырымдамасының түсініксіздігі туралы айтып, оған мына белгілерді кіріктіреді:

- 1) империяның барлық субъектілері;
- 2) артықшылықтағы таптардың мүшелері (natio-ның қазіргі заманғы тұжырымдамасына сәйкес;
- 3) орыстар-православтар (ұлы орыстарды білдіреді)
- 4) Ресей ұғымының дәстүрлі мағынасы рухында барлық шығыс славяндары [64, 79 б]. Бұдан шығатын қорытынды, империя өзінің орыстандыру ісіне белгілі міндеттер тобын қойғандығы болып табылады. Яғни, империяның әлеуметтік-саяси аспектілеріне емес, олардың ұлттың кеңістіктік және этникалық шекаралары мәселесіне және мемлекеттік қатынастардың қалаған түріне, қатынасына басымдық бере отырып, патшалық Ресейдегі мемлекет пен ұлттың арақатынасы мәселесіне ықтимал идеологиялық реакциялар жүйесін құруға тырысты. Қандай да бір жолмен: империя, біртұтас ұлт-мемлекет, федерация ұғымын өзара байланыстыруды мақсат етті [65].

Ал америкалық зерттеуші Эдвард Таден орыстандыру саясатының негізгі үш түрін анықтап, оны зерттеушілердің көпшілігі осы кезеңге дейін шатастырып келгенін айтады. Олар: мақсатсыз, әкімшілік және мәдени орыстандыру.

Эдвард С. Таден мақсатсыз орыстандыру белгілі бір адамдар немесе топтар орыс тілін, көбінесе орыс православие дінін қабылдаған мәдени ассимиляцияның табиғи түрін көрсетсе, әкімшілік орыстандыру – биліктің барлық тармақтарында орыс тілін қолдануды талап ететін ресми саясатты білдіреді және оны оны орталықтандырудан ажырату кейде қиынға түсетінін мүсіндіреді. Ал мәдени орыстандыру – олардың бастапқы мәдениетін орыс тілімен алмастыра отырып, бүкіл халықты ассимиляциялау әрекеті деп негіздейді. Алайда мәдени орыстандыру империялық кезеңнен қарағанда Кеңес өкіметі тұсында күрделірек болғанын да тұжырымдайды [49, 77-78 бб]. Десек те, бұл мақсатты, әкімшілік және мәдени орыстандыру саясатының үш түрі де ресейдің азаматтық саясатында маңызды роль атқарғанын белгілі.

Көріп отырғанымыздай, зерттеуші Эдвард С. Таденнің теориясынан шығатын қорытынды, өлкемізді орыстандыру саясатының әсіресе мәдени түрі ерекше жүргенін көруге болады. Яғни, бұл саясат бойынша орыс еместерді мәдени тұрғыдан ассимиляциялауға арналған қасақана саясат болды. Осы дәуірдің құндылықтарын көрсететін ресей билігі мәдени әртүрлілікке мән бермесе де, олар орыс емес өзге бағынышты ұлттардың барлығын ассимиляциялау үшін түрлі науқандарды жүргізуге тырысты. Бұл әсіресе кеңестік өкімет үшін өте қолайлы болды. Тек өзіне жақын шығыс славяндар, яғни украиндар мен беларустар үшін аз-кем ерекшелік болды, дегенмен оларды кез-келген жағдайда империялық үкімет орыс ұлтының кіші категориялары деп санады.

Ал Ресейдегі мақсатсыз орыстандыру Мәскеу кезеңінен басталды. Мәскеулік билік күшейген кезде, атап айтқанда 1552 жылы татар астанасы Қазанды жаулап алғаннан соң орыс мәдениетінің беделі мен орыс еместерге басымдылығы байқалды. Мәскеу өзінің жаңа иеленген аумақтарын орыс православиесін қабылдауға шақырды. Алайда оны толық қалыптастыруға күш-жігері аздау болды. Тек ХҮІІІ ғасырдың ортасына қарай қуаттылығы артқан империя Еділ бойындағы анимистер мен мұсылмандарды дінге бағындыру мақсатында келісілген бағдарлама әзірледі. Осы бағдарламаның негізінде көптеген татарлар, дерлік мордвиндер, чуваштар, вотяктар орыстық православиені қабылдай бастады.

Ал әкімшілік отарлау Ұлы Екатерина патшайымның билігі тұсында күшейе түсті. Ол поляк бөлімдері мен түріктерге қарсы соғыс кезінде бағындырылған аумақтарға әкімшілік бақылауды күшейтті. Ал сол жаулау тұсында Ресей империясының құрамына Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның кейбір аймақтарының қосылуы да мұсылмандардың империядағы әлеуметін күшейтті. Яғни халықаралық қатынастағы шиеленістер (орыс-түрік соғысы) ІІ Екатеринадан бері исламды насихаттау империяға күтпеген нәтижелер әкеліп, Ресей патшалығы діндар қазақтарды дәстүрлі ишанизмнен бас тартқыза алмады. Түркістан, Бұқара, Самарқанд пен Мекке орталықтарының рөлі төмендемей, керісінше қажылық қозғалысы дами түсті [66]. Алайда, бұл халықаралық мәселелер шешілгеннен кейін, ХІХ ғасырда барлық отарлық аймақтарда әкімшілік орыстандыру саясаты қайта жалғасын тапты.

Империядағы мәдени орыстандыру саясаты алғаш патша Николай І тұсында пайда болды. Яғни, ресми ұлт ұғымы басты мәнге ие болып, Николайдың Білім Министрі Сергей Уваров бұл идеологияны тұжырымдап, «православие, автократия және ұлт» ұстанымын ұсынды. С. Уваров патшаға деген адалдығымен біртұтас, орыс Православиесінің моральдық негізімен бөлісетін, орыс тілінде сөйлейтін заманауи орыс ұлтын құруды мақсат етті.

Кейбір жағдайларда «ұлт» терминінің қолданылуы негізгі екі ұғыммен, яғни нағыз орыстардың Христиан Православие дініне жазылып, патшаға адал болуының қисынды салдары сынды болды. Осылайша, «орыстандырудың» бірінші нысаны этникалық орыстардың өздері болды, өйткені олар ұлттың қазіргі тұжырымдамаларымен сәйкестендіре алмады және өздерін бірінші тек қана Православиелік Христиандар ретінде анықтады. 1863 жылғы поляк, дәлірек

айтсақ, поляк-литва көтерілісінен кейін ғана белорустар мен украиндарды орыстандыру – соңғысы сол кезде «Кіші Орыстар» деп аталатын – шұғыл басымдыққа айналды. Орыс тілінде этникалық орыс (русский) және орыс тілдерінде әкімшілік немесе географиялық белгі (российский) ретінде ажыратуға болады. Ресей Империясы да, қазіргі ресей Федерациясы да «Россиская» сын есімін қолданады, Ал Мәскеу тұрғындарының көпшілігі өздерінің этникалық тегі мен сөйлейтін тілін орыс тілі деп сипаттайды [62, 28-29 стр].

Мәдени орыстандыруды күшейткен Александр II (1818-1881) кезіндегі реформалар болды. Оның реформасының негізгі мақсаты орыс шаруаларының жер қатынастарын шешу болды, бірақ 1860-1870 жылдардағы Ұлы Реформалардың үлкен мақсаты күшті, заманауи және орталықтандырылған Ресей мемлекетін құру болды. Соған орай Орта Азия, Сібір Қазақстан аумағын толығымен мемлекеттік меншікке ендірген соң, енді мәдени орыстандыру саясатына ешқандай кедергі болмады.

Осылайша Ресей отаршылдығы немесе жаппай орыстандыру ісіне мақсатсыз, мәдени, рухани (Э. Таден теориясына сай – А.К) тұрғыдан кірісу процесі тоқтаусыз жалғаса берді. Тек XX ғасырдан бастап әлемдегі халықаралық құқықты жасау мен біртіндеп ендіру әрекеті отарлау шараларын шектеп болса да жария етпеуге мәжбүрледі. Алайда патшалық Ресей үшін бұл өзгеріссіз қала берді және Сібір, Орта Азия және Қазақстан аймақтарында озбырлық әрекеттер жоғарыламаса, төмендеген жоқ.

Негізінен Ресейдің орыстандыру, отарлау әрекетінің жағымды тұстары туралы концепциялар аз да болса кеңестік кезеңде сынға алынды. Олардың қатарында Е. Бекмаханов, А. Әминов, Х. Абдуразақов сынды тарихшылар болды. Мәселен, 1957 жылғы Ташкент конференциясында белді ғалымдар Қазақстан мен Орта Азия үшін Ресейдің прогресшіл рөлін толығымен онды әрекет деп көрсетудің жаңсақ екендігін атап өтті. Алайда кеңестік билік бұл пікір-таластың одан әрі жанданып кетпеуі үшін тарихи ойлармен бөлісетін «Вопросы истории» журналының редакциялық алқасын арнайы сыннан өткізіп, қажетсіз авторларды ығыстырып шығаруы осының бір дәлелі болды [67, 18 б].

Соған орай екі жақты пікірталастар мен концепциялар арасында өзара алауыздықтар тумас үшін XX ғасырдың аяғына дейінгі көп көлемді зерттеулер негізіген ел экономикасы, ауыл шаруашылығының дамуы, жұмысшы қозғалысы, мәдени дамудағы оң әсерлер сынды мәселерді көтеруге бағытталды. Империялық отарлау барысындағы қазақ жерлерінің тонаушылыққа ұшырауы, қазақ елінің ұлттық құрамының айтарлықтай өзгеріске ұшырауына негіз болған қоныстандыру саясатының салдары, Қазақ өлкесінің Ресей өнеркәсіптері үшін шикізат базасы болғандығы туралы Б.С. Сүлейменов, П.Г. Галузо, Ғ. Шолановтардың аталған концепция тұрығысындағы еңбектері жарық көрді [68-70]. Алайда кейбір еңбектерде отарландырудың оң бағыттары басым аталып, орыстандыру саясаты туралы сөз қозғалмады. Бұл тарихнамалық ахуал тарихымызда XX ғасырда мүлде қозғалмай, осы ғасырдың аяғына дейін сақталды.

Ал кейінгі кеңес билігі ыдыраған соң орыстандыру мәселесі бойынша екі жақты көзқарастар орын алуда. Неміс тарихшысы Андреас Каппелер кеңестіктен

кейін өз еркіндігін алған мемлекет тарихшылары орыс тарихының ұлттық қатынастарды дәріптеу мен интернационалдық идеяға негізделген догмаларынан арылып, шынайы тарихын жазуға бағыт алғанын көрсетеді. Ал ресейлік тарихшылардың дәстүрлі концепция шеңберінен шыға алмауын заңдылық деп санайды. Соған орай Андреас Каппелер бұл процесс отарлау саясатын объективті бағалауға айрықша серпін бермейтінін атап өтеді [64, 78-с].

Отарлау мәселесін зерттеу әлемнің барлық елдерінде үлкен назар аудартады. Ол тіпті алыс-жақын шетелдерде ғылыми мектептердің зерттеу нысанына айналған. Олар отарлау ісіне әр түрлі анықтамалар береді. Танымал анықтамаларының негізгісі: отарлау – басқа мемлекет құрамына өтіп, бірақ оның тең құқылы бөлігі саналмайтын, соған сай егемендігінен айырылған және арнайы ұсынылған режиммен басқарылатын ел немесе жеке территорияны билеу болып түсіндіріледі. Ал оны географиялық тұрғыдан Тель-Авив университетінің профессоры Е.Е. Лейзерович былайша толықтырады: «бір аумақ билігінің басқа халық немесе халықтар мекендеген аумаққа таралуы» деп көрсетеді [56, 238 с]. Автордың пікірінше жаулап алу қарсаңында бағындырылған аумақтың бірыңғай басқару жүйесінің болғаны немесе болмағаны маңызды емес екенін атайды. Бұл тұрғыдан алғанда Ресей үшін қазақ елінің өзара дербес болып, үш жүзге бөлініп басқарылғандығы ешбір маңыз бермегендігін негіздеуге болады.

Бұдан кейінгі тұста бүгінгі методологияда «мәдени ассимилизация» немесе «аккультурация» термині қолданысқа түсіп жүр. Бұл әсіресе соңғы жылдардағы Ресейлік «жаңа империя тарихы» концепциясымен байланысты деп айтуымызға болады. Яғни, кез-келген ел жоғарыда айтқанымыздай, өз тарихын өскелең ұрпаққа жағымды жақтарымен баяндауға тырысады. Бүгінгі Ресей тарихшыларының да концепциясы дәл осы сипатта деуге болады. Бұл туралы танымал қазақстандық тарихшы-ғалым Н. Нуртазина өзінің әлеуметтік желідегі пікірінде: «Жаңа империялық тарих» деп аталатын тұжырымдаманың жақтаушылары (көбінесе Ресей ғалымдары) соңғы онжылдықтарда ғылыми қауымдастыққа жаңа терминология, көпсалалы әдістеме және «жаңашыл» көзқарастар енгізуге тырысып келеді. Олардың басты мақсаты – Ресей империясының (XVI – XX ғ. басы) отаршылдық сипатын жоққа шығару және оны «өзгеше», «еуропалық отаршыл державаларға ұқсамайтын» мемлекет ретінде көрсету»[71]-деп атап өтеді.

Осы тұжырымдаманың екінші қыры «аккультуризация» термині деуге болады. Терминді алғаш рет XIX ғасырдың соңында америкалық антропологтар Ф.Боас, У. Холмс, У. Мак-Джи, Р. Лоуи еңбектерінде қолданысқа түседі. Олар бұл терминді Солтүстік Американың үндістері қаншалықты дәрежеде ақ америкалықтардың мәдениетін қабылдады немесе ассимиляцияға ұшырады деген сауалды зерттеу үшін пайдаланады. Ал XX ғасырдың 30-шы жылдарына қарай «аккультурация» термині америка антропологиясында орныға бастайды. Ал «Аккультурация» термині латын тілінен аударғанда (лат. *adkultura* – білім, даму) – қандай да бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпалдасу деп түсінік беріледі.

Қазіргі кезеңде Орынборлық профессор С.В. Любичанковскийдің Ғылыми редакторлығымен «Имперская политика аккультурации и проблема колониализма (на примере кочевых и полукочевых народов Российской империи)», автордың жеке өзінің «Политика аккультурации средствами просвещения исламских подданных Российской империи: исторический опыт Оренбургского края (середина XIX – начало XX вв.)» атты монографиясында, «Формирование казахской интеллигенции в учебных заведениях оренбургского края: ответ на вызовы пореформенной модернизации» атты мақаласында осы мәселені көтереді [72-74].

Мәселен, «Имперская политика аккультурации и проблема колониализма (на примере кочевых и полукочевых народов Российской империи)»[72] атты ұжымдық монография осы мәселеге толыққанды жауап іздеуге бағытталады. Бұл туралы автор монографияның алғысөзінде былай деп атап көрсетеді: «Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған ұжымдық монографияның өзектілігі зерттеу нысанының ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттеулермен (тарихнаманың бай болуына қарамастан) және еуразиялық интеграциялық үрдіс жағдайында ортақ өткен тарихымызға теңгерімді көзқарас қалыптастырудың әлеуметтік-саяси қажеттілігімен анықталады.

Ресей империясының шекаралас аймақтары туралы көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазылғанына қарамастан, ресейлік «колониализм» әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ», [72, 88 с] - деп атай отырып, Ресейдің Федерациясының әлі де күрделі полиэтникалық және конфессиялы мемлекет екендігін алға тарта отырып, танымал тарихшылар пікірімен танысуға, тек біржақты ұстаным болмауға шақырғандығын көруге болады.

Соған орай монография С.В.Любичанковский Ғылыми редактор болып, сонымен қоса ретінде С.В. Джундузов (Орынбор), Е.В. Годовой (Орынбор), Д.В. Васильев (Мәскеу), С.В. Ковальский (Астана), Е.В. Годовой (Орынбор) сынды авторлар өзара пікіралмасуға ой тастап, отаршылдық саясатқа байланысты 12 сұрақ дайындайды. Оған Ресей империясының тарихы бойынша мамандарға, әсіресе Орал-Еділ және Орталық Азия халықтарының тарихы бойынша сарапшыларға жауап беруді ұсынды. Осы сұрақтарға жауап ретінде 23 маман мақалалар жазды. Олардың қатарында С.Н. Абшин (Санкт-Петербург), Ж.Б. Абылғожин (Алматы), Б.А. Азанбаев (Уфа), А.А. Гафаров (Қазан), Е. Икэда (Токио), И.В. Лиджиева (Элиста), Ю.А. Лысенко (Барнаул), К. Мацузато (Токио), А. Моррисон (Оксфорд), Н.Наганава (Саппоро), Е. Смоларц (Бонн), Р. Циррулаев (Лейдельбер) сынды ғалымдар тобына ұсыныс тастайды. Осы түпнұсқа әдістің нәтижесінде кітапта өте қызықты мақалалар мен очерктер жинақталған, онда көптеген авторлар өз пікірлерін білдіріп, тарихи фактілерге өз көзқарастарын білдіреді. Бұл Ресей немесе Орталық Еуразия тарихы туралы ғылыми әдебиеттердегі тәжірибе болып отыр. Тарихнамадағы Ресей империясының империялық саясатын бағалауға алғашқы әрекетті білдіретін жұмыс болды. С.В. Джундузовтың мақаласын келтірейік, онда ол кеңестік зерттеулердегі тенденциялар туралы жазады. Мәселен автор: «Кеңестік Ресейде марксистік-лениндік идеологияның кеңестік санаға ресми мемлекеттік мәртебе беруімен азаматтар революцияға дейінгі Ресей туралы «түрме» идеясын

енгізе бастады. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұлттық езгісінен босатылған халықтар... Кеңестік тарихнама Ресей халықтарының әлеуметтік және саяси теңсіздігіне, бөтен халықты экономикалық қанауға баса назар аударды...» [72, 12-13 стр]. «Зорлық-зомбылық туралы түсінік Ресей империясының құрамындағы жаулап алу және одан кейінгі құқықсыз өмір сүру, – деп жалғастырады тарихшы, – ...бұрынғы кеңестік республикалардың жаңа ұлттық тарихнамаларында пайдаланылады» [72, 13 стр]. Басқаша айтқанда, автор Ресей империясындағы орыс емес халықтар туралы кеңестік тарихнаманың қатты саясаттандырылғанын, марксистік-лениндік ықпалда болғанын атап көрсетеді. Алайда, С.В. Джунджужов, осы ғасырдың алғашқы онжылдықтарында орыс тарихын зерттеудің империялық тұжырымдамасы бірқатар әдістемелік зерттеулермен толықтырылғанын атап өтеді [72, 14 стр].

Аталған монографияда қойылған сұрақтар мен оған ғалымдардың берген пікірлері аса қызығушылық туғызады. Мәселен 7 параграф бойынша «Саяси аккультурация мен Ресей қоғамы интеграциясы контекстіндегі көрсетілген аймақтағы империя халықтарына әскери және шекаралық қызметтің әсеріне баға беріңіз» деген сауалға әр ел ғалымдары әр түрлі баға береді. Әрине, Ресей тарихшылары оны көбірек империя саясатының күші, тірегі бола отырып, өзіне тиеселі аймақтарды бағындыруға мүмкіндік бергенін айтса, Ю.А. Лысенко кіші және Орта Жүз қазақтарының империя құрамына өз еркімен қосылуын одан әрі нақтылайды. Ал В.В. Дмитриев Қырым татарлары мен ноғайлардың әскери қызметке тартылуын бірнеше кезеңдерге бөле отырып, 1784 пен 1874 жылдар аралығында қырым татарлары өз еркімен ресейлік әскери қызметке тартылғандығын атап өтеді. Тек 1874 жылы шыққан жалпы әскер бұйырықтан соң олар міндетті әскери қызметке тартылғандығын жазады. Сонымен бірге империя саясатында татарларға қысым көрсетілмегендігін, тіпті Қырым тұрғындары Александра Федоровнаны «Джамиет Валиде» (Мать народа) деп атағандығын, себебі ханшайым оларға мешіт салуға қаржылай үлкен көмек көрсеткендігін жазады. Яғни, бір сөзбен айтқанда татар-ноғайлардың патшалық әскермен интеграциялық байланысы нашар болмағандығын көрсетеді. Ал өз жерлесіміз Ж.Б. Абылғожин: «Егер қазақтардың әскери немесе шекаралық қызметке қатысуы туралы белгілі болса, онда олар әскерге шақырылуға жатпайды. Егер біз орыс әскери және шекаралық (казак) отрядтары туралы айтатын болсақ, онда олар ешқандай ұрыс көрсеткен жоқ, ал егер болған болса, ол ерсі пікір деп», қазақтардың патшалық әскердің құрамына еніп, ешқандай интеграциялық процеске араласпағанын жазады. Бұны профессор А. Морриссон да ашып айтады: «Мен қазақтардың орыс қоғамына қосылу процесінде әскери қызмет етуі маңызды рөл атқарды деп айта алмаймын», - деп бағамдай отырып, әскери қызметтің аккультурация процесінде татарлар мен башқұрттарға жақын екендігін негіздейді [72, 83 стр].

Қандай пікірлер айтылса да, тарих парақтары болған оқиғаны баяндап береді және оған жан-жақты пікірлер айтылады. Ресей алыс теңіздер мен мұхиттардағы колонияларға ие болмағандықтан, Азияға экспансиясы «табиғи» процесс болды, және бұл жерде қарсылық та, мәдени шекаралар да болмады деген біржақты пікірлерді қабылдауға бағыттайды. Осының негізінде олар отарлау, жаулап алу,

ассимиляция, деколонизация сияқты классикалық ұғымдарды жоққа шығарып, оларды «интеграция», «кеңістікті игеру», «бейімделу», «өзіндік ұйымдасу», «аккультурация» сияқты терминдермен алмастырып отырғандығын байқауға болады. Мұндай көзқарас Ресейдің жаулап алу әрекетін табиғи-географиялық процестерге теңестіріп, адам еркіндігі мен мемлекеттің рөлін жоққа шығарады. Бұл ретте, «жыртқыштар табиғатынан әлсіздерді жейді, оларды моральдық тұрғыдан айыптауға болмайды» деген логика байқалады.

Осы мәселелерді ескере отырып, елімізді «отарлау» немесе онымен қатар жүрген «орыстандыру» саясаты турасындағы немесе «жаңа империялық тарих» саясатына негізделген теорияларды саралауда оның екі бағытта жүргендігін көруге болады. Яғни XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы отаршыл әрекеттерді зерттеуге экономикалық және геосаяси себептер басты назарға алынады. Олардың пікірінше мемлекет үшін экономикалық саланы көтерумен бірге сыртқы қауіпсіздікті күшейтумен байланысты көрші аймақтарды жаулап алып, «өмір сүру аясын кеңейту» мәселесі туындаған. Бұл дегеніміз маңызды аймақтарды жаулап қана қоймай, оларды рухани, мәдени тұрғыдан да ассимиляцияға түсіре отырып, өз бәсекелесін толығымен бағындыру процесін туындатады. Олай болса бұл осы империялық және кеңестік өкіметтің орыстандыру саясатымен астасып отыр.

Сонымен отарлау ісінің ең маңызды көздеген саласы, жаулап алынған аумақтағы халықтарды, діни, мәдени, рухани тұрғыдан жаулай отырып, олардың еркіндікке ұмтылу ісіне тосқауыл қою немесе тәуелсіздік үшін ұмтылыс жасауына мүмкіндік бермеу болып табылады. Екінші бір мәселе бүгінгі тарихнамадағы халықтардың өзара көршілік байланыстары мен жауланған елдердің метрополиямен байланысы болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда отаршылдық орыстандыру саясаты мен шарушалық және саяси қарым-қатынастар негізінде табиғи эволюциялық жолмен жүргізілген орыстандыру саясатының аражігін ажырату және баға беру тарихнамалық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді.

1.2 Орыстандырудың кеңес үкіметіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттелу мәселесінің тарихнамалық талдануы

Кез-келген ел тарихы жаулаушылық, жаулап алушылық немесе әлсіздің күштіге бағынуы сынды оқиғалармен байланысты. Қазақ елінің де төл тарихы осындай процестермен байланысты. Ол әсіресе көршілес алып империялар, оның ішінде Ресей мемлекетінің тарихымен байланысты. Академик М. Қозыбаев: «Қазақстанның Ресейге қосылуының прогресті мәні аса зор болғанына ешкім күмән келтірмейді. Бұл процесс қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына, әлеуметтік жағынан жетілуіне, орыс мәдениеті арқылы әлемдік өркениетке араласуына игі әсерін тигізді. Алайда, орыс ғылымы мен мәдениетінің әсері туралы сөз болғанда оның прогрестік жақтарымен шектеліп қалмай, жергілікті халықты орыстандыруға, шоқындыруға шақырған сұрқия миссиясының да болғанын, оған осы уақытқа дейін біржақты дәріптеліп келген Алектров, Ильминский, Остроумов сияқты ғалымдардың «ат салысқанын» да ашып айтқан жөн» [75, 15 б.] деп, атап өтеді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Ресей империясының құрамына қосылған қазақ өлкесі толығымен тәуелсіздігінен айырылғаны белгілі. Жоғарыда аталып өтілгендей отарлаушы ел немесе метрополия өзіне кіріктірілген аймақтарға өз үстемдігін жүргізіп, өзіне қолайлы өзгерістер енгізетіндігі айқын. Осындай шараның қатарында жауланған аймақты орыстандыру ісі жүргізіліп, империя саясатына кіріктіру әрекеті орын алды және ол отарлық саясаттың басты міндеті болды.

Ресейдің отарлық орыстандыру саясатының мәнін ашып, баға беруде алғашқы кезекте өлкеге келген зерттеушілер мен бақылаушылар еңбектерін сыннан өткізу керек. Қазақ өлкесіне келген зерттеуші немесе барлаушының басты міндеті – өлкенің жер көлемі мен оның табиғи байлығын, тұрғылықты халықтың салты мен дәстүрін, әскери әлеуетін, мемлекеттік құрылымын, әлеуметтік жағдайын білу болды. Тарихымызда белгілі болғандай, Ресей үшін территориялық жағынан жақын Кіші Жүз аумағын алғашқылардың бірі болып отарлауға түсті. Кіші Жүз аймағы туралы толық мәліметтер жинауға 1734 жылы Ресей Ғылым Академиясының тікелей ұйымдастыруымен құрылған Орынбор экспедициясы жасақталды. Экспедицияға жетекшілік жасаған И.К. Кирилов өкімет тарапынан берілген нұсақауларға сай жұмыс істеп, «Цветущее состояние Всероссийского государства» атты жинағын құрастырды. Бұл еңбек экспедиция мақсатына сай, Кіші Жүз туралы мол мәліметтер көзін жинақтады [7, 38 б].

Бұдан кейінгі тұста қазақ жерін зерттеуге П.И. Рычков (Орынбор аймағына), Азия экспедициясына қатысушы И.Г. Георги, П.С. Фальк, қазақтардың тұрмысы мен рухани мәдениетіне қатысты мәлімет жинақтауға А.И. Левшин, Бөкей хандығы мен Орынбор аймағын зерттеуге И.Ф. Бламберг, В.В. Вельяминов-Зерновтар келді. Авторлар қазақ өлкесінің жалпы географиялық жағдайы, тұрмысы мен салтын, қоғамдық құрлысы, орыс бекіністерінің салынуы мен отарлау саясаты туралы жазып өтеді.

Ал негізгі XIX ғасырдың екінші жартысына қарай орыстандыру саясатын орнықтыру мен миссионерлік шараларды жүзеге асыруда Н.И. Ильминский, И.П. Остроумов, М.Мироппев, С.М. Граменицкий, А.Е. Алекторов, Е.А. Малов, В. Васильев және т.б. белсенділер шықты. Олардың алға қойған басты міндеті, діни тұрғыдан халық санасына бойлау мен орысша білім беру арқылы отарлауды жүзеге асыру болды.

Сол тұстағы қазақ қоғамына білім нәрін беруші есімдер арасынан кеңінен танылғандар қатарында Н.И. Ильминскийді атауға болады. Н.И. Ильминскийдің қазақ ортасына жанашыр емес, «бұратана» атанған қазақ елі үшін қауіпті миссионер болғанын Алаш зиялысы Т. Шонанұлы XX ғасыр басында-ақ өз еңбектерінде атап өтті: «1860 жылдары Ильминский сияқты бұратаналардың «көзін ашушы» кезінде ноғайларды орыстандырамын деп балаларды, еркектерді зорлап күшпен монастырьларға беріп, қарсыласқандарын Сібір айдап, жас әйелдерін маскүнем орыстарға зорлатып, қатын қылып бергендері үкіметтің бүтін бұратаналарды орыс қылмақшы болғанына мықты айғақ», - дейді [76, 105 б]. Н.И. Ильминскийдің тюркологиялық, педагогикалық еңбектерінің бәрі де тек қана миссионерлік мақсатқа бағытталғанын, тюркология саласына қабілеті бар болғанымен, ол бар күш-жігерін мен ынтасын миссионерлік жолға сала отырып,

қазақ өлкесін орыстандыруға ерекше басымдылық бергенін танымал ғалым Мекемтас Мырзахметұлы атап, аса күйінішпен еске салады. Тіпті М. Мырзахметұлы орыс академигі Крачковскийдің «...Н.И. Ильминский, выдающийся представитель Казанской школы, блестящий тюрколог-арабист, глубоко увлеченный идеями миссионерства и «просветительной» деятельностью среди «инородцев», не дал ни тюркологии, ни арабистике того что он мог бы дать», – деп жазғандығын да мысалға келтіреді [5, 43 б]. Ал Н.И. Ильминскийдің орыстандыруға, миссионерлік қызметіне қатысты кеңестік дәуірдегі пікірлер санаты да екі жақты деп айтуға болады. Кеңестік биліктің алғашқы кезеңінде Н.И. Ильминскийдің шығармашылығы мен қызметі біршама зерттеліп бағаланды. Десек те, кеңестік зерттеушілер В.М. Горохов пен А.Н. Григорьевтар Н.И. Ильминскийдің отаршыл империя саясатын ерекше бағалай отырып, орыс тілі мен шоқындыру ісіне ерекше атсалысқандығын баса көрсетеді. Ал Кеңес Одағы орнығып, зиялылар қауымын толық тазартқан соң, миссионер туралы пікірлер өзгере бастады. Мекемтас Мырзахметұлы: «... Н.И. Ильминский жайында Қазақстан баспасөзінде 1937 жылғы репрессияға дейін кертартпа дүниетанымдағы миссионер ретінде бағаланып келді де, ол туралы шындық ендігі кезде бұрмалана бастады. Енді Н.И. Ильминскийге жасанды, шындықтан аулақ, жалған танымдағы бағалар беріле бастады. Тарихи шындықтың түп тамырына бармай-ақ ақты қара, қараны ақ деп көрсету жағы үстем болып, оны асыра бағалау, қолдан озық ойлы қайраткер жасауға ойысып, жабыла мақтай насихаттау жағы бел алып кете барды: тарихшы, педагог, әдебиетші, тілші-ғалымдар Н.И. Ильминскийге дәл бүгінге дейін сын көзімен қарап, ол жасаған кездегі тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлармен ұштастыра отырып бағалаудан бой тартып келді», - деп көрсетті [76, 4 б]. Алғаш патшалық, кейіннен кеңестік билік ықпалындағы қазақ тарихы өз бағасын біртіндеп тек тәуелсіздіктен кейін алып, ақтаңдақ парақтар ашылған тұста ресейлік рухани отарлау саясатына қатысты зерттеу жұмыстарын жазған профессор С.М. Машимбаев Н.И. Ильминскийдің миссионерлік саясатын сынай отырып: «отаршыл-миссионерлер қазақтарды дін жағымен біріктіріп, мектеп арқылы орыстандырудан басқа жол жоқ екендігін түсінді», - деп көрсетті. Тіпті бұл іске алғашқы ағартушы Ы. Алтынсаринді де тартқанын жасырмайды [7, 6 б]. Десек те империя саясатының кейбір сыңаржақ тұстарынан арылмаған ресейлік зерттеу еңбектері де кездеседі. Мәселен, 2002 жылы Чебоксарлық А.Н. Павлова өзінің «Система Н. И. Ильминского и её реализация в школьном образовании нерусских народов Востока России» атты кандидаттық диссертация жұмысында ішінара төмендегідей қорытынды жасайды: «Н.И. Ильминский жүйесі Ресей Шығысының орыс емес халықтарының ұлттық өрлеуіне, халықтың сауаттылық деңгейін арттыруға, ұлттық зиялы қауымның пайда болуы мен қалыптасуына, баспа ісі мен баспасөздің дамуына, ұлттық көркем әдебиеттің пайда болуына және дамуына жол ашты. Ресей Шығысының орыс емес халықтарының музыкалық, театр, бейнелеу өнерінің бастауларына шынайы ықпал етті», - дейді. Мұнымен қоса автор Н.И. Ильминский жүйесінің іске асуы арқылы шығыс халықтарының қоғамдық-саяси белсенділігін артыумен бірге шоқынған халықтардың православиелік ілімді меңгеруіне, Ресейдің Шығысындағы түрлі

этностартары арасында тығыз қарым-қатынас орнатуға негіз болғаны түсіндіріледі. Бұл түйіндеу, әлі де болса ресейлік тарихнамада орыстандыру саясатының біржақты бағаланып, өз отарларына қамқорлық жасаған істері қатарынан орын алып отырғандығын айқындайды [77].

Осы тұстағы тағы бір назар аудартатын процесс Н.И. Ильминский мен қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин арасындағы байланыстар туралы да түрлі көзқарастар бар. Тіпті Ы. Алтынсарин Н.И. Ильминскийдің ұстанымын ала жүріп, қазақтар үшін орыс графикасының негізіндегі алфавитті алғаш рет жасағанын, оны шоқынғандар санатына жатқызған пікірлер де кездеседі. Мекемтас Мырзахметұлы: «Қазақ тіліндегі қазіргі басылымдар мен мектеп пен жоғары оқу орындарының оқулықтарының бәрінде де қазақтар үшін орыс графикасының негізіндегі алфавитті алғаш рет жасаған Ыбырай Алтынсарин деген ғылыми негізі жоқ және де сол кездегі арнайы түрде жүргізіліп отырған миссионерлік ресми саясаттан тыс, сол құбылыстармен байланыссыз алынған қасаң ұғым қалыптасып отыр», - деп түсіндіреді [5, 72-73 бб]. Бұдан ары ғалым түркі тілді халықтар үшін орыс алфавитінің алғашқы нұсқасын миссионер ғалымдар жасап ұсынғандығын, ал Ы. Алтынсарин 1876 жылы патшаның өзі қол қойып, Ағарту министрі нақтылы түрде жүзеге асыру мақсатымен, граф Толстойдың талабымен, оны Н.И. Ильминскийдің жан сала қолдауымен орыс алфавитін ешқандай өзгеріссіз алу керек деген Петербург университеті ғалымдары шешімінің негізіндегі принципті ұстанып, қазақ тіліндегі оқулықтарды сол алфавитпен бастырушы ғана болғанын ескеру керектігін нақтылап береді.

Ал Ы. Алтынсариннің қазақ балаларын сауаттандыруға арналған «Қырғыз хрестоматиясының алғашқы бетінде «Кел балалар оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» деп қазақ баласын білімге шақырған ісі де ескерусіз қалып, орыс білімін уағыздаушы қағидалары да орныққаны белгілі. Десек те, заңғар жазушы М. Әуезов: «Ыбырай – жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты аса шебер, өнерлі түрде қабыстырушы» [78] деп әділ бағасын береді.

Сонымен бірге дін мәселесінде де Ы. Алтынсариннің орыс православиесін қолдағаны туралы жаңсақ пікірлер орын алды. Алаштанушы ғалым Айгүл Ісімақова: «Ақын балаларға пайғамбарлардың тарихын жеткізу арқылы замандастарын арам мен харамды, оң мен солды, ақ пен қараны, әділдік пен әділетсіздікті тани білуге шақырады» деген пікірі бұл мәселеге толық жауап береді [79]. Шындығында Ы. Алтынсариннің білім мен еңбекке шақырған өлеңдері мен шығармаларында «Алла» сөзі жиі қолданылады. Бірінші кезекте Алладан рұқсат сұрай отырып, кезекті істерге шақырады. Алайда патшалық биліктің орыстандыру саясаты Ы. Алтынсариннің атсалысуымен ашылған мектептерде тікелей бақылау жасай отырып, Н.И. Ильминскийдің бағыты бойынша міндетті орыс алфавитімен оқытылып, сабақ орыс тілінде өтті. Десек те, Ы. Алтынсарын империя саясатына сай жұмыс жасағанымен, оның шынайы өз бойынан шыққан әр бір өлеңі, еңбекке шақырған әңгімелері терең мағаналылығымен қолданысқа түсіп, әлі де білім алушылар назарынан тыс

қалған жоқ. Ы. Алтынсарин өз кезегінде еріксіз империя саясатына кіріге отырып, шын мәнінде қазақ өлкесін оятуға негіз қалады.

Миссионер Н.И. Ильминскимен қатар осы тұста ағартушы-миссионер Николай Петрович Остроумовты атап өту керек. Журналист Бекен Қайратұлы: «XIX ғасырдың алғашқы ширегінде патшалық Ресей қазақ даласын отарлау саясатын табанды жүргізу үшін миссионер-ағартушылар қызметін іске қосты. Бұл қызметті атқарған адамдар: Ильминский, Остроумов, Алекторовтар еді. Бұл тұлғаларды совет заманында «қазақ халқын қараңғылықтан құтқарушы» деп таныдық», - дей отырып, олардың басты мақсаты қалай болғанда да өз қоластындағы бағынған елді толығымен ассимиляциялап, басып-жаныштау болғанын атап өтеді [80].

Империя қоластындағы халықтардың арасында түземдік орыс-қазақ мектептердің ашылып, өлкедегі білім беру ісінің астарында орыстандыру саясаты жатқандығын Түркістан мұғалімдер семинариясының 25 жылдық мерейтойында сөз алған Н.П. Остроумовтың: «Отанымыздың шетелдіктерге қатысты мемлекеттік міндеттері мен ұмтылысы орыстандырудан тұрады... тағы бір міндет – қырғыздардың орыстармен тұтас бір саяси-мемлекеттік организмге бірігуіне ықпал ету» [81] – деп ашық та нақты айтуы аңғартады. Негізінен Н.П. Остроумовтың Н.И. Ильминскийден бір айырмашылығы мектеп ашу ісінен гөрі ол орыстандыру ісінде түбегейлі христиандықты енгізу мен мұсылмандық оқу орындарымен күресуге басым атсалысты деуімізге болады. Себебі оның зерттеу еңбектері тікелей осы мәселеге арналды. Атап айтар болсақ, «Историческое и современное значение христианского миссионерства среди мусульман» (Казань, 1894), «Способные ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры» (Ташкент, 1895), «К истории мусульманского образовательного движения в России в XIX и XX столетиях» (СПб.: Мир ислама 1913) және т.б. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Ресей империясының орыстандыру мәселесін зерттеген М.Ш. Эгамбердиев Н.П. Остроумовтың басты көздеген мақсаты мұсылман оқу орындарының дамуына тосқауыл қойып, қазақтарды православиелік дінге кіріптар ету болғанын және соған орай зерттеулер жүргізгенін атап өтеді [82, 8 б].

Ал «Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғғ. басы)» атты Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтынан жарық көрген ұжымдық еңбекте Н.П. Остроумов сынды миссионерлер қаншама тырысса да, қазақтар арасында мұсылман дінін ығыстыру жолындағы күрестерінің сәтсіз болғандығын атап көрсетеді. Себебі қазақтар өз ата-бабасынан келе жатқан діни ұстанымын ешқашан жадынан шығармайтындығын және мұндай әлсіздікке кейбір кедейленген топтардың ішінара ғана барғандығын негіздейді [83, 32 б].

Сонымен бірге қазақ өлкесін орыстандыру ісінде, оның ішінде Бөкей Ордасында ерекше белсенділік танытқан А.Е. Алекторов болды. Жалпы кеңестік қоғамда, оның ішінде кеңестік жазушылар тарапынан А.Е. Алекторовқа құрмет жоғары болғандығы байқалады. Бұл туралы М. Мырзахметов: «А.Е. Алекторовтың дүниетанымы мен таптық позициясына сын көзімен қарамай, біржақты мадақталып, қазақ елінің ең зор қамқоршыларының бірі ретінде

бағаланып келеді. Әрине, бұл таным атүсті түсінуден, немесе Алекторовтың өмір бойы ұстанған идеялық бағыт-бағдарының саяси төркіндеріне сын көзімен терең зерттей отырып пікір айту ниетінен тумай, белең алған жаттанды пікірдің шылауында кетуден туған құбылыс», - деп незідеп береді [76, 8 б]. Тіпті өз кезеңіндегі кеңестік энциклопедияларда А.Е. Алекторов қазақ тарихын, мәдениетін, этнографиясын, фольклорын жинап, зерттеуші-педагог ғалым ретінде таныстырылады. Десек те, оның ең басты саяси-әлеуметтік, яғни монархистік, миссионерлік мақсаты толық ашылып жазылмағандығын атайды. Алайда А.Е. Алекторов ұзақ уақыт өлкенің білім саласында қызмет етіп, сауат ашу ісіне үлес қосқанын да естен шығармау керек. Ол көп жылдар бойы білім саласындағы қызметінде сол уақытта ұлт қамын жеген Алаш азаматтарымен етене араласқан. Олардың қатарында ең алғашқы қазақ мұғалімдері А.Байтұрсынов, С.Көбеев, М.Сералин, Г.Балғымбаев, М.Сәрсенбаев, О.Әлжанов т.б. болды. Ол Орынбор тарихын И.К. Кириловтан бастап, барлық басшыларының қоғамдық-саяси қызметіне өзіндік бағаларын берді. Кейін оның қаламынан 1885 жылы «Орынбор губерниясының очеркі», 1886 жылы тарихи «Қазақтар» очеркі, 1900 жылы «Торғай облысының халық оқу ағарту саласының очеркі» т.б. еңбектері жарияланды. Ал мұрағаттық комиссия ашылғаннан кейін көп ұзамай оны 1889 жылы 5 қазанда мүше ретінде қабылдады. Бұдан соң қазақ этнографиясына, фольклорына арнаған мақалалары жарыққа шығады.

Мәселен, 1893 жылы «Астраханский Вестникте» жарық көрген «Қазақтардың халық ауыз әдебиеті» мақаласында халқымыздың мекендеп жатқан аумағына сипаттама беріп, қазақтар 2,5 миллиондай деген тоқтамға келеді [83, 6 б].

Өлкедегі орыстандыру ісіне белсене араласып, А. Ильминский жолымен жүрушілер қатарында М. Миропиевті де жатқызуға болады. Ол өзінің «О положении русских инородцев» атты еңбегінде осы орыстандыру ісінің бел ортасында жүргенін атап өтеді. Мәселен, ол өзінің «О положении русских инородцев» еңбегінде: «жылдан жылға қырғыз өзінің бұрынғы пұтқа табынушылық дінін біртіндеп ұмытып, одан ұялып, мұсылман болып келеді. Жақында бұл халықта шаманизмінің ізі қалмайтын уақыт келеді» [84], - деп өлке халқын ешбір қиындықсыз дінінен аластатып, шоқындыруға болатынын нық сеніммен жазады. Ол үшін қырғыздар арасында орыстық үстемдікті нығайту қажеттілігі айтылады. Православиелік уағыздар мен орыс ағартушыларының мектептер неғұрлым дамыған сайын, орыс билігінің күшейе түсетіндігі айтылады. Бұл шара неғұрлым жемісті болса соғұрлым орыс билігіне де тиімді, ал қырғыздарды жаңа билікке икемдеуге оңай болатыны айтылады [84, 24 б].

Қалай болса да өлкеге келген әр бір зертеуші немесе миссионердің басты ұстанымы жергілікті ұлт өкілдеріне қысым көрсету арқылы, өз билігіне икемдеуі заңдылық болды.

Қазақ өлкесін шоқындыру мен орыстандыру ісіндегі Н.И. Ильминский шәкірттерінің қатарына Е.А. Маловты жақызуға болады. Оның басты міндеті исламды ең алдымен христиан миссионерлігінің мүдделеріне сүйене отырып қарастыруы болды. «Православный собеседник» журналының белді мүшесі бола отырып, мақсаты христиан діні туралы білімді орыс емес халықтың кең тобына

тарату ғана емес, сонымен бірге сенімді сақтау болды. Ол христиан дінінің негізін басқа діни жүйелердің шабуылынан қорғауға тырысты және христиандықтың өзінде туындаған қайшылықтарды жоюға атсалысты. Алайда журналдың мазмұны 1872 жылдан бастап түбегейлі өзгере бастады. Дәл осы кезеңде исламға қарсы бағыттағы алғашқы мақалалар пайда болды. Журнал беттеріндегі осындай алғашқы мақалалардың ішінде Е.А. Маловтың «Магометанизм (миссионерлік күнделік) ықпалына ұшыраған шомылдыру рәсімінен өткен татарлардың діни жай-күйі туралы очерк» атты мақаласын атап өту керек, онда автор Халықтар арасындағы Поволдың күшеюіне қатты ашуланады. Мақала өте агрессивтілікпен ерекшеленді және негізінен мұсылманға қарсы бағытта болды. Е.А. Малов өз қызметінде ол Н.И. Ильминскиймен, Г.С. Саблуковтың дәстүрлерін ұстануға тырысты. Ол ғылымда шығыстанушы ретінде танылғанымен, миссионер ретінде ол исламды араб дереккөздерімен мұсылман теологиялық әдебиеттері бойынша мұқият зерттеуден бұрын болуы керектігін, христиандық тұрғысынан исламды сынға алады. Соған орай Е.А. Маловта орыстандыру ісі, оның ішінде миссионерлік жолды көбірек таңдағанын байқауға болады [85].

Қазақ өлкесіндегі мұсылмандық оқу орындарының құрылуы мен түземдік мектептердің жалпы санағы мен оның білім беру бағыттарын бақылап, орыстандыру ісіне араласушылар қатарына С.М. Граменицкийді жатқызуға болады. С.М. Граменицкий Орталық Ресей мектептерінде классикалық және жаңа шеттілдерін оқытуда қолданылатын аударма әдісі бойынша жергілікті ұлт балаларын орыс тілінде оқытудың тиімсіздігі туралы қорытындыға келді. Соған орай ол тек статистика жүргізумен ғана емес, орыстандыру ісінде түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға тырысты. Ол тіпті орыс классиктері - А.С. Пушкин, Н.А. Некрасов, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинскийдің әңгімелерін, И.А. Крыловтың ертегілерін жинақтап, түземдіктерге ұсынды. Ондағы басты мақсат, екі сыныпты орыс тілді мектептен олардың тілді меңгеруі дамымайтындығын, ал қызықты әңгімелер мен шығармалар олардың тілін байытатындығын түсінді. Соған сай С.М. Граменицкийдің маңызды педагогикалық қағидасы балаларды басқа халықтардың мәдениеттерімен тікелей таныстыру болды, ол үшін әртүрлі экскурсиялар, соның ішінде Орталық Ресейге де ұйымдастырылды. Алайда С.М. Граменицкий жергілікті тілдерді араб тілінен орыстандырылған әліпбиге аудару мүмкіндігіне күмәнданды, бұл Н.И. Ильминский әдістемесінің негізгі принциптерінің бірі болды, ол әліпбидің түрі конфессиялық бағдармен тығыз байланысты және «негізінен халықтардың діни байланысын білдіреді» деп есептеді [86, 37-бет]. Осылайша Қазан теологиялық академиясы профессорының жүйесі ана тілінде оқыту кезеңінде оқушыларды орыс мәтінін көрнекі қабылдауға барынша дайындауға мүмкіндік берді және ең алдымен пұтқа табынушы халықтардың православие дініне өтуіне ықпал етті.

Негізінен өлкеде орыстандыру ісін қолға алған ағартушы-миссионерлер мен ғалымдар еңбектері тікелей патша өкіметінің бақылауында болған. Соған орай олар алғашқы кезекте мұсылмандық уағыздарға тиым сала отырып, христиан дінінің ықпалын күшейтуді, орыс тілді оқу орындарының санын арттыру арқылы оны меңгертудің оңай жолдарын ұсынуды мақсат етті.

Сонымен бірге қазақ өлкесін орыстандыру жұмысы сол тұстағы бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен де жүзеге асырылды. Ол революцияға дейін тікелей патша өкіметі тарапынан жарық көрген ресми басылымдар болды. Мәселен, Түркістан генерал-губернаторлығынан жарық көрген алғашқы мерзімді басылымдардың бірі – «Туркестанские ведомости» газетінің бірінші нөмерінде-ақ баспасөздің басты мақсат-міндеті тұжырымдалған. Онда: «біздің пайымдауымызша, Түркістан өлкесінің қазіргі әкімшілігінің міндеті мынадай: орыс өкіметіне бағынған халықтарды екінші мәрте жеңу, бірақ оларды қара күшпен емес, ақылмен және рухани басымдықпен жеңіп шығу... Егер орыс халқының рухани орасан зор күш қуаты жәрдемдеспесе, Орта Азияға орныға бастаған орыс элементі де жойылып кетуі мүмкін делінген» [87].

Ал тура осы мақсатта жарық көрген «Дала уәлаяты» газетінің де басты назары орыстандыру ісіне көмек көрсетті деуге болады. Мәселен, Н.И. Ильминский өзінің 1889 жылы обер-прокурор К.П. Победоносцевқа жазған хатында: «Ақмола ведомстволарына ерекше «қосу» туралы мен Г.А. Калпаковскийге ұзақ уақыт бойы бұл газетті ресми бөлікпен ғана шектеу керек, ал ресми бөлімді тоқтатқан дұрыс деп жаздым, өйткені ұқыпсыз және білімсіз аудармашылармен (бұған дәлел ретінде Мен мысал келтірдім), мұқият бақылауды және тәжірибелі басшылықты қажет етеді, қиын үй-жайларға бару қауіпті, ғылыми және саяси мақалалар... сонымен қатар, олар бұрынғы генерал-губернатор рұқсат еткен бағдарламалар жариялансын», - деп жазған [88, 33 б.] Яғни, патша өкіметі аталып отырған бұл газеттерді жіті назарда ұстаған.

Десек те, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында халқымызға аса қажет болған ғылым мен білімнің негізінен орыс тілі арқылы ғана келуі мүмкін екендігі тарихи шындық еді. Ресей империясының қарамағына толық өткен қазақтар үшін ғылымның, өнердің оларға орыс тілі арқылы келуі заңды құбылыс болды. Қазақ өлкесіндегі алғашқы басылымдар тарихын зерттеген А.Қ. Шорманова: «Осы тақырыпқа қалам тартқан қазақ авторларының орыс тілін білу арқылы өз қандастарын ғылым мен білімді меңгеруге шақыруларын ешкім де өз халқын орыстандыру мақсатында жасаған деп айта алмайды. Сондықтан қазақ авторларының орыс тілін білуге шақыруларын өмірдің қажеттілігінен туындаған іс деп қарауымыз керек... Абай тек өз балаларын ғана орыс оқуына беріп қойған жоқ, өзгелерді де осыған шақырды. Ол өзінің «Жиырма бесінші сөзінде»: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек...Орыстың ғылыми өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» деп заман талабына сай орыс оқуының қажеттілігін түсінген», -деп атап өтеді [89, 19-20 бб.]

Негізінен «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінің бетінде оқымысты-миссионерлер А. Алекторов, Н.И. Ильминский, Н. Васильев, П.В. Наливкин және т.б. мақалалары шығып тұрды. Олардың басты мақсаты мұсылмандық оқу орындарымен күресе отырып, қазақ даласын орыстандыруға арналған мақалалар тобымен толығып отырды.

Жалпы Патшалық Ресейдің отарлық орыстандыру саясатының мазмұнын ашып, баға беруде өлкеге келген зерттеушілер мен бақылаушылар еңбектерін

саралау аса маңызды екенін көруге болады. Олардың әр бір жинақталған жұмыстары мен іс-әрекеттерінде орыстандыру ісі мен мұсылман дінінің рөлін төмендету, жергілікті халықты тез арада тілі мен ділі, салты мен дәстүрінен ажырату арқылы орыстандыру ісін жүзеге асыру міндеті қойылғандығын көруге болады.

Шығыстанушы ғалымдар қатарында И.А. Бобровников та болды. Ол православиелік миссионер, монғолтанушы болды. Ол Қазан теологиялық академиясының буддизмге қарсы бөлімінің алғашқы маманы, бөлім меңгерушісі, Н.И. Ильминскийдің серіктесі еді. Өз кезегінде «Монғол-қалмақ тілінің грамматикасы» классикалық еңбегін жазды және «Жоңғар» эпопеясын алғаш орыс тіліне аударды. Орынбор өлкесінде қызмет атқарған И.А. Бобровников еңбектері өлке тарихына тікелей арналмаса да, өлкедегі басты мақсаты өкіметтің миссионерлік саясатын жүзеге асырушы болды. Ол әсіресе діни қағидаларға назар аударып, ислам дінін ұстанған шығыс халықтарының ұлттық өзіндік сана-сезімі еуропалық тұрғындарға қарағанда әлдеқайда кеш оянғанын, оған шығыстық деспотизмнің әсері болғанын жазады [90].

Шығыстанушылар арасынан шет аймақтар тарихына атүсті қарамай, өзіндік бағасын берушілер де болды. Оларың қатарына академик В.В. Радловты жатқызуға болады. Ол Орта және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетінің құрамында жүріп Алтайдағы Сібір түркі тілдеріне, фольклоры мен этнографиясына назар аударды. Қазақ тілін зерттеуге де үлесін қосып, «Түркі тайпалары қазақ халқының үлгілері» атты 3 томдық жинақта қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін топтастырды. Ол мектеп инспекторы қызметін атқарған тұста орыстандыру саясатынан қарағанда, жергілікті халықтардың ана тілінде білім алуына мүмкіндік беруге тырысты. Зерттеуші С.М. Машимбаев: «В.В. Радлов 1872 жылы қазақ, башқұрт, татар мектептерінің инспекторы болып жұмыс істеген жылдары халық ағарту саласына өзінің үлесін қосып, жергілікті халықтардың өз ана тілінде оқу-ағарту ісін жүргізуге ат салысты», - дей келіп, В.В. Радловтың Орта Азия, Қазақстан мен Сібір аймағындағы түркілердің фольклорының өзара ортақтасығы бар екендігін нақтылағанын атап өтеді [7, 10 б].

Сондай-ақ, осы тұстағы отарлау саясатының өлкеге әкелген ауыр зардаптары мен жергілікті халыққа түскен ауыртпалықтарын түсінген, бірақ өкіметтің берген міндеттерін орындаған орыс өкілдерінен шыққан зерттеушілер де болды. Мәселен, орыс әкімшілігінің өкілі, экономист П.П. Румянцев: «Енді қазақ халқының тарихы жоқ, оның орнына ауылдық мекендеушілер – бұратаналардың өмірінің тарихы бар» [91, 347 б.], - деп, отарға айналған өлкенің ауыр халін сипаттап көрсетеді.

Ал Түркістан өлкесінде сенаторлық тексеру жұмыстарын жүргізген К.К. Паллен Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқан облыстарынан материалдар жинап, 1904 жылдан кейінгі уақыттардағы қоныс аудару мекемелерінің іс-шараларын қарастырады. Ол сол тұстағы қабылданған ережелердің халықтың шаруашылық-тұрмысына сай еместігін, соған орай өлке экономикасының дамуына үлкен кедергі болуын да жасырмай көрсетеді [92].

Өлкедегі отарлық сипаты басым болған орыстандыру саясаты дәстүрлі қазақ қоғамына да өзіндік өзгерістер енгізе бастады. Мұндай өзгерістерге XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылары да өзіндік пікірлерін білдіріп отырды. Патшалық отарлау тұсында белсенді қызмет еткен қазақ ағартушыларының алдыңғы қатарында Шоқан Уәлиханов болды. Ол орысша білім алып Омбыдан Іле Алатауы аралығын қамтыған саяхатқа қатысып, қазақ халқының әдет-ғұрпы, тарихы, халық ауыз әдебиеті турасында мол мәліметтер жинағаны тарихтан белгілі. Бір ескеретін жайт, Ш. Уәлиханов ең алдымен патша үкіметіне қызмет еткен әскери адам болды. Сол себепті де оның жазбалары алдымен өзі қызмет еткен үкіметтің мүддесі тұрғысынан жазылды. Алайда өзі қалыптасқан орта мен жастайынан алынған тәрбиеге адалдық танытуы нәтижесінде ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді жасырын түрде беруге, орындатуға тырысқан. Мысалы өзінің «Даладағы мұсылманды туралы» деп аталатын жұмысында патша үкіметінің «жақсылыққа» бастайтын шаралары, оны жүзеге асыратын мекемелері еш нәтиже бермеуде дей келе, патша үкіметінің жүргізіп отырған орыстандыру саясатынан қазақтар әбден шаршағанын айтады [93, 71-76 с.].

Ол империя қызметкері ретінде өзіне жүктелген тапсырманы бұлжытпай орындай отырып, дәстүрлі қазақ қоғамын алға жылжытуды ойлап, білім мен мәдениетінің көтерілуіне алып келетін жолдарды айқындауға тырысты. Қазақ даласында ұйымдастырылған түрлі экспедициялық жұмыстарға атсалысып, қазақ халқының шынайы мұқтаж болып отырған мәселелерін шешуге атасалысты.

Елдегі орыстандыру мен шоқындыру саясатына тосқауыл болушылар қатарында Ыбырай Алтынсарин де болды. Саналы ғұмырын қазақ балаларын оқытуға арнаған ағартушы қазақ балалары арасында кәсіптік білімнің де дамуына күш салып, училищелер мен мектептердегі сабақтар орыс тілі ғана емес, қазақ тілінде жүргізілуін пысықтап, оқу үдерісіне қажетті кирилица емлесіндегі қазақ әліппесін жасады [94, с. 71].

Ағартушы Ы. Алтынсарин осы оқу құралы арқылы орыстандыру саясатымен қатар жүрген христиандандыру саясатына қарсы әрекетке барды. Ы. Алтынсарин орыс үкіметінің маңызды тапсырмасын жүзеге асыра отырып, ұлттық мүдде мен ұлт болып сақталып қалуда қазақ халқы үшін маңызды болған мәселелерді де қоса атқарғанынан көрініс береді. Осылайша орыстандыру саясатына деген наразылықты пікір білдіру арқылы емес, астарлап болса да нақты ісімен жүзеге асырған деп тұжырымдаймыз.

Патша үкіметі орыстандыру саясатын жүргізуде алдымен жергілікті қазақ халқының арасынан шыққан ағартушыларды тартуға әрекет жасады. Қазақ даласында орыстандыру саясатына жауап берген миссионерлердің бірі Н.И. Ильминский қазақтар арасынан шыққан, әрі орыс мәдениетіне жақын адамдарды іздеді. Н.И. Ильминскийдің пікірінше Ы. Алтынсарин нағыз лайықты үміткерлердің бірі болды. Ы. Алтынсарин шынымен қазақ халқын заман талабына сай білім алуын қалады. Орыс тілін де еркін меңгеруіне көңіл бөлгені де жасырын емес. Ы. Алтынсарин қазақ балаларын христиан дініне енгізуге түбегейлі қарсы болды. Мұның өзі Ы. Алтынсариннің орыстандыру саясатына

деген қарсылығын білдіреді. Ы. Алтынсариннің христиан дініне қарсы болғанын Ресей зерттеушісі тарих ғылымдарының докторы Г. Косач та өзінің зерттеу жұмысында атап өтеді [95, с. 123]. Мысалы, 1875 жылдан бастап Орынбор округы бойынша қазақ, башқұрт, татар мектептерінің инспекторы болған В.В. Катаринскийге оқушыларды шоқындыру мақсатында жұмыс жасаған мұғалім А.Г. Бессонов туралы хабарлап, өрескел әдетке барғанын айтады [96, 211 б.]. Тіпті В.В. Катаринскийден А.Г. Бессоновты уақытша болса да жер аударып жіберуін сұрайды және оның бұл әрекетін өте сыпайы түрде жеткізу арқылы өлкедегі орыстандыру мен шоқындыру ісіне түбегейлі қарсы екендігін көрсетеді.

XIX ғасырда патша үкіметінің белсенді орыстандыру саясаты, соған сай дәстүрлі қазақ қоғамы мен ғасырлар бойына қалыптасқан дүниетанымына өзгеріс енгізу әрекеттері өз кезегінде Абай Құнанбаевтың да шығармашылығында көрініс тапты. Абай Құнанбаев та дәл Ыбырай Алтынсарин сынды қазақ балаларының білім алуына үлкен көңіл бөлді. Бүгінгі күні XIX ғасырдың II жартысында қазақ ағартушыларының орыс тіліне артықшылық беруіне сыни көзқараспен қарайтындар бар екені жасырын емес. Дәл сол тарихи кезеңде қазақ қоғамын дамытып, қазақтардың Ресей империясы аумағындағы өзге халықтар сынды өз құқықтарын талап ете алуы ең алдымен орыс тілін жетік білгенде ғана жүзеге асатын еді. Өзінің еңбегінде жас ұрпақтың орыс мектебінде оқытып, білім беру керектігін ескертеді. Өзінің барлық дүниенді балаңның білім алуы жолында құрбан ету арқылы міндетті түрде балаңның адам болып шығуына көңіл бөл деген ойды насихаттайды. Алайда орыстандыру саясаты белсенді жүріп жатқан тұста Абай Құнанбаев қазақтардың өзіндік ұлттық бірегейлігі мен ерекшеліктерін сақтап қалу қажеттілігіне көп көңіл бөліп, сол жолда қызмет етті. Шындығында XIX ғасырдың II жартысында патшалық Ресей даму жағынан барлық салада Қазақстаннан алда болды. Сол себепті де Абай Құнанбаев орыс ғылымын дүниенің кілті деп бағалап, оны білу арқылы өмір сүру жеңілдейді деп санаған. Ең бастысы адалынан қызмет етуді үйренсек, ұлықсыған орыстың заңсыз қорлығына көнбес едік деген маңызды ойын білдірді. Соның бірі болыстық және болыстықты пара беру арқылы сатып алу. Абай Құнанбаев мұндай орыстандыру саясатымен бірге келген қазаққа жат қасиеттер туралы «Күлембайға» өлеңінде жақсы көрсетеді. «Болыс болдым мінекей, бар малымды шығындап» деп басталатын өлеңнің бастапқы жолдарынан-ақ қазақ қоғамында сайлаудың барысы, халықтың мұң-мұқтажын ескермей, тек орыс шенеуніктерінің айтқанын бұлжытпай орындау сынды жағымсыз жайттарды тізбектейді [97, 36 б.]. Әрине Абай Құнанбаев орыстандыру саясатының ең бір белсенді жүрген заманында өмір сүрді. Орыстандыру саясатына қарсы нақты әрекеттер жасамағанымен, өзінің ойлы өлеңдері мен даналық сөздері арқылы орыстандыру саясатына қарсы тұрудың бірегей жолдарын айқындады. Алайда дәл сол тұста орыс тілін меңгерудің артықшылық етпейтінін, өлкенің ғылым мен білміге тартылу онсыз болмайтындығын да саналы түрде жеткізді.

Патшалық Ресейдің рухани-мәдени отарлауы, яғни орыстандыру шараларының келтіретін зардаптары туралы қазақ зерттеушілері де өз еңбектерінде атап өтті. Олардың алғашқы сапында Қошке Кеменгерұлы тұрды. Автор өз еңбектерінде Патшалықтың отарлау саясаты, әсіресе қазақ жерінің

тартылып алынуы мәселесімен бірге білім беру, яғни орыстандыру саясатына қатысты пікір білдірді.

Патша үкіметінің білім беру ісіндегі негізгі мақсаты туралы: «Қазақта бірен-саран білімге қарай сүйрегендік болса, оның негізі: 1) әуелі қазақты жуасыту; 2) одан кейін дінге аудару; 3) ақыры келіп орыстандыру саясатына шықты» [14]. Сонымен бірге автор «Мәденилеу орыс қазаққа қандай үлгі берді?» деген сұрақ қоя отырып, оған өздігінше жауап беруге тырысады: «Қалың қазақтың алдымен көргені - ел арасына шыққан үкіметінің қол тоқпағы болған казак-орыс отрядтары, адамшылдықтан азған, пара алуды, қорқытуды өзіне парыз деп білген төрелер, алдау жолына арын сатқан саудагерлер, қарауылға қойылған казак-орыс қалалары. Қазақ білім жағынан өрнек алмаса да, жаман мінездік жағынан асырып жіберді», - дей отырып, дәстүрлі қазақ қоғамына тән емес жат әдеттердің орын алып жатқанына наразылық танытты. Ал қазақтардың орыс тілін оқып меңгеруін алға қадам басушылық деп таныды. Орыс тілі арқылы сол тұстағы әлем әдебиетімен, ғылымымен, өнер жетістігімен таныса алатындығын ескерді. Бұл ой өзіне дейінгі Абай тағылымына ұқсас болып келеді.

Ал әмбебап ғалым, қазақ жері мәселесінің тарихы толғандырған Т. Шонанұлының алғаш «Қызыл Қазақстан» журналында, кейін жинақталып «Қазақ жері тарихының мәселелері» атты кітап болып шыққан шығармасында алғашқы кезекте бодандыққа түскен қазақ өлкесінің тарихы толғандырады. «Қазақ жері тарихы - колония тарихы. Колония тарихы - бірте-бірте қазақ жерін сырттан иемденудің тарихы, талаудың тарихы», - деп ашық айтып қазақтар переселендерге жерін беріп, енді өзі переселенге айналуын өз еңбектерінде баяндады [76,6 б]. Т. Шонанұлы тек Патшалық Ресей билігі тұсында ғана емес, Кеңестік билік тұсында да қызмет етті. Ол қазақ зиялыларының бірі ретінде әлемдік даму тенденциясынан қалмау керектігін түсінді. Жаулаушы мен жауланушы елдер арасында болатын басымдылық пен бағыныштылық процесін жіті түсінді. Сол себепті де ол тіл мәселесіне, әсіресе қазақ әліпбиі өзгеріске түскенде А. Байтұрсынов сынды ірі қайраткермен бірге сол үрдістен қалмау үшін қызмет етті. Тарихымыздан белгілі болғандай, ол өлкедегі латын әліпбиін енгізу ісінде жұмыс атқарып, әліпби авторларының бірі болды. Өз кезегінде орысша сауат ашып, кейін аудармашы ретінде Л. Толстой сынды орыс әдебиетінің майталмандарының еңбектерін аударса, кеңестік кезеңде оқу-ағарту саласына қатысты К. Ушинский, В. Каменский сынды орыс педагогтерінің іс-тәжірибесіне сүйенді.

Бұдан кейінгі империяның отарлау шараларына қатысты тарихнамалық еңбектер қатарына Кеңестік биліктің алғашқы жылдары жарық көрген М.Тынышбаевтың, Г.Сафаровтың, Т.Рысқұловтың, С.Асфандияровтың еңбектерін атауға болады.

Мәселен, М. Тынышбаев инженер бола тұра, қазақ халқының тарихына аса мән берді. Тіпті ол 1926 жылы Ташкентте «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегі жарық көргені белгілі. Негізінен өзіне дейінгі зерттеушілерге сүйене отырып, қазақ шежіресіне көптеген түзетулер бергені мәлім. Қазақ тарихына жанашырлық жасаған ол тарихтың бұрмалануына да жол бермеуге тырысты. Мысалы, зерттеуші М. Ескендірұлы: «М.Тынышбаев 1925 жылдан бастап

Ташкент қаласындағы Орыс Географиялық қоғамы бөліміне мүше болып жүрген кезінде өлкетанушылық этнографиялық зерттеулермен шұғылданады. 1925-1926 жылдары Чулошниковтың «Қазақ-қырғыз тарихының очерктері» еңбегіне М.Тынышбаевтың сын ескертпелері жарық көреді. Осы еңбекте қазақ тарихының көп жағдайда бұрмаланып берілгендігіне төзе алмаған ұлтжанды, ақиқатты сүйетін азамат Чулошниковтың жаңсақ пікірлерін нақты деректер арқылы талдап, саралап береді», - деп көрсетеді [98, 42 б].

М. Тынышбаев сонымен бірге патшалық биліктің отарлауы, оның ішінде орыстандыру саясатына да қатысты пікір білдірді. Мысалы, М. Тынышбаев 1905 жылы қараша айында болып өткен автономияшылар одағы ұйымының ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, өз баяндамасында жер мәселесін көтере келе: «... Үкіметтің нені көздеп отырғаны белгілі, біріншіден, қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру, екіншіден, қазақтарды ... қауқарсыз тобырға айналдыру, үшіншіден, ... ежелгі атақонысынан айыру», дей отырып, бұл саясаттың түп астарының қазақ үшін аса қиын болатынын айтады [19, 42 б].

Тәуелсіз Қазақстанның тарихшылары Патшалық Ресей саясатын негіздеуде Г.Сафаровтың еңбегін айналып өтпейтіндігі рас. Ол өзінің 1921 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Колониальная революция (Опыт Туркестана)» атты еңбегінде отаршыл саясатты ашық түрде қозғады [99]. Г. Сафаровтың өз кезегінде Патша үкіметінің отаршыл саясатын ашық сынға алып, олардың Қазақстанның оңтүстік шығысы мен оңтүстік аймақтарын аяусыз түрде басып-жаныштай отырып отарлағанын, Түркістан аймағы Ресей үшін кіріс көзі болғанын, жерсіз орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс тепкенін ашық жазды. Сонымен бірге тағы бір ескеретін жайт, еңбек патшалықтан кейінгі биліктің олқылықтарын да сынауы болды. Мәселен, «Жетісуда ескі империялық басқару жүйесін жою үшін екі (Ақпан және Қазан) революция емес, үш революция, қажет болды» деген тұжырымы Г.И.Сафаровтың еңбектерінде негізгі ұстанымы болды. Яғни, үшінші революция 1920-1921 жылдардағы Азамат соғысынан кейінгі аштық болғанын атап өтеді.

РКП(б) мүшесі, партия басшысы және «әлемдік пролетариат көсемі» В.И. Ульяновтың-Лениннің саяси әріптесі және жақын досы болған Г. Сафаров өз еңбегін дәл сол уақытта болған оқиға ізімен жазды. Автор еңбегі бірден қатал сынға ұшырап, өте ұзақ уақыт оқылымнан алынып тасталғанымен бүгінгі таңда Патшалық және Кеңестік Ресейдің отарлық, озбырлық саясатын негіздеуде аса құнды болып отыр. Яғни, Г. Сафаровтың бұл еңбегі ұзақ мерзімнен соң Ресейдің орталық архивінің құпиясыздандырылған құжаттарымен расталды. Жалпы еліміздегі орыстандыру саясаты сол отарлаудың бір мақсатты бөлігі деп қарастырсақ, Г.Сафаров еңбегі осы тұрғыдан алғанда тақырыпты негіздеуге үлкен үлес қосады.

Тұрар Рысқұловта патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы бірден – бір белсенді зиялы болды. Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты туралы Тұрар Рысқұловтың да біраз жазбалары болды. Ол Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ зиялыларының қалыптасуына қатысты «Қазақстанның ұлттық интеллигенциясының өткенінен» атты мақаласы жарық көреді. Мақалада

негізінен кейінгі Алаш интеллигенциясының негізгі қазығы сонау Шоқан мен Ырбырай кезеңінен басталғанын сөз етеді. Т. Рысқұловтың ең басты еңбегі «Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» мақаласы жарық көргені белгілі. Ол Патша билігінің озбыр отаршылдығының нәтижесінде туындаған көтеріліс туралы бірден 6 мақала жариялайды. Бұл туралы қазақ жерінің отарлануын зерттеуші ғалым Қ.М. Алдабергенов: «Тұрар Рысқұлов публицист ғана емес, көтеріліс барысынан ой түйіп, тұжырымдай білетін тарихшы ретінде де көрінген. Ол тек өз еңбектерінде ғана емес, өз тұсында жарияланған тарихи дүниелерге де сын көзбен қарап, түрлі оппортунистік көзқарастарға қарымды тойтарыс беріп отырған», - деп көрсетеді [100].

Тұрар Рысқұлов негізінен Жетісу облысында қоныс аударғандар мен жергілікті тұрғындарға берілген жер үлесін сандық мысалмен келтіре отырып, патша үкіметі тартып алынған қазақ жерлері үшін еш қаймықпай, жерді үлестіре бөлу арқылы қазақ халқының тілі мен дініне әсер етпей қоймайтынын ашық айтады.

Ол тіпті Кеңестік билік тұсында да қазақ елі, түбі бір түркілер тархына да мән берді. Мәселен, тарихты жақсы білетін 1920 жылы қаңтарда Түркістан ОАК-нің төрағасы болып сайланып, ТКП-нің V өлкелік конференциясында «Ұлттық мәселе және ұлттық коммунистік секциялар» тақырыбында баяндама жасады. Конференция Тұрар Рысқұловтың Түрік Республикасын және Түрік Компартиясын құру туралы ұсынысын қабылдады. Бұл қайраткердің «Түркістан, тұтас бол, түркі тілдес, түгел бол!» деген идеясынан туындаған болатын [101]. Т. Рысқұлов үлкен қызметтер атқарса да, ұлтының тарихымен етене жақын болып, шығармалар жазып, Патшалық және Кеңестік билікте де елінің діні мен тілінің жойылмауына күш салғандығы байқалады.

Бұл санатта М. Шоқай да ұлт болмысы мен біртұтас түркі жұртының болашағына алаңдады. Большевиктердің ұлт мәселесіне қатысты екі жақты саясатын, орыстық шовинизмнің басымдылығын байқады. Соған орай ол 1920-1930 жылдары үздіксіз жарық көрген «Яш Түркістан» журналында жазған «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» деген мақаласында былайша бағалайды: «Шығыс халықтарының «азаттығы» үшін жаны ашығансып келген және қазір де жаны ашығансып отырған большевиктер біздің әлсіздігімізді пайдаланып, біраз істерді тындырды. Патшалық Ресейден бөлініп өз алдымен тәуелсіз өмір сүрмек болған Түркістан сынды өлкелерді жылдар бойғы қанды соғыстар арқылы қайтадан Мәскеуге тәуелді етіп, ұлы орыс үстемдігін орнатты. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс қамқоры» - орыс ұлтының адамгершілік міндетін өтеуі», пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты деп атайды.... Орыстар Түркістанды Мәскеуге тек экономикалық жағынан ғана байлауымен қоймай, мәдени рухани өмірінің көрінісі болған бүкіл тарихи шығармаларан да өз қалауынша бұрмалап, Мәскеудің еркіне тәуелді етуде» [102]. Десек те бұл тұста қазақ зиялыларының көз қарасы әлі де болса бір жерде топтаса алмады, сол себепті де болар оның бәрі де М. Шоқайды қолдамады.

Ал 1930-шы жылдардан бастап кеңестік тарихшылар жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік идеология мен цензура талаптарының қойылуына орай белгілі шеңберінде қысылып қалды. Сол себепті де олардың жұмыстарының нәтижелерін бейтарап зерттеу тұжырымдарының қатарына қосуға негіз жоқ.

Десек те XX ғасырдың 20-30-шы жылдары мәдениеттің қомақты бір саласы оқу-ағартудағы патша өкіметінің саясатын сынға алған зерттеулер қатарына А.Ф. Эфиров пен К.П. Новицкийдің патша өкіметінің орыс емес халықтарды орыстандыру арқылы Ресей империясының тұтастығы мен үстемдігін нығайта беруге бағытталған әрекеттері халық-ағартудағы шаралармен тығыз байланыста жүргенін орынды дәлелдейді. Мәселен, К.П. Новицкий өзінің «Февральская революция: популярный очерк» атты 1926 жылы шыққан еңбегінде Патша үкіметінің XX ғасыр басындағы жер мәселесіне қатысты отаршыл саясатын сынап, аграрлық реформа жасаған Патшалық министрі Столыпиннің қатал саясатын сынға алып, шаруалардың үлкен қиындықты басынан өткеріп, аяусыз жазаланғандығын атап өтеді. Десек де, еңбек Ақпан төңкерісінің шығу себептерін шынайы талдағанымен, кеңестік биліктің тапсыз қоғам құру идеологиясы шеңберінен шықпады [103].

Сонымен бірге, С. Асфендияровтың тарихи еңбектерінде кеңестік идеологияның нышандары айқын көрініс береді. Сол себепті оның ғылыми зерттеулеріндегі қазақ тарихына қатысты объективтілік субъективті факторлар мен партиялық принциптердің кедергісіне ұшырады.

1935 жылы профессор С. Асфендияров П.А. Кунтемен біріге, кеңестік деректануда алғаш рет «Материалдар мен деректердегі Қазақстанның өткені» құжаттар жинағының бірінші томын, бір жылдан соң екінші томын жарыққа шығарады. Жинақта көне және орта ғасырлық авторлардың, саяхатшылардың, тарихшылардың шығармаларынан үзінділер келтіріледі. Шынында тұңғыш рет ғылыми айналымға енген көптеген шығыс және орыс нормативтері кірген бұл ерекше деректер жинағының жарыққа шығуы республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай ерекше оқиға болды [104].

Көп уақыт өтпей ғалымының «Қазақ тарихының очерктері» атты мектепке арналған оқулығы баспадан жарық көрді. Автор оқулықта қазақ тарихын марксистік-лениндік концепция, тап күресі тұрғысында жазады. Еңбекте кезеңдеу мәселесін автор қазақ тарихын 3 дәуірге бөледі: 1) Хандық кезең, 2) Бодандық заманы, 3) Кеңес дәуірі. Бұл еңбекте қазақ тарихының көне заманы есепке алынбай, хронологиялық ауқымы шектеледі. Сонымен қатар, қазақ тарихының шынайы бастауы ретінде кеңестік кезеңді қарастыруы да саяси жүйенің ықпалымен жазылғанын аңғартып тұр [105].

Профессор С. Асфендияров зерттеулерінің негізгі арқауы – қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында отаршыл империялық орыс үкіметінің зорлық-зомбылық қанауы мен езгісіне түскен өмірі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайынан туындаған зардабы. Иә, бұл қазақтар тарихының отарлық кезеңі болатын. Автор «Қазақстан тарихының» екінші бөлімін «Қазақстан – Россия империялизмінің отары» деп атады. Мәселен: «Российский капитализм..., вырос на крови миллионов трудящихся, его история» вписано в летопись человечества пламеняющим языком меча и огня»:

«...завоевание царизмом Казахстана, а затем и Средней Азии сопровождалось насилиями и жестоконе уступающим тем, которые так мастерски изобразил Карл Маркс» [106, с.127.]. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының бір негізгі тамыры орыстандыру ісі болғандықтан, С. Асфендияровтың бұл еңбектері мәселеге сын көзбен қарауға негіз болады.

Ұлт зиялыларының осы пікірлерін және мұрағат материалдарын ескере отырып тарихшы Д. Әбенев мынадай ой білдіреді: «Патшалық өзінің қоныстандыру саясаты арқылы, біріншіден, Ресейдегі жер шиеленісін қазақ жеріне орыс мұжықтарын қоныстандыру арқылы шешу», екіншіден, көшіп келген орыс шаруаларын өзінің әлеуметтік – саяси тірегіне айналдыру; үшіншіден, қазақ жерлерін Орта Азия бағытындағы өзінің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы плацдарм ету; төртіншіден, өлкенің жер байлығын тонау, елді өзінің шикізат көзіне айналдыру; бесіншіден, орыстар санын арттыру, сөйтіп, жергілікті халықты орыстандыру; алтыншыдан, осы шараларды пайдаланып, қазақ халқының саяси бірлігі мен тұтастығына жол бермеу және қазақ елін Ресейдің түпкілікті отарына айналдыру мақсатын көздеді» [107, 14 б.].

М. Қойгелдиев орыс шаруаларының Қазақстан мен Сібірге қоныс аударуы арқылы патша өкіметінің алдына екі мақсатты қойғанын жазады. Олар: а) 1861 жылғы 19 ақпанда жарияланған реформадан кейінгі уақытта Еуропаның Ресейде қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету; ә) қоныс аударған орыс, украин шаруаларын жаңадан қоныстанған отар елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыру, қазақ елін орыстандыру, сол арқылы қазақ жерін империяның географиялық, этникалық және мәдени тұрғыдан құрамдас бөлігіне айналдыру [108, 49 б.].

Ал 1940-шы жылдарға қарай қазақстан тарихын зерттеуге М.П. Вяткин, А.М. Панкратова, Е. Бекмаханов, Н.Г. Аполлова сынды ғалымдар еңбегі келді. М.П. Вяткин Ресей отарлау саясатына қатысты деректер тобын жинақтап, өзінен кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар беріп кетсе, Н.Г. Апполова ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік және шаруашылық құрылымы, Ресей бодандығын қабылдау қарсаңындағы хандықтағы дағдарыс мәселесін көтере отырып, өлкенің Патшалық Ресей құрамында өтуінің ерікті түрде жүргенімен қатар, оның прогрессивті маңызды болғанын да жазады [109].

Ал тарих ғылымының докторы А.М. Панкратова есімі Е.Бекмахановтың есімімен қатар жүретіні белгілі. Белді Мәскеулік тарихшы тарихи шындықтан ажырамай, қазақ тарихына жанашырлық танытумен бірге Е. Бекмахановқа араша түскені белгілі [110]. Ал кәсіби тарихшы, қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы Ермұхан Бекмаханов «ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты өз еңбегінде алғаш рет қазақтардың патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсылығын тәуелсіздік үшін күрес, ал қарулы көтерілістің көсемі болған Кенесары Қасымұлын ұлт батыры ретінде сипаттағаныны тарихымыздан белгілі. Ол сол тұстағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайы, тұрыс-тіршілігі мен сол тұстағы қазақтың бас көтерер азаматтары арасындағы алауыздықтарды да көрсетеді. Сонымен бірге еңбекте империяның оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясатын, орыс-қазақ

мектептері туралы да жазды. Негізінен қазақ бодандығын олардың сауатсыз надандығы мен тұрмыс ауыртпалығынан болғанын атап өтті [111].

Сонымен бірге осы тұстағы халықтың сауат ашуы мен оқу-ағарту саласындағы алғашқы жұмыстар туралы алғашқы қазақтың психолог-ғалымы Т.Т. Тәжібаевтың «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» атты еңбектерін атауға болады. Автор еңбектерінде аталған кезеңдегі өлке аймақтарындағы мектептердің ұйымдастырылуы, ұстаздардың құрамы мен жалпы мектеп-үйлерінің материалдық базасы туралы мәліметтер береді. Сонымен бірге мектеп ашудағы империялық саясаттың негізгі мәнін көрсетеді [112-113]. Бірақ көптеген кеңестік ғалымдар сияқты Т.Т. Тәжібаев та өз зерттеулерінде большевиктік идеология ықпалынан асып кете алмай, жәдидшілдік тақырыбына тереңдеп бара алмайды. Алайда орыс-қазақ мектептерінің ешқандай прогрессивті рөл атқармағандығын, миссионерлік-орыстандыру саясатымен уланғандығын атап өтеді.

Сондай зерттеушілердің қатарында К. Бержановты да атауға болады, ол өзінің «Русско-казахское содружество в развитии просвещения: историко-педагогическое исследование» атты еңбегінде өзіне дейінгі авторлар сияқты орыс ағартушылығына оң баға береді [114]. Мәселен, Орынбор мектебі қызметін қарастыра келе ол, орысша білім алған қазақ жастарының жаңа легі қалыптасқанын, олардың жергілікті халыққа орысша білім беруде оң ықпалын жазады. Кітаптың басынан аяғына дейін орысша білім берушілердің конфессиялық мектептермен, әсіресе мұсылмандық мектептермен күресі туралы баяндайды.

Жоғарыда атағанмыздай 1930 жылдардан бастап, негізінен авторлар еңбектерін таптық тұрғыда қарастырып, қойылған талаптарды сақтап, орыс халқының өркениеттінің басымдылығын көрсете отырып ғана жарияландығы байқалады.

Осы бағытта жарияланған зерттеулер қатарына А.И. Сембаев (1905-1989) пен Г.М. Храпченковтарды (1929-1999) атасақ болады [115]. Олар Қазақстанның Батыс облыстарындағы білім берудің дамуын жалпылама, Бөкей Ордасындағы ағарту ісі бойынша сандық және сапалық мәліметтер берумен шектеледі. Мектеп жүйесінің сипаты халыққа қарсы бағытталған дегенге тоқталып, ұлттық мектептердің жағдайын баяндай отырып, бұл мектептердегі кемшілікті бірнеше ведомстваларға: Халық ағарту министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Жол қатынастар министрлігіне және т.б. бағынатындығынан деп көрсетеді. Орыс-қазақ мектептеріндегі материалдық жағдай сыналады. Мектептердегі орысша білім беру ісіне ғана оң баға беріледі.

XX ғасырдың екінші жартысында шығыстанушы Н. Сәбитов өзінің еңбегінде қазақ мектебі мен медресесінің қызметін көрсетіп, революцияға дейінгі кезеңде қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептері туралы мәліметтер береді. Ондағы мұсылман мектептерінің қызметі, мағынасыз жаттанды білім беру, әрекетсіз оқушылар, дене жазалары және т.б. мәселелерді таптық тұрғыда қарастырады. Мектеп пен медресе қызметін халықты нағыз өмірден алшақтату сипатында болды деп теріс пікір береді. Ұсақ буржуазия

ортасынан шыққан жәдидшілдік, мектептер мен медреселерде жаңа әдістік оқытудың жақтастары панисламизм мен пантүркизмнің идеологтары және оның таратушылары деп негіздейді[116]. Бұл еңбек те өз кезегінде кеңестік идеологиядан аса алмағандығын көруге болады.

Тарихнамалық тұрғыда бағалы болып табылатын тарихи-демографиялық еңбектердің авторлары қатарына И.М. Богданов [117], Н.В. Алексеенко [118], Е.С. Самойлова [119], т.б. атасақ болады. Зерттеушілер жалпы КСРО-дағы ағартушылық мәселесін қарастырғанда қазақ жеріндегі оқу-ағарту ахауалына да тоқталып, статистикалық мәліметтер келтірген. Бірақ бұл мәліметтердің шынайылық деңгейін деректанулық тұрыдан негіздеу қажеттілігін де атау керек. Десек те аталған авторлар еңбектері оқу-ағарту саласына қатысты зерттеулерде кеңінен пайдаланылып жүр.

Ал еліміздің Солтүстік және Шығыс аумағында халыққа білім беру ісінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырған еңбектердің ішінде Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбегін атауға болады. Ғалымның еңбегінде халықтық ағартушылық ісінде діни мектеп пен медреселердің қызметіне жаңаша тұрғыдан талдау жасайды [120]. Ғалым негізінен бұл зерттеуінде Семей және Өскемен қалаларының тарихы, орыс демократтарының жер аударылып келуі, орыстың білім жүйесінің енуі туралы жазады. Негізінен Абай сынды қазақ ағартушысының орыс демократтарымен достығы және орыс мәдениетімен байланыс болғандығы негізделеді. Еңбек архивтік деректер негізінде Семей қаласының тарихын басымырақ баяндайды.

Ал танымал ғалым Д.И. Дулатова 1984 жылы жарық көрген «Революцияға дейінгі Қазақстан тарихнамасы» (1861-1917) атты еңбегінде [121] өзге кеңестік ғалымдар сынды орыс мәдениеті мен ғылымының өлкені оятудағы рөлін жоққа шығармайды. Алайда патшалық биліктің отарлау саясатының барысы мен жүргізілу тәсілдеріне қатысты еңбекер тобына сыни тұрғыдан баға беріп талдайды.

Сонымен, кеңестікке дейінгі кезеңдегі қазақ өлкесін зерттеуге келген немесе тікелей тапсырмамен келген миссонерлердің, шығыстанушылардың басты мақсаты қазақ өлкесін орыстандыруға, шет аймақтарды игеруде арнайы тапсырмаларды орындау болды. Олар қазақ өлкесінде жасалған жұмыстарын ешқандай зиянды емес, керісінше орыс тілі мен православ діні арқылы «жабайыларды», «жатжерліктерді», «көшпелілерді», «бұратаналарды» империя саясатына кіріктіру деп қабылдады. Соған орай білген-түйгендерінен күнделіктер жазып, түземдік мектер ашып, үкімет тарапынан жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындады. Яғни, олардың еңбектері отаршыл әкімшіліктің қызметін сипаттауға бағытталды. Ал кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулердің басым көпшілігінен Ресейдің шеткері аймақ елдерінде жүргізген халық ағарту ісінің бір жақты маркстік-лениндік идеология тұрғысында қарастырылғанына көз жеткіземіз. Өйткені бұл идеология XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде қабылданды. Сол себепті зерттеу еңбектерінде елдегі орыстандыру саясатының салдарынан қарағанда, оның жүргізілу механизмдері басымырақ қарстырылғаны байқалады. Алайда XX ғасырдың екінші жартысынан кейін

жарық көрген кейбір тарихнамалық әдебиеттерде патшалықтың отарлау саясатына қатысты біршама тың пікірлер аталатындығын ескеруіміз қажет. Қорыта айтқанда, патшалық кезеңде алғашқы қазақ ағартушылары ғылым мен білімнің орыс халқында екендігін түсініп, орыс тілін үйрену қажеттілігін мойындады. Ал алғаш патшалық, кейін кеңестік билікке мойынұсынған қазақ зиялы қауымы орыстандыру немесе одақ саясатына кірігу процесінен қашып құтыла алмады. Олардың қарсы әрекеттері сан түрлі әрекеттермен әшкереленіп, ең соңында қудалауға түсті. Яғни, орыс тілі жоғарғы орбитор қызметін атқарып, этносаралық қарым-қатынас құралы болды немесе орыс тілін тұтынушының құқығы ерекше қорғалып, ол қоғамның толыққанды мүшесіне айналып жатты.

1.3 Отандық тарихнама және заманауи зерттеулермен басылымдар

Қазақ елінің тарих ғылымының дамуының жаңа кезеңі – республиканың тәуелсіздік алуымен тығыз байланысты. Ол XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап тарихи еңбектер мен зерттеулер ерекшелене бастады. Коммунистік идеология мен одақтық қысымнан босаған тарихшылар мен саясаттанушылар өткен тарихымызды қайта бағамдауға мүмкіндік алды. Олар әсіресе орыс патшалығының өлкеміздегі отаршыл саясатын сынға алып, оны таптық тұрғыдан емес, ұлттық және рухани езгі тұрғысынан қарастыра бастады.

Яғни, Отандық тарихнамада тәуелсіздіктен кейінгі тұста патшалық және кеңестік Ресейдің мәдени-рухани отарлау немесе орыстандыру ісіне қатысты пікір білдірген зерттеушілердің саны артып жатты. Мәселен, М. Мырзахметұлы, С.М. Машимбаев, С. Ж. Жақыпбек, З.Т. Садуақасова, Н.Д. Нуртазина, Г. Купенова, Қ.М. Алдабергенов, Г.С. Сұлтанғалиева, С.Т. Рысбекова, А.А. Кульшанова, А.Қ. Шорманова, М.Ш. Эгамбердиев және т.б. атауға болады.

Сонымен қатар тақырып Патшалық Ресейдің отарлау саясатының басты бағыты орыстандыру мәселесіне арналғандықтан, жанама пікірлер мен ойларды топтасыруда К. Нүрпейіс, М. Қозыбаев, Ж. Қасымбаев, М. Әбдіров, Т.О. Омарбеков, М.Қ. Қойгелдиев, Қ. Атабаев, Д.А. Махат сынды көрнекті академик-профессорлардың отарлау мен кеңестік жүйенің қысымына қатысты жазылған еңбектері теориялық-методологиялық тұрғыдан бағыт береді.

Қазақ жерін отарлау тарихын тарихнамалық тұрғыдан зерттеу отандық ғылымда соңғы жылдары жанданады. Бұл орайда Г.Мұхтарованың [122], О.Х. Мұқатованың [123], Г.Ерменбетованың [124], И.С.Жиненалина [125] жұмыстарында баяндалса, қазақ жерін отарлау мәселесінің шетелдік тарихнамасы К.Л.Есмағамбетовтың, К.Р.Несіпбаеваның, Р.М.Таштемханованың еңбектерінен көрініс тапты.

Сонымен қатар Қазақстанның әр түрлі аймақтарында жүргізілген отарлау, қоныстандыру саясатына қатысты тәуелсіздік жылдары көптеген диссертациялық жұмыстар мен оқу құралдары жазылды. Мәселен, Ғ. Меңлібаев Сырдария облысында қоныс аударушылардың селолары мен қазақ ауылдары арасындағы қарым-қатынасты қарастырса [126], Л.С. Динашева өзінің зерттеу еңбегінде Оңтүстік Қазақстандағы қоныс аударушылардың тарихы мәселелерін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттейді [127]. Ал С.О. Смағұлова XIX

ғасырдың соңы мен –XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенциямен Қазақстандағы аграрлық мәселенің қарым-қатынасын [128], зерттеуші Ә.Қ. Шашаев «Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстандағы полицейлік қадағалау жүйесі: құрылысы мен қызметінің тарихы (1867-1917 жж)» атты диссертациясында өлкедегі полициялық бақылау жүйесінің қызметін жан-жақты ашып баяндаған [129].

Сонымен бірге Т.Б. Митропольскаяның «Жетісудағы казактарының тарихы»[130], А. Елагин «Қазақстандағы казактар мен казак әскері» [131], Б.С. Әбенотованың «Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты» [132] атты оқу құралдарын атауға болады.

Негізінен орыстандыру ісіне арналған еңбектердің алдыңғы қатарында танымал филолог ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды?» еңбегін бірінші атау керек. Себебі автор егемендігімізді ала салған тұста бұл тақырыпқа қалам сілтеді. Ол өз еңбегін «Ел қалай орыстандырылды, «Жер қалай орыстандырылды», «Сана қалай орыстандырылды» деп үлкен тарауларға бөле отырып, орыстандыруды салыстырмалы түрде жинақтап түсіндіреді [5]. Тіпті бұл тақырыпты өмірден озғанға дейін түрлі бұхаралық ақпарат құралдарында одан ары тереңдетіп, ұлт болмысы үшін негіздеп, ұрпақ санасына сіңіруге күш салды деуге болады. Ғалым нақты архив деректері мен құпия қорлардағы кейбір қолына түскен құжаттарды қатыстыра отырып, Қазақстандағы байырғы жер-су атауларының орысшаға өзгеуінің астарын, А. Байтұрсынов жетілдіріп кеткен қазақша әліпбидің кириллицаға көшірудегі құпия сырды, казактардың шоқындырылуын негіздейді.

М. Мырзахметұлы Ресей қол асына өткен бұратана халықтардың ғасырлар бойына қолданып келе жатқан жазуы мен діни нанымынан шығып, шоқину әрекетіне баруын XIV ғасырдағы шуваш, мордва, коми халықтарынан бастау алып, қазақ өлкесіне дейін жеткендігін атап өтеді. Қазақ өлкесін орыстандыру мен шоқындыру ісінде орыс миссионерлерінің рөлі жоғары болғанын ашып айтады. «Әсіресе миссионер ғалымдар алдымен қазақ елінің рухани болмысы мен өткендегі тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-сана дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өзіне қажет буыны да ұрымтал тұсын барлап, зерттей отырып, миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтап отырды» [5, 15 б],-деп көрсетеді. Әсіресе дін мәселесіне келгенде қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстау мақсатын түсіндіреді. Біріншіден татарлар қазақ арасында мектеп ашу, медреселерде сабақ беру, дін тарату, кеңсе жұмысын атқару, тілмаштық етуде алда тұрғанын көрсетеді. Ал қазақ халқының татарға қарағанда ислам дініне осалдау болып, ескі шамандық пен мұсылмандықты қосарланып ұстанатындығын да тура айтады. «Сырттай қарағанда мұсылман болғанымен, өздерінің күнделікті тұрмысында ата-баба жолы мен әдет-ғұрпы, салт-сана басым болды» [5, 15 б],- деп нақтылайды. Бір сөзбен айтқанда империя құрамындағы көп тілді бұратана халықтарды толығымен шоқындырып, орыстармен кіріктіру ісіне ерекше мән беріліп, тіл мен діннен ажырату арқылы орыстандыру саясатының жоғарғы деңгейде жүргенін нақты деректермен, мысалдармен талдайды.

Сонымен бірге «слияние нации и народности» (ұлт пен ұлттың сіңісуі А.К.) атты терминнің орыс миссионерлерінің қолданысынан кейін кеңестік басқаруда да қолданылғанын нақты деректермен береді. Мәселен, кеңестік идеология басшыларының бірі болған М.И. Сусловтың КПСС ОК-нің хатшысы ретінде халықтардың, олардың тілі мен мәдениетінің кірігуіне күш салуын атап өтеді. Шындығында да өзіміз білетіндей, жасанды интернационализді жамыла отырып, барлық шығармалар мен еңбектерді бақылауда ұстады. Тіпті М.И.Сулов өз кезегінде О. Сүлейменовтің «Азия» еңбегіне де қатаң сын тағуы осының көрінісі екені белгілі.

Ал орыс тілін енгізу жолында санаулы қазақ тіліндегі кітаптарды орыс алфавитімен шығарудағы басты мақсат өмірге келіп жатқан жас ұрпақ өзінің ғасырлар бойы сұрыпталып жасалған тарихы мен салт-санасын жоғалтуға бағытталған әдіс екенін де М. Мырзахметұлы ашына жазады. Бұл И. Сталин кезеңінде жалғасын тауып, оның тікелей нұсқауымен бүкіл түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан әлібиі орыс жазуына (кириллицаға А.К.) өтуі миссионерлер арманының орындалуы іспеттес болды.

М. Мырзахметұлы бұдан кейінгі тұста «Жер қалай орыстандырылды?» сауалына жауап береді. «Тіл қандай көне қоғамдық санаға жатса, ата-мекен, жер-су атаулары да сондай есте жоқ ескі заманда қалыптасқан, мәңгілік халық жадында сақталған тарихи оқиғамен байланысты» [5, 58 б], - деп атап көрсетеді. Яғни әр бір жер-су, елді-мекен атауының халық тарихынан сыр шертетіндігін, соған сай патшалық, кейінгі кеңестік билік оны орыс атауларымен алмастырғанын нақты деректермен дәлелдейді. Шындығында да ғасырлар бойында қалыптасқан атаулар отарлық, тоталитарлық кезеңнің астарлы саясатының арқасында үлкен өзгеріске түскенін, соған сай бүгінде олардың атауларының қайта жаңғыртылып жатқаны белгілі.

Ал «Сана қалай орыстанды?» атты үшінші бөлімінде үкіметтің езілген халықты уысында ұстаудың кілті қара күшпен емес, тікелей оның санасын жаулау арқылы жүргізілгенін атап өтеді. Өз кезегінде араб басқыншылары тек дінмен ғана емес, араб жазуын енгізу арқылы халық санасын өзгертсе, империялық отаршыл саясаттың да орыстандыру ісі осы мақсатта болғанын нақтылайды.

Кез келген ұлт толығымен тәуелсіздік алып, өзінің экономикасы мен әлеуетін арттырған соң саяси санасына үңілері анық. Қазақ елі де осы процесті басынан өткерген соң өткен Түркі мемлекеті данагөйлерінің сөзінен негіз ала отырып, «Рухани құндылық», «Мәңгілік ел», «Ұлттық мүдде» және т.б. осындай терминдер арқылы жаңа бастамалар көтеруі бүгінгі ұлтымыздың өміршеңдігін сақтау мақсатынан туындап отырғаны белгілі. Олай болса, М. Мырзахметұлы сынды терең ойлы ғалымның алғашқылардың бірі болып, қазақ жерінің орыстандырылуы мәселесін ашына жазуы осы мәселемен тікелей байланысты және өте құнды еңбек деуге болады.

Сонымен бірге Ә. Омаров та ағашқылардың бірі болып Қазақстандағы оқу-ағарту мәселесіне тоқтала отырып, оның астарында Патша өкіметінің отарлау-орыстандыру саясатының болғанын жазды. Еңбек тікелей тарихи құжаттарға негізделе отырып жазылғандықтан, отарлау саясатының

түпкілікті мақсатын көрсетеді [133]. Десек те еңбек шағын және М. Мырзахметұлы зерттеуіне қарағанда жалпылама жазылғандығын байқауға болады. Десек те автор патша үкіметтің оқу-ағарту саласындағы іс-шараларының сол кездегі қазақ қоғамы үшін тиімді жақтары болғандығын да атап өтеді. Орысша білім алудың дәл сол тұста қазақ жастарының белгілі бір деңгейде еуропалық білім алуына, екіншіден, қазақ ителлегенциясының қалыптасуына ықпал еткендігін негіздейді. Жалпы автордың пікірінше орыс-қазақ мектептері православиені насхаттаушылар үшін басты құралға айналғандығын жазады.

Қазақ өлкесінің отарланып, Патшалық Ресейдің Ережелерінің негізінде басқару аппаратынан айырылған қазақ жері мәселесін көтерушілер қатарында профессор С.К. Жақыпбек болды. Сонымен бірге профессор С.К. Жақыпбек еңбектерінде орыстандырылу мәселесі де аталып өтіледі [134-136]. Автор еңбектерінде әсіресе 1867-1868 жылдардағы реформалар мен 1886 жылғы және 1891 жылғы Ережелердегі басты отаршыл принциптер көрініс табады. Мәселен, 1891 жылғы Дала өлкесін басқару туралы ережесінің 4 бөлім, 168 статьядан тұратындығын айта келіп, ондағы орыстаныру саясатына қатысты жерлерін де ерекшелеп көрсетеді. Мәселен, автор Дала генерал-губернаторлығына қатысты 12-ші статьяда: «Провославиелік дінді қабылдаған жатжерліктер қалаға немесе орыс ауылдарына қоғамдардың келісімінсіз және жұмыстан босату үкімінсіз жіберіледі және өмір бойына әскери міндеттен босатылады» [134, 41 стр] деп, үкімет әдейі шешім шығара отырып, Дала аймағындағы орыстандыру ісі мен шоқындыруды нығайтуда түрлі айла-тәсілдер қолданып отырғандығын жазады. Сонымен бірге С. Жақыпбек аталған ережелердің барлығында генерал-губернатордан бастап, уезд бастықтарына дейін әкімшілік билікті қолдарына шоғырландыра отырып, халықты қорқытып-үркітумен бірге шоқындыру ісін де назардан сырт қалдырмағандығын көрсетеді. Яғни отарлаушылар тарапынан жасалған жүгенсіздік пен шамадан тыс қысым олардың үлкен толқуларына, ұлт-азаттық көтерілістерге ұласуына алып келгенін жазды [134, 43 стр].

Сонымен қатар профессор-ғалым С.М. Машимбаев Кіші Жүздің Ресей құрамына өтуі мен қазақ жерінің отарлауына қатысты қалам тартқан зерттеуші екенін білеміз. Зерттеушінің Г.С. Машимбаевамен бірікен авторлықтағы «Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары» (XIX ғасырдың 70-80 жыдары – ХХІ ғасыр басы)» [7] деп аталатын монографиясы тақырып мазмұнын ашуға үлкен көмек береді. Монографиялық жұмыс «Патшалық Ресейдің Қазақстандағы рухани отарлау саясатын салдары мен зардаптары, Кеңес өкіметінің Қазақстандағы рухани отарлау саясатының салдары мен зардаптары және Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ тілінің тағдыры» деп аталатын үш негізгі бөлімге бөлініп жазылған. Жұмыстың хронологиялық шеңбері өте ауқымдылығымен көзге түседі. Десек те авторлар, екі билік тұсындағы білім беру мен дін саласындағы, яғни оқу-ағарту және рухани тұрғыдан орыстандыру мәселесін көтереді. 1731 жылғы қазақ елінің тәуелсіздігін жоғалтқан тұстан бастап, тәуелсіздікке дейінгі патшалық және

кеңестік биліктің қазақ жерін рухани тұрғыдан отарлау саясатының әр түрлі іс-шараларын негіздейді. 1917-1991 жылдар арасындағы Кеңестік билік құрамындағы Қазақстанның ұлттық саясаты, тіл тағдыры, орыстандыру саясаты қарастырылады. Кеңестік жүйенің XX ғасырдың 20-30 жыдарындағы қазақыландыру саясатының шын мәніндегі бет-бейесін, оған кедергі болған әліпбидің ауысу мәселелерін көрсетеді. И. Сталиннің өлімінен кейінгі кеңестік саясат біршама жұмсарған тұста да әкімшіл-әміршіл жүйенің салдарларының сақталуы, орыстық шовинизмнен арылмаушылықтың орын алуы нақты мысалдармен беріледі. Соған сай оның зардаптарының тіпті бүгінгі күнге дейін өріс алуы баяндалады. Жұмыстың басты назар аударатын тағы бір тұсы тәуелсіздіктен кейінгі тіл мәселесін көтеріп, соған қатысты өзіндік ұсыныстар береді [7].

Десек те, монографиялық жұмыста соңғы жылдары көрініс беріп жүрген «жаңа империя саясаты» методологиясы онша көрініс бермейді. Жұмыс негізінен патшалық, кеңестік және сол тұсқа дейін жарық көрген қазақстандық зерттеулер негізінде құрастырылып, жинақталғандығын байқауға болады. Деректік базасы көбінесе революцияға дейін жарияланған еңбектермен берілген және жоғарыда айтқанымыздай тақырып мазмұны ауқымды болғандықтан, орыстандыру мәселесі толыққанды берілмейді.

Сонымен қатар қазақ өлкесінің оқу-ағату және діни тұрғыдан отарлануы бойынша еңбектер жазып жүрген профессор З.Т. Садуақасованы атауға болады. Оның «Қазақстандағы патшалықтың білім беру және дін саласындағы рухани экспансиясы» (XIX ғасырдың II жартысы - XX ғасырдың басы) монографиясы, «Тарихи зерттеулер әдіснамасы (Қазақстандағы патшалықтың рухани экспансиясын зерделеу мысалында)» (Германияда басып шығарылды), «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы патшалықтың діни экспансиясы», «Қазақстандағы халық білімі саласындағы патшалықтың саясаты (XIX ғасырдың II жартысы - XX ғасырдың басы)», «Қазақстанның жаңа заман тарихы» еңбегі, «Протектораттан Ресей империясының отарына дейін» атты Қазақстан тарихының жаңа кезеңі бойынша құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді [137-141]. Әсіресе З.Т. Садуақасованың «Духовная экспансия царизма Казахстане в области образование и религии (II половине XIX- начало XX вв)» (жоғарыда атауы қазақшаға аударылған КА.) [137] атты еңбегін ерекшелеп айту керек. Диссертациялық жұмыс негізінен Патша үкіметі кезіндегі Ресейдің оқу-ағарту және діни саладағы отаршылдық мәселесін кеңінен зерттеуге арналады. Ол үлкен бес тарауға бөліне отырып, жалпы осы саясаттың жүргізілу мәселесі жан-жақты талданады. Зерттеу жұмысының ерекше көзге түсетін жері оның деректік базасының ауқымдылығымен сипатталады. Омбы, Петропавл, Алматы, Ташкент қалаларындағы ұлттық және ғылыми кітапханалардың сирек басылымдары мен Өзбекстан, Ресей, болса да Қазақстанның архив құжаттарының базасы беріледі. Аталған деректер бойынша Патшалық өкіметтің оқу-ағарту және діни саладағы түрлі айла-тәсілдерін негіздей отырып, ол халықты тілі мен дінінен айыра отырып, орыстандыруға алып келгендігін баяндап береді. «Отаршыл Ресей империясы қоластындағы бодандарын діни танымнан, тілінен ажыратуға барынша

тырысты» дей отырып, өкімет орындарының шоқындыру ісінде әр түрлі жеңілдіктер жасап, тіпті әйел адамдарды мәжбүрлеу түрлерінің болғанын да көрсетеді. Тіпті мұсылмандықтан ажырап, шоқынған ұлт өкілдерінің де кездесетіндігін архивтік құжаттармен дәлелдейді[137].

Зерттеу еңбегінің тағы бір назар аудартатын тұсы оның тарихнамасы болып табылады. Автор мәселені зерттеуде Кеңес империясы ыдырап, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің авторларының жаңашыл еңбектерінің ғылыми айналымға енгенін атап өтеді. Мұндағы басты мәселе Ресейде жарық көрген еңбектердің бұған дейінгі жарық көрген зерттеулерден ерекшеленетіндігін айтады. Яғни, қазіргі Ресей құрамындағы халықтардың өткеніне, кеңестік кезеңге және 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тарихына объективті көзқарас жасауға талпыныстар болғандығын көрсетеді. Алайда, Ресейлік авторлар мәдениет жойылған кезде оны алып жүруші этностың жойылатындығын мойындағанымен, өткен тарихтың кейбір тұстарын әлі де бұрмалап отырғандығын нақтылап өтеді. Мәселен, Ресей оқулықтарында тарихты бұрмалау кең белең алып, білім алушыларға «Ресей заңнамасы барлық халықтарға бірдей болғандығы» туралы пікірлердің әлі де жазылып отырғанын дәлелдейді. Тіпті дін мәселесін оқытқанда Ресей империясында ұлттық мәдениет, ана тілін дамыту істерінде қажетті жағдайлар жасалған деп жазылуын автор әділетсіз баға беру деп көрсетеді.

Жалпы. З.Т. Садуақасованың аталынып отырған еңбектері Патшалық Ресейдің оқу-ағарту және рухани саладағы отарлау немесе орыстандыру саясатын негіздеуде аса құнды болып табылады. Десек те автор, тарихнамалық шолуда бүгінгі қазақстандық зерттеулерге біраз үстірт баға беріп, салыстырмалы анализ жасалмағаны байқалады. Сонымен бірге зерттеудің методологиялық әдіс –тәсілінен қарағанда, деректік базасының басымырақ зерттелгені байқалады.

Ал бүгінгі күн тұрғысынан немесе қазіргі таңдағы «жаңа империялық саясат» методологиясындағы Ресей авторларының отарлау, күштеп қоныстандыру, орыстандыру, өзге мәдениетке кірігу мәселесінде тың көзқарастар танытып отырған ғалымдар қатарынан зерттеуші Н.Д. Нұртазинаны атауға болады. Зерттеуші-ғалым негізінен Қазақстан мен Орта Азиядағы рухани даму, кеңестік кезеңдегі дін мәселесі бойынша зерттеулер жүргізді. Мәселен, Н.Д. Нұртазина ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының рухани дамуы бойынша жазған кандидаттық диссертациясында Ресейдің түркі-мұсылман қауымын түгелдей дерлік қамтыған жәдидшілдікке тоқтала отырып, оның патшалық отарлық езгіден құтқару, яғни орыстандыру саясатына тосқауылын, сонымен бірге ұлт зиялылары отарлық езгіден құтылу үшін діни-рухани өміріне ене отырып, мұсылмандық бірлік идеясын пайдалану арқылы қарсы тұруға әрекет жасауын негіздейді [142, с. 15-17].

Бұл турасында З.Т. Садвокасова: «Диссертант бұл тұрғыда шындықты жасырмайды» дей келе, Н.Д. Нұртазинаның «прогрессивті қайраткерлердің басым бөлігі пантуркистік идеялардың шешімінен шыға алмады (біртұтас мемлекет құру, ортақ тіл енгізу және т.б.) , олар тек мәдени ынтымақтастықты қолдады» [9] деген пікірімен келіседі. Сонымен бірге автор Н.Д. Нұртазинаның

патша отаршылдығындағы дін мәселесіне қатысты көзқарастарымен өз ғылыми жұмысының өзара үндестік бар екендігін де жасырмайды.

Зерттеуші Н.Д. Нұртазина өлкедегі жәдитшілдікке байланысты пікірін білдіре отырып, орыс ғылымын меңгерудегі олардың рөлін, Абай сынды ағартушылардың орыс мәдениетіне жақындасуының белгілі себептерін де түсіндіреді. Мәселен: «Жәдидтер орыс-еуропалық мәдениеттің ең жақсы тұстарын іріктеп, зерделеп қабылдап, бойына сіңіре алды. Ең бастысы, Еуропаның нақты ғылымын, педагогикалық саладағы жетістіктерін, техникасы мен өнерін, кәсіптерін, сол сияқты саясатқа қатысты білімдерін білу керек болды – ол құлдықтан, қорлықтан құтылу үшін, жер бетінен құрып кетпеу үшін, саяси бостандық жолында парламенттік жолмен күресу үшін ауадай қажет еді.... Әрине, ол кездегі Еуропа, Ресей де бүгінгі күннен әлдеқайда артық жағдайда екенін ескеру керек. ... Жаңа мұсылман элитасы білім мен өмір тәжірибесі арқылы шын мәнінде екі Ресей, екі Батыс бар екенін түсініп, оларды ажырата білді. Олар отарлық саясатты жасап отырған шенеуніктер, әскерилер және миссионерлермен келіспеді, ал сол орыс қоғамының өзіндегі озық ойлы интеллигенцияны одақтас етуге, дос қылуға тырысты. Сол ниетіне қарай орыс жазушылары, ойшылдары, ғалымдары арасынан мұсылман-жәдитерге адал дос, жанашырлар табылды, қиын-қыстау кезеңдерде солардың көмегін көрді, ақыл-кеңесін тыңдады», - деп ой түйеді [143, 176 б.].

Яғни, зерттеуші Н.Д. Нұртазина еңбектері тақырыптың мазмұнын салыстыра талдауда, әсіресе рухани тұрғыдағы орыстандыру саясатын зерттеуде белгілі дәрежеде методологиялық бағыт алуға негіз болады. Ал соңғы тұстағы әлеуметтік желідегі көзқарастары отаршыл саясатты немесе кеңестік орыстандыруды жәй басыңқы сипатта көрсеткісі келетін бүгінгі кейбір орыс зерттеушілеріне өз пікірін ашық жазады. Оны дәлелдеуде Ресей империясының тарихын зерттеуші америкалық ғалым Александр Мориссон, Новосібірлік ғалым Е.Г. Водичев, Чикаго университетінің маманы Майкл Ходорковский және т.б. еңбектерін кіріктіре отырып, дәлелдеме береді. Н.Д. Нұртазина Қазақстан ғалымдарының отаршылдық саясатты зерттеуде заманауи ғылыми әдістерді пайдалану және өзіндік көзқараспен мәселеге нақты тоқталу керектігіне негіз қалап береді.

Сонымен бірге Қазақстандағы орыстандыру саясатына тікелей қатысты еңбектер қатарына М.Ш. Эгамбердиевтің «Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасыр басы)» деп аталатын еңбегін айтуға болады. Оқу құралының басты ерекшелігі біршама болса да Батыс зерттеушілерінің еңбектері беріледі. Сонымен бірге Түркия, Өзбекстан архивтік материалдары қатыстырыла отырып, аймақтағы қоныстандыру мен оқу-ағарту, діни саладағы жасаған Патша үкіметінің орыстандыру саясатының мазмұны қарастырылады [82]. Десек те оқу құралының атауы Ресей империясының Қазақстандағы орыстандыру саясатына байланысты берілгенімен, мұндағы орыстандыру ісі бүгінгі Оңтүстік Қазақстан, Түркістан аймағының тарихымен байланысты жазылғандығын атап өту керек.

Патшалық биліктің орыстандыру саясатына қатысты жазылған өзбекстандық ғалым Файзулла Исаковтың «Национальная политика Царизма в

Туркестане (1967-1917гг.)» атты монографиясын көрсетуге болады. Ол өз еңбегінде патша өкіметінің Түркістан аймағындағы ұлттық саясатын жазады. Түркістанның байырғы халықтарын XIX ғасырдағы жай-күйін, тұрмысын баяндай отырып, Патшалық Ресей құрамына өткеннен кейінгі отарлану тарихына тоқталады. Автор да сол тұстағы орыс шенеуліктері мен әскерилерінің, арнайы келген зерттеушілер еңбектерін ғылым айналымға енгізеді. Соған орай Түркістан аумағының әскери-әкімішілік және әлеуметтік-экономикалық жағынан бағынуын; Түркістан аймағына переселендердің орналасуын; Түркістанның байырғы халқына орыстық білімнің енгізілу мен мұсылман дініне жасалған қысымшылықтарын ретімен баяндалады. Еңбектің бір назар аударатын тұсы, XX ғасыр соңында өзбек, тәжік тілімен білім алғысы келетін қазақ жастарын өкіметтің арнайы тапсырысымен орысша оқытуға әрекет жасағандығы, татар молдаларын білім саласынан қуу шаралары беріледі. Зерттеу еңбегінде Түркістанның байырғы халқын дінінен айыруға жасаған патшалық биліктің әрекеті біршама сыналып, көрсетіледі [144].

Еңбектің негізінен 4-ші бөлімінде үкіметтің Түркістан аумағындағы халықтың мәдениеті мен рухани өміріне тигізген отаршыл озбырлығы талданады. Осы тарауда өзбек халқына да орыстандыру саясатының ішкерілей еніп, соған сай жергілікті ұлт өкілдеріне арналған түзем мектептерінің саясатын архив құжаттарымен негіздейді [144, 172-173 бб.]. Алайда монографиялық еңбек 1917 жылға дейінгі Патша үкіметінің ұлт аймақтарына жүргізген саясаты туралы мәселе көтергенімен, тақырыпты ашуда деректік базаның аздығы, салыстырмалы талдауда кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерге басымдылық бергені байқалады.

Тақырып аясын негіздеуде профессор Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбегін айтуға болады. Негізінен ресейлік идеологияның түп тамыры мұсылмандық мәселесін, жәдитшілдіктің қазақ жеріндегі көрінісін Батыс Қазақстанның этномәдени байланысы жүйесінде қарастырады. Автор еңбегінде Қазақстан мен Ресейдің архив мәліметтерін кешенді түрде пайдалана отырып, татар зиялыларының жәдитшілдікті әкелуін, батыс аймақтардағы мұсылман қоғамдастықтарының орыстық дін істеріне қарсылығы мен атқарған жұмыстарына сараптама жасайды [145]. Сонымен бірге автордың «Татарские муллы и писмоводители в казахской степи (XVIII – первая половина XIX в.)» атты еңбегінде татар ағартушыларының немесе молдаларын орыс үкіметі қазақ көшпелі қоғамын отарлау ісіне пайдаланғанын көрсетеді. Олар Дала аймағына сауда-саттық, оқу-ағарту, белгілі дәрежеде шаруашылық істер жүргізуде жұмыстар атқарғандығы айтылады. Татар ағартушыларының көп жағдайда қазақ басқарушы топтарының іс-қағаздарын жүргізгендігі де көрсетіледі [146]. Жалпы Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектері мұсылмандық қозғалыс, татар ағартушыларының қызметі, қазақтан шыққан шенділер туралы жазылып, негізделіп жүр. Алайда орыстандыру саясатын негіздеуде татар зиялыларының қазақ жеріндегі іс-әрекетіне басымдылық беруі байқалады.

Ал, кеңестік кезеңдегі ұлттық идея, орыстандыру ісіне байланысты еңбектерді жинақтау аса күрделі болғаны рас. Себебі бүгінгі таңға дейін көптеген архив қорлары мен кітапханалардағы сирек қолжазбалар қоры аса құпия болды.

Сол себепті де болар патшалық үкіметтің орыстандыру ісіне қарағанда кеңестік билік тұсындағы орыстандыру мәселесі туралы еңбектер біршама аздау екендігін байқауға болады. Кеңес үкіметінің өз құрамындағы ұлт аймақтарына қатысты саясатын қарастыруда А.А. Кулшанованың еңбегін атап өтуге болады. Негізінен ұлттық идея мәселесін қарастырған А.А. Кульшанова өзінің «Парадигмы советской национальной политики в Казахстане в период становления тоталитарного государства (1917-1936 гг.)» деген монографиясында тоталитарлы мемлекет құру қарсаңындағы өлкедегі кеңестік ұлт саясатындағы мәселелерді көтереді. Клиентелизм саясаты (кеңестік тарихнамада коренизация, жергіліктендіру – К.А.) туралы мәселені көтере отырып, бұл саясаттың астарын түсіндіреді. Яғни, жергіліктендіру ісі негізінен бұрынғы Ресей империясы құрамындағы халықтардың билікке деген алауыздығын жою мақсатында жасалғандығын алға тартады. Яғни, жауланған елдердің орыстарды жаулаушылар ретінде көруін жойып, оның орнына жаңа Кеңес өкіметінің жаңашыл саясатының мәнін түсіндіруге тырысады. Соған орай большевиктер көсемі коренизация саясатын алып келеді. В.И. Лениннің ұлттық доктринасының логикасы, тең құқыққа басты назар аударта отырып «Ресей халықтарының құқықтары туралы Декларация», «Ресейдің барлық жұмыс істейтін мұсылмандарына және Шығыс» үндеулерімен толықтырады. Ең бастысы теңдіктің негізгі принципіне сүйене отырып, этностардың ана тілдерін өмірдің барлық салаларында кеңінен қолдану жариялағанын да атап өтеді. Алайда большевиктердің ұлттық мәселедегі саясаты бойынша өзге ұлттардың кеңес үкіметіне бағыныштылығын еске салады. Бірақ, социалистердің негізгі идеологиялық доктринасы «социалистік ұлттар» идеясын ұстана отырып, партияның ұлттық саясатының стратегиялық мақсаты - этникалық топтардың ұлттандырылуы болғанын жазды. Немесе аз ұлттар арасынан ұлттық кадрларды даярлау желеуімен оларды жаңа кеңестік саясатқа кіріктіру мәселесі ойластырылды. Оларды біртіндеп осы саясатқа икемдей отырып, шын мәнінде кеңестік билікке бағындыру мәселесін негіздейді. Сол себепті де еңбек кеңестік жүйедегі орыстандыру саясатына қатысты мәселелер тобын анықтауға көмек көрсетеді [147, с. 56]. Жергіліктендіру саясатының өз деңгейінде жүргізілмей қалуы турасында Д. Махат: «Қазақстанда мекемені жергіліктендіру мәселесінің қазақ зиялылары мен Ф. Голощекин арасындағы айтысқа ұласуы бұл шараның дұрыс жүргізілмеуінен туындады. Жергіліктендіруге байланысты айтыс соңғысының жеңісімен аяқталды», деп әкімшіл-әміршіл жүйенің басымдылыққа ие болғанын нақтылайды [148, 16 б]. Яғни, жоғарыда атап өткеніміздей, үкіметтің жергіліктендіру саясаты жай ғана ұлттық кадрлардың кеңестік биліктің саясатына кіріктіру болды. Осы тұрғыдан алғанда, А.А. Кулшанованың еңбегі архив материалдарын негіздей отырып құрастырылғанын көреміз. Бірақ бұл тұста да жұмыста жаңа методологиялық бағыттағы еңбектер қатары жеткіліксіздеу болғандығы байқалады.

Сонымен бірге С.Т. Рысбекованың «Советский опыт социальной модернизации традиционного общества: уроки и историческое значение (1920-1936 гг.)» атты еңбегін атауға болады. Автор еңбегінде қазақ қоғамының 1920-1936 жылдары жеке автономды мемлекет болып, өзіндік мемлекеттік жүйе құру,

әлеуметтік саласын дамытып, жинақталуға әрекет жасауға талпынғанымен, оның өмір салты, білім алу үрдісі, денаулық сақтау ісі, гендерлік және мәдени саладағы жетістіктері тікелей кеңестік жүйенің ықпалында болғандығын көрсетеді. Яғни, аталған салаларға Кеңестік модернизацияның кері әсерін архив материалдары мен шетелдік ғалымдар еңбектерін қатыстыра отырып баяндайды [149]. Негізінен автор еңбегінде бүгінгі заманауи тарихи терминдер қолданысқа түскендігі байқалады. Мәселен, әйел теңдігі мәселесінде «гендер» немесе жаңғырту «модернизация» және т.б терминдер арқылы берілген. Жұмыс өзіне дейінгі еңбектерді сынай отырып, олардың табиғатында билік тарапынан жасалған қысым салдарынан нақты тұжырымдар жетіспейтіндігін сынға алады. Әсіресе кеңес қоғамының қазақ этносын жаңа әлеуметтік-саяси бағытқа бейімдеу әрекетінің салдары жоғары болғандығын ашық жазуы жұмыстың құндылығын арттырады.

Жалпы зерттеуші С.Т. Рысбекованың еңбегі кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының толығымен билікке тәуелділігін сипаттап, өзінің табиғи болмысынан айырылуын немесе дәстүрлі қоғамды құрдымға кетіру әрекетіне негіздеп береді. Бірақ, жұмыстың жазылу стилі біршама күрделі екендігі байқалады, десек те зерттеу еңбегі дәстүрлі қазақ қоғамының кеңестік билікке икемделуін жаңа көзқарастар тұрғысынан сипаттаумен ерекшеленеді.

Кеңестік жүйенің орыстандыру саясаты, оның ішінде қазақ тілі аясының тарылуы мәселесіне қатысты Д. Махат еңбегін де атап өту керек. Автор негізінен кеңестік жүйенің әкімшіл-әміршіл саясатына қатысты бірқатар еңбектер жазғаны белгілі. Алайда тақырыпқа тікелей қатысты «Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат (мақалалар мен зерттеулер)» атты еңбегінде кеңестік жүйенің тіл тағдырына, баспасөз ісіне, М. Әуезов сынды заңғар жазушының еңбектеріне кеңестік жүйенің жасаған тосқауылдарына қатысты пікірлері топтастырылған. «Тоталитарлық жүйе және тіл тағдыры» атты бөлімінде коммунистік партия толық орныққан соң қазақ зиялыларының тікелей атсалысуымен тіл мәселесі көтеріліп, оның соңы жергіліктендіру саясатымен ұштасқанын айтады. Алайда ол жағдай уақытша орын алып, жергіліктендіру саясаты аяқсыз қалғанын атап өтеді. Ал 1926-1929 жылдарға қарай коммунистік партия орыс тілін мемлекеттік тілі ету мақсатында белсенді жұмыстар атқарғандығын, оның соңы әліпби реформасымен аяқталғандығын көрсетеді. Тарихымызда белгілі болғандай әліпбиге қатысты 30-шы жылдары үлкен тартыстар орын алып, бірақ кеңестік жүйе өз мақсатына қол жеткізгені туралы зерттеулер баршылық. Дей тұғанмен, коммунистік партия жаңа әліппені үйрету мен оны қалыптастыруда көптеген кедергілерге ұшырап, соған сай жергіліктендіру саясатын қайта күн тәртібіне қоюы патшалық тұсындағы рухани отарлау шарасының жалғасы деп көрсетуге болады. Бұл туралы автор: «1930 жылдардың басында жүргізілген мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру, қазақ тілін меңгерген мамандарға жеңілдіктер жасау, мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың аттарын қазақыландыру сияқты бірқатар шаралар жасалды. Алайда, коммунистік партияның жасаған қазақ тіліне «қамқорлығы» қазақ тілінің мерейін үстем ете алған жоқ» [148, 18 б], - деп тоталитарлық жүйенің қазақ халқының рухани мәдениетіне, тіліне жасаған «жанашырлығынан» озбыр

отаршыл саясаты ауқымының өте жоғары болғанын атап айтады. Сонымен бірге ғалым 1938-1940 жылдары қабылданған бірқатар қаулы-қарарлардың мазмұны орыстық «аға» тілінің ауданы шеңберінен шыға алмай қалғандығын көрсетеді [148, 18 б]. Бұның соңы 1938 жылы сәуірде қабылданған ҚХСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысымен аяқталып, орыс тіліне көшудің толыққанды алғышартын қалыптастырылды. Д. Махат осы мәселеге кеңінен тоқтала отырып, еліміздің рухани-мәдени саласында, оның ішінде тіл саясатыда сталинизмнің толық салтанат құрғанын көрсетеді [148, 21 б].

Жалпы Д. Махаттың кез-келген зерттеу еңбегі әкімшіл-әміршіл жүйенің қазақ еліне әкелген ауыр зардаптарын негіздеуде ерекше орын алады. Оның ішінде кеңестік жүйенің орыстандыру, әсіресе қазақ тілі аясының тарылуына қатысты тұжырымдары өте құнды болып отыр.

Тарихнамалық шолуымыздың келесі ірі бөлігін әрине шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Жақын және алыс шетел зерттеушілері орыс империясының қыспағында қалған және кейіннен кеңестік тоталитарлық езгінің астында қалған периферияның тарихымен айналысқанды қолдап отырады. Осы орайда мұсылмандық мәселе, ислам дінінің интерпретациясы, новаторлық мұсылмандық оқу-білім, т.б. негізгі зерттеу объектілері болған. Мәселен, А. Франк (Allen J. Frank) [150] пен Пол Верт (Paul W. Werth) [151] екеуінің еңбектеріне бір-біріне ұқсас жазылған, себебі екеуі де микротарих әдісін пайдаланған және зерттеудің географиялық аймағы да жақын болған.

Ал қазақ тарихына қатысты, әсіресе Алаш зиялыларының тарихы мен рөлі, қазақ қоғамындағы ислам діні, ресейлік отарлық саясат, т.б. мәселер бойынша бірден-бір ірі ғалым – жапондық Уяма Томохиконы (Uyama Tomohiko) атауға болады. Ол Саппоро қаласындағы Славян-Еуразиялық зерттеу орталығының басшысы қызметін атқарған, алдыңғы қатарлы ғалымның қаламынан көптеген еңбектер жарыққа шыққан. Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихын, олардың ұлттық қозғалысқа қатысуы, патшалық әкімшілікпен қарым-қатынасы туралы қалам тартады [152, р. 275]. Ол әсіресе қазақтың біртуар азаматы, Алаш зиялысы М. Дулатов еңбектеріне назар аудара отырып, кеңестік жүйенің ұлт саясатындағы озбырлық әрекетін зерттеуге назар аударады.

Осындай Ресейдің отарлық саясатына қатысты Оксфорд университетінің профессоры, Ресей империясы бойынша маман, тарихшы Александр Моррисонды атауға болады. Ол өзінің «Орыстардың Орталық Азияны жаулауы (Империялық экспанцияны зерттеу 1814-1914 жж.)» [153] атты еңбегінде Ресейдің Орталық Азияны жаулауын «Ең драмалық және ең табысты отарлау», - деп баға береді. Ол 1830 жылдардағы далалық шекаралық аймақтардағы қақтығыстардан бастап, Ресейдің Қоқан, Бұхара және Хиуа хандықтарымен соғыстары, Ташкент пен Самархандтың басып алынуы және т.б. мәселелерді көтереді. Соның ішінде автор «Сырдария шебінің шекаралық сызық ретінде күйреуі. 1841-1863 жж.», «Аягөзден Алматыға дейін: Жетісуды жаулау және қоныстандыру. 1843-1882 жж.» деп аталатын бөлімдерінде Қазақстан аумағындағы отаршылдық әрекеттерді көрсетеді. Ол осы еңбекті жазуға оншақты жылдың көлемі кеткендігін және Орта Азияның отарлануын зерттеудің

аса күрделілігін атап өтеді. Оның пікірінің аса маңызды тұсы: «Бұл кітаптың негізінде Ресейдің Орталық Азияны жаулап алу процесі мен оның нәтижелерін түсіну жатыр. Бұл түсінікке жетуге көмектесетін дереккөздер орыс тілінде және Орталық Азия тілдерінде – таңырқалатындай көп. Бірақ олар негізінен орыстың перспективаға (жетістіктерге А.К.) бағытталған. Әдебиеттердің бетін тез шолып шыққанда, 1991 жылдан кейін бұрынғы архивтер мен қолжазбалар жинақтары шетелдік зерттеушілерге бұрын ашылмаған жаияланымдар болып табылады. ... Алайда, соңғы жылдары ағылшын тілінде Кавказды жаулау және Ресейдің Қиыр Шығыстағы экспанциясы туралы тамаша зерттеулер пайда болса да, Ресейдің Орталық Азияны жаулауы әлі назардан тыс қалып, түсіндірілмей келеді» [153, 43 б] - деп тұжырымдайды. Автор еңбегімен танысу кезінде, ол Орталық Азиядағы орыс отаршылдығы 1860 жылдардан басталды деп көрсетеді. Расында да Ресей XIX ғасырдың 60-шы жылдары Қазақстан мен Орталық Азияны толығымен жаулағаны тарихымыздан белгілі жайт. А. Мориссон Ресей империясының Орталық Азияны агрессивті және экспанциялық саясаты 1830-жылдардың соңынан басталғанын, аса маңызды жылжу Орынбордан басталып, Сырдариядан батысқа және Омбыдан Семейге, одан Іле өзенінің бойымен Шығысқа 1840-50 жылдары жүргендігін айта келіп: «Ташкентті алу тек 25 жыл бұрын басталған шабуылдың кульминациясы болды және бәлкім Қырым соғысына араласпаса, әлдеқайда ертерек аяқталар еді» [153, 48 б] деп тарихи оқиғалармен байланыстырады. Шетелдік ғалым еңбекті жазуда негізгі дерек көздерін сол тұстағы орыс зерттеушілерінің дерек көздерінен алғандығын, әсіресе генерал Михаил Африканович Терентьевтің (1837-1909 жж.) еңбегіне сүйенгенін атап өтеді. М.А. Терентьев аталған еңбекке 30 жылын сарп еткенін, алайда еңбектегі материалдарға сын көзбен қарап, оның өзі жаулап алу жорығына қатысушы болғаны ескеруді де естен шығармайды. Ал Ресей отаршылдығын өзінің әлсіз көршісін жаулап алу немесе үлкен держава тарапынан күтілетін процесс деп тұжырымдайды. Ал Орталық Азияны жаулап аталған империя оны жарты ғасырға жуық, яғни 1917 жылға дейін басқарып, әкімшілігін түбегейлі өзгертсе, ал Кеңестік кезеңде ресейлік отаршылдықтың орнына мемлекеттік құрылымға эксперимент жасалып, аймақтың «қалыс қала» отырып Еуропалық даму нормаларынан алшақтауы күрделі мәселе болып қала беретінін негіздейді [153, 51б]. Осы тұста М.А. Терентьев сынды И.К. Кириловтың да өкімет тарапынан берілген нұсақауларға сай жұмыс істеп, «Цветущее состояние Всероссийского государство» атты жинағын құрастырғанын жоғарыда атап өттік. Жинақ 2024 жылы «Как управлять казахам» [154] атаумен қайта басылды. И. Кириловтың экспедиция барысында жинаған материалдарының қазақ халқына қатысты тұстарын танымал баспагер, AmalBooks баспасының негізін қалаушы Бақытжан Бұқарбай құрастырып шығарды. Кітапта негізінен 1900 жылы Орыс географиялық қоғамы мен Ғылыми архивінің мүшесі, ресейлік тарихшы, этнограф А.И. Добромисловтың жариялаған «Материалы по истории России: сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края» атты жарияланымынан 1734 жылғы Орынбор комиссиясының жетекшісі И. Кириловтың жинақтаған жұмысындағы қазақ халқына қатысты тұстары

топтастырылған. Бұл туралы Б. Бұхарбай: «Менің тікелей ұйымдастыруыммен жарық көрген бұл еңбекте И. Кирилловтың проектілерінің мәтінімен қатар басқа да Ресей бодандығын қабылдауға қатысты материалдар жинақталған», - деп көрсетеді [154, 15 б]. Аталып отырған жинақ соңында танымал ғалымдар З.Е. Кабульдинов пен М.М. Қозыбаевтар «Оренбургская экспедиция И.К. Кириллова как начальный этап колонизации Казахской степи XVIII века» деп аталатын пікір береді. Авторлар, И. Кирилов басшылығымен Дала аймағына келген комиссияның алғашқы кезекте отарлау ісіне қатысты мәліметтер жинаумен бірге, алғашқы кезекте Ресей патшалығы үшін үлкен қауіп төндіріп отырған башқұрттар қарсылығын жоюға көбірек атсалысып, ең соңында ауырып қайтыс болғанын атап өтеді [154, 262 б]. Десек те И. Кирилловтың жазбаларының қазақ жерін отарлауда алғашқы мәліметтер беретін маңыздылығын атап айту керекпіз. Әсіресе сол тұстағы қазақ қоғамының өз арасындағы билік мәселесіндегі әлсіздігі, қажет кездерінде түрлі сыйлықтар арқылы оларды басу тәсілдерін, Ор бекінісін қалаудағы негізгі мақсаттары, сауда байланысын жандандыру арқылы олардың негізгі табиғи байлық көздерін зерттеу жұмыстарын, көрші тайпаларды бірі біріне қарсы қою арқылы империяға бағындыру істері туралы мәліметтер қалдырды.

Осы тұрғыдан алғанда А. Мориссонның сол тұста жазылған орыстық дереккөздерге сүйенгені заңды құбылыс сияқты. Дегенмен де автор дереккөздерді пайдалануда оның маңызды тұстарын жаңаша негізде сұрыптауды да ескертеді.

Жалпы А. Мориссон қазіргі заман зерттеуші ретінде шын мәнінде Қазақстан мен Орта Азияда жаулаушылық саясаттың болғанын, бірақ оны саяси процестермен шиеленістірмеу қажеттілігін де айтып өтеді.

Шындығында бүгінгі таңда Ресейлік орыстандыру саясаты не берді, оның жағымды және жағымсыз тұстары туралы пікір-таластар да жетіп артылады. Әрине, тарихнамалық шолуға қарай отырып, орыстандыру саясатының жағымсыз жағының басымдылығына қарамастан, оның жағымды жақтарының да болғанын естен шығармау керек. Бұл тұрғыдан алғанда XIX ғасырдағы Ұлы ойшылымыз Абай да, алғашқы ұстаз Ы. Алтынсарин де, этнограф Ш. Уалиханов та, одан кейінгі Алаш зиялылары да оны ұғынды. Сол тұстағы ірі империя ретіндегі отарлаушы Ресейдің тілі әлемдік өркениеттен қалыспауға жол ашса, екіншіден орыстан шыққан зиялылар қауымының арасында әлемдік деңгейде өркениет қағидаларын меңгере отырып, оны достық ниетте өзге ұлт зиялыларына беруге ұмтылыстары болғанын көреміз.

Бұл туралы жұмысымыздың алдыңғы бөлімдерінде біраз айтылды. Әсіресе жұмыстың методологиялық құрылымын негіздеуде қазіргі орыс зерттеушісі С.В. Любичанковскийдің еңбектеріне, оның ішінде «аккультурация» терминіне қатысты пікірлеріне тоқталып өттік.

Сонымен бірге С.В. Любичанковскийдің «Формирование казахской интеллигенции в учебных заведениях оренбургского края: ответ на вызовы пореформенной модернизации» атты мақаласын айтуға болады [74]. Мақалада Қазақ тектес шетелдіктерді Орынбор өлкесінің орыс орта және кәсіптік оқу орындарында (әнұрандар, мұғалімдер мектептері, фельдшерлік мектептер, ауыл

шаруашылығы мектептері) реформаға дейінгі жаңғырту кезеңінде оқыту туралы деректер жинақталған. Аталған оқу орындарының түлектері-қазақтардың мансаптық өсуінің типтік бағыттары көрсетілген. Орталық және өңірлік билік жүзеге асырып жатқан ағарту саласындағы аккумуляция саясаты шеткі аумақтарды игерудің жаңғырту процестеріне ұлттық азшылықтардың тартылуына байланысты реформадан кейінгі кезеңде жанданды деген қорытындыға келді. Орынбор өлкесінде және оған іргелес қазақ даласында қазақ зиялыларының қалыптасу процесі империялық құрылымдардың білім беру және ағарту саясатымен тікелей байланысты болғандығын да атап өтеді. Негізінен Орынбор аймағы қазақ зиялыларының дамуы үшін қазақтың ұлттық бірегейлігін нығайту үшін негіз қаланған қалаға айналғандығын да көрсетеді.

Мақалада негізінен орыстық білім саласы арқылы өзіндік көзқарастар мен білім қорын жинақтаған қазақ интеллигенциясының қалыптасқандығын атап көрсетеді. Тіпті бұл жаңа ұлттық зиялы қауым Ресей құрамындағы қазақтардың мәдени және тіпті мемлекеттік өсуінің қуатты факторына айналуына негіз қалағандығын нақтылауға тырысады [74, 78 стр.].

Сонымен бірге автордың қазақстандық зерттеуші С.К. Удербасевамен бірлескен «Вклад Российских имперских научно-краеведческих обществ в научное изучение Центральной Азии» [155] атты мақалада жалпы Ресейлік географиялық, архивтік, археологиялық, статистикалық қоғамдардың империялық Орта Азияның атқарған жұмысы туралы мәселені көтереді. Яғни ғылыми-өлкетанулық қоғамының Орта Азияны зерттеудегі үлесі архивтік деректер негізінде жинақталып, өлке тарихы мен оның табиғи байлықтарын зерттеуге қосқан орасан үлесін көрсетеді.

Жұмыс барысында атап өткеніміздей, өлкедегі орыстандыру ісін біржақты тек регрессивті жағынан сипатау басты мақсат емес, орыс социал-демократтары немесе нағыз ғылымға берілген шығыстанушылар, тіпті қазақтың алғашқы ағартушыларының өзі орыс тілі мен ғылымы арқылы болашаққа қадам басу қажеттігін атап өткендігін негіздеген болатынбыз. Осы тұрғыдан алғанда С.В. Любичанковский бүгінгі Ресей тарихын жазуды жаңашыл көзқарастарға негіздеп жазуға тырысуда. Десек те, З.Т. Садвокасованың зерттеулерінде көрсеткеніндей, әр ұлт өзінің өскелең ұрпағына өткені туралы, тарихы туралы тек санатты ойлар жеткізуге тырысуымен байланысты деуге болады.

Осы тұста қазақ тарихына жанашырлықпен қараушы, қазақстандық ғалым Галина Николаевна Ксенжикті атауға болады. Ол бүгінгі таңдағы «жаңа империялық саясатқа» байланысты айтылып жүрген көзқарастарға шынайы баға беріп жүрген ғалымдардың бірі деп айта аламыз. Мәселен ол, А. Ауельбековтың мақаласында Қазақстанда XIX ғасырдың бірінші жартысында отарлау мәселесіне қатысты айтылған кереғар тұжырымына қарсы пікір айтады. Зерттеуші А. Ауелбекованың «Мысль» журналындағы «О колонизации Казахстана и восстании Кенесары Касымова» мақаласында орын алған тұжырымына жауап береді. Яғни, А. Ауельбекова 1892 жылы Қазақстан халқының 92%-ы жергілікті тұрғындар болған деген статистикаға сүйене отырып, Қазақстанды Патша үкіметінің отарлауы тек XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында басталғандығын негіздейді [56].

Алайда, Галина Ксенжик бұл пікірмен келіспейді және Ресей империясының Қазақстандағы саясаты көптеген басқа отаршыл державалардың, мәселен, Ұлыбритания, Франция, Германия жүргізген саясатымен ұқсас болғанын дәлелдейді.

Ол отарлау үдерісін сипаттай отырып, Қазақстанда мемлекеттік құрылымдардың жойылуы, дәстүрлі өмір салтының бұзылуы, әскери басып алу, жердің тартып алынуы, салықтардың ауыртпалығы, табиғи ресурстардың тоналуы, жергілікті халықтың қысым көруі мен ассимиляциясы секілді негізгі отаршылдық белгілерін атап өтеді. Кенесары Қасымовтың көтерілісі де осы отарлық саясатқа қарсы бағытталғанын дәлелдейді. Ол патша үкіметінің Қазақстан аумағында әскери бекіністер салып, маңызды стратегиялық аумақтарды иеленуі – тікелей отаршылдық саясаттың белгісі деп санайды [5, 4 стр]. Қалай десек те Патшалық, кейінгі Кеңестік Ресей ірі держава ретінде өзінің отарлық саясатын жүзеге асырғандығын және оның саяси-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыдан кері ықпалы болғанын тарих жоққа шығара алмайды. Ол әсіресе өлкедегі орыстандыру саясатының жүргізіліп, ұлтты ұлтқа сіңістіруге әрекет етуінен көрініс берді.

Бүгінгі тарих ғылымында, жаңа тарихнамалық еңбектерде отарлау, отарлаудан туындаған жағымды және жағымсыз факторлар туралы көзқарсар қатары кеңінен таралғанды белглі. Сол себепті де әсіресе, отарланушылар мен отарлаушылар немесе бағынғандар мен бағындырушыларға қатысты мәселелерді қарастыруда әлі де болса өзара ортақ пікір алмасу, ортақ интеграциялық мәселе тұрғысынан қарастыру қажеттілігі де туындап отыр. Жалпы Патшалық және кеңестік орыстаныру саясатының теріс және оң сипатын негіздеуде тарихи-салыстырмалы анализ жасау қажеттілігі аса маңызды, қажет қағида деп түсінуіміз керек.

2 РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАҚСАТСЫЗ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ НЕГІЗІНДЕГІ ОРЫСТАНДЫРУ: БАРЫСЫ, САЛДАРЫ

2.1 Патшалықтың қазақ қоғамын орыстандыру саясатының демографиялық әлеуеті: саяси астары мен бағыттары

Ресей империясы 1867-1868 жылы Қазақстан аумағын толығымен мемлекет меншігі деп жариялағаннан кейін оның отарлық саясаты түрлі бағытта жүрді. Қазақстан жерін басқарудың саяси-құқықтық негіздерін қалыптастыру мақсатында әкімшілік реформалар жүргізді.

1867-1868 жылдары қабылданған әкімшілік реформалар негізінде қазақ жері даласын үш генерал-губернаторлыққа бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығына Торғай және Орал облыстары, Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Семей мен Ақмола облыстары, Түркістан генерал-губернаторлығына Жетісу және Сырдария облыстары кірді. Қабылданған әкімшілік реформа қазақ жерін тиімді басқару ғана емес, қазақ Ресейдің ішкі аудандарынан жерсіз қалған шаруаларды қоныстандыру саясатын жүйелі ұйымдастыруға да өз септігін тигізді. Осыған дейін, 1861 жылдың 19 ақпанында патша II Александр басыбайлы құқықты жоятын реформасын қабылдады [156, 28-32 сс.]. Басыбайлы құқықтың жойылуы өз кезегінде Ресейдегі жер тапшылығын тудырды. Жерге жеке меншіктің жекелеген (дворяндар - А.К.) адамдардың қолында шоғырлануы салдарынан жерсіз қалған шаруалар арасындағы жер тапшылығы қатты байқалды. Сол себепті шаруаларды қазақ даласына қоныстандыру алғашында стихиялы түрде, уақыт өте келе жүйелі түрде ұйымдастырыла бастады. Бұл өз кезегінде патшалық Ресейдің дәстүрлі қазақ қоғамын демографиялық сипаттағы отарлау саясатының бастауы болды деп айтуға толық негіз бар. Жалпы Қазақстанда XIX ғасырдың аяғынан бастап жер бөлуші топтар «бос» деген белгіленген жер телімдерін анықтауға тырысты, оның алғашқысы экономист Ф.А. Щербина экспедициясына жүктелгені белгілі [157, 594-6.].

Зерттеушілер патшалық Ресейдің Қазақстандағы қоныстандыру саясатының бірнеше кезеңдерін айқындап отыр. Мысалы бүгінгі тарихнамада Қазақстанға қоныс аударуды шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастырады. Мысалы:

1. 1860-1880 жылдардағы қоныс аудару барысы. Бұл кезеңдегі қоныс аудару саясаты әлі де болса жаппай сипат алмады. Отарлаушы үкімет те қоныстандыру барысын реттейтін арнайы ережелерді қабылдамады. Дегенмен шаруалар көшіп келген жаңа аймақтардың басшылығы тарапынан мұндай ережелер қабылданды. 1868 жылы Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А. Колпаковский «Жетісуға шаруаларды қоныстандырудың уақытша ережесін» қабылдады. Уақытша ереже 1883 жылға дейін қолданыста болды. Уақытша ереже қоныстанушыларға түрлі артықшылықтар берді. Қоныстанушылар үшін 30 десятинаға дейін жер беру, 15 жыл көлемінде алым-салықтан босату, 100 сомнан артық үстеме ақша беру сынды жеңілдіктер қарастырылды. 1870-1895 жылдар аралығында жалпы жиыны 10 мың сом қаражат берілген [158, с.67]. Сөзсіз мұндай артықшылықтар қоныстанушылардың санын арттырып, өлкедегі демографиялық ахуалдың күрделенуіне алып келді.

2. 1881-1892 жылдар аралығы. Бұл кезеңдегі қоныстандыру саясатын жүйелі түрде ұйымдастыру әрекеттері байқалды. 1886 жылы «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару ережесі» құрастырылды. Бұл ереже қоныс аударушы орыс шаруаларының мүддесін қорғауға бағытталды. 10 десятина жер бере отырып, бес жыл көлемінде алым-салықтан босатты [159, с. 221]. 1889 жылдың 13 шілдесінде қоныс аудару барысын реттеуге бағытталған ауыл тұрғындары мен жоғары тап өкілдері (мещандар) мемлекет қарамағындағы жерлерге өз еркімен көшуін ұйымдастыру заңнамасы жарық көрді [160, с. 537]. Ендігі кезекте қоныс аударушылар жергілікті әскери губернаторға арыз жазып, «артық жердің» бар екендігін растап, арнайы рұқсаты болған жағдайда ғана қоныс аударуы тиіс болды. Бұл алдымен Ресейдегі жер тапшылығынан туындаған шиеленісті жайтты азайту үшін жасалды. Қоныс аударушыларға берілетін артықшылықтар Ресейдегі жері бар ауқатты адамдарды да қызықтырды. Осы жылдары қоныстандыру үдерісін басқарып, ұйымдастыру ісіне жауапты мекемелердің жұмысын күшейте түсті. Әрине қоныс аударушы орыс шаруаларына арналған жерлер қазақтардан тартып алынды. Ең көп шоғырланған қоныс аударушылар Дала генерал-губернаторлығына келді. 1885-1893 жылдар аралығында Ақмола облысы қазақтарының 251779 десятина жері тартып алынып, 24 қоныс аударушылардың жаңа елді-мекендері құрылды. Онда жиыны 11 мыңға жуық (ер адам) қоныс аударушылар орналасты. Семей облысындағы қазақтардың 33 мың десятина жерлері тартып алынды. 1867-1883 жылдар аралығында Жетісу облысы аумағында қоныс аударушылардың 29 елді-мекені пайда болып, онда 15 мыңнан астам өмір сүрді. Жетісу облысындағы қалаларда 190 көпес отбасылар мен 1400 өзге жоғары тап өкілдерінің отбасы тіркелген болатын [161, с.526].

3. 1892-1905 жылдар аралығындағы қоныстандыру саясаты Сібір теміржолы комитетінің қызметімен тығыз байланысты. Комитеттің құрылуы патша үкіметінің қоныстандыру мәселесін жүйелі түрде ұйымдастыра бастауына себеп болды. Сібір теміржолы арқылы қоныстандыру саясатын күшейту ісіне ат салысқан экономист А.А. Исаевтың «Переселения в русском народном хозяйстве» атты еңбегінде Сібір теміржолында арнайы қоныс аударушылар үшін бірыңғай тариф енгізілгендігі айтылады. 1894 жылы әр адам үшін 0,3 сомды құраса, 1898 жылы билет құны арзандап, ол балалар билетінің құнымен теңестіріледі [162, с.47-48]. Мұндай билет құнының жеңілдету саясаты 1906 жылы да орны алды. Қоныс аудару басқармасының 20 наурызында қабылдаған қаулысында қоныс аударған шаруаларды баратын жерлеріне дейін апару үшін жеңілдетілген арнайы билеттердің енгізілуі туралы мәліметтер бар [163, 4-5 пп.]. 1893 жылы 14 наурыз айынды шыққан бұйрыққа сай көшіп келген қоныс аударушыларға берілетін жер телімдері мемлекеттік қазынадан беріліп, алдын-ала дайындалуы тиіс болды [164, 10-13 пп.]. Бұл жайттың өзі қоныс аударушылар үшін жасалып жатқан әлеуметтік көмектің бір түрі еді. Жол бойында көрсетілетін дәрігерлік-азықтық көмектен бөлек, поездарға арнайы санитарлық вагондар тіркелді. Медициналық көмек тегін көрсетілді. Азық-түліктік көмек балалар үшін тегін болды. Өз кезегінде мұндай әлеуметтік көмектің көрсетілуі қоныстандыру саясатының жүйелі түрде ұйымдастырыла бастағандығының дәлелі.

4.1905-1917 жылдар аралығында Столыпин аграрлық реформасы жүзеге асырылып, империяның шығыс бөліктеріне қоныс аудару саясатын белсенді ете түседі. Осы кезде қоныстандыру ісінде күрделі құрылымдық өзгерістер орын алып, көшіп келген жерлерді аудандастыру сияқты өзекті мәселелер қолға алына бастайды [165]. II Николай 1905 жылдың 17 қазанында қабылдаған «Мемлекеттік билікті жетілдіру» манифестінде шаруаларды қоныстандыру мәселесі назардан тыс қалғандықтан 1905 жылдың 3 қарашасында жаңа екінші манифест қабылдап, шаруаларды жермен қамтамасыз ету мемлекеттің тыныштығының басты кепілі деп қарастырылды [166, с. 31-32]. Осы мақсатта жерге орналастыру ісінің Басқармасы құрылды. 1906 жылдың сәуір айында ішкі істер министрі болып П.А. Столыпин тағайындалып, екі айдан соң Министрлер кеңесінің төрағасы лауазымына көтеріледі. 1907 жылдың мамырында сөйлеген сөзінде шаруаларды жермен қамтамасыз етудің маңызды мәселе екендігін атап өтеді. Шаруалар жерге мұқтаж болмаса, олардың әлеуметтік жағдайы көтерілсе елдің де дамитындығына назар аударады. Осы үшін де шаруаларды тек жермен ғана емес, ақшалай да қолдаудың қажеттілігін атап өтеді. Шаруаларды жермен қамтамасыз ету үшін бірнеше заңнамаларды қабылдайды. 1906 жылдың 9 қарашасында шаруалардың жерге иелік етуіне қатысты заңдарға толықтырулар енгізеді, мұндай толықтырулар 1910 жылдың 14 маусымында тағы да енгізілді. Нәтижесінде 1911 жылдың 29 мамырында «Жер иелену» заңы қабылданды [56, с.100-102]. Столыпиннің аграрлық реформасы Қазақстан территориясы қоныстанушылардың жаңа толқынын тудырды.

Атап өтетін жайттың бірі – орыс шаруаларын жаппай көшіруге дейін патшалық үкімет қазақ даласына өзінің әскери тірегіне айналуы тиіс казак жасақтарын көшірген болатын. Ол турасында Дж. Демко «Орыстардың Қазақстанды отарлауы» деп аталатын еңбегінде барынша ашып жазды. Автор 1847-1915 жылдар аралығын бір ғана Жетісу облысында 34 казак қоныстарының пайда болғандығын атап өтеді. XX ғасыр басындағы статистикалық мәліметтерді келтіре отырып, Ақмола, Семей, Торғай, Орал және Жетісу облыстарында жалпы жиыны 278295 казак өмір сүргендігін көрсетеді [167, 37-38 б.].

Қазақ даласына орыс шаруаларының белсенді қоныс аударуы салдарынан жер тапшылығы сезілді. Арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, «артық жерлер» есепке алынды. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының тығырыққа тірелуі, мал шаруашылығына қолайсыз болған жерлерге көшірілуі ұлт зиялыларын толғандырған мәселе болды. А. Байтұрсынұлы «Аңдаспаған мәселе турасында» атты мақаласында қазақтар үшін маңызды болған мәселенің ең үлкені жер мәселесі екендігін айта келе, бұл мәселеде қазақ не тірі болады не өледі деп ашығын айтады [20, 193 б.]. Ал Щербина экспедициясына қатысып, қазақ даласының ерекшеліктерін зерттеген Ә. Бөкейханов та «артық жерлерді» анықтау және қазаққа тиесілі жер болып шыққан жерді бөлу нормасына өз наразылығын білдірді. Мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтар 15 десятинадан жер алдық деп, егін шаруашылығымен айналысып кетпейтіндігін алға тартады. Ал мұндай көлемдегі тиесілі жерде мал шаруашылығын мүмкін еместігіне де назар аударады [168, 62 б.].

Патшалық Ресейдің қазақ даласына орыс шаруаларын жаппай

қоныстандырудың басты мақсаты жер тапшылығын жою болды деп айтуға негіз бар. Дегенмен қоныс аудару саясатының өзге де шешуі тиіс маңызды міндеттері болды. Мысалы қоныс аударушылардың қазақтармен етене өмір сүруі орыстандыру және христиандандыру саясатының нәтижелі жүруіне ықпал етті. Осы мақсатта қоныстанған шаруалардың балалары үшін мектептер ашылып, оған қазақ балаларын да тарту жұмыстары жүргізілді. Қазақ балаларын орыс мектептеріне тарту арқылы қазақ даласында үстем болып келген мектеп-медреселер жұмысын шектеуді көздеді. Орынбордың ағарту саласын басқарған Д.А. Толстой қазақтар арасында орыс тілінің маңыздылығын арттыру мақсатында тапсырмалар беріп отырды. 1878 жылдың 26 қыркүйегінде Семейдің генерал-губернаторы Батыс-Сібір генерал-губернаторына жазған «құпия» хатында барлық қаулылар мен ережелерді орыс тілінде жариялайтындығын жеткізеді. Мектептерде де орыс тілінің үстемдігі туралы айта келе, қазақ даласында уақыт өте келе орыс тілі араб емлесінен үстем болады деп сендіреді [169, 6-п.]. Екінші бір мәселе қоныс аударушылар арқылы патша үкіметі қазақ даласында өзінің сенімді тірегі қалыптастыруды ойластырды. Осы мақсатта қонысаударушыларды жаппай қаруландырған болатын. Дала генерал-губернаторы Е.О. Шмидттің П.А. Столыпінге жазған құпия хатында қазақ даласының шығыс бөліктеріне көптеп орналастыру қажет дей келе, оның себептерін шекараны күшейту міндетімен түсіндіреді. Ең бастысы қоныс аударған шаруаларды қазақ даласына қоныстандыру арқылы өлкенің табиғи байлықтарын игеру ісі дамудың келесі кезеңіне өтетіндігін атап өтеді [169, 7 п.].

Әрине патша үкіметінің Қазақстанға қоныс аудару саясатының отарлық мәні жоғары болды және ауыр демографиялық салдарының болуымен ерекшеленді. Демек патша үкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ даласының көп ұлттылық сипатын қалыптастырды. Қазақстанның көпұлтты елге айналуына түрткі болған қоныстандыру саясатының отарлық мәні жоғары. Өз жерінде азшылыққа айналған қазақтардың қоныс аударушылармен етене өмір сүруі орыстандыру мен христиандандыру саясатының нәтижелі жүруіне жағдай жасады. Орыс шаруаларының қазақ даласында шектен тыс көбеюі, олардың шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс өз кезегінде орыс тілінің қоғамдағы орнын айқындады. Күнделікті өмірде қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы байланыстар белсенді жүрді. Жергілікті басқармалар, білім ошақтарымен қатар, ұйымдастырылатын жәрмеңкелер арқылы қазақтар мен қоныс аударушылар белсенді байланысқа түсті. Бұл өз кезегінде патшалық биліктің орыстандыру саясатын сәтті жүргізуі үшін маңызды болды. Демек демографиялық сипаттағы өзгерістер қазақ даласындағы жергілікті халықтың сандық үлесінің азайып, қазақ мүддесі мен қызығушылығына қарама-қарсы болды және оның отарлық мәні айқын сезілді деп айтуға толық негіз бар.

Қоныс аударушылар қазақ даласындағы халық құрамын қаншалықты өзгертті деген мәселені анықтамас бұрын жергілікті халықтың сандық үлес салмағын анықтаудың қажеттілігі туындайды. Ресми жүргізілген 1897 жылғы халық санағына дейінгі мәліметтер толыққанды емес. XIX ғасырдағы қазақ халқының жалпы санын анықтау мәселесі ғылыми қауымдастық тарапынан қызығушылық тудырып келеді. Деректің жоқтығы салдарынан мәселеге қатысты

нақты тұжырым жасаудың мүмкіндігі жоқ. Ең алғашқы қазақ халқының саны туралы ақпараттарды А.И. Левшин беруге тырысады. Автор да қазақтардың саны туралы бар мәліметтердің өзі нақты емес екендігіне мән берген. 1830 жылғы мәліметтерге қарағанда қазақтардың жалпы саны 500 отбасы болған дей келе, бір отбасында бес-алты адамнан болғанда шартты түрде 2,5 миллион немесе 3 миллион адамды құрайтындығы туралы мәліметтер келтіреді. А.И. Левшин Ұлы жүз қазақтарының саны 500 мың астам, Орта жүз қазақтары 1 360 000 адам, Кіші жүз қазақтарының шартты саны 1 100 000 астам адам болғандығын да нақтылай түседі [170, с. 288].

Я.П. Гавердовский өзінің еңбегінде XIX ғасырдың басында қазақ халқының жалпы саны туралы берген мәліметтеріне қарағанда Ұлы жүз қазақтарының жалпы саны 70 мың отбасы, Орта жүзде 169400 отбасы және кіші жүзде 169500 отбасы бар өмір сүрген [171, с. 406]. Негізінен XIX ғасырдың өзінде қазақ халқының саны турасындағы мәліметтерді Ш. Уәлихановтың да еңбектерінен байқаймыз. Ш. Уәлиханов та қазақтардың нақты санын анықтау ісінің қиындығына мән береді. Дегенмен қолда бар мәліметтердің негізінде Ш. Уәлиханов қазақтардың саны 1,5 миллион адам болған деген пікір білдіреді. Демек 1897 жылға дейінгі қазақ халқының саны жөнінде пікір білдірген авторлардың келтірген мәліметтерінен біз нақты тұжырым жасаудың қиындығын алға тартамыз. Ресми санақ өткенге дейінгі мәліметтер негізінен халықтың санына емес, үйлердің санына арналған. Өйткені жүргізілген әкімшілік реформалардың қорытындыларына сай, жиналатын салық үйлерге салынып, түтін салығы деп аталды. Сондықтан да адам санын емес, түтіннің немесе үйлердің санын анықтауға бағытталған мәліметтерді басшылыққа ала отырып, адам санын тек шартты түрде ғана анықтауға мүмкіндіктер бар. Салыстырмалы түрде алғанда 1897 жылы жүргізілген санақты толыққанды деп есептеуге болады. Аталған санақ қорытындысы да қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан қызу талқыға түсуде. Өйткені санақ барысында халықтың ұлттық құрамына көп мән беріле қоймаған. Жетісу облысындағы жекелеген уездерде қазақтардың саны қырғыздармен қоса беріліп те кеткендері кездескен. Дегенмен зерттеушілер тілдік ерекшеліктері туралы мәліметтер арқылы олардың қай ұлтқа тиесілі екендігін ажыратады. Нәтижесінде зерттеуші Н.Э. Масанов бастаған зерттеушілер 1897 жылғы санақ қорытындысы бойынша қазақтардың жалпы саны 3 миллион 392 мың адамды құраған деген мәлімет береді [172, с. 476-478]. Бұл пікірді зерттеуші В.В. Козина да қолдап, 1897 жылғы санақ бойынша қазақ даласындағы халықтардың жалпы саны 4 миллион 333 мыңнан астам адамды құрады деген мәліметтер береді. Зерттеуші халықтың 3 миллион 882 мыңы ауылды жерде тұратындығын анықтаған. Халықтың 3 миллион 392 мыңнан астамы қазақтар, 454 мыңы орыстар, 79,5 мыңы украиндықтар, 55 мыңнан астамы татарлар, 55,8 мыңы ұйғырлар, 29,5 мыңы өзбектер және тағы да басқа ұлттар болғандығын атап өтеді [173, с. 28-29]. Зерттеуші Н.Л. Краснобаева өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында 1897 жылғы санақ қорытындысы бойынша Қазақстандағы халықтардың саны 4 миллион 931 мың адамды құрайды деген мәліметтер береді [174, с. 10]. Зерттеушінің бұл пікірімен де санасуға болады. Жалпы қазан революциясына дейін Қазақстанның әкімшілік бөлінісі түбегейлі

өзгеріссіз болды. Тек Батыс-Сібір және Орынбор генерал-губернаторлығы Дала генерал-губернаторлығына біріккенімен, территориялық бөліністер үлкен өзгерістерге ұшырамады. 1897 жылғы ресми санақ қорытындылары жарияланған бірнеше кітаптан тұратын жинақта әр облыс бойынша халық саны ашық көрсетілді. Жалпы 1897 жылғы санақ өз алдына бірегей оқиға болды. Патшалық Ресей аумағында жүргізілген алғашқы санақтың қорытындылары XX ғасырдың басынан бастап белсенді түрде жариялана бастады. Жалпы жиыны 117 том көлемінде жарық көрген жинақтың бірқатар Қазақстан аумағындағы облыстардағы халықтың құрамы мен санына арналған. Жинақтағы статистикалық мәліметтер өзектілігімен ерекшеленеді. Өйткені санақ барысында тек халықтың саны ғана емес, ұлттық құрамы, сенімі, қолданыстағы тілі, діни сенімі, сауаттылығы сияқты маңызды мәселелерді айқындайды. Облыс көлемінде ғана емес, қала мен уездердің тұрғындарын жеке қарастырады. Осы бағыттағы статистикалық мәліметтер әлі де болса ғылыми айналымға толыққанды қосылмаған. Әрине XIX ғасырдың соңындағы Қазақстанның тұрғындары туралы ресми мәліметтерді алғаш беретін маңызды құжаттың өзіне тән кемшіліктері де болды. Мысалы санақ барысында адамдарды ұлттық белгісі бойынша анықтау әрекеттері жасалған жоқ. Халықтарды ұлттық белгісі бойынша емес, тілдік ерекшеліктеріне байланысты жіктеді. Қазақтардың шаруашылық жүргізуі, үнемі көшіп-қонып жүруі де қиындықтар туғызды. Көптеген адамдар санақтан жалтарып немесе отбасы мүшелері, балалар саны туралы ақпараттарды шынайы беруге тырыспады. Нәтижесінде қазақтардың үлес салмағы әсіресе Семей, Торғай өлкелерінде байқалған. Қоныс аударушылар Дала генерал-губернаторлығы территориясына көптеп келгендігіне қарамастан Семей өлкесіндегі қазақтардың үлес салмағы 90,6% құраса, Торғай өңіріндегі қазақтардың үлесі 88,3% болды [175, с.38-39]. Орыстардың үлес салмағы әсіресе Ақмола және Орал облыстарында ерекше байқалды. Ақмола облысы аумағына орыс шаруаларының келуіне қатысты Т. Шонанұлы өзінің еңбегінде бірқатар мәліметтер келтіреді. Мысалы Ақмола облысы аумағына алғашқы орыс шаруаларының алғаш қоныстана бастағанын дәл анықтау қиын екендігін атап өтіп, 1866 жылы облыс аумағында орыс елді мекендері пайда бола бастағандығы туралы мәліметтер келтіреді. 1879 жылы патша үкіметі ресми түрде облыс аумағына көшуге рұқсат бергендігін көрсетеді. Осыған дейін пайда болған 317 орыс елді-мекені аз жылдың ішінде күрт өседі. Т. Шонанұлы оның себебін орыс шаруалары арасында тараған «лақап хабар» деп түсіндіреді. Көп әрі тегін жерлердің берілетіндігі кеңінен тараған соң, қазақ даласына орыс шаруалары да белсенді қоныс аудара бастаған. Т. Шонанұлы орыс шаруалары алғаш қоныстанған Көкшетау және Қызылжар аумағы екендігін айта келе, мұндағы орыс шаруаларының сандық құрамы әр жылдары қаншалықты өзгергендігін анықтаған. 1860-1881 жылдар аралығындағы халық санындағы өзгерістерге мән бере отырып, 1860-1875 жылдар аралығында бар болғаны 30 үй немесе 150 адам ғана болса, 1876-1878 жылдар аралығында 287 үй немесе 1700 адамға көбейгендігі туралы мәліметтер береді. 1879-1881 жылдары 304 үй немесе 1800 адамға өскен [15, 137 б.]. Халықтың тығыздығы әсіресе Оңтүстік аудандарда байқалды. Жоғарыда атап өткеніміздей халықтың 90,4% ауылды жерде тұрса, тек

9,6% ғана қалада өмір сүрді. Санақ нәтижелеріне мән беретін болсақ, Қазақстанның барлық облыстарында моноэтностық белгілер сақталмады. Түрлі ұлттардың шоғырлануы, ұлттық құрамның біртекті болмауы ең алдымен патша үкіметінің отарлық сипаттағы қоныстандыру саясатымен тығыз байланысты болды. Алпыстан астам ұлттардың басын қосқанымен, қазақ даласында екі негізгі ұлттың басымдылығы байқалды. Қазақтардың үлес салмағы 74% құраса, орыс халқының үлесі 13% болды. Қазақстанның барлық облыстарында қазақтардың үлес салмағы жоғары болды. Тек қана Ақмола облысында ғана қазақтардың үлесі 62,6%-ды құрап, салыстырмалы түрде алғанда төмен саналды [176, с. 50-51]. Сол сияқты Орал облысы да Ақмоладан кейін орыс халқы көптеп шоғырланған аумаққа жатты. Әрине салыстырмалы түрде алғанда түрде алғанда қазақтардың үлес салмағы жоғары болды. Мысалы облыс аумағында қазақ тілді халық саны 460173 болса, орыс тілді халықтың саны 163910-ды құраған. 1897 жылғы санақ бойынша қазақ жеріндегі орыстардың саны 633311 адамды құрады. Бұл жалпы халық санының 13% еді. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты нәтижесінде олардың саны XIX ғасырдың соңына қарай өсе түскендігін байқаймыз. Мысалы Қазақстанның батыс өңіріндегі халықтың 25,4% орыс халқының үлесіне тиді. XIX ғасырдың соңына қарай біз жоғарыда атап өткен орыстар көптеп шоғырланған облыс аумағындағы орыстардың саны өсе түсті. Қазақстанның солтүстік аудандарындағы орыстардың саны 23% құраса, Ақмола облысындағы орыстардың үлесі 33% болды. Салыстырмалы түрде алғанда қазақтар көп шоғырланған Торғай жеріндегі орыстардың үлесі 7%-ға жуық болды. Біз жоғарыда қоныстандыру саясатының негізгі мақсаттарының бірі қазақ жерінің табиғи байлығын игеру болғандығын атап өттік. Демек қоныстандыру саясатының нәтижесінде өнеркәсіп орындарының дамуы орын алып, нәтижесінде қала тұрғындарының саны бірқатар облыстарда өсе түсті. Орал, Ақмола, Торғай жерлерімен қатар, Жетісу облысындағы қала тұрғындарының саны артты. Қала тұрғындарының арасында негізінен орыс және татар ұлтының үлес салмағы жоғары болды [177, с. 39-57]. Патша үкіметі қазақ даласына келуі тиіс шаруалардың мүмкін болған шегін толықтай орындаған соң, уақытша қоныс аударуға тыйым салды. Жер тапшылығын сезінген шаруалар қазақ жеріне заңсыз көше бастады. Жетісу облысына әр жылы 1375 отбасын орналастыру көзделген болатын. 1882 жылы 1718 отбасы артығымен орналастырылды [178, с. 3]. XX ғасыр басында бекітілген жоспардан асып кеткендіктен қоныс аударушылар заңсыз келе бастады. 1903 жылы 17 мың қоныс аударушы заңсыз келсе, бұл көрсеткіш 1904 жылы 23 мыңға өскен. Осылайша мемлекеттің ұйымдастыруы және шаруалардың өз белсенділігі нәтижесінде қазақ даласына шаруалар көптеп келе бастады. Қарастырып отырған жылдары Қазақстан аумағында тек қазақ және орыс халқы ғана болған жоқ. Өзге ұлттардың басым көпшілігі патша үкіметінің қоныстандыру саясаты нәтижесінде келе қойған жоқ. Дегенмен осы жылдардағы көші-қон саясаты және қазақ халқының мүддесін ескермеу нәтижесінде Қазақстанның көпұлтты сипаты қалыптасты. Қазақ халқының мүддесінің ескерілмеуі ең алдымен қазақтар иеленген жерлерді мемлекеттік меншік деп танып, қоныс аударушылардың пайдасына алып беруден көрінді. XX ғасырдың басына дейін қоныс

аударушылардың пайдасы үшін алынған жерлердің көлемі 40 миллион десятина жерді құрады. Ол жалпы Қазақстан жер аумағының 20% құрады. Әрине қоныс аударған орыс шаруаларының сандық көрсеткіштерінің жоғары болуы және олардың барлығы дерлік жермен қамтамасыз етілуі өз кезегінде жергілікті тұрғындар арасындағы жер тапшылығын тудырды. Ол турасында Алаш қайраткерлерінің бірі болған М. Есболұлы өзінің еңбегінде Түркістан облысы аумағында орыс шаруалары үшін 1900 мың десятина егістік жердің алынғандығы туралы мәліметтер береді. Сонымен қатар осы жерлерде орыс шаруаларының 950 шамасында елді-мекендері пайда болған. Сөзсіз аталған жерлер қазақтардың пайдаланып отырған жері болғандығын ескерсек, жергілікті халық арасындағы жер тапшылығының көлемін де топшылауға болады. Сонымен қатар М. Есболұлы келтірген Түркістан халқының ұлттық құрамы туралы мәліметтері де жергілікті халықтың үлес салмағының жоғары болғандығын дәлелдейді. Түркістандағы жүз адамның 8-і орыс шаруасы болды дей келе, олардың иеленіп отырған жер көлемі жергілікті халықтан 15 есе көп екендігін көрсетеді [179, 11 б.]. XIX ғасырдың аяғы және XX ғасыр басындағы Түркістан облысындағы орыс шаруаларының көптеп жер иеленіп, дәстүрлі шаруашылықты тығырыққа тіреу әрекеттері бүтіндей қазақ өлкесіне тән болғаны анық еді. XX ғасырдың басында, Столыпин аграрлық реформасы нәтижесінде қоныс аударушылардың саны тіпті көбейе түскендігін ескерсек, қазақтардан тартып алынған жер көлемі де ұлғайды. Алайда XX ғасырдың басында қазақтар азшылықты құрайтын ұлтқа айнала бастады. Әрине бұл жылдары қазақтар механикалық жолмен болмаса да, табиғи жолмен өскендігін байқаймыз. Мысалы жекелеген зерттеушілер 1870 жылы қазақтардың жалпы саны 2 миллион 596 мың адам болған деп көрсетеді [180, с. 117]. Сонымен қатар халықтардың табиғи өсімі де жоғары болды. XIX ғасырдағы барлық отбасыларға тән ерекшелік бала туу көрсеткіштерінің жоғары болуында еді. Өмір сапасының төмендігі мен медициналық қолдаудың тиісті дәрежеде болмауы салдарынан өлім көрсеткіштері де жоғары болды. Сондықтан халықтардың табиғи өсімі өзінің қарқындылығымен ерекшелене алмады. Демек халық өсімі көп жағдайда патша үкіметінің қоныстандыру саясатының нәтижесінде орын алып отырды. Қазақ даласында келген қоныс аударушылар негізінен Ресейдің оңтүстік аудандары мен басым көпшілігі Украина жерінен болды. XX ғасыр басында келген қоныс аударушылардың 83%-дан астамы Украина және 17%-ға жуығы Ресейдің оңтүстік аудандарынан келді. XX ғасыр басында табиғи өсім емес, көші-қон саясатының нәтижесінде 1301,4 мың адам келді. Бұл патшалық Ресейден жан-жаққа қоныс аударғандардың 24,9% құрады [173, с. 31]. Демек бұл жайтты патшалық Ресейдің көші-қон саясаты арқылы отарлауды көздеген деп бағалауға толықтай негіз бар. Осылайша әскери-казактарды қазақ даласына орналастырудан басталған саясат шаруалардың қоныс аударуына жалғасты. Екеуінің отарлық сипаты басым болды. XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің бірі М. Тынышпаев 1897 жылғы халық санағының қорытындыларына қатысты және 1917 жылға қарай қазақ даласындағы демографиялық ахуалды сипаттай келе, әр уездер бойынша өзіндік статистикалық мәліметтер келтіреді. Нәтижесінде М. Тынышпаевтың есебі

бойынша қазақтардың саны 2 миллион 910 мың адамды құраған. М. Тынышпаев Семей, Орал, Ақмола, Торғай облыстары мен Бөкей Ордасы және Адай уезі қазақтарының ғана сандық көрсеткіштеріне тоқталған [19, с. 61]. М. Тынышпаевтың қазақ халқының саны мен оның этникалық құрамын анықтаудағы еңбегі зор. Дегенмен бұл ретте мән беретін мәселе М. Тынышпаевтың патша үкіметінің қоныс аудару саясаты арқылы өзінің отарлық саясатын жүргізу ерекшеліктерін нақты ашады. Мысалы өзінің «История казахского народа» атты еңбегінде патша үкіметінің алдымен әкімшілік басқаруындағы кемшіліктерді атайды. Бүкіл қазақ даласы өз алдына жеке генерал-губернаторлықтарға бағынып, қазақтар үшін қолайсыз жағдайлар тудырғанын көрсетеді. Мысалы Орал және Торғай, Ақмола мен Семей облыстары жеке генерал-губернаторға бағынумен қатар, ортақ генерал-губернаторға тағы да бағынады. Сырдария, Жетісу облыстарында да жеке генерал-губернатор билігі болса, Торғай, Орал және Далалық өлке ішкі істер министрлігінің, Түркістан өлкесі әскери министрліктің иелігінде қалып отырғандығына назар аударады. Қазақ халқы тек қана экономикалық қана емес, рухани отарлаудың зардаптарын көргені рас. М. Тынышпаев ол турасында мешіттер мен медреселердің жабылуы, діни кітаптардың тәркіленуі, Інжілдің қазақша нұсқасын тарату, алудан бас тартқандарды Сібірге жер аудару, оқу орындарында орыс тілін оқыту, христиан дінін қабылдамағандарды жіппен басын тарту сынды адам ары мен намысын таптайтын жазалау түрлері кеңінен қолданғандығы туралы мәліметтер береді. Қоныс аударушылар ісіне қатысты патша шенеуніктері қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып қана қоймай, алынған жерден орыс шаруалары бас тартып, кейін көшкенімен, жер иеліктері қайтарылмаған. Мал басы кеміп, шаруашылық тұралау орын алған. М. Тынышпаев қазақтар аштыққа ұшырап, құрып кетудің алдында тұрған башқұрттардың күйін кешуде деп көрсетті. М. Тынышпаев қазақтарға деген мұндай саясаттың мәнін қазақтарды орыстандырып, ұлт ретінде жою, қазақтарды құқықсыз тобырға айналдыру, жерлерін тартып алып, ашық қыруды жоспарлауымен түсіндіреді. Тіпті Орынбор губернатор Барабаш, Торғай губернаторы Ломачевский, миссионер Васильев, архирей Левицкий қазақ балаларын ұрлауды жүзеге асырып, оларды православ деп жариялап отырған. Өз құқығын талап еткен қазақтар барынша қудаланып, өз мүшкіл жағдайларын айтқызбау үшін ешбір жиындарға жіберілмеген. Сондықтан М. Тынышпаев мұндай билікке толық сенімсіздік білдірді [18, с. 15-20]. Т. Шонанұлы 1896-1905 жылдар аралығында орыс шаруалары көптеп қоныстанған облыстардағы сандық көрсеткіштер туралы төмендегідей мәліметтер береді. Ақмола облысы бойынша көшіп келген орыс шаруаларының саны 163033 адамды құраған. Ал 1897 жылы өткен санақтың қорытындысына сай қазақ даласында орыс халқының үлес салмағы анағұрлым өсе түскендігі байқалады.

Негізінен қазақ даласына келген орыс шаруаларының барлығы дерлік сіңісіп кете алған жоқ. Мысалы XX ғасыр басына дейін қоныс аударған шаруалардың 13617-і кері көшкен. Ең көп кері көші-қон үдерісі Ақмола облысынан байқалған. 1900 жылы облыс аумағынан 11694 адам кері көшкен болатын. Зерттеуші Дж. Демко оның басты себебі ретінде қолайсыз климаттық

жағдай, ормандардың аздығы, көшуге рұқсаттың болмауы, үй салып, жер өңдеуге қаржының жетіспеуі деп көрсетеді [181, 64-73 б.]. Қазақ жеріне қоныстанған орыс шаруаларының басым көпшілігі өздеріне алған жерлерге ұқыпсыз қарап, оның жарамдылығына үлкен зиянын тигізді. Тіпті алған жерлерін пайдаланбай отырған шаруалар да көптеп табылды. Бұл жер тапшылығын сезінген қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына да кері әсер етті. Осы ретте бір атап өтетін жайт, патша шенеуніктері арасында қазақтардың шаруашылық күйреуін қаламаған шенеуніктері де болған. Мысалы 1874 жылы генерал Г.А. Колпаковский қоныс аударушылар пайдаланбай отырған жерлерді қазақтарға қайтарып береді. Қазақтарға қайтарылған жерлердің көлемі он мың десятина жерді құраған [182, 28 б.]. Біздің пікірімізше мұндай шенеуніктер азшылықты құрады. Керісінше қазақ халқының мүддесіне қарсы бұйрық шығарып, қоныс аударушылардың пайдасын ойлаған шенеуніктер көптеп саналды. Ол турасында М. Есболұлы өзінің еңбегінде орыс шаруаларына жер бөліп беру ісінде қазақтардың қажеттілігін ескеруді қалаған және қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына кері әсер ететіндей жерді тартып алуға қарсы болған шенеуніктер де болғандығын атап өтеді.

Кеңестік тарихнамада патша үкіметінің қоныстандыру саясаты және оның дәстүрлі қазақ қоғамына әсері көп жағдайда оң нәтиже тұрғысынан бағаланды. Тек еліміздің егемендік алуы және ғылыми-зерттеу жұмыстары қандай да бір идеологияның әсерінен құтылған соң ғана қоныстандыру саясатының теріс жақтарына, оның отарлық астары мен демографиялық сипаттағы салдарына ерекше мән беруге мүмкіндіктер алды.

Деректер мен іргелі еңбектер, негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарын сараптай келе, XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы патша үкіметінің қоныс аудару саясаты нәтижесінде полиэтносты Қазақстанның негіздері қалыптасты. XIX ғасырдың соңында Қазақстан аумағына қоныс аудару саясатының негізінде көшіп келген ұлттардың басым көпшілігі славян халықтары болды. Қарастырып отырған кезеңдегі халық құрамындағы сандық өзгерістер де табиғи және механикалық өсім нәтижесінде орын алып отырды. Қоныстандыру саясаты барысында Қазақстан аумағына украиндықтар, малоросс атанған Ресейдің оңтүстік-батысындағы шаруалар, орыстар мен Саратов, Самара губернияларынан немістер, Тамбов губерниясынан мордвалар және аздаған татарлар көшіп келді. Әрине осы аталған ұлттардың ішінде сан жағынан басым болғаны орыс шаруалары еді [183, с. 332]. Патша үкіметінің саяси және әлеуметтік-экономикалық ұстанымдарына сай ұлттардың демографиялық тұрғыдан үстемдік етуі айқындалып отырды. Салыстырмалы түрде алғанда қазақ халқының өсімі тек табиғи жолмен ғана жүрді. Керісінше славян халықтары механикалық өсім негізінде көбейіп отырды. Демек славян халықтарының өсімі табиғи және механикалық жолмен жүзеге асса, қазақтар тек табиғи өсім негізінде көбейді. Қазақтардың өсімінде көші-қон үдерісінің оң сальдосы байқалмады. Бұл алдымен қоныстандыру саясатының белсенділігімен тікелей байланысты. Мысалы алғашында жер тапшылығын шешу үшін қазақ жеріне шаруаларды көшіру үшін түрлі жеңілдіктер бергендігін атап өттік. 1883 жылы отырықшы халықтарды жермен қамтамасыз ету және орналастыру туралы Ереже шыққан

болатын. Аталған ереже қоныс аударушылар үшін берілетін жеңілдіктерді шектеді. Алайда бұл шектеу қазақ даласына көшіп келуші шаруалардың үлкен толқынын тоқтата алмады. Ішкі істер министрлігінің рұқсатынсыз келген шаруалар қайта кері көшірілуі керек болғанымен, ол жүзеге аспады. Өйткені қоныс аударушылардың көлемі үлкен болды. Үкімет органдары ереже талаптарын жүзеге асыруға қауқарсыз болып шықты. Үкімет органдары өз еркімен қоныс аударған шаруалардың бұл әрекетімен тек санасуға мәжбүр болды. Алғашқы уақытта осыған дейін орналасып алған шаруаларды жағалап, кейіннен қазақтардың жерлерін тартып алып отырды. ХХ ғасыр басында қазақтардың «артық жерлерін» анықтау комиссиясында жұмыс жасаған П.П. Румянцев келтірген статистикалық мәліметтерге қарағанда Жетісу жеріне көшіп келген қоныс аударушылардың 35% заңсыз, өздері көшіп келгендер еді. П.П. Румянцев қоныс аударушылар пошта қызметі іске қосылған жол бойларында орналасқандықтан, жол бойымен келе жатқан саяхатшылар Ресей жерінде келе жатқандай әсер алады деген болатын [91, с. 214]. Г.А. Колпаковскийдің қызметі нәтижесінде 1868-1882 жылдар аралығында Жетісу жерінде қоныс аударушылардың 29 елді-мекендері пайда болған еді. Лепсі, Верный уездерінде ерекше белсенділік байқалды. Мұның өзі қоныс аудару саясатының демографиялық ахуалға кері әсер етіп, орыстандыру бағытындағы белсенді жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Бір ескеретін жайттардың бірі – қоныс аударған шаруалар шұрайлы жерлер, өзен-көлдердің жағаларымен қатар, барынша қалалы жерлерге орналастырылды. Мұндағы мақсат орыс шаруаларын сауда-өнеркәсіп салаларының дамуына қол жеткізу болды. Керісінше қазақтар ауылды жерлерде қалдырылып, мал шаруашылығының айналысына топтастырылды. Қалаға көшкен қазақтар болса, өндіріс орындарының ең ауыр және жалақысы төмен жұмыстарға орналастырылды. Мұның өзі қоныстандыру саясаты нәтижесінде келген халықтарды жергілікті қазақтарға қарағанда жоғары екендігін көрсетті.

Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты Ресейге шекаралас аудандарға тікелей бағытталды. Дала генерал-губернаторлығы құрамына кірген солтүстік аудандарға қоныс аударушылар көптеп орналастырылды. Бұл өз кезегінде патша үкіметінің орыстандыру және христиандыру саясатының аталған аумақтарда белсенді әрі нәтижелі жүруіне түрткі болды. Патша үкіметінің қарастырып отырған жылдары отарлық саясаты қоныстандыру арқылы әлеуметтік салаға да тереңірек әсер етті. Аталған мәселе диссертациялық жұмысымыздың келесі тараушасына негіз болады.

Сонымен тарихи деректер мен іргелі еңбектер, кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарында көтерілген мәселелер мен келтірілген тарихи жайттарды басшылыққа ала отырып, біз төмендегідей қорытындыға келдік:

- Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты маңызды екі міндетті шешуге бағытталды. Оның бірі – Ресейдегі жер тапшылығын шешу болса, екіншісі – қоныстандыру саясаты арқылы отарлық саясатты күшейтумен тығыз байланысты болды;

- Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты арқылы Қазақстан территориясына орыс, украиндар, малоросстар мен немістер, мордвалар мен

татарлар келді. Нәтижесінде Қазақстанды полиэтносты мемлекет ретінде қалыптастырып, көшірілген шаруалар арқылы патша үкіметі өзінің отарлық жүйесінің сенімді тірегін қалыптастырды;

- Қазақстан аумағындағы қазақтардың сандық көрсеткіштері табиғи жолмен жүзеге асса, қоныс аударушылар табиғи және ең бастысы механикалық жолмен көбейді. Демек қоныс аудару толқыны жыл өткен сайын қазақтардың үлес салмағын белсенді түрде азайтты және біртіндеп ұлттық мүдденің ескерілмеуіне алып келді;

- Патша үкіметі тікелей қоныс аударуға қатысты ережелерінен бөлек, саяси-экономикалық және әлеуметтік саладағы бастамалары отарлық саясатты күшейтіп, ұлттық құндылықтар мен мүдденің ескерілмеуіне жағдай жасап отырды және болса да орыстандыру саясатының тереңдей түсуіне негіз қалап берді.

2.2 XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын орыстандырудың әлеуметтік және саяси өмірдегі негізгі шаралары

Қазақстанды патшалық Ресей жаулап алғаннан кейін, дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және экономикалық өміріне белсенді араласып, түбегейлі өзгерістерді енгізді. Мұндай өзгерістердің астарында қазақ халқының рухани өміріне араласу міндетін байқаймыз. Қазақтардың сан жылдар бойына қалыптасқан дүниетанымы мен рухани негіздерін күштеп өзгертіп, орыстандыру саясатына ыңғайластырды. Орыстандыру саясаты тек қана орыс тілінің ғана үстемдігін орнатумен шектелмеді. Діни сенімдері христиан дініне байланып, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы да орыс халқына жақындастыру ісі көзделді. Әрине кез-келген отарлаушы ел өзіне бағынышты отар мемлекеттің рухани тұрғыдан күшті болып, үнемі бодандықтан құтылу үшін азаттық күрес жүргізуін қаламайды. Сол себепті де өздерімен бірдей көзқарас пен ұстанымда болуы аса маңызды еді. Орыстандыру саясатын жүргізудің мәні мен мақсаты да осында жатыр. Патша үкіметі қазақ жеріндегі орыстандыру саясатын жүргізу үшін өзінің сенімді тірегін қалыптастыруды мақсат етті. Бұл тірек орыс тілін жетік меңгерген әрі патша үкіметіне адал қызмет ететін қазақтарды тәрбиелеуден басталуы керек еді. Орыс-түземдік мектептерді аша отырып, қазақтар арасында орыс мүддесіне қызмет ететін әлеуметтік топ қалыптастыру міндеті белгілі бір дәрежеде іске асты деп те айта аламыз. Қазақтар арасынан орыс мүддесіне адал қызмет ететін топты қалыптастыру көп артықшылық беретін еді. Ең біріншіден қазақтың оқығандары арқылы қазақ халқын басқарудың тиімділігі. Екіншіден қазақтардың арасынан орыс тілін еркін меңгерген адамдарды тәрбиелеу өзге қазақтарға жақсы өмір сүру мен өзге де құқықты иеленудің мүмкіндігінің бар екендігін көрсету. Үшіншіден орыс шенеуніктерінің жұмысын жеңілдету. Қазақ даласын отарлау және орыстандыру саясатының басында тұрған шенеуніктердің қазақ тілін білмегендігін ескерсек, үшінші міндет тәжірибе жүзінде іске асты деп айтуға негіз бар. Патша шенеуніктері қазақ халқының тілі мен дәстүрін, дүниетанымы мен сенімі туралы ақпаратты зерттеп білу арқылы қазақтар арасында орыстандыру саясатын тиімді жүргізудің жолдарын анықтауды мақсат етпеді.

Сондықтан да XX ғасыр басындағы орыстандыру саясаты үркіту мен қорқыту, қудалау сияқты жабайы тәсілдерге негізделді.

XX ғасыр басында қазақ даласында орыстандыру саясатының күшеюіне түрткі болған жайттардың бірі XIX ғасырдың II жартысынан бастап Ресей империясындағы орыс емес ұлт өкілдерін рухани отарлаудың арнайы бағдарламасы мен жоспарының қабылдануы десек қате болмас. 1869 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Өзге ұлттарға білім беру мәселесіне қатысты құжаттар мен мақалалар жинағында» [184] Еуропалық Ресейдің шеткері аймақтарында татар мұсылмандарының ықпалы орыс христиандарынан жоғары екендігі айтылады. Татар мұсылмандары өздеріне дін туыстарының барлығын өз ықпалына алуда. Сондықтан орыс емес ұлттардың татар мұсылмандарының надандығынан қорғап, орыс-христиан негізіндегі ағарту жұмыстары отар аймақтарда берік орнығуы тиіс деп көрсетеді. Бұл мәселеде ешқандай пікір-талас болмауы тиіс деп атап өтеді. Орыс миссионерлері Ресей империясы сынды мемлекетте сан жағынан және мәдениетінің алға дамуымен ерекшеленетін орыс дүниетанымы үстемдік етуі тиіс деп санады. Мұндай маңызды міндеттерді жүзеге асыруда шіркеу мен мектептерге үлкен жауапкершілік артылды. Ашылатын мектептердің басты мақсаты – бұратана халықтардың балаларын христиан дініне кіргізіп, орыстандыру болуы тиіс деп анық көрсетеді. Әрине бұратана халықтарды орыстандыру саясатында ерекше роль атқарған адамдардың бірі Қазан университетінің профессоры Н.И. Ильминский болған. Оның көмекшілерінің бірі, шоқынған татар В.Т. Золотницкий болды. Бұратана халықтарды орыстандыруда мән беретін жайттарға қатысты В.Т. Золотницкий мынандай пікір білдіреді: «Бұратаналарды орыс халқымен берік біріктіру үшін тек орыс тілін үйрету аздық етеді. Оларды христиан дініне тарту қажет. Тіл мен діннен кейін бұратаналар орыс халқының адамгершілік құндылығының жоғары екендігін түсінуі керек» дейді [185, с. 6-10]. Міне осындай XIX ғасырдың II жартысынан басталған бастамалар XX ғасыр басында өзінің нақты нәтижелерін бере бастады. Қазақ балалары оқи бастаған орыс-түземдік мектептер мен күнделікті өмірде орыстандыру саясатының ықпалы анық сезілді. Тек орыс тілі мен христиан діні ғана емес, орыс халқының тұрмысы, заңдар мен өзге де орыс мәдениетінің құндылықтары терең насихатталды. Патша үкіметі орыстандыру саясатының нәтижелі болуы ең алдымен империя үшін пайдалы болатынын жақсы білді. Қазақ халқы толыққанды орыстануы арқылы ғана алып территорияға толыққанды иелік ету мүмкіндігінің жоғары болатынын да атап өтті.

XX ғасыр басындағы әлеуметтік-мәдени өмірдегі орыстандыру саясаты ең алдымен білім беру ісінен байқалды. Өз саясаттарын мектептер арқылы жүргізуде патша әкімшілігі төрт негізгі міндетті басшылыққа алды. Ол:

- Империяның білім беру ісіне қатысты құжаттары мен ережелері бұратана халықтарға арналған мектептерді тек орыстандыру саясатын жүргізуге ғана қолдану;

- Халыққа білім беру ісін орталықтандыру. Жергілікті басқару мен оның жергілікті халыққа білім беру күзіреттілігін шектеу;

- Білім беру ісінің артта қалуын жою. Халыққа білім беру мектептерін жалпыға міндетті етіп, оқуды тегін жүргізуге қол жеткізу;

- Бұратана мектептердегі жергілікті халықтың ана тіліне қарсы жорыққа шығу. Бұратана халықтардың ұлттық мәдени ерекшеліктеріне мән бермеу [186, с. 28-29].

Мектептер арқылы орыстандыру саясатын жүргізіп, орыс тілі мен христиан дінін енгізу ісі өте қолайлы еді. Өйткені дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жас балалар кез-келген жаңа мәліметтерді тез сіңіреді. Мектеп жасындағы балалардың діни түсініктері мен сенімдері де қалыптаса қоймағандығын ескерсек, жаңа дінге қызықтыра алудың да мүмкіндіктері жоғары. Дәстүрлі конфессионалды мектеп бітіріп үлгерген ересектерге орыс тілін үйрету мүмкін болғанымен, діни көзқарастарын өзгерту өте қиын еді. Сол себепті де патша үкіметінің шенеуніктері жасөспірім балаларға білім беру саласына ерекше назар аударуды талап етті. Мектеп арқылы орыс тілі мен христиан дінін насихаттау ісінің әсері баяу болғанымен, ең дұрыс бағыты сол болды. Осы жайтты ескерген миссионерлер мен патша әкімшілігі осы бағыттағы жұмыстарға үлкен мән берді. XIX ғасырдың II жартысынан басталған мұндай тәсіл XX ғасыр басында қазақ даласының барлық аймақтарын толыққанды қамтыды деп айтуға толық негіз бар. Атап өтетін маңызды жайттардың бірі – қазақтарды орыстандыру саясаты патша әкімшілігі үшін тың бағыт пен тәсіл болмады. Орыстандыру саясаты бойынша патша әкімшілігінің осыған дейін бай тәжірибесі жинақталды. Ресей империясы құрамындағы Еділ бойы мен Сібірдегі аз ұлттарды орыстандыру саясаты ертерек басталған болатын. Ол жерлердегі орыстандыру саясатының негізгі жетістіктері мектеп жұмысынан басталған. 1905 жылы Халыққа білім беру министрлігі шығыстағы бұратана халықтары үшін жаңа ереже бекітті. XIX ғасырдың 70-жылдарындағы Ильминскийдің тәсілдеріне өзгерістер енгізілді. Православтық-миссионерлік міндеттер ендігі кезекте бұратана халықтарды орыстармен жақындастыру міндетімен алмастырылды. Жаңа міндеттер пайда болғанымен, оған жетудің әдіс-тәсілдері өзгеріссіз қалдырылды. Ол тәсілдер ана тілінде сабақ өтуді шектеу, барлық пәндерді орыс тілінде оқытуға бағытталды [186, с. 19]. Арифметика сынды түсініксіз пәндерді түсінбейтін тілде оқыту әрине қиындық тудырды Сондықтан мұндай пәндер толыққанды игерілді деп айтуға негіз жоқ.

Мектептердегі орыстандыру элементтерінің кездесуі салдарынан қазақтар балаларын орыс-түземдік мектептерге сеніп тапсырып, білім алуына қарсы шыға бастады. XX ғасыр басында орыс-түземдік мектептерге балама ретінде «жаңа әдісті» мектептер пайда болып, жұмысын жасай бастаған. И. Гаспринскийдің «жаңа әдісті» мектептер сол жылдардағы зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін еді. Қазақтар тарапынан сұранысқа ие болуының себебі, бұл мектептер ислам дініне берік негізделді. Ресей имериясын мекен еткен түркі халықтарының арасында Исмаил Гаспринскийдің «жаңа әдісті» мектептері ерекше сұранысқа ие болды. Қазақ даласында «жаңа әдісті» мектептердің қазақ жерінде жұмыс істей бастауы қазақтарды дамыған Еуропалық білім негіздеріне жақындатты. И. Гаспринскийдің бастамасын XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары да ерекше қолдады. Мысалы «Айқап» журналының бас редакторы қызметін атқарған М. Сералин «жаңа әдісті» мектепті ойлап тапқан И. Гаспринскийді «Ресейдегі 20-

миллионнан астам халқының ұстазы» деп бағалаған болатын. Сөзсіз И. Гаспринскийге берілген бұл жоғары баға жаңа үлгідегі мектептердің қазақ балаларына берер пайдасының жоғары екендігін көрсетеді [187, с. 3]. М. Сералинмен қатар, өзге де ұлт қайраткерлері «жаңа әдісті» мектептердің ашылуын құптап, өзіндік пікірін білдіреді. М. Сералин редакторы болған «Айқап» журналының маңына жәдидші қайраткерлер топтасты. Олардың қатарында М. Шоқай мен Ж. Сейдалиндерді атауға болады.

Патша үкіметі орыстандыру саясатына кері әсер етіп отырған «жаңа әдісті» мектептермен қатар, дәстүрлі мектеп-медресе жұмыстарын шектеуге тырысты. Оның бірнеше себептері бар. Ең алдымен «жаңа әдісті» мектептер Еуропа деңгейінде мойындалған білім мазмұнына артықшылықтар берді. Сонымен қатар дәстүрлі мектеп-медреселер ислам дінінің құндылықтарына негізделді. Демек бұл аталған білім мекемелері орыс мәдениетінен алшақ жатты. Оған қоса «жаңа әдісті» мектептің авторы шетелдік және оқыту әдістемесі Ресей емес, Еуропа елдеріне тиесілі деп саналды. Орыстандыру саясатына сай білім беру мекемелерінде негізгі басымдылық орыс тіліне берілуі тиіс еді. Осы тұрғысынан келгенде де аталған мектептер талапқа сай болмай шықты. Аталған жайттарды басшылыққа ала отырып, бұл мекемелердің жұмыстары шектеле бастады.

Қазақтардың орыс-түземдік мектептерге көп сұраныс білдірмеуі білім беру үдерісіндегі орыс тілінің кеңінен қолданылуы болса керек. Тіпті жекелеген мектептерде қазақ тілінде сөйлеуге рұқсат бермеді. XX ғасыр басында ғана емес, жоғарыдағы тарауша барысында Ы. Алтынсариннің жазған хаттарында қазақ балаларына орыс тілінде сабақ беріп, христиан дінінің құндылықтарын оқымағаны үшін жазалау фактілерінің де орын алып отырғандығын атап өттік. 1913 жылдың желтоқсан айында Петроград қаласында өткен Бүкілресейлік халыққа білім беру съезінде бұратана халықтарды оқытуда ортағасырлық әдіс-тәсілдердің қолданылатыны туралы мәселе көтерді. Өз тілінде сөйлеген балаларға түскі ас берілмейтіндігі туралы мәліметтер береді. 1916 жылы шыққан бұратана халықтардың мектептері туралы мақалалар жинағында В. Зеленко «Что такое инородческая школа» атты мақаласын жариялайды. Мақала барысында «бұратана халықтың балалары орыс мектептеріне келгенде өзінің өмірін қайтадан бастауы тиіс. Оның бұрынғы өмірі келмеске кетті. Оған өзінің ана тілін қолдануға тыйым салынған. Мұндай балалар бекітілген ережеге сай лайықталуы тиіс» деп анық көрсетеді [188, с. 9]. Жергілікті қазақтардың орыс тілін үйрететін мектептерге қызығушылық танытпауының материалдық та астары бар сыңайлы. Өйткені орыс-түземдік мектептердің материалдық жағдайы ауыр еді. Салыстырмалы түрде алғанда империя бойынша білім беру ісіне бөлінетін қаржының көлеміне келетін болсақ, Мәскеу облысына бөлінетін қаражат 1 418 000 сомды құраса, Түркістан өлкесіне, оның ішінде қазақ-өзбек аумағында орыс-түземдік мектептерді ұстап тұру үшін бар-жоғы 253 000 сом қаражат қарастырылды [137, с. 90-94]. 1911 жылы өлкедегі орыс-түземдік мектептердің саны 89 шамасында болды. Орыс түземдік мектептер өзіне жүктелген орыстандыру саясатын белгілі бір дәрежеде ұйымдастырды. Төмен нәтижелер Түркістан өлкесінде тіркелген. М. Вирский өз кезегінде аталған өлкедегі орыс-түземдік мектепті тәмамдап шыққан түлектердің арасынан орысша оқып, жаза

алатындар өте аз, тіпті жоқ деген мәліметтер келтіреді. В.В. Бартольд өзінің еңбегінде мұсылман тұрғындары орыс-түземдік мектептерден пайда көрмеді. Мұндай мектептерде оқу мерзімі тым ұзақ болды. Сондықтан көптеген тұрғындар балаларының оқу тәмамдағанын күтпестен, оқудан шығарып алып отырған дейді. Сонымен қатар зерттеуші көптеген орыс-түземдік мектептердің мұғалімдері жергілікті халықтың тілін түсінбеді деп қорытындылайды [189, с. 134]. Орыс-түземдік мектептердің материалдық жағдайы ауыр болғанымен, сол жылдардағы мектеп-медреселердің де жағдайы жақсы болмады. Сол себепті де қазақтардың орыс-түземдік мектептерге қызығушылық танытпауын рухани себептермен байланыстырған дұрыс. Оған дәлел зерттеуші З.Т. Садвокасова келтірген дәйектер. Мысалы Мемлекеттік думаның депутаты Г.Х. Еникеев 1911 жылдың 7 мамырында сөз сөйлеп, халыққа білім беру саласын сынға алады. Өз сөзінде депутат Г.Х. Еникеев «Біз білім беруден алыстап, әсіре діншіл болып бара жатырмыз дегенді айтады. Осы жерде біз балаларымызды мектепке қуана-қуана жіберер едік. Егер де білім ана тіліміз және дінімізге жақындастырылып берілсе. Өкінішке орай мектептер біздің діни, этнографиялық және тұрмыстық ерекшеліктерімізге қол сұғуда» деген мәліметтер келтіреді. Осы сынды қазақтар да орыс-түземдік мектептерде білім алумен қатар, балалар ұлтқа тән ерекшеліктерін жоғалтып, орыстана түседі деп санаған. Біздің пікірімізше қазақтардың орыс-түземдік мектептерге балаларын бермеуінің басты себебі де осында жатыр.

1905 жылы екі жылдық орыс-түземдік училищелер ашылады. Мұндағы мақсат біз жоғарыда атап өткеніміздей орыс-түземдік мектептерді тәмамдаса да орыс тілін жетік меңгермеген түлектерді қайта оқыту. Орыс-түземдік училищелерде мектептегідей арифметика, география, тарих пен жаратылыстану сынды пәндер оқытылды. Тек бір ерекшелігі аталған пәндердің барлығы дерлік таза орыс тілінде оқытылды. Бұл өз кезегінде патшалық Ресейдің шығыстағы ықпалының тағы да күшейе түскендігі мен орыстандыру саясатының одан әрі жалғаса түскендігінің басты көрсеткіштерінің бірі болды. Сонымен қатар орыстандыру саясатында білім беру саласының маңызды рольге ие болғанын көрсетеді. Орыстандыру саясатын жүргізіп келе жатқан орыс-түземдік мектептерге деген сенімнің азаюы себепті отарлаушы үкімет өз ұстанымдарына өзгерістер енгізе бастағанын байқаймыз. Сонымен қатар бұратана халықтарға арналған мектептердегі мұғалім сол ұлттың өкілі немесе орыс болуы тиіс деген талап қойылды [190, с. 611]. Бұл әрине қазақтардың сол тұста кеңінен таралып жатқан «жаңа әдісті» мектептердің ықпалына түспеуіне бағытталды. Сонымен қатар пантүркішілдіктің қалыптасу мүмкіндіктері де жоғары еді. Сол себепті түркі елдерінен келген оқулықтар білім беру үдерісінде қолданыла бермеді. Қазақ даласында еңбек етіп жатқан Қазан татарларына қарсы қабылданған шара елеулі болғанымен, жәдидизм деп аталған «жаңа әдісті» мектептердің дамуын тоқтата алмады. Мектеп-медреселер жұмысына араласпау туралы айтылғанымен, бұл дәстүрлі білім беру мекемелері әлі де болса Халыққа білім беру министрлігінің қадағалуында қалдырылды. Әрине орыс-түземдік мектептерде ана тіліндегі оқу үдерісіне орыстандыру саясатын жүргізіп отырған шенеуніктер қарсы болды. Олардың алға тартқан уәждері қазақ тілінде

жекелеген пәндерді оқыту қиындық тудыратындығы және Ильминскийдің қазақ тілінен орыс тіліне өту әдісі де нәтижесін бермейді дегенге келді. Сол себепті Түркістан өлкесі бойынша педагогикалық кеңес мүшесі С.М. Гарменицкий бұратана халықтың мектептерінде сабақты бірден орыс тілінде жүргізу керек дей келе, ана тілінде сабақ беруге рұқсат берсек, басталған жұмыстың барлығы да зая кетеді деп санады. Училищелердің бас инспекторы болған Ф.М. Керенский де аталған ұстанымды қолдады. Сол себепті ұзақ талқылаудан соң, 1910-1911 жылдар аралығында кеңес жұмыстары бұратана халықтардың мектептері тек орыс тілінде жұмыс жасауы тиіс деген ережені қабылдады. Сонымен қатар мектеп мұғалімінің де жергілікті халықтың тілін білуі керек талап алынып тасталды.

Салыстырмалы түрде алғанда қазақ даласындағы орыс-түземдік мектептер орыстандыру саясатын толыққанды жүргізіп, нәтижелі жетістіктерге жете алмады. Мысалы қазақтар сынды орыстандыру саясатына қалмақ, чуваш және тағы да басқа ұлттар ілінген болатын. Ол ұлттарды орыстандыру саясаты XX ғасыр басында тіпті қатал жүргізілді. Егер де XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы орыс-түземдік мектептерде қандай да болмасын жазалау немесе христиан дінін насихаттау әрекеттері байқалса, ұлт зиялылары батыл сынап отырды. Өз кезегінде қалмақтарға арналған орыс мектептерінде тек орысша сөйлетіп, ана тілінде сөйлеген балаларға «қалмақ билеті» деп аталатын мойындарына жазба ілінді. Мұндай балаларға қатысты түрлі жазалау шаралары да қолданылып отырды. Дегенмен қазақ даласындағы орыс-түземдік мектептер қазақтарды орыстандыру жұмыстарының бай тәжірибесін қалыптастырып берді. Орыс-түземдік мектептердің жоғары нәтижеге қол жеткізе алмауының басты себептерінің бірі – Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның өлімінен кейін 1883-1908 жылдар аралығында тоғыз генерал-губернатор ауысты. Олардың әрқайсысы қазақ даласындағы орыс-түземдік мектептердің жұмысына әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдары болды. Демек орыстандыру бағытындағы жұмыстарда жүйелілік болмады. Оған қоса Дала және Түркістан генерал-губернаторлығы территориясын мекен еткен қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Үнемі көшіп-қонып жүргендіктен орыс-түземдік мектептердің жұмысын үздіксіз жүргізу тіпті мүмкін болмады. Маусымдық жұмыстар орыстандыру бағытындағы жұмыстардың толыққанды ете алмады. Қазақ даласының ауқымдылығы да осы бағыттағы жұмыстарға кедергісін келтірді. Орыс-түземдік мектептердің жұмысын қадағалау қиындығы байқалды. Мамандардың жетіспеушілігі де анық сезілді. Қазан революциясынан кейін де большевиктер үшін маман тапшылығын шешу маңызды мәселелер қатарына жатты. Қаржы тапшылығын да айтуға болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Ресейдің орталық аудандарымен салыстырғанда қазақ даласындағы орыс-түземдік мектептерді ұстап тұруға бөлінетін қаражат аз болды. Орыс-түземдік мектептерде оқытылатын пәндердің құрамы да көп өзгеріске ұшырады. Зайырлы білім беру жүйесі мен мұсылмандық білім беру шарттарын бір оқу бағдарламасына енгізу ісі орыстандыру бағытындағы жұмыстардың кеңінен жүруіне кері әсер етті. Оқу сапасы да тиісті дәрежеде қадағалана қоймады. Рас белгілі бір дәрежеде орыс-түземдік мектептерге қазақтардың өздері де

қызығушылық танытып, балаларының осы мектептерде білім алуына деген сұраныстар артып отырды. Мысалы 1910 жылы Сырдария облысындағы орыс-түземдік мектептер бала санының жеткілікті болуына байланысты артық бала қабылдай алмаған. Мұндай бала санының артуы тек маусымдық сипат алды. Қазақтардың қыстауға көшуімен бала саны тағы да азайып, орыс тілін меңгеру жұмыстары әдетінше кейінге шегеріліп отырды. Біз орыс-түземдік мектептердің орыстандыру саясатына қосқан үлесін жоққа шығармаймыз. Қазақ балаларының санасына орыс тілі ғана емес, орыс мәдениеті туралы алғашқы түсініктерді берік қалыптастыра алды. Орыс-түземдік мектептер қазақ балаларына үстірт болса да орыс тілін меңгеруіне жағдай жасады. Сонымен қатар қоғамдық өмірде орыс тілінің қажеттілігін айқын сезіндіріп, алдағы уақытта орыс тілін меңгеру керектігін сезіндірді деп тұжырымдаймыз.

Патша үкіметінің орыстандыру саясаты қоғам өмірінің өзге де әлеуметтік-мәдени салаларында да байқалды. Орыстандыру саясатының маңызды бір құрамдас бөлігі – христиан дінін насихаттап, қазақтарды шоқындыру болды. Қазақтарды шоқындыру саясатын миссионерлер жүргізді. 1863 жылы Қазан орталық шоқынған-татар мектебі ашылып, шоқынған татарлардың миссионерлік орталығына айналды. 1889 жылы Қазан қаласында Бүкілресейлік миссионерлік курсы ашылған болатын. Бұл курс Ресейге бағынышты бұратана халықтарды шоқындыру саясатын ұйымдастырған ірі орталыққа айналды. Аталған дайындық курсын тәмамдаған миссионерлер жолдама бойынша қазақ далаларына жіберіліп отырды. 1899 жылдың өзінде аталған оқу орнында 124 адам дайындықтан өтті. 1889-1914 жылдар аралығында курста 854 адам білім алса, оның 481-і сәтті оқуын аяқтап шықты. Басым көпшілігі татар бөлімінде білім алды. Олардың жалпы көлемі 59% құрады. Сөзсіз татар бөлімінің түлектері қазақтарды шоқындыру ісіне бейімделді. 1900 жылы И. Хохлов Торғай облысы мен Орынбор губерниясына жіберілсе, 1902 жылы И. Крамаренко Бөкей ордасына жіберілді [191, с. 36]. Патша үкіметінің орыстандыру саясатында шоқындыру ісінің ерекше маңызға ие болғаны түсінікті. Патшаның отарлаушы үкіметі тек қазақтарды ғана емес, сонымен қатар Ресей империясының бүкіл территориясын қамтуға бағытталды. Зерттеуші З.Т. Садвокасова өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында шоқындыру саясатының көлемін «Орынбордан Ташкентке дейін, Верныйдан Омбыға дейін. Одан әрі христиан дінінің кресті Орта Азияның кең байтақ жерінде жарқырауы тиіс» деген мәліметтер келтіреді [192, с. 33]. Әрине христиан дінін қазақтар арасында насихаттау жұмысы нәтиже беруі үшін барлық мүмкін болған артықшылықтарды беру ісі көзделді. Мысалы христиан дінін қабылдаған қазақтар өзінің мекен еткен жерінде немесе орыс қоныстарына көшуіне рұқсат алды. Сондай-ақ христиан дініндегі қазақтар өздерін рұқсатсыз қала тұрғыны болуына да құқылы болды. Мұндай материалдық артықшылықтар беру арқылы қазақтарды христиан дініне жақындастыру мақсаты айқын сезілді. Әрине материалдық игіліктер мен артықшылықтар үшін қабылданған діни сенімнің толыққанды қазақтардың жүрегінде орнығуы күмәнді. 1907 жылдың мамыр айында Дала генерал-губернаторының қазақтардың қажеттілігі туралы кеңесінде осы мәселе арнайы қаралды. Нәтижесінде қазақтарды шоқындыру ісіне жауапты миссионерлер жұмысы қатаң сыналды. Өйткені христиан дінін

насихаттау барысында миссионерлер ислам дінін жамандауға барған. Ғасырлар бойына ислам дініне сенім артқан қазақтар үшін мұндай үгіт-насихатты тыңдау және қабылдау өте қиынға соқты. Қазақтарды өздеріне қарату мақсатында материалдық игіліктерді де беріп отырған. Керісінше миссионерлер алдына қойылған маңызды міндеттердің бірі – қазақтарды тек үгіт насихат арқылы ғана шоқындыру болған. Христиан дінінің артықшылығын қазақтар өз еркімен ұғынып, шын жүрегімен шоқынуы тиіс деп саналды. Материалдық игіліктермен қызықтыру дұрыс емес деп танылып, миссионерлердің жұмысына жаңа сапалық көрсеткіштерге қол жеткізу тапсырылды. Осы ретте атап өтетін бір жайт – христиан дінін қабылдаған қазақтардың күнделікті өмірінде түбегейлі өзгерістер пайда бола бастады. Атап айтқанда мұсылман әдебі мен мәдениеті жоғалып, орыстар сынды ішкілікке салыну орын ала бастады. Бұл әрине христиан дінін толыққанды түсінбестен, тек шоқынған орыстардың әдетін бойларына сіңіру деп қана бағалай аламыз. Христиан дінін жүйелі түрде насихаттап, қазақтар арасында шынайы шоқынған адамдардың санын көбейту мақсатында түрлі бауырластықтар да пайда болып, құрылды. Мысалы Түркістан Епархиалдық Қазан бауырластығы пайда болып, кейіннен ол Жетісу бауырластығы болып өзгертілді. Бұл бауырластықтардың негізгі міндеті қазақтар арасында христиан дінін насихаттап, барынша көп қазақтарды шоқындыру болды. Осы мақсатта Жетісу облысы бойынша тұрғындарға 300-ден астам кітаптар таратылып, 1000-нан астам христиан дінінің басты белгісі кресттер үлестіріп берілді [193, 550-п.]. Қазақтардың басым көпшілігі XX ғасыр басында да орыс тілін жетік білмеуі себепті де кітаптар қазақшаға аударылды. Бұл ретте Омбы бауырластығының қазақтарды орыстандыру және христиандандыру саясатына қосқан үлесі жоғары. Олар арнайы оқулықтар жазып, шіркеу жұмысының ерекшеліктері, діни-адамгершіліктік тәрбие жұмыстарын қамтыған оқулықтармен қамтамасыз етіп тұрды. Христиан дінінің құндылықтарын насихаттайтын кітаптар мен христиан дінінің белгісі болған кресттерді тарату, жаңа шіркеулер салуы жеткіліксіз еді. Толыққанды шоқындырып, орыстандыру саясатының нәтижелі болуы үшін қазақтардың сана-сезімін орыс мәдениеті мен тілі, діні мен дүниетанымына берік негіздеу міндеті тұрды.

Әрине шоқынған қазақтар мемлекеттің ерекше қамқорлығына алынды. Өлі де болса дініне берік руластар тарапынан болатын түрлі қуғын-сүргіннен сақтау үшін мемлекеттік органдар барынша қорғап, оларға жаңа әлеуметтік мәртебе де беріп отырды. Зерттеуші А.М. Нургалиева өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында Омбы облыстық архив құжаттарына сүйене отырып, 1861 жылға дейін шоқынған қазақтар жаңа әлеуметтік мәртебе алып, қазақ даласынан тысқары жерлерге көшірілгені туралы мәлімет береді. Мысалы Тұржан деген қазақ шоқынып, христиан дініне өткен соң Иван Вишневский деп атала бастайды. Оның басқа дінге өткенін білген руластары бірнеше рет оны өлімші етіп сабап, жазалаған. Оны түпкілікті өлтіріп тастауынан қорқып, басқа аймаққа қоныс аударуға рұқсат алған. Зерттеушінің пікірінше, қазақтардың жаппай шоқынуына кедергі болған жайттың бірі де, дәл осы руластарынан ажыратылуы деп түсіндіреді [194, с. 34]. Бұл пікірдің шындыққа жанасатын тұстары басым. Өйткені 1862 жылдан кейін ғана шоқынған қазақтар ерекше қамқорлыққа сүйене отырып, руластарының

арасында тұруға мүмкіндік алды. Бұл өз кезегінде қазақтар үшін маңызды болып саналатын туыстық байланысты үзіп алмау қажеттілігінен туындаған болатын.

Сонымен тараушаны қорытындылай келе, Ресей империясының XX ғасырдың басында қазақтардың әлеуметтік-саяси және мәдени өмірін орыстандыру саясаты ең алдымен дәстүрлі қазақ қоғамының өзіне тән белгілерін жойып, ұлттың бірегейлігі және қазақ халқының дүниетанымы мен көзқарастарына түбегейлі өзгерістерді енгізуді көздеді. Осы бағытта атқарылған шараларды сипаттай келе, біз XX ғасырдың басында қазақтардың әлеуметтік-саяси және мәдени өміріндегі орыстандыру саясатының бірнеше бағытта жүргендігін байқадық. Мысалы ең алдымен орыс тілінің кең мүмкіндіктерге ие болуы. Орыс тілі барлық әкімшілік, іс-қағаздарын жүргізу мен білім беру саласында қолданысқа ие болған басты тілге айналды. Сәйкесінше қазақ тілінің қолданыс аясы тарылды. Бұл азшылықты құрайтын қазақ халқының тілдік тұғырын жою мақсатын көздеді. Келесі бағыттардың бірі орыстардың дәстүрлі сенімі болып табылатын православтық нанымның қоғамда үстемдікке ие болуымен байланысты. Мұның астарында біз жоғарыда атап өткен қазақтарды шоқындыру саясатынан көрінді. Түрлі материалдық артықшылықтар бере отырып, қазақтардың дәстүрлі сенім жүйесіне өзгерістер енгізуді мақсат етті. Үшінші бағыттың бірі орыс халқының дүниетанымы мен ділінің насихатталуы. Мысалы патша үкіметі қазақ халқының дәстүрлі сеніміне негізделген мейрамдар, діни жоралғыларды кең көлемде атап өтуге тыйым салып отырды. Керісінше орыс күнтізбесіне сай барлық мейрамдарды, діни рәсім-жоралғыларды кең көлемде атап өтуді дәстүрге айналдырды деп айтуға толық негіз бар.

3 ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ ЖҮЙЕНІҢ МӘДЕНИ ОРЫСТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

3.1 Кеңестік биліктің ұлттық саясаттағы Қазақстанды орыстандыру үдерісі

Кеңестік билік жылдарындағы ұлт саясаты маркстік-лениндік идеологияны жүзеге асырудың бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Бүгінгі тарихнамада Кеңестік биліктің ұстанған ұлт саясатына қатысты пікір біршама өзгерістерге түсіп, оның отарлық қырын ашуға деген талпыныстар байқалуда. Дегенмен кеңестік тарихнамада оның жағымды жақтарына көп көңіл бөлініп, жүйелі құбылыс ретінде бағаланып келді. Өйткені кеңестік билік жылдарында аталған мәселе мемлекеттік құрылыс, ұлттық автономиялардың дамуы, жекелеген азшылықты құрайтын ұлттардың өзіндік даму жолдарын табуы сияқты оң нәтижелері бар үдерістерді сипаттау тұрғысынан түсіндірілді.

Кеңестер билігі тұсындағы ұлт саясаты мәселесі 1917 жылдан бастап жаңа сипатқа түсті. Өйткені қазан революциясынан кейін билікке келген большевиктер ұлт істеріне үлкен көңіл аудару қажеттігін түсінді. В.И. Ленин аграрлық сипаттағы мәселеден кейін Ресей үшін маңызды мәселелерден кейінгі маңызды сұрақтың бірі – ұлт істері деп атап өткен болатын [44, с. 277]. Билікке келген большевиктер үшін ұлт істерінің маңыздылығын сонымен қатар арнайы комиссариаттың құрылуымен де байланыстыруға болады. И.В. Сталин басқарған ұлт істері бойынша комиссариаттың құрылуы өзіне дейінгі болған билік органдары үшін жаңалық болды. Өйткені патша және Уақытша үкімет тұсында мұндай билік органы болмаған еді. Большевиктер билікке келісімен «бітім» және «жер» туралы декреттерімен қатар, азшылықты құрайтын ұлттардың өзін-өзі басқаруына құқық беретін «Ресей халықтарының құқықтық декларациясын» қабылдаған болатын. Декларацияда Ресей империясы аумағында өмір сүріп, азшылықты құрайтын ұлттар өзін-өзі басқаруына кепілдік беріледі делінді. Алдағы уақытта бөлініп шығуына да болады деп көрсетілді [105, с. 38]. Әрине кейінгі оқиғалар көрсеткендей, мұның барлығы да сөзбен істің бір-біріне мүлдем қарама-қайшы екендігін дәлелдеді. Ресей империясы аумағында ұлттардың өзін-өзі басқаруы емес, керісінше өмір сүруінің өзі қиын мәселеге айналды. Азшылықты құрайтын ұлттардың арасынан шыққан зиялы қауым өкілдерінің пікірлері ескерілмей, белсенді бастамалары қатаң түрде сыналды. Демек бұл декларацияның отарлық мәні жоғары құжат болды деп айтуға толық негіз бар. Бірінші тарау барысында біз патша үкіметі тұсында қазақ халқының мүддесі қаншалықты тапталып, жерлерінің тартып алына бастауы, рухани отарлауы мен ұлттық мүддесінің ескерілмеуін көрсететін бірқатар жайттарды көрсеттік. Қазақ халқын рухани-материалдық тұрғыдан өмір сүру мүмкіндіктерін шектегенімен, олардың өміріне қауіп төндіру, ұлт ретінде жою саясаты толыққанды жоспарланып, жүзеге аса қоймаған болатын. Есесіне ұлт қайраткерлері мерзімді баспасөздер ашып, патша үкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп те отырды. Ал Уақытша үкіметтің адалдығына сеніп, жергілікті жерлерде комиссар қызметтерін де атқарды. Нақты айтар болсақ, Мұхамеджан Тынышпаев Жетісуда, Мұстафа Шоқай Түркістанда, Әлихан Бөкейханов Торғайда Уақытша

үкіметтің комиссары болып қызмет атқарды. Алаш партиясы да Уақытша үкімет тұсында құрылды. Ал Ұлт істері бойынша арнайы комиссариат құрған Кеңестер билігінің саясаты нәтижесінде қазақ халқы ұлт ретінде құрып кете жаздағаны белгілі. Демек салыстырмалы түрде алғанда патша және Уақытша үкімет тұсында демократиялық биліктің негізгі принциптері толыққанды болмаса да сақталды деп айтуға болады. Осыдан келіп шығатын қорытынды, Кеңестер билігі жүргізген ұлт саясатының отарлық астары басым болды. Тіпті осы отарлық мәні басым саяси науқандарды жүйелі түрде жүргізу мақсатында арнайы комиссариат та құрды деп айтуға толық негіз бар.

Қазан революциясы жеңіске жеткеннен кейін большевиктер азамат соғысы жағдайында өздерінің саяси қарсыластармен ашық күрес жүргізіп, ұлт саясатында өздерінің ешқандай мәмілеге бармайтындарын іспен дәлелдеді. Өйткені қазан революциясы жеңіске жетіп, біз жоғарыда атап өткен «Ресей халықтарының құқықтарының декларациясы» қабылданған соң, қазақтың өзін-өзі басқаруын қалаған ұлт қайраткерлері Орынбор қаласында жалпықазақтың II съезін ұйымдастырады. 1917 жылдың желтоқсан айының 5-і күні басталған съезд қорытындысына сай, Алаш-Орда үкіметі құрылғаны белгілі. Жалпықазақтың II съезі бүкіл қазақ халқының мүддесін көздеп, қызығушылығын көтерген жиын болғаны анық. Өйткені Орынборға Орал мен Торғай, Ақмола мен Семей, Жетісу мен Сырдария, Ферғана мен Самарқанд, Закаспий, Бөкей, Алтай аймағынан арнайы өкілдер қатысады. Өз облысы атынан сөйлеуге құқығы бар өкілдердің қатысуымен өткен сайлау қорытындысы бойынша Ә. Бөкейханов Алаш-Орда үкіметінің төрағасы болып сайланды. Біздің пікірімізше, бұл сайлау қорытындысы бүтіндей қазақ қоғамының таңдауы болды. Өйткені әр облыстан келген өкілдер өз аумағының тұрғындарының атынан сөйлеу құқығы болды.

Ұлттың таңдауы жасалған жиын барысында ұлттық мүдде мәселесі де кеңінен талқыланып, нақты шараларды жүзеге асыру ісі көзделді. Атап айтқанда қазақ халқы Ресей империясы аумағын мекен еткен өзге ұлттармен теңесуі үшін білім беру ісіне үлкен көңіл аударылды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған арнайы комиссия құрылып, зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықтар жазу ісі қолға алынды. Сол жылдары Мағжан Жұмабаев, Телжан Шонанов, Бидахмет Сәрсенов пен Елдес Омаров және тағы да басқа ұлт қайракерлері тез арада қазақ мектептері үшін оқулық жазу ісін қолға алды. Сонымен қатар милиция, ұлт кеңесі мен сот, автономия мен басқару мәселелері бойынша да маңызды қаулылар қабылданды. Бір сөзбен айтқанда бұл жиын большевиктер уәде еткен «Ресей халықтарының құқықтарының декларациясына» сай ұйымдастырылып, қазақ халқының өзін-өзі басқаруға деген талпынысын білдірді. Съезд жұмысын бастау мен Ресей империясы құрамында өз алдына ел болу мақсатына сай қабылданған қаулыларын жасырын ұстамай, 1918 жылы наурызда В.И. Ленин мен И.В. Сталинге таныстырылады. Осы үшін Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Мәскеуге барып, Халық комиссарлар кеңесі төрағасы қызметіндегі В.И. Ленин және Ұлт істері жөніндегі комиссар И.В. Сталинмен арнайы кездеседі. Кездесу барысында II жалпы қазақ съезінің қорытындысы мен Алашорда автономиясы құрылғандығы туралы мәселе таныстырылады [45, 350-351 б.]. Алайда әр ұлттың өзін-өзі басқаруға құқығы бар деген большевиктер

Алаш-Орда үкіметін мойындау мәселесіне келгенде аталған декларацияның талаптарын тығырыққа тіреді. Зерттеуші К. Нұрпейісов Кеңестер үкіметінің бұл әрекетін «екіжүзділік» деп бағалады [195, 162 б.]. Демек осыдан келіп шығатын қорытынды «Ресей халықтарының құқықтарының декларациясы» большевиктердің Ресей аумағында көптеп саналатын ұлттарды тыныштандыру және өздерінің азшылықты ұлттарды ешқандай құқықсыз басқару сынды түпкілікті мақсаттарын жүзеге асырудың бір құралы ғана болды деп айта аламыз. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, заңды билік органдары тарапынан қолдау таппаған Алаш қайраткерлері азамат соғысы жылдарында ақ гвардияшыларды қолдауға мәжбүр болды. Азамат соғысы жылдарында Алаш қайраткерлеріне деген қарсылықты жергілікті большевиктік құрылымдар жүзеге асырды. Жергілікті большевиктер Ресей империясы құрамындағы үкімет құруды жоспарлаған Алаш қайраткерлерінің әрекетін теріс жағынан көрсетуге барын салды. Тіпті Алаш партиясы төңірегіне жиналған ұлт қайраткерлерінің әлеуметтік тегіне дейін мәселе көтеріп, пролетариаттар диктатурасының орнығуына кедергісін келтіруші фактор ретінде атап өтті. Әрине мұндай араздықты тудырған жайттар Алаш қайраткерлеріне деген сенімсіздікті күшейтті.

Большевиктер өздерінің алғашқы билік ету жылдарында империяға тиесілі болған жерлердің барлығын да өз идеологияларына бағынуына ерекше көңіл аударды. Алаш қайраткерлері ғана емес, империя аумағындағы өзге де халықтардың қазан революциясынан кейін өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысын байқаймыз. Украина Халық Республикасы, Белорусия Халық Республикасы, Литва патшалығы, Кавказдағы Таулықтар республикаларының құрылуы соның дәлелі болып табылады. Демек барлық ұлттар «Ресей халықтарының құқықтарының декларациясына» үміт артты. Алайда большевиктердің ұлт саясатындағы ұстанымдары мүлдем бөлек болып шықты. Осы аталған елдердің ұлт қайраткерлері көтерген өзін-өзі басқару идеясын жауапсыз қалдыру немесе оларға қолдау білдірмеу сөзсіз енді ғана билікке келе бастаған большевиктер үшін үлкен сын болуы мүмкін еді. Сол себепті өздерінің отарлық мәндегі әрекеттерін жасыру үшін большевиктер алғашқы жылдары бірқатар әрекеттерге жол беруге мәжбүр болды. Мысалы В.И. Ленин бастаған большевиктер ұлттық республикалардың құрылуы және тең құқықты одаққа бірігуіне дайын екендіктерін көрсеткен болатын. КСРО-ны құру қарсаңында В.И. Ленин өзінің сенімді серігі Л. Каменевке хат жазады. Өзінің хатында «біз формальды түрде Еуропа мен Азияның социалистік республикасының одағын құруымыз керек. Бұл дегеніміз Украина сынды елдерді біз өзімізбен тең құқылы ету» деп екендігін ұғындырады. Жанадан құрылатын одақты басқару мәселесі туралы жазған хатында да біз отарлық мән мен сипатты байқаймыз. Өйткені Одақтың Орталық атқару комитетін міндетті түрде орыс, украин және грузин ұлтының өкілдері кезегімен басқаруы тиіс деп ашық көрсетеді [45, с. 211]. Сол жылдары Алаш қайраткерлері сынды Украина мен Грузия елдерінің өзін-өзі басқару әрекеттері большевиктер тарапынан үлкен наразылық тудырды. Бұл әрекеттерді ұлт саясатының толыққанды жүруіне кедергісін келтіретін факторлар ретінде бағаланды. Ресей империясы құрамына кірген халықтардың даму деңгейі де

әртүрлі болды. Большевиктердің пікірі мен маркстік ілім бойынша ортақ тіл мен территория ғана емес, экономикалық жүйе, мәдениет пен ұлт ретінде ұйысу белгісі бар халықтар ғана өзін-өзі басқаруға құқылы деп саналды. Большевиктердің пікірінше осындай ұлтқа қойылатын жоғары белгілері бар халықтың ішіндегі ең жоғарғысы орыстар деп саналды. Қалған халықтар саяси белсенділігі төмен, дамымаған ұлттар қатарына жатқызылды [108, с. 70].

Кеңестік тарихнамада 1920-1930 жылдар аралығындағы саяси оқиғаларға ерекше мән беріледі. Өйткені аталған кезеңдегі ұлт саясатының басты мақсаты азшылықты құрайтын халықтардың өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер берілуімен түсіндіріледі. Демек большевиктер белсенді түрде «ұлт жасау» ісін ұйымдастырған. Бұл дегеніміз орыс емес халықтардың барлығын жер беріп, өзіндік автономия құруға мүмкіндіктер беру дегенді білдіреді. Кеңестік биліктің ұлт саясатындағы «ұлт жасау» үдерісінің түпкілікті мәні – патша үкіметі тұсындағы қысымшылық салдарынан ұлт ретінде қалыптаса қоймаған халықтарға мүмкіндіктер беріп, «дамып кеткен Орталық Ресейді» қуып жетуде еді. Осы ретте атап өтетін жайт, Ұлт істері бойынша комиссар И.В. Сталин мұндағы басты тетіктің бірі – сот, әкімшілік, халық шаруашылығы мен мектептер, мерзімді басылымдар мен мәдениет ошақтарында ұлттың өзіндік тілі басымдылықта болуы керек деп атап өткен [45, с. 69-70]. Алға тартқан уәжі – бүкіл халықтың саны 140 миллион адамды құраса, соның 65 миллионы ғана РКФСР-ға тиесілі еді. Демек мемлекеттің жартысынан көбі өзге ұлттар болған. Сөзсіз алғашқы жылдардан бастап өздерінің отарлық пиғылдарын көрсететін болса, толыққанды билікке ие бола алмасын жақсы білді. Бір ғана мысал азамат соғысы жылдарында енгізілген «әскери коммунизм» саясаты салдарынан халық кедейленіп, тіпті қазақ даласында үлкен аштық орын алды. Міне мұндай әлеуметтік-экономикалық қиындықтар бүкіл Ресей аумағын қамтыды. Соңында «большевиктерсіз Кеңестер жасасын» деген мағынада ұран көтерген халық толқулары басталған болатын. Биліктен айырылуыдың сәл ғана алдында болған большевиктер амалсыз Жаңа экономикалық саясатқа көшіп, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруді қолға алды. Бұл саяси қадамды билікті сақтап қалу үшін жасалған шегініс деп бағалауға болады. Міне осы оқиғалар желісіне көп уақыт өте қоймағандықтан да, большевиктер бірден қоғамдық өмірдің барлық саласында орыс тілінің үстемдігін орнатудан қорықты. Сонымен қатар ұлттық факторларды ескермеу большевиктердің көпшіліктің алдында беделін түсірері анық еді. Алайда бұл тек уақыттың еншісіндегі ғана іс еді деп санаймыз. Дегенмен біз большевиктер ұсынған таптық санаға қарағанда халықтардың ұлттық санасының қалыптасуы жылдам жүрді деп санаймыз. Өйткені XX ғасыр басындағы Ресей империясы аумағында өмір сүріп жатқан халықтардың басым көпшілігі өздерінің ұлттық бірегейліктеріне негізделген саяси белсенді қызметтерін бастаған болатын. Мұндағы мақсат – өзін-өзі басқаруға қол жеткізу, ұлттың саяси белсенділігін ояту болған еді. Алаш қайраткерлері де солардың қатарында еді. Демек ұлттық зиялы қауым өкілдері үшін ұлт болып ұйысу санасы таптық санадан жоғары тұрды. Кеңестер билігі қалыптаса бастаған алғашқы жылдары ұлттық ерекшеліктерге мән беру – қалыптасқан ахуалмен санасу болып табылды. Сондықтан 1923 жылы Коммунистік партияның XII съезі

барысында білім беру саласы мен ел басқару, іс қағаздарын жүргізу мен ұлттық мәдениетті дамыту үшін ұлттық кадрларды белсенді түрде жұмысқа тарту ісі бойынша арнайы қаулылар шықты [196, с. 116].

Кеңестер билігі ұлт саясатын түрлі ұрандар мен декреттер, сонымен қатар декларациялар арқылы өздеріне оңтайландыруды көздеді. Ұрандар мен декреттер, декларациялар қабылдау ісі стратегиялық маңызға ие болып, таптық сананың теориялық негіздерін қалыптастырудың басты жолына айналды. Уақыт өте келе ұлт мәселесі жалпы социалистік мемлекет құру идеясының құрамдас бөлігіне ғана айналды. Өйткені 1930 жылдың басынан әскер мен білім беру саласында орыс тілінің үстемдігін орнату ісі басталады. Кеңестер билігіне қараған ұлттардың мәдени тұрғыдан жақындасуы керек деген себептерді алға тарта отырып, білім беру үдерісін орыс тілінде ұйымдастыру ісі жүзеге асты. Қоғамның барлық саласында орыс халқының жетекші ролі ерекше аталды. Сол жылдардағы барлық құжаттарда орыс халқының жұмысшы табы Ресейдің шеткері аймақтарында «дамымай қалған» халықтарды өз жанына топтастырып, дамытуы тиіс деп көрсетілді.

Жалпы Кеңестік билік жылдарындағы большевиктердің ұлт саясатындағы ұстанымдары мәселесін арнайы қарастыратын зерттеушілер бұл тақырыптың отарлық мәні басым екендігін мойындайды. Большевиктердің ұлт саясатындағы ұстанымдарын толыққанды түсіндіру үшін міндетті түрде коммунистік құрылыс ұғымының мәніне назар аударуымыз керек. Коммунистік құрылыс – Мәскеудің дегеніне көнбейтін зилылар мен мемлекеттік құрылымдарды жоюға бағытталды. Маркстік ілімге негізделген коммунизм ұғымы ең алдымен жеке меншікті жоюмен сипатталады. Сонымен қатар коммунистік құрылыс қоғамда байқалуы мүмкін нарықтық қатынастардың барлық белгілерін болдырмауға күш салды. Коммунистік құрылыс толыққанды жүзеге асса азаматтар арасында әлеуметтік және ұлттық белгілер бойынша теңсіздік болмайды деп түсіндірілді. Ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық бірегейлік жойылып, барлығы да түбінде ортақ мәдениетке ұласуы тиіс деп саналды. Әрине ортақ мәдени кеңістік ең алдымен орыс тілі мен мәдениетіне негізделді. Осыдан келіп-ақ коммунистік құрылыстың отарлық сипатын айқындауға болады. Өз кезегінде халықтардың ортақ мәдени түсініктерге бірігуі үшін адамдардың да сапалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы тиіс саналды. Қалыптасқан дәстүрлі қоғамның барлық сарқыншақтарын құртып, соның қалдықтары негізінде жаңа социалистік қоғам құру ісі жоспарланды. Мұндай жоспардың салдары да ауыр болатын айтпаса да түсінікті еді. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, большевиктердің дәстүрлі қазақ қоғамын күйретіп, оның орнына жаңа социалистік қоғам құру әрекеттері салдарынан ашаршылық, қуғын-сүргін сияқты қазақ тарихындағы елеулі оқиғаларға алып келді. Большевиктердің осындай құйтұрқы әрекеттерін жүзеге асыру үшін бірегей бюрократиялық жүйе жасалып шықты. Бюрократиялық жүйе негізгі саяси бағдарды ғана емес, жергілікті жерлердегі саяси шешімдердің орындалуын да қадағалап тұрды. Қазақстандағы мұндай орган Қазақ өлкелік партия комитеті болды. Қазақстанға қатысты маңызды саяси шешімдер негізінен Орталық комитеттің саяси бюросында қабылданған соң ғана Қазақстанда жүзеге асып отырды. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы большевиктердің

Қазақстандағы ұстанған ұлт саясаты негізіндегі орыстандыру саясаты алдымен осы қарастырып отырған жылдары өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған адамдардың есімімен тығыз байланысты. Мысалы Отандық тарихнамада жан-жақты талқыланып, тиісті бағасын алған басшылардың қатарында Л.И. Мирзоян мен Ф.И. Голощекиндер бар. Жоғарыда көрсетілген уақыт аралығында Қазақстандағы орыстандыру саясатының қарқынды жүруі осы аталған басшылардың қызметімен тығыз байланысты. Өйткені Ф.И. Голощекиннің ауылды кеңестендіру деген желеумен қабылдаған саяси шешімдері нәтижесінде Қазақстанның демографиялық ахуалы тығырыққа тіреліп, қазақ халқын сан жағынан қысқарту шаралары көздеген мақсаттарына жетті. Ал Л.И. Мирзоян тұсында орыстандыру саясаты қарқынды жүріп, өз нәтижесін беруі үшін отбасылық институтты құрту саясаты жүргізілді. Әсіресе саяси қуғын-сүргін саясаты салдарынан қаншама бала жетім қалып, жаңа кеңестік идеологияға сай келетін ұрпақ тәрбиелеу ісі жүзеге асты.

Біз атаған XX ғасырдың 20-30-шы жылдардағы Қазақ өлкелік партия басшыларының қызметіне И.В. Сталиннің өзі бағыт-бағдар беріп, реттеп отырды. Оған дәлел И.В. Сталиннің 1925 жылдың 29 мамырындағы атақты «Ақжол» журналына қатысты жариялаған материалдарын алсақ болады. «Құрметті, жолдастар!» деп басталатын хатында «Ақжол» журналымен таныса келе, аталған журналдағы мақалалар мен М. Шоқайдың ақ гвардияшылардың мерзімді басылымдарына жариялаған мақалалары арасында ұқсастық барын анықтадым деп көрсетеді. И.В. Сталин большевиктердің сынға үнемі дайын екендігін, тіпті большевиктердің жұмысы үнемі сынға мән беру керектегін атап өтеді. Алайда «Ақжол» журналының айтқан сындары шындыққа жанаспайды деп санайды. Ең бастысы «Ақжол» журналы М. Шоқайға мәліметтер беріп, ол өз кезегінде Еуропада сол мәліметтерді жариялаумен айналысады деп айыптайды. Сол себепті «Ақжол» журналының қызметін тоқтатып, оның орнына коммунисттік идеологияны насихаттау органына айналдырады. Біз үшін маңыздысы, осыдан былай кеңестік үгіт-насихат немесе орыстандыру саясаты жаңа қарқынға ие болуында. И.В. Сталин осы мақаласында партияға жатпайтын зиялы қауым өкілдерін саяси және идеологиялық жұмыстардан аластату туралы тапсырмасын береді. Мұндай тапсырмасының мәнін «біз билікті қолымызға ала отырып, партияда жоқ буржуазиялық зиялы қауым өкілдерін қазақ жастарын тәрбиелеу ісіне жол бермеуіміз керек. Бұл сала толыққанды коммунист қайраткерлерінің қолында болуы тиіс. Әйтпесе Шоқай және оның жақтастары Қазақстанда жеңіске жетеді. Бұл Қазақстандағы коммунизмнің саяси және идеологиялық тұрғыдан жеңілісіне сай келеді» деген болатын [197, 1-2 пп.]. И.В. Сталиннің бұл сөздері ұлт қайраткерлерінің саяси белсенділігі Қазақстандағы орыстандыру саясатын тығырыққа тірейтін басты фактор ретінде ұғынуы деп түсінеміз. Қазақстанның саяси дербестігі орыстандыру саясатын тоқтатын басты күш болды деп топшылауға толық негіздер бар. Орталықтың талаптарын бұлжытпай орындайтын Қазақ өлкелік партия комитеті бірден іске кірісіп, «Ақжол» журналының жұмыстарына түзетулер енгізеді. Алайда орыстандыру саясатына кедергісін келтіруші факторларды түпкілікті жою мақсатын жүзеге

асыра алатын тұлға қажет болды. Мұндай тұлғалардың бірі – Ф.И. Голощекин болды.

Әрине И.В. Сталин қазақ зиялыларының әлеуетін жоғары бағалады. Ол тек И.В. Сталинға ғана емес, барлығына аян құбылыс еді. Сол себепті де Алаш зиялыларының білім мен тәжірибесін барынша пайдаланып қалуды көздеп, қазақ тіліндегі оқулық даярлау, мәдениетті дамыту сияқты салаларға белсенді түрде тартты. Басты талап бұл жұмыстардың барлығы да коммунисттік идеология шеңберінде жүруі тиіс болған еді. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, Ф.И. Голощекин Қазақстанда өзімен санаспаған, ұлттық мүддені жоғары қойған ұлт қайраткерлеріне ашық әрі ымырасыз күрес жариялады. 1925 жылдың қыркүйек айында Қазақстанға келген ол, жағдайды бағамдай келе, Қазақстанда большевиктердің отарлық әрі орыстандыруды мақсат еткен әрекеттеріне қарсы зиялы қауым өкілдерін анықтауды бастады. Әрине мұндай ұлт қайраткерлерінің қатарына барлық Алаш партиясы төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдерін жатқызуға болады. Өйткені олардың қоғамдық-саяси қызметтерінің түпкілікті мақсаты қазақ халқының саяси белсенді болып, өзін-өзі басқаруға қабілеттілігін арттырумен байланысты еді. Әрине Ф.И. Голощекиннің мұндай отарлық мәндегі саясатына ашық наразылық білдірген қайраткерлер көп болды. С. Сейфуллин, Н. Нұрмақов, С. Мендешовтардың қудалануы соның дәлелі болып табылады. Бір белгілісі, С. Сәдуақасов, С. Қожановтар әсіресе индустриаландыру саясатына ашық түрде наразылықтарын білдіріп, Қазақстанды шикізат көзіне айналдыру саясатын ашық сынады. Қазақстаннан шикізатты тасымай, керісінше дайын өнімді тасыған әлдеқайда тиімді екендігін алға тартып, Қазақстан аумағында зауыт-фабрикалар құрылысын қолға алу керектігін ұсыныс ретінде айтты. Әрине мұндай ұсыныс өз кезегінде «ұлтшылдықтың» көрінісі ретінде бағаланды. С. Сәдуақасов Қазақстандағы индустриаландыру саясатының астарында орыстандыру ниеті жатқандығын жақсы түсінді. Сондықтан болар, 1927 жылдың 15-23 қараша айында өткен ҮІ жалпы қазақ конференциясы барысында индустриаландыру саясатын жүзеге асыру үшін Қазақстанда шикізат көзі ғана емес, жұмысшы көзі де жеткілікті деген болатын [198]. Алайда С. Сәдуақасовтың барынша қарсылығына қарамастан Қазақстанда индустриаландыру үдерісі белсенді түрде қолға алынды. Нәтижесінде Қазақстанға КСРО-ның ірі орталықтары мен аймақтарынан жұмысшы күші мен мамандар тартыла бастады. Бір ерекшелігі индустриаландыру үдерісі барысында қала тұрғындарының саны артты. Егер де патша үкіметі тұсындағы қоныс аудару саясаты қазақ даласындағы жерлерді тартып алумен ерекшеленсе, индустриаландыру жылдарында қалалы жерлерге қоныс аудару басталды. 1926 жылға дейін тек Семей қаласы ғана тұрғыны көп қалалардың қатарында болды. Ал 1939 жылға қарай 100 мыңнан астам тұрғындары бар қалалардың саны жетіге жетті. Мұндай қалалардың қатарында Алматы, Қарағанды сынды ірі зауыттар мен фабрикалары бар орталықтар болды. Әрине қала тұрғындарының саны механикалық қозғалыс нәтижесінде, яғни ауыл тұрғындарының жаппай қалаға көшуі нәтижесінде де өсіп отырды. Алайда бұл ретте индустриаландыру үдерісі арқылы көшіп келген славян тектес ұлттардың да үлесі болды. Азамат соғысы салдарынан Ресейдің өндірісті аймақтарында

жұмыссыздық басталып, тұрғындардың бірқатары Қазақстанға жақсы өмір үшін қоныс аударды. Индустриаландыру жылдарында жұмысшыларды Қазақстанға көшіру ісі ұйымдасқан сипат алды. Ол әсіресе 30-шы жылдары тіпті күшейді. 1931-1940 жылдар аралығында Қазақстанға арнайы жоспарланып, қоныс аударғандардың жалпы саны 559 мың адамды құрады. Сонымен қатар стихиялы түрде көшкендердің де есебі әлі күнге дейін жасалмаған. Өйткені олардың саны ресми көрсеткіштерден де жоғары болуы мүмкін. Әсіресе Түркісіб салынған жылдары, ал аймақтардың ішінде Қарағанды сынды ірі өнеркәсіп орталықтарына келушілер саны көп болды. Қазақстанға келушілердің дені Ресей мен Украина, Белорусия елдерінен болды. Демек орыстандыру саясаты тағы да жалғасын тапты деп айта аламыз. Қалалардағы орыстардың үлес салмағы 1939 жылғы статистикалық көрсеткіш бойынша 58% құраса, қазақтардың үлес салмағы бар болғаны 22% еді. Рас қазақтардың үлес салмағы 1926 жылы 14% құрағанын ескерсек, біршама көбейгенін байқаймыз. Қазақтардың қалалардағы үлесі механикалық қозғалыс нәтижесінде өсті. Біз жоғарыда С. Сәдуақасовтың «Қазақстанда шикізатпен қатар, жұмысшы күші де жеткілікті» деген сөзін келтірген болатынбыз. Демек жоғарыда аталған елдерден жұмысшыларды шақырудың қаншалықты қажеттілігі болды деген заңды сұрақ туындайды. 1922 жылғы есеп бойынша елімізде 50 мыңнан астам жұмыссыз тіркелген болатын. Ал 1926 жылғы Одақ көлемінде жүргізілген санақ қорытындысы бойынша Қазақстанда 152 мыңнан астам жұмысшы тіркелген болатын. Өнеркәсіптердегі қазақ жұмысшыларының үлесі өте төмен болды. Болған күннің өзінде қазақ жұмысшылары жалақысы төмен, әрі ауыр жұмыстарды ғана атқарды. Қазақ жұмысшыларына деген сенім өте аз болды [198, 88 б]. Осы келтірген жайттардан белгілі болғаны, индустриалдандыру бағыты біріншіден, Қазақстанда шикізат көзіне айналдыруды мақсат етсе, екіншіден патша үкіметі тұсынан жалғасып келе жатқан орыстандыру саясатының заңды жалғасы болды.

Ф.И. Голощекин қазақ даласын отарлау әрі орыстандыру саясатын белсенді жалғастыра берді. Орыстандыру саясатының нәтижелі жүруі үшін алдымен дәстүрлі қазақ қоғамының негізгі ерекшеліктерін жою міндеті тұрды. 1927 жылдың желтоқсан айында ірі байларды тәркілеу ісі бойынша арнайы комиссия құрылып, осы бағытта қарқынды жұмыстар басталады. Кеңес өкіметі 1928 жылы желтоқсанда ірі-ірі байлар шаруашылығын тәркілеу жөнінде заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрды. 1928 жылы наурызда Қазақстан өлкелік Комитетінің Бюросы заң жобасын бірнеше рет қарап, нақтылай түсті және онымен БК(б)П ОК мен БОАК-ін таныстырды [199, 60 б]. Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің ірі байларды тәркілеу ісі бойынша арнайы қаулысы шықты. Тәркілеу ісін нәтижелі жүруі үшін қазақ даласына жалпы жиыны бес мыңға жуық өкіл жіберілді. Мұның барлығы да саяси бюроның терең әрі жан-жақты талқыдан өткен жоспарына сай жүргізілді. Мұның астарында дәстүрлі қазақ қоғамын бұзып, коммунисттік идеологияға сай келетін адамдардың жаңа толқынын қалыптастыру еді. Коммунисттік идеология мен большевиктік тәртіп орыс тілі мен мәдениетіне артықшылық беретіндігін ескерсек, мұның астарында орыстандыру саясаты жатты деп айта аламыз. Қазақстандағы ірі байларды тәркілеу мәселесі Отандық тарихнамада

талқыланып, жан-жақты тұжырымдалған тақырыптардың бірі. Біз диссертация жұмысы барысында Ресейдегі тәркілеудің тарихына тоқталуды жөн санадық. Өйткені дәл осы Ресейде болған тәркілеуден кейін бірнеше мың адам тағы да Қазақстанға қоныс аударды.

Ресейдегі тәркілеу ең алдымен экономикалық себептерге байланысты жүргізілді. Шындығына келгенде, 30-шы жылдары Ресейдің өзінде байлар қалмады десек те болады. Азамат соғысынан кейін жеңіліс тапқан ақ гвардияшылар жерлерінен айырылып, аздаған бөліктері әкімшілік қысымшылықтан, жекелеген байлар түрлі салықтар, қудалаулар арқылы байлығынан айырылып болған еді. Дегенмен жағдайы бар тұрғындардың қолында барын тартып алып, Қазақстан сынды шеткері аймақтарға қоныс аударту жоспарға алынды. 1930 жылдың жазына қарай тәркілеудің нәтижесінде бүкіл колхоз ресурсының 1/6 үлесі пайда ретінде тәркіленді. Халықтың наразылығын басу үшін оларды шеткері аймақтарға қоныстандыру басталды. Мұндағы мақсат халықтың наразылығын басумен қатар, қоныстанатын жаңа өлкені игеру. Ол экономикалық және рухани салаларды қамтыды. Тәркіленген орыс шаруаларын орналастыруда ресурстар тапшылығы сынды мәселелер ескерілмеді. Онсыз да материалдық игіліктерден таршылық көріп отырған аймақтарға қосымша ретінде орналастырыла берді. Ресей тұрғындарын депортациялаудың алғашқы легі Украина, Белоруссия, солтүстік аудандарға жүргізілсе, келесі толқын тұрғындар Орал, Сібір және Қазақстан аумағына көшірілді. 1930 жылдың өзінде Ресейден 550-600 мың тәркіленген шаруалар депортацияланды. Ал келесі жылы оның көрсеткіші екі есеге өсті. Демек екі жылдың өзінде 2 миллионға жуық шаруалар Ресейден тысқары жерлерге көшірілді. Ресей тарихшыларының пікіріне мән берсек, тәркіленген шаруалардың өзі де көшуге ықыластық танытпаған. Өйткені көшіру үдерісі ешқандай дайындықсыз болғандықтан шаруалар арасында жұқпалы аурулар тарап, ашығу жайттары орын алған. Сол себепті де көшіп бара жатқан шаруалар қашуға да әрекеттеніп отырған. Мысалы 1930 жылдың ақпан-наурыз айларында солтүстікке көшірілген 230 мың адамның діттеген жерге тек жартысы ғана жеткен. Соның ішінде 40 мыңы қашып кетіп отырған. Қазақстан үшін қиын болған 1933 жылдары тіпті Ресейден екі миллионға жуық шаруаны депортациялау жоспарланған. Қазақстан мен Батыс Сібір мұнша адамды қабылдауға сөзсіз дайын емес еді. Осыған дейін де аталған екі аймақ миллионға жуық шаруаны қабылдап үлгерген болатын. 1933 жылы мамыр-маусым айларында шектен тыс адамдарды көшіру барысында Ертіс пен Обь өзендері бойындағы Назин ауылының маңында екі мыңға жуық адам аштық пен аурудан өледі. Осылайша Қазақстан мен Батыс Сібірге екі миллионға жуық адамды көшіру жоспары іске аспай қалады. Дегенмен Батыс Сібірге 132 мың, Қазақстанға 250 мың адамды қоныстандырып үлгереді. ОГПУ-дың 1934 жылдың 16 сәуіріндегі бұйрығында бұл адамдарға «байлар, контрреволюционерлер, ұрылар мен кезбелер» деп баға береді [200, с. 33-38]. Зерттеуші И.Е. Плотникова өзінің ғылыми-зерттеу мақаласында Қазақстанға 1930-1931 жылдар аралығында 50268 отбасы немесе 241 мың 331 адам көшірілгені туралы мәліметтер береді [201, с. 159-162]. Демек Қазақстанға қоныс аударған адамдардың сандық

көрсеткіштері жоғары әрі әлеуметтік құрамын бір текті болмаған деп бағамдауға болады. Өз кезегінде елімізде шиеленісті этнодемографиялық ахуал қалыптастырды.

Қарастырып отырған жылдардағы большевиктердің бастамасымен жүргізілген орыстандыру саясатының жарқын көріністері ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты және оның салдарынан айқын көрінді. Қазіргі таңда аталған саясаттың салдары турасында Отандық тарихнамада нақты тұжырым қалыптасқан. Алдын-ала жоспарланып жасалған саяси бастамалардың түп мәні – қазақ халқын ұлт ретінде сұрыптап, жаңа саяси ұстанымдарға сай келетін адамдардың ортасын қалыптастыру еді. Бұл ретте ашаршылықтың себептері Ф.И. Голощекиннің тұлғалық ерекшеліктері мен саяси ұстанымдарымен тығыз байланыстыра отырып қарастырылады. Әсіресе «Кіші қазан саясаты», ұжымдастыру саясатын белсенді түрде насихаттап, жеделдетіп отырықшыландыру қателіктері тікелей Ф.И. Голощекиннің атымен байланысты екендігі анық. Отандық тарихшылармен қатар, мұндай пікірді ағылшын-америкалық зерттеуші Роберт Конквест те ұстанады. Бұл зерттеушінің «Үлкен террор» атты еңбегі көпшілікке танымал. Негізінен Украина жерінде орын алған аштық және оның салдарына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген оның еңбектерінде Қазақстандағы ашаршылық туралы да тың мәліметтер бар. Өзінің еңбегінде «Кеңестер үшін Орал, Еділ бойы мен Қазақстанда ашаршылық ұйымдастырудың тиімділігі өте жоғары болды. Аталған аймақтарда аштықтың салдарын орыс емес халықтар көрді. Ал олардың жерлерін орыс қоныстанушылары мекен етті» дей келе, қазақтарды сан жағынан қысқарту ең алдымен орыстандыру саясатына сай жүргізілгендігін алға тартады [202, р. 239]. Алайда отандық тарихнамада қалыптасқан пікір Ресей тарихшылары тарапынан мойындала бермейді. Тіпті қазақ ауылдарының қасіретін дұрыс түсінбей, қазақ байларының қарсыластық әрекетінің салдары деп бағалайтындары да бар. Мысалы зерттеуші В.П. Данилов ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатын қазақ ауылдарындағы тап күресін күшейткен және байлардың кедейлерді тонау әрекетін тоқтатқан саясат ретінде бағалайды. Өзінің еңбегінде «Байлар жайылымдық жерлерін тартып алғанда, тіпті тәркілеуге көп мән бермеді. Тек қана ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты ғана оларды шын ойландырып, барлық байлықтарынан айрылатынын білді. Сондықтан да барынша қарсы тұруға тырысты» деген мәліметтер береді [203, с. 382-383]. Демек автордың пікірінше қазақ байларының қарсыластық әрекеттері қазақ ауылдарының қасіретіне себеп болған. Алайда большевиктердің дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескермегендігі назардан тыс қалдырылады.

Ресейлік зерттеуші А.В. Грозиннің 2014 жылы жарияланған «Голод 1932-1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан» атты еңбегінің бір тарауы «Қазақстанның қазіргі заман тарихнамасындағы мифтендіру» деп аталады [204, с. 8]. Автор Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін орын алған жағымсыз жайттарды патша және большевиктердің отарлық саясатымен байланыстыратын тұжырымдарды сынап, оны мифке теңестіреді. Автор бүгінгі Отандық тарихнамадағы объективті зерттеулерді «әділетсіздікке тарихи реніш», «қазақ халқының ролін төмендету» деп бағалайды. Сол себепті де

ашаршылықтың салдарын да тікелей большевиктердің ықпалымен болған деп қабылдамайды. Сонымен қатар Қазақстандағы ашаршылықтың салдары туралы Ресей тарихнамасында қате пікір орныққан. Мысалы зерттеуші П.М. Полян өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында Қазақстанда ашаршылық салдарынан қайтыс болған адамдардың саны 1 миллион адам болды деген мәліметтер келтіреді [200, с. 69-78]. Алайда отандық тарихнамада ашаршылықтың салдарының одан көп екендігі дәлелденіп, нақты тұжырымдар да жасалды. Мысалы еліміздің егемендік алуымен Отан тарихының өзекті әрі шешімін табуы тиіс мәселелер ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нысанына айналды. Осындай мәселелердің бірі – XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық тақырыбы болды. Белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ашаршылықтың себептері мен салдары айқындалды. Мысалы осы бағытта өзінің тың ұстанымдары арқылы архив құжаттарын айналымға енгізіп, жаңалықтарға қол жеткізген Т. Омарбековтің пікірінше, аштықтан қырылған қазақтардың саны 2,2 миллионнан да көп болған. Ашаршылық қарсаңындағы ауыл тұрғындарының санын алдымен анықтап, ашаршылық жылдарында ауылдағы қазақтардың саны 2,4 миллионға азайғанын айқындаған. Т. Омарбеков оған қоса қазақтар ашаршылық жылдарында жалпы жиыны 372 көтерілісті ұйымдастырғанын анықтайды. Сонымен қатар зерттеуші қазақ даласында осы науқанның жүргізілуіне күш салған партия белсенділеріне қатысты 460-ға жуық қастандықтың жасалғанын атап өтеді [205, 7 б.]. Демек зерттеушінің келтірген жайттардан байқағанымыз, қазақ қоғамы большевиктердің жүргізген ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатының дұрыс еместігін жақсы түсінді. Қазақ халқының шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін ескерместен жүргізілгендіктен де осындай қарсыластықтар орын алып отырған деп айта аламыз. Тіпті зерттеушінің «Голощекин геноциді» деп аталатын мақаласында бұл саясатың ұлтты бүтіндей құртып, адамдардың жаңа сапалық қасиеттерін қалыптастыруды мақсат еткені де айтылады [205,10 б.]. Дала және Батыс Сібір өлкесіне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген З.Е. Кабульдинова та аталған саяси шараларды этникалық геноцид деп атаған [206, с. 54-64]. Сөзсіз ұжымдастыру және отырықшыландыру саясаты дәстүрлі қазақ қоғамының ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі ережелерін бұзуды көздеді. Осылайша ұлттық бірегейлікті жойып, жаңа большевиктік тәртіп пен коммунистік идеологияға сай келетін азаматтардың жаңа толқынын қалыптастыруды жоспарлады. Зерттеуші Қ. Алдажұманов 1929-1932 жылдар аралығында болып өткен көтерілістерге 80 мыңнан астам адамның тартылғандығын атап өтеді [207, с. 66]. В. Козина бастаған зерттеушілер тобы өздерінің «Голод в Центральном Казахстане в начале XX века и его социально-демографические последствия» деп аталатын мақалаларында ашаршылықтың көлемі туралы бірқатар зерттеушілердің пікірін келтіреді. Соған сай М. Асылбеков 1 миллион 180 мың адам аштықтан қырылды десе, В. Осипов 1,1 миллион адам, демограф М. Тәтімов 2,3 миллион адам, А. Алексеенко мен Н. Масановтар 1 миллион 794 мың адам аштықтан қырылды деген пікірді ұстанады [208, с. 223]. Біз жоғарыда атап өткен және тұжырымдарын басшылыққа ұстанатын Т. Омарбеков ашаршылықтың салдарын 3379500 адам деп нақты көрсетеді, олардың шамамен миллионнан

астамы шетелге көшуге мәжбүр болғандығын да атап өтеді. Шетелге көшкен қазақтардың да үлесі жоғары болды. Бұл өз кезегінде қазақ даласында орыстандыру саясатының белсенді жүруіне ықпал ететіні сөзсіз еді. Қазақтардың үлес салмағының азаюына ерекше мән берілді. Зерттеуші Сара Кэмерон ашаршылық жылдарында шетел асқан қазақтардың өте көп болғанын айта келе, жергілікті басшылар шетел асқан қазақтардың санын көбейтіп көрсетуге тырысқанын айтады. Осылайша ашаршылықтың көлемі жоғары болмағандығын дәлелдеуге тырысқан. Оған қоса қазақтардың басым бөлігі өзге республика аумағына жұмыс істеуге жаппай көшті деген де өтірік мәліметтер беріп отырған [209, р. 490].

Отандық тарихнамада босып кеткен қазақтардың қазіргі Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия мен Ауғанстан аумағына орналасқандығы туралы пікір бар. Сонымен қатар ашаршылық салдарынан қазақтар Сібірдің шығыс бөліктеріне де жүз мыңдап қоныс аударуға мәжбүр болған. Бұл үлкен демографиялық апаттың орын алуына әкелді. Отбасылық институттың күйреп, ежелден қалыптасқан дәстүрлі тәрбие мен ұлттық бірегейлік мәселесін тығырыққа тіреді. Демек орыстандыру саясатын белсенді жүргізуге нақты жағдайлар қалыптасты. Мысалы ашаршылық салдарынан мыңдаған балалар қараусыз қалды. Мемлекет оларды өз қамқорлығына алып, балалар үйіне жаппай орналастыру басталды. Бұл дегеніміз азаматтарды жаңа, коммунистік идеологияға сай келетін топтарын қалыптастырудың бастамасына айналды. Халық комиссарлар кеңесінің жанынан балалар қамқорлығы бойынша ерекше комиссия құрылды. 1932 жылдың 25 наурызында осы комиссия денсаулық сақтау комиссариаты арқылы үш мыңнан астам бала әртүрлі қалалардағы балалар үйіне орналастырылды. Атап айтқанда Алматы (390 бала), Орал (350 бала), Семей (1100 бала), Петропавл (800 бала), Ақтөбе (360 бала) қалаларындағы балалар үйіне берілді [210, 77 б.]. Әрине ашаршылық жылдарында балалардың тағдыры өте аянышты болды. О. Жандосов билік басындағыларға Әулиеата қаласындағы ахуалға назар аударуға шақырған. Қаңтар айының алғашқы күндері 84 адам қайтыс болса, соның ішінде жиырма бала базар маңындағы шайханалардың бірінің жандарында үсіктен қатып қайтыс болған. Л. Мирзоян Әулиеата жеріне арнайы өкілдер жіберіп, балалар үйін ұйымдастыру, қажетті материалдық игіліктермен қамтамасыз ету сынды мәселелерді шешу ісі қолға алынады. Ата-анасы саналы түрде тастап кеткен балалар да кездесті. Бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қараусыз қалған балаларды арнайы үйлерге орналастырып, тамақтандыру мен киіммен қамтамасыз ету үшін 230000 сом бөлінеді [211, 101-п]. Балалар үйін ұйымдастырудың қажеттілігі шынымен де байқалды. Алайда балалар үйін ұйымдастыра отырып, ондағы тәрбие жұмыстары қазақ қоғамына жаңа әрі таңсық болған коммунистік идеология шеңберінде жүрді. Большевиктердің ұлт саясатындағы орыстандыру саясаты осыдан көрінді. Балалар үйімен қатар, қала және аудан, ауылды жерлерде білім беру ісін толыққанды бақылауға алып, өздерінің идеологияларын белсенді түрде насихаттау ісі қолға алынды. Өздерінің орыстандыру бағытындағы мақсаттарын білім мен технологияларды меңгерудің қажеттілігі деген мағынадағы ұрандармен жасырды. Гендерлік тендік деген

сияқты маңызды мәселелерді көтерді. Көпшілік үшін өмірдің жаңа белестері ашылады деп сендіріп, бұрын куә болмаған қоғам құрудың жолындамыз деп сендірді. Мұндай идеологиялық жұмыстар тіпті жаппай қуғын-сүргін жылдарында да жалғасып, «бақытты кеңестік қоғам» туралы мифті тудырды.

1934 жылы І бесжылдықтың қорытындысы бойынша И.В. Сталин КСРО-да социализм құру туралы бастама көтерді. Социализм – коммунисттік қоғамның бастапқы сатысы саналды. Жалпы большевиктердің билігін қолына алған И.В. Сталин ұлт саясатына ерекше қаталдықпен қарады. Жекелеген ұлттардың өз алдына дербес ел болуына деген ұмтылысына наразылық білдіріп, ұлт көшбасшыларын большевиктік тәртіпке көндіру немесе ату арқылы көзін жоюды мақсат етті. Зерттеушілердің пікірінше, И.В. Сталиннің мұндай ұстанымы КСРО министрлер кеңесінің төрағасы болып тағайындалған кезден басталды. Жеке билік етуге әрекет етуі салдарынан диктатуралық билік орнатты. Сөзсіз диктатуралық билік жағдайында ұлт саясаты тығырыққа тірелетіні анық еді. 1926 жылдың қазан айында большевиктер билігі мен ағылшындар арасындағы сауда келісімдері жоққа шығарылды. Халық арасында, әсіресе зиялы қауым мұндай келісімнің тоқтатылуының ауыр салдары болатындығын жақсы білді. Сол себепті И.В. Сталин алдымен өз большевиктері арасында, кейіннен өзге де «монархиялық күштерді» жою саясатын қолға алды. Отандық тарихнамада бұл оқиғалар желісін Сталиндік репрессияның алғашқы толқыны деп атау қалыптасқан. Бұл жылдары Қазақстанда да ұлт қайраткерлерін қуғындау саясаты жүргізілді. Әсіресе орыстандыру саясаты мен «халықтар достығына» негізделген коммунисттік идеологияны белсенді насихаттауға кедергісін келтірген ұлт зиялыларын қуғындау ісі әсіресе 1937-1938 жылдары ерекше жүрді. 1937-1938 жылдардағы репрессиялау саясаты большевиктердің өз көздеген мақсаттарына қол жеткізу үшін ештеңеден тартынбайтынын көрсетті. Бір ерекшелігі 1937-1938 жылдардағы қуғындау саясатына тек басынан большевиктер билігіне қарсы болған Алаш зиялылары ғана ұшыраған жоқ. Сонымен қатар коммунисттік идеологияға толық сеніп, Қазақстанда қызылдар билігін орнатуға белсенді атсалысқан большевиктік тұғырнамадағы қазақ қайраткерлері де ұшырады. Әрине Алаш қайраткерлерінің репрессияға ұшырауы заңдылық та болып көрінеді. Өйткені патша билігі тұсынан бастап, большевиктердің де отарлық, орыстандыру саясатын ашық сынап отырған ұлт қайраткерлерінің әрекеті Кеңестер тарапынан құпталмады. «Халықтар достығы» деген ұранға сай келмеуі салдарынан Алаш қайраткерлерінің қуғындау саясатынан аман қалуы да екіталай еді. Қазақстанда кеңестер билігінің орнығуына атсалысқан қазақ қайраткерлерінің де жаппай қуғындалуының да өзіндік себептері бар. Большевиктердің түп мақсаты халықты анық көшбасшысыз қалдырып, орыстандыруға негізделген өздерінің идеологиясын сараптаусыз қабылдайтын адамдардың үлкен тобын қалыптастыруды көздеді. Атап өтетін жайттардың бірі, 1937-1938 жылдардағы репрессия тек «оңшыл-троцкийшілік элементтер», байлар, өзге де «контрреволюционерлер» мен «ұлтшылдарды» ғана қуғындауға бағытталмады. Репрессиялық саясат нақты ұлттық бағытта да жүзеге асты деп айтуға негіз бар. Кеңестер елінің аумағында өмір сүріп жатқан немістер, гректер мен поляк сынды халықтар бүтіндей

куғындауға ұшырады. Жалпы И.В. Сталин тұсындағы большевиктер билігі ұлттарды, елді-мекендер мен аудандарды бүтіндей қудалау тәжірибесі енгізілді. Мысалы осыған дейін большевиктер қудалаудың «қара тақта» деп аталатын әдісін ойлап тапты. «Қара тақта» – тоталитарлық режимнің орнығуына кері әсер етіп, көрсетілген жоспарды орындай алмағаны үшін колхоз, аудан, облыс, тіпті ұлттарды жазалаудың бір түрі болып табылады. Қазақтармен қатар, патша үкіметі тұсында көшіп келген қоныс аударушылар да мұндай жазаға ұшырап отырды. Украиналық зерттеуші В. Сергейчук өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында Өскемендегі жекелеген аудандардағы колхоздар бірыңғай украиндықтардан тұрғанын айтады. Мысалы Федоров ауданындағы 28302 тұрғынның 25408 тұрғыны украиндықтар болған. Олар негізінен астық даярлау ісімен айналысқандығын көрсетеді. Міне осы аудан бүтіндей «қара тақта» тізіміне ілінеді [211, с. 529]. Әрине «қара тақта» тізіміне ілінген ұлттардың бірі қазақтар болды. Осының нәтижесінде малды тартып алу, азық-түлікпен қамтамасыз етуді тоқтату сынды жағымсыз жайттар орын алды. Сөзсіз бұл жайт большевиктердің ұлт саясатындағы қаталдығын көрсетеді. Әрине жекелеген ұлттарды куғындаудағы ерекше белсенділік алдымен орыс үстемдігін орнықтырудың басты жолдарының бірі болып табылды деп санаймыз. Бұл өз кезегінде орыстандыру саясатымен ұштасып жатыр. Жоғарыда атап өткен сталиндік репрессиялау саясатында да қазақ зиялылары ерекше зардап шегуі де большевиктер жүргізіп отырған ұлт саясатының дұрыс бағытта емес екендігін толыққанды дәлелдейді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен соғыс жылдарында большевиктердің ұлт саясатында түбегейлі өзгерістер орын алды. Өйткені жекелеген ұлттарға деген сенімсіздіктер танытылып, оларды өз туған жерлерінен жаппай көшіру басталды. Әрине қазақ мұндай депортациялау саясатына ілінбеді. Дегенмен «халықтар түрмесі» атауына ие болған қазақ даласына кәріс, поляк, шешен, ингуш сынды өзге де ұлттар көшірілді. 1941 жылдың ортасына дейін қазақ жеріне 66 мыңнан астам поляктар қоныс аударылды [212, с. 89]. Оған дейін, нақтырақ айтқанда 1937 жылдың 21 тамызында «Қиыр Шығыста жапон тыңшыларының енуін тоқтату мақсатында» шекара аумағындағы 23 аудандардағы кәрістерді Оңтүстік Қазақстан облысы, Арал, Балхаш аудандарына көшіру жүзеге асқан болатын [213, с. 791]. Сол жылдың аяғында Алматы және Оңтүстік Қазақстан аумағына 1121 күрд және армян отбасылары депортацияланды. 1939 жылдың қыркүйек айында Л. Берия Солтүстік Қазақстану аумағына 2081 ирантекті халықтардың қоныс аудару туралы қаулыны бекітті. Жалпы депортация жылдарында 8 мыңнан астам ирандықтар депортацияланды. Еділ бойынан «саяси сенімсіз» деп танылған немістер көшірілді. Сол сияқты соғыс жылдарында шешен, ингуш, қарачай, балкарлар да көшірілді. Рас депортацияланған халықтардың арасында славян тектес ұлттар байқалмады. Сол себепті бұл саяси шараны орыстандыру саясатымен байланыстыра алмаймыз. Дегенмен өзге ұлттардың көптеп қоныс аударуы қазақтардың үлес салмағының азаюына алып келді. Ұлттық бірегейліктің жойыла бастауына әсер ету мүмкіндігі жоғары еді.

Кеңестік биліктің ұлт саясатындағы күрделі өзгерістер Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында орын ала бастағандай көрінеді. 1944 жылдың 6 қарашасында И.В. Сталин Мәскеу қаласының қоғамдық ұйымдары мен партия еңбеккерлерінің Мәскеулік кеңесімен болған салтанатты отырыс барысында сөз сөйлейді. Өз сөзінде «Кеңестік патриотизм мен ұлттық дәстүрлер ерекше үйлесімділік табуы тиіс» деген болатын [214, с. 197]. Біздің пікірімізше, коммунисттік идеологияны ұлттық дәстүрмен байланыстыру майдандағы сарбаздардың жауынгерлік рухын көтеру, сонымен қатар тыл еңбеккерлеріне жігер беру мақсатында жүргізілді. Дегенмен И.В. Сталиннің бұл сөздерінен кейін партия қызметкерлерімен қатар, қоғам белсенділері, ғалымдар жаңа серпіліс алып, кеңестік патриотизмнің бастауына айналу мүмкін мәселелерді көтерді. Тіпті кеңестік патриотизмді православтық шіркеуді қалыптастыру арқылы көтеру туралы да мәселелер көтерілді. Бұл қауіпті ұсыныс еді. Православтық шіркеуді қалыптастыру жүзеге асқанда дін саласындағы отарлау өз жалғасын табатын еді. Дегенмен одақтас елдерге орыс халқының үстемдігін мойындату мықтап қолға алынды. 1944 жылдың 19 қаңтарында «Ленин мен Сталин кеңес халқын жеңіске жетелеуде» деп аталатын баяндама жасалды. Баяндамада «ұлы орыс халқы, Кеңес Одағы деп аталатын отбасындағы аға ретінде өз жағына өзге халықтарды біріктіре алды» деген болатын [215, с. 409]. Сөзсіз мұндай пікір мен ұран соғыс жылдарындағы қазақ сынды өзге де ұлт өкілдерінің майдандағы және тылдағы ерліктеріне мән бермеуге алып келеді. Соғыс жылдарындағы партия басшыларының осы сынды ұрандары бүгінде өз сабақтастығын тауып, одақтас республикалар мен антигитлерлік коалиция көмегін мойындамау ұстанымына айналды. Соғыс жылдарындағы кеңестік патриотизм мен ұлттық дәстүрлер үйлесімділігі мәселесі көтерілгенде Ә. Марғұлан да өз пікірін білдіріп, отандық тарихнамадағы моңғол шапқыншылығының Ресейге үлкен салдары болғандығы туралы тұжырымды қайта қарау керектігін көтерді.

Өйткені бүгінгі таңда біз білеміз, моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда дәуірі орыс княздіктерін Мәскеу төңірегіне біріктіруге ықпал етті. Нәтижесінде Русь мемлекеті пайда болған. Алайда сол дәуірдің өзінде орыс тарихшылары Ә. Марғұланның ұсынысына қарсы шықты. Академик В. Волгин мұндай ұсынысты моңғол шапқыншылығын ақтап алу және оған прогрессивті құбылыс ретінде баға беру әрекеті деп санады [215, с. 411]. Мұның өзі кеңестік патриотизм мен ұлттық дәстүр, ұстанымның үйлесуі туралы И.В. Сталин көтерген мәселенің азшылықты құрайтын ұлттар үшін тұйықталғандығын көрсетті.

Орыс зерттеушілері кеңестік патриотизмнің тарихи бастаулары мен ұлттық дәстүрмен сабақтастығын айқындауда патшалық Ресей және одан әрі замандардағы батырларды ұлықтауға көп әрекеттер жасады. Қазақ зерттеушілері арасынан Е. Бекмаханов сынды зерттеушілердің Кенесары ханды зерттей бастауының себептері де осы жайтпен байланысты. Соғыс аяқталғаннан кейін бастама тығырыққа тіреліп, партияның ролін айқындайтын ұстаным басшылыққа алынды. Сәйкесінше партия тарапынан «әшкереленген» Кенесары хан сынды тұлғалар мен оны зерттеуші Е. Бекмаханов сияқты зерттеушілер жаппай қуғындалды. Сталиндік қуғындаудың үшінші кезеңі деп аталатын

соғыстан кейінгі репрессиялау саясаты ұлт мәселесінің әлі де болса орыстандыру шараларының ықпалынан шыға қоймағандығын дәлелдеді. Шынайы тарихи зерттеулер ұлттың өзін-өзі тануына жағдай жасайтыны белгілі. Керісінше орыс зерттеушілерінің өз тарихындағы тұлғаларды зерттеу әрекеттері белсенді жүрді. Тек ғылым саласында ғана емес, мәдениет саласында да насихатталуына жағдай жасалды. Бұл жайт әлі де болса орыстандыру саясатының астыртын жүріп жатқандығының анық көрінісі болды.

Жалпы XX ғасырдың 20-50 жылдарында Кеңестік биліктің ұстанған ұлт саясаты өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Оның тарихи астарын ашу ғана емес, бүгінгі таңдағы этникалық негіздегі қақтығыстардың тарихи бастауыларын айқындау тұрғысынан да маңызды. Демек Кеңестер билігінің ұлт саясаты мәселесі тек тарихшылар ғана емес, саясаттанушылар сынды өзге де қоғамдық ғылым өкілдерінің қызығушылықтарын тудыруда. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңестер билігінің ұстанған ұлт саясатын саралай келе, оны «маятник» тұжырымына сай түсіндіруге болады. Маятниктің қозғалысы тепе-теңдік таба алмауымен ерекшеленеді. Демек қарастырып отырған жылдардағы Кеңестік биліктің ұлт саясаты да сөз жүзінде ұлттық құндылықтарға мән беруге бағытталған қаулылар мен заңдар қабылдаса, іс-жүзінде орыстандыруға бағытталған шараларға артықшылықтар беріп отырды. Көбінесе ұлт саясатындағы шешімдер орын алған жайттарға сай жүзеге асып отырды. Біз жоғарыда келтірілген оқиғалар желісі мен қабылданған шешімдерді бағамдай келе, қарастырып отырған жылдардағы Кеңестер билігінің ұстанған ұлт саясатын бірнеше кезеңдерде бөліп қарастыруды ұсынамыз. Атап айтқанда:

- Қазан революциясы және қабылданған декреттер;
- Азамат соғысы және ұлттардың өзін-өзі басқару әрекеттері;
- Кеңестік үлгідегі мемлекетті қалыптастыру жылдары (1921-1927 жж.);
- Кеңес адамын қалыптастырудың дәрежесі тәсілдері (1932-1938 жж.);
- Ұлыдержавалық орыс ұлтшылдығы (1940-1953 жж.).

Бұл кезеңдердің барлығында Кеңестік билік орыстандыру бағытындағы шараларды белсенді түрде ұйымдастыра алды. Біз келтірген тарихи жайттардан байқағанымыз Кеңестер билігінің ұлт саясатындағы ұстанымдарын институционалдық деңгей, кадр саясаты және мәдени-тілдік бағыттарда түсіндіруге болады. Институционалдық деңгей деп біз ұлт саясатын жүзеге асыруда қабылданған шаралар мен соған сай орын алған өзгерістерді жатқызамыз. Қарастырып отырған жылдары орыстандыруды мақсат еткен шаралар белсенді әрі сан саланы қамти отырып, ұйымдастырылды. Большевиктер этникалық аймақтарға формальды түрде мәртебе бере отырып, ресми кеңестік иерархияда әр ұлттың өзіндік орнын анықтады.

Орыстандыру саясаты әсіресе кадр саясатынан ашық көрінді. Біз қарастырып отырған жылдары қазақ халқының ұлттық белгілерін жойып, олардың сандық көрсеткіштерін азайту мен зияткерлік деңгейін төмендетуге бағытталған шаралардың барлығы да орталықтан тағайындалған басшылардың тұсында ерекше белсенді жүрді. В.И. Лениннің «әр ұлтты өз көсемі басқарсын» деген ұраны Қазақстан мысалында жүзеге аспады. Мұның өзі ұлт саясатының тиісті деңгейде орындалмағандығын байқатады. Партияның бірінші хатшысы

ғана емес, 20-50 жылдары Қазақстандағы облыстық, аудандық деңгейде ең маңызды қызметтерде жергілікті халық арасынан шыққан басшылар өте аз еді. И.В. Сталин әсіресе 1937-1938 жылдардағы репрессиядан кейін Қазақстанмен қатар, өзге де одақтас республика басшыларын этникалық орыстардан тағайындады. Өз кезегінде мәдени-тілдік саладағы саясат және білім беру саласындағы орыстандыру үдерісі келесі тараушада ашылатын болады.

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңестік биліктің ұлт саясаты екі ұстанымға негізделгендігін байқауға болады. Оның біріншісі, ортодоксалды маркстік ұстаным. Аталған ұстанымға сай әр ұлттың өзіндік құндылығы және ұлтын сүю сезімі бар екендігі мойындалмады. Ұлтанжандылық сезімін тек буржуазиялық көшбасшылар ойлап тапты деген түсінік басшылыққа алынды. Ұлтжандылық пен өз ұлтын сүю, ұлтқа қызмет ету түсініктері әлемдік жұмысшы табының бірігуіне кері әсер етеді деп қабылданды [216, 71 р.]. Міне осы ұстанымға сай орыс тілі мен орыс мәдениеті барлық Кеңестер билігіне бағынған ұлттарға ортақ болуы тиіс еді. Қазақ халқын отарлау мен орыстандыруға бағытталған шараларды батыл сынаған ұлт зиялылары «ұлтшыл» деп айыпталып, «халықтар достығына адал» болуы тиіс саналды. Большевиктердің ойынша, жұмысшы табының бірегейлігі – ешқандай ұлттық белгіге мән бермеуі деп санады. Келесі ұстанымға сай большевиктер Кеңестер билігіне бағынған әр ұлттың өзіндік құндылықтары мен ерекшеліктерін ескеру қажеттігін сезінді.

Ең бастысы, оған мән бермеуге болмайтындығы іс-жүзінде дәлелденді. Мысалы орыстандыруға бағытталған шараларға қарсы пікірлердің айтылуы, большевиктер саясатын батыл сынаған ұлт зиялылары, орын алған жайттарға қарсы бағытталған көтерілістердің барлығы да большевиктердің ұлт саясатына бірқатар өзгерістер енгізуді мәжбүрледі. Бірақ, большевиктер көп жағдайда ұлттық құндылықтарға мән беруі тек заң немесе қаулы жүзінде ғана орындалып отырды. Мұндай заңдар, қаулыларды қабылдасқа өздерінің ұлы державалық орыс ұлтшылдығы сияқты ниеттерін жасырып қалу мүмкін емес еді. Біздің пікірімізше қарастырып отырған жылдары большевиктер осы екі ұстанымға да мән берді. Көп жағдайда екі ұстанымға сай, азшылықты құраған ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы, Кеңестік патриотизм мен ұлттық дәстүр сабақтастығы деген сыңайлы қаулыларды өтірік шығарып, іс-жүзінде орыстандыруға бағытталған ниеттерін жүзеге асырып отырды.

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңестік үкіметтің ұлт саясатында азшылықты құрайтын халықтарға өзін-өзі басқару үшін автономия бергені жасырын емес. Тіпті көпшілікті құрайтын халықтардың өкілдері үшін саяси ынталандыру мақсатында лауазымды қызметтер де ұсынылды. Лауазымды қызметтерді ұсынғанымен орыс мәдениеті мен дүниетанымы үстемдік етті. Кеңестер билігінің азшылықты құрайтын ұлттарды орыстандыру ниетін бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Алдымен орыс халқы сан жағынан көп болды да, большевиктердің сенімді тірегіне айнала алды. Тағы бір маңызды себептердің бірі – большевиктер орыс мәдениеті салыстырмалы түрде алғанда батыс мәдениетінен соншалықты артта қалмады деп санады. Сондықтан өзге халықтардың дүниетанымы орыс мәдениетіне жақындастыру көзделді. Келесі себептердің бірі – большевиктер орыс халқының қазан революциясындағы

маңызды ролі көпке үлгі болуы тиіс деп көрсетті. Орыс халқы Кеңестер Одағындағы этностарды біріктіретін «этникалық желім» ретінде қарастырылды. Большевиктер жиі қолданған «артта қалған халықтар» деген сөздің астарында сенімсіздік, тұрақсыздық деген ұғымдар жатты. Орыс халқы болса большевиктер үшін тұрақтылық пен сенімді тіректің негізі саналды.

Зерттеуші Д. Бранденбергер большевиктер шеткері аймақтарға орыс халқын белсенді қоныстандыру арқылы өздерінің сенімді тірегін қалыптастыруды көздеді деген пікір айтады [217, р. 80–100.]. Бұл тұрғысынан келгенде большевиктердің бұл тәсілі патша үкіметі тұсынан келе жатқан дәстүр еді.

Мұндай орыс мәдениеті мен тіліне деген артықшылық беру ісі соғыс және соғыстан кейінгі жылдары тіпті күшейгенін байқаймыз. Орыс тілді емес ұлттардың ерліктерін бағаламау, орыс халқын батыр, жеңімпаз ретінде насихаттау идеологиялық құралдың басты бағытына айналды. Нәтижесінде қоғамда орыс тілінің мәртебесі өсіп, ұлт ретінде толыққанды ұлықталды. Соғыстан кейін фин-угор халықтарының ұлттық тілі қолданыстан толыққанды шықты. Бұл үдеріс Қазақстанда сәл кейінірек, тың игеру жылдарында толыққанды жүзеге асты. Ресми көзқарас бойынша әлем тарихындағы игіліктердің барлығын орыстар жасаған болып шықты. Коммунистік идеологияны насихаттау орыс ықпалын насихаттауды білдірді. Сондықтан да орыс халқы, оның тілі мен әдебиетінің қоғамдық өмірдегі беделі артып, оның маңыздылығы тіпті талқылауға жатпайтын мәселеге айналды.

3.2 Қазақстандағы «сауатсыздықты» жою және әріптерді реформалаудағы орыстандыру шаралары, салдары

Қазан революциясынан кейін большевиктер билікке келгенімен қоғам өмірінің барлық саласын бірден түбегейлі өзгерте алмады. Мұндай мүмкіндік тек азамат соғысынан кейін туындады. Большевиктер азамат соғысынан кейінгі жеңістен соң, Қазақстанда өз биліктерін түпкілікті орнатты. Осы ретте патша үкіметі тұсынан басталған орыстандыру саясаты өз жалғасын тауып, біз жоғарыда келтірген қоныстандыру, қоғам белсенділері мен ұлтын ойлаған зиялы қауым өкілдерін қуғындаумен қатар, білім беру саласы арқылы да орыстандыру саясатын белсенді жүргізді. Бір белгілісі большевиктер билігінің орнауымен зайырлы білім беру жүйесі енгізілді. Біз жоғарыда атап өткеніміздей, большевиктер өздерінің мақсаттарына қол жеткізуде тек орыс халқын негізгі тірек санап, орыс мәдениеті мен дүниетанымын барынша сіңіруге тырысты. Қалған азшылықты құрайтын ұлттардың көпшілігін «артта қалған халықтар» деп қабылдады. Сол себепті де азшылықты құрайтын ұлттардың өзіндік ерекшеліктері мен дүниетанымы ескерілмеді. Білім саласында да осындай немқұрайлы ұстаным салдарынан бірқатар ұлттар «сауатсыз халық» деген сипатқа ие болды. Жалпы «сауатсыз» деген ұғым жазу-сызуды білмейтін адам немесе халыққа қолданады. Большевиктер билігі орнаған тұста, «сауатсыз» атанған қазақ халқы шынымен жазу білмеді ме деген заңды сұрақ туындайды. Тарихи оқиғалар мен фактілерге мән беретін болсақ, дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден мектеп-медреселердің жұмыс жасап тұрғандығын байқаймыз.

Қалыптасқан пікірге сай, медресе дегенде ең алдымен діни оқу орны деген ой бірден келеді. Алайда діни біліммен қатар, зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін пәндер де оқытылып тұрған. Тіпті ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлері бірнеше шығыс тілдерін дәл осы медреседе оқып жүргенде игерген. Яғни, ХХ ғасыр басында қазақ халқы шығыс тілдерінде жазып, өз ойларын білдіре алған. Басты кемшілік – кирилл қарпін білмеуінде болды. Большевиктер қазақ даласында сәтті жұмыс жасап келген медреселерді «конфессионалдық оқу орны» деп таныды. Қазақтардың араб сияқты шығыс тілдерін меңгергендігін назарға алмай, жаппай «сауатсыз» халық деген баға берді. Сол себепті «сауатсыздықпен» күрес деген, түпкі мәні орыстандыруды мақсат еткен тарихи кезең басталды.

Қазақстандағы «сауатсыздықты» жою бойынша атқарылған шараларды саралай келе, біз алдымен Ағарту халық комиссариатының кешенді жұмыстар атқарғандығын байқаймыз. Өйткені Ағарту халық комиссариаты Қазақстанда зайырлы білім беру жүйесінің енгізілуі, жаңа үлгідегі мектептердің салынуы, кәсіби мұғалімдер мен оқулықтармен қамтамасыз ету бағытындағы ең маңызды деген мәселелерді аз уақыттың ішінде шеше алды. Рас Ағарту халық комиссариаты мұның барлығын еш қиындықсыз жүзеге асырды десек асығыстық болар. Оның жұмысында бірқатар кемшіліктер де байқалды. Большевиктердің ықпалында болған Ағарту халық комиссариаты «сауатсыздықты» жою деп қазақ халқының дүниетанымы, қазан революциясына дейін болған білім беру ісінің артықшылықтары, тарихи сабақтастық мәселесін назардан тыс қалдырды. Уақыт өте келе Ағарту халық комиссариаты дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше сұраныста болған мектептер мен медреселердің жұмысына толыққанды тыйым салды. Мектептер мен медреселер діни білім беретін орындар деп саналды.

Мысалы мектептердің ішінде ерекше назар аударарлық «жаңа әдісті мектептер» де болған еді. И. Гаспринский негізін қалаған «жаңа әдісті мектептер» ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басында Қазақстанда көптеп пайда болған. Дәстүрлі медреселерге қарағанда «жаңа әдісті мектептер» барлық зайырлы білім беру жүйесіндегі пәндерді оқытты. Сонымен қатар оқытудың өзіндік тың әдістері де басшылыққа алынды. «Жаңа әдісті мектептермен» қатар патша үкіметі тұсында ашылған орыс-түземдік мектептер де жұмыстарын тоқтатты. Салыстырмалы түрде алғанда патша үкіметі тұсында ашылған мектептер оқу орындары жаңа білім беру жүйесіне қарағанда мүмкіндігі шектеулі еді. Большевиктер енгізе бастаған зайырлы білім беру жүйесі өзінің заманауилығымен ерекшеленді. Қазан революциясынан кейінгі қазақ қоғамы әлі де болса зайырлы білім беру жүйесін еш қиындықсыз енгізуге дайын болмай шықты. Материалдық-техникалық қиындықтармен қатар, білікті мұғалімдер, талапқа сай келетін оқулықтар болған жоқ. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылық жағдайында өмір сүргенін ескерсек, балаларды тұрақты білім беру мекемелерімен қамтамасыз ету де қиындық тудырды. Қалалы жермен салыстырғанда қазақ ауылдарындағы мектептер өте ауыр жағдайда жұмыс жасауына мәжбүр болды. Қарастырып отырған жылдары қазақ ауылдарындағы мектептердің 99% ғимараты болмаған [218, 41-п].

Демек арнайы ғимараттың жоқтығынан білім беруге келетін ғимараттарды пайдаланды. Аталған мәселелерді шешу ісі Халық комиссарлар Кеңесіне қалдырылды. Халық комиссарлар кеңесі өз кезегінде халық арасында үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, 4 жылдық мектептер, техникалық бағыттағы білім мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру, мектептерге керек-жарақтармен қатар, білікті мамандарды даярлау ісін қолға ала бастады. Сөзсіз мұндай күрделі жұмыстарды кешенді түрде шешу үшін Ағарту халық комиссариаты пайда болды. «Сауатсыздықты» жою жұмыстары бірыңғай білім беру жүйесін енгізуден басталды..

1919 жылы 31 қазанда «Аз ұлттардың мектептері туралы» деп аталатын қаулы қабылданды. Қаулыға сай зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін мектептер ашу ісі басталды. Атап өтетін жайт, Ағарту халық комиссариаты алғашқы жылдары мектеп ғимаратының жетіспеушілік мәселесін бұрынғы «орыс-түземдік» мектептерді пайдалану арқылы шешті. Жоғарыда атап өткеніміздей, көшпелі қазақтардың балалары үшін мектеп-интернат желілерін ашу ісі де қолға алына бастады. Мемлекет тарапынан қаржыланатын мектеп-интернаттың біріншісі 1919 жылы Шымкент қаласында ашылды [219, с. 79].

Ағарту халық комиссариаты «сауатсыздықты» жою мақсатында атқарған маңызды жұмыстарының бірі – маман тапшылығы мәселесін шешу болды. Алғашқы жұмыстар ел арасында арнаулы білім бар мамандарды тіркеуге ала бастады. Тәжірибесі жоқ мамандар да басты назарда болды. Арнайы мұғалімдер даярлау курстары ашылды. 1918 жылдың 2 тамыз айында қаулы қабылданып, ниет білдірген 16 жасқа толған азаматардың барлығы жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылдануы тиіс болды. 1919 жылы жұмысшы факультеттері ашылды. 1919 жылы қыркүйекте Алматы, Торғай, Орынбор, Орал, Ойыл, Шалқар, Ырғыз жерлерінде мұғалімдер даярлайтын 2 айлық курстар өз жұмысын бастады. 1920 жылы мұндай курстар Семей, Ақмолада да ұйымдастырылып, ендігі кезекте қазақтармен қатар, орыс мектептеріне де мұғалімдер даярлана бастады. Ал 1920 жылы Петропавл қаласында ашылған дайындық курсынан 50 мұғалім неміс мектептері үшін даярлықтан өткен [219, с. 53].

Қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлау ісі жыл өткен сайын белсенді түрде жүргізілді. 1927-1928 жылдар аралығында Мәскеу, Ташкент пен Ленинград, Астрахань, Воронеж, Саратов, Самара, Қазан, Иркутск және тағы да басқа ірі қалаларда 1349 студенттер білім алды. Олардың 559 студенті қазақ жастары болды. Мамандар даярлау ісіне осы жылдары 169620 сом жұмсалды [221, с. 126]. Республикадан тыс жерлер ғана емес, сонымен қатар елдегі дайындық курстарында мұғалімдер даярлау ісі жеткілікті материалдық шығынды қажет еткен еді. Жағымсыз жайттар да осыған дейін орын алды. Көптеген жастар орыс жерінде орналасқан оқу орындарын қаражаттың жоқтығы салдарынан тастап кетіп жатты. Сондықтан Ағарту халық комиссариаты бұл бағыттағы шығындарды өз жауапкершілігіне алды. Қазақ жастарын оқыту ісі өзге де ірі орталықтардан мамандар тартылды. Қазақ жастарын оқыту үшін Мәскеу мен Ленинград, сонымен қатар Киев қалаларынан мамандар келді. 1930 жылдары Қазақстанға 70-тен астам ғылыми дәрежесі мамандар келген болатын.

1920 жылы қазанда ҚазАКСР кеңестері құрылтай съезінде Ағарту халық комиссариаты құрылды. Бұл органның құрылуы «сауатсыздықты» жою жұмыстарының кешенді жүруіне алып келді. Құрылған Ағарту халық комиссариатының атқаратын жұмыстар сан салалы әрі өте күрделі болды. Өйткені халыққа білім беру ісі, білім беруде басшылыққа алынатын саяси-идеялық бағыттар, оқулықтар мен оқу бағдарламалары даярлау, әдістемелік нұсқау беру, балаларды мектептерге тарту, әлеуметтік тәрбие беру, мамандар даярлау жән тағы да басқа білім беру ісінің маңызды мәселелерін шешті. Бір ерекшелігі азамат соғысынан кейін басталған ағарту жұмыстары әлі де болса бір жүйеге келтіріле қоймаған болатын. Тіпті оқытудың ортақ білім бағдарламасы да жоқ болатын. Аталған кемшіліктерді Ағарту халық комиссариаты шешуі тиіс болды. Мектеп жасындағы балалар мен ересектерге арналған ортақ білім беру бағдарламасы да жоқ еді. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы, оқушыларды тамақтандыру, оқуға қажетті керек-жарақтармен қамтамасыз ету сияқты мәселелер де өз шешімін табуы тиіс еді.

Ағарту халық комиссариаты 1928 жылғы қарай бірқатар жетістіктерге қол жеткізгендігін байқаймыз. Мысалы осы жылы ел аумағында 1 педагогикалық жоғары оқу орны, 3 білім беру институты, 14 педагогикалық техникум, 6 ауыл шаруашылық техникум, 2 орман шаруашылығы техникумы, 2 зоотехникалық техникум, 2 акушерлік техникум, 1 медициналық техникум, 1 өнеркәсіп-экономикалық техникум жұмыс жасап тұрды. Оған 15 арнайы курстар да ашылды. 1927-1928 оқу жылында жоғарыда аталған орта оқу орындарында 5134 адам білім алды. Солардың 2877-і қазақ ұлтының өкілдері еді [219, с.194].

1921-1922 жылдары «әскери коммунизм» саясаты нәтижесінде елде аштық орын алды. Мұның білім беру саласына да кері әсері болды. 1921 жылы Жаңа экономикалық саясаттың қабылдануы ғана білім саласының дамуына елеулі өзгерістер алып келді. Мектептер мен интернат желілерінің материалдық жағдайын реттеу үшін шаруашылық іс бойынша кеңестер құрылды [220, 107-п].

1923 жылы Ағарту халық комиссары болған Нұғман Залиев тұсында білім беру саласы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. 1922 жылы қазақ тілінде білім беретін мектептер саны 590 болса, 1923 жылы оның саны 669-ды құрады. 1924 жылы олардың саны 762 өсті. 1922 жылы оқушылар саны 22590 болған. 1923 жылы 26866 оқушыға артты [221, 38-п]. 1923-1925 жылдары 700-ден астам жаңа мектеп қолданысқа берілді. Алайда бұл мектептердің барлығының дерлік жоғары сапалық материалдық жағдайы болды деген қисынға келмейді. Өйткені 1927 жылы ауылдардағы мектептердің 1,5% ғана өзінің арнайы ғимараты болған деген мәліметтер бар. Салыстырмалы түрде алғанда орыс тіліндегі мектептердің 28% арнайы ғимараттары бар еді. Демек орыс тіліндегі мектептерге ерекше мән берілді.

1925 жылы Ағарту ісінің халық комиссары болып Смағұл Сәдуақасов тағайындалды. Білім беру ісін дамыту ісі белсенді жалғасын тапты. 1927-1928 жылдар аралығында мектеп саны 3927-ні құраса, мұндағы мұғалімдер 7883-ке өсті. Оқушылардың жалпы саны 273584 болды [221, 39 п]. Смағұл Сәдуақасов ағарту саласын басқарған жылдары мектеп салуға қажетті қаражатты жергілікті бюджетпен қатар, мемлекеттік бюджеттен бөлу ісін жүзеге асырды. Бұл

жылдары индустриаландыру бағытына сай келген болатын. Сондықтан қазақ жастарының техникалық білім алуына көп көңіл бөлді. Сол себепті республика аумағында техникалық білім беретін оқу орындары, курстар мен техникумдардың саны артты. Қазақстанда ғана емес, қазақ жастарына қажетті мамандарды даярлау ісі өзге де республикаларда жүзеге асырылды. Оған қоса 1926-1927 жылдары республика аумағындағы балалардың 30% мектепке жұмылдырылды. Әлі де болса көшпелі қазақ отбасындағы балаларды мектепке тарту ісі өзекті болып тұрды. Өйткені осы жылдары тек 20% ғана қазақ балалары мектепке тартылды.

1926-1927 жылдары қазақ қыздарын мектепке тарту ісі жүйелі түрде жүзеге аса бастады. 1927 жылы 19 қаңтар айында Ағарту халық комиссариаты қыздарды жаппай білім беретін мекемелерге жұмылдыру бойынша нақты шаралар қабылданды. 1926-1927 жылдар аралығында қазақ қыздарының мектепке тартылу көрсеткіші 1,5% өскен болатын. Еліміздің оңтүстік өлкесіндегі көрсеткіш төмен саналды. Мысалы Сырдария облысы аумағында 1926-1927 жылдар аралығында сауат ашу курсына 4350 оқушы білім алса, тек 668 ғана қыздар еді. Қыздарды жаппай тарту үшін арнайы интернаттар, арнайы клубтар өз жұмысын бастады.

1927 жылы наурызда Ағарту халық комиссары К.Д. Тоқтабаев тағайындалды. К. Тоқтабаев ұзақ уақыт басқара алмады, тоғыз ай өткен соң оның орнына О. Жандосов тағайындалады. Осы жылдары қазақ мектептері үшін қазақ жастарынан шыққан мұғалімдер даярлау ісіне көңіл бөлінді. Ағарту халық комиссариаты өзінің жергілікті бөлімдері мен бөлімшелерінің жұмысының ашықтығына қол жеткізе алды. Бұл жылдары оқушылар мен мұғалімдер арасында сүзек ауруы кеңінен таралды. Сол себепті медициналық-санитарлық жұмыстарға көңіл бөлініп, мектеп ғимараттарының тазалық талаптары басшылыққа алына бастады [222, 111-п].

1928 жылы қазақ қыздарына арналған екі жылдық оқу курстары ашылды. Семей, Гурьев, Жаркент пен Әулиеата жерлерінде қыздарға арналған мектеп-коммуналар өз жұмысын бастады. Мектеп-коммуналар кәсіптік білім беруді мақсат етті. Сонымен қатар жоғары оқу орындары жанынан қыздар үшін даярлық курстары ашылды. Ақтөбе педагогикалық техникум жанында 30 қызға арналған мұғалімдерді даярлау курсы жұмысын бастаса, Қызылорда қаласында Қазақ ағарту институты жанынан 2 жылдық қыздарға арналған курстар ашылды. Төрт жылдық мектептерді бітірген қыздар қабылданды. Қызыл отау деп аталатын қозғалыстардың да маман тапшылығын жоюдағы маңызы жоғары болды. Мұндай қозғалыстардың саны 80-ге жуық болды. Қыздарды мектепке тарту ісі әлі де болса белсенділікті талап етті. Өйткені 1928 жылы мектепке тартылған оқушылардың 89% ұлдар болған еді. Салыстырмалы түрде алғанда тек 1939-1940 оқу жылында ғана мектепке жұмылдырылған қазақ оқушыларының 45,1% қыздар болды.

Ағарту халық комиссариатының «сауатсыздықты» жою мақсатындағы жұмыстар Н.С. Манаев, С. Меңдешов сынды комиссарлар тұсында да белсенді жүрді. 1930 жылдың 14 тамызында «жалпыға бірдей бастауыш білім беру

туралы» қаулы қабылданды. Қаулыға сай педагогикалық институттар, педагогикалық техникумдар саны артта бастады [223, с. 111-113].

Сонымен бірге 1936 жылы Ағарту комиссариатында құрылымдық өзгерістер орын алды. Комиссариат бірнеше жаңа басқармаларға бөлінді. Ағарту халық комиссариаты тек қана бастауыш, орта білім, жоғары оқу орындары саласына ғана жауапты болды Ал мәдениет, кітапхана ісінің өзіндік басқармасы құрылды [223, 120 б]. Бұл өз кезегінде большевиктер бастаған жұмыстың жүйелі ету мақсатында жүргізілді. Т.Қ. Жүргенов маман тапшылығын жою мақсатында 2 айлық оқу курстарын ұйымдастырды. Әсіресе география, тарих пәні бойынша мұғалімдерге сұраныс жоғары болды.

Т. Жүргенов маман тапшылығын жою жұмыстарының түрлі олқылықтарын да анықтап, алдағы уақытта мұндай жайттардың қайталанбауына ерекше көңіл аударған. Мысалы 1937 жылы 1 ақпан айында 105 адамға арналған 7 айлық курс ашу жоспарланады. Іс-жүзінде курс тек 20 ақпанда және 6 айлық курс болып қана жұмысын бастаған. Қабылдануы тиіс 105 адамның орнына тек қана 77 адамды ғана қабылдаған. Мұндай жоспардың сай келмеуі тек осы жылы ғана емес, азамат соғысынан кейін басталған шаралардан жүйелі байқалып тұрғаны шындық. Сол сияқты 1937 жылы 7000 адамға арналған курс ашу жоспарланған. Мұндағы қазақтардың үлес салмағы 5155 адамды құрауы тиіс еді. Іс-жүзінде курсты тек жоспарланған адамның тек жартысы ғана бітіріп шыққан. Шығыс Қазақстанда 104 адам осындай курсты аяқтап шыққан. Ал жоспарға сай олардың саны 913 адам болуы керек еді. Қарағанды облысындағы статистикалық көрсеткіш тіпті назар аударарлық. Мысалы курс тек 58 адамды оқытып шаққан. Жоспарға сай болуы тиіс адамдар саны 760 адам еді. Қостанайда да 149 адам тіркелгенімен, оладың саны 654 адам болады деп жоспарланған болатын. Сол сияқты ашылуы тиіс 72 мектептің тек 57 салынып біткен. Сегіз жылдық 85 мектеп емес, 58 мектеп ашылу фактілерін анықтаған. Мұның себептерін ашып, алдағы уақытта жоспар мен оның нақты орындалу көрсеткіштеріндегі мұндай алшақтықты болдырмау фолдары қолға алынады.

Азамат соғысынан кейін басталған «сауатсыздықты» жою жұмыстары тек мектептер, мектеп-интернат, техникумдар мен коммуналарды ғана ашумен шектелмегені анық. Ең басты мәселелердің бірі оқулықпен қамтамасыз ету мәселесі болды деп нақты айта аламыз. Бір атап өтетін жайт, большевиктер мектептерге қажетті оқулықтарды жазу үшін өздеріне қарсы болған Алаш зиялыларының әлеуетін барынша пайдаланды. Алаш қайраткерлерінің оқулық даярлау жұмысына қосатын зор үлесі бар екендігін большевиктер жақсы білді. Сол себепті 1919 жылы 4 сәуір айында Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті қаулысы шықты. Қаулыға сай Алаш-Орда үкіметінің бұрынғы мүшелерін кеңестік жұмыстарға алу және оларды қудалауға ресми түрде тыйым салынған болатын ды [224, 5-п]. Жаңа сипаттағы мектептер үшін, соның ішінде қазақ тіліндегі мектептерге арнап оқулықтар, әдістемелік нұсқаулықтар даярлау ісі Ахмет Байтұрсынұлы Ағарту саласының халық комиссары болған жылдардан ерекше белсенділікпен басталды. Ахмет Байтұрсынұлы 1921 жылы ақпанында жалпықазақтық оқу және ағарту конференциясының жұмысын ұйымдастырған болатын. Күн тәртібіндегі маңызды тақырыптардың бірі – оқулық даярлау ісі.

Арнайы комиссия 1921 жылы 21 сәуір айында өзінің жұмыс жоспарын жариялайды. Нәтижесінде жоспарға сай 1921-1922 жылдары бірнеше оқулықтар жариялау көзделді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының авторлығымен жарық көруі тиіс «Қазақ әліппесі», «Қазақ тілінің грамматикасы I бөлімі», «Қазақ тілінің грамматикасы II бөлімі», «Ана тілі бойынша әдістемелік жазбалар» атты оқулықтар болды. Міржақып Дулатов болса, «Арифметика бойынша есептер I бөлім», «Арифметика бойынша есептер II бөлім», «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулықтары жазуы тиіс болды. А. Тоқтабаев «Жалпы география», «Түркістан географиясы», Х. Досмұхамедұлы «Табиғаттану», «Зоология I бөлім», «Зоология II бөлім» және тағы да басқа оқулықтар. 1921 жылдың соңына қарай жоспарланған оқулықтардың бірқатары баспаға берілген болатын.

Ал 1922-1923 жылдар ішінде қазақ мектептері үшін 14 оқулық даярланды. Солардың қатарында қазақ тіліне байланысты Қ. Кемеңгеров жазған «Оқу құралы», «Орысша-қазақша тілмаш» деген оқулықтарды атап өте аламыз. Сонымен қатар Сұлтанбек Қожановтың «Есептану құралы», Бейімбет Майлиннің «Ересектерге арналған әліппе» оқулықтарын атап өтеміз. Қазақ тілінде оқулық даярлау ісіне үлкен үлесін қосқан Алаш қайраткерлерінің бірі Халел Досмұхамедұлы болды. 1922 жылы «Жануарлар», «Табиғаттану» оқулықтарын жариялады. Ташкент қаласынан шыққан бұл оқулықтары I және II бөлімдерден тұрады. Оқулығында автор термин жасауға әрекет жасайды. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мақсатын байқаймыз. Өзінің тілімен айтқанда «терминдерді барынша әрі нағыз қазақ сөзін алу» мақсаты болған [25, 6 б.].

Әлімхан Ермеқұлы «Ұлы математика курсы», Жүсіпбек Аймауытұлы «Психология», Мағжан Жұмабайұлы педагогика саласы, Елдес Омарұлы физика-геометрия, Жұмақан Күдеріұлы биология, Телжан Шонанұлы қазақ тіліне арналған оқулықтар жазды. Сонымен қатар З. Оспанұлы астрономия бойынша оқулықтар даярлады. Қаныш Сәтбаев «Алгебра» оқулығын даярлады. Студент кезінде, яғни 1923 жылы аталған оқулықты даярлағанымен, оқулық айналымға түсе алмады. 1929 жылы елімізде латын әліппесі енгізілгендіктен, оқулық латын қарпі бойынша қайта жазылады. Бірақ 1933 жылы 12 ақпан айыда «Бастауыш және орта мектеп оқулықтары туралы» қаулы шығады. Бірыңғай оқулықтар жазылу тиіс деген себеппен Қ.И. Сәтбаевтың оқулығы жарық көрместен, қолжазба күйінде қалады [225, с. 438-439].

«Сауатсыздықты» жою мақсатында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылғанына көз жеткіздік. Бірақ та, атқарылған жұмыстардың көпшілігі әліппені ауыстыру жұмыстарынан кейін керексіз болып қалды. Әсіресе оқулық даярлау ісіндегі ұлт қайраткерлерінің еңбектері бағаланбады. Мысалы көптеген оқулықтар қазақ балаларына түсінікті болуы үшін төте жазуды пайдаланған болатын. Әліппенің өзгеруі өз кезегінде оқулықтардың жарамсыздығына алып келді. Әліппені ауыстырудың отарлық мәні өте жоғары. Әріптерді реформалаудың барысын айқындау арқылы орыстандыру ұстанымдарымен сабақтастығына баға беруге болады деп есептейміз.

Біз жоғарыда қазақ мектептері үшін даярланған оқулықтардың араб қарпіндегі, төте жазуды пайдаланғандығын атап өттік. Дәл осы оқулықтар шығып, жазылып жатқан жылдары үкімет тарапынан іс-қағаздарды араб

карпіндегі қазақ тілінде ұйымдастыру әрекеттері де жүріп жатқан болатын. 1912 жылы А. Байтұрсынұлы қазақ жазуына реформа жүргізіп, араб әліппесі негізінде төте жазу деп аталып кеткен ережелерді ойлап тапты. Ескеретін маңызды мәселердің бірі - А. Байтұрсынұлы араб әліппесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған бірегей жазуын бірден ойлап таба салмады. Ұзақ жылғы тәжірибеден кейін ғана «төте жазу» деп аталған әрі қазақ тілінің заңдылықтарына сай келетін жазудың дұрыс нұсқасын жасай алды. 1895-1909 жылдар аралығында мектепте сабақ берген жылдары А. Байтұрсынұлы араб әліппесінің қазақ тілінің заңдылықтарына сай келмейтін тұстарын анықтап, оқушылар үшін қиындық тудыратын кедергілерді жою арқылы ғана ең тиімді деген нұсқаны жасап шығарды. Тіпті қазақ тілінде қолданылмайтын араб әріптерін алып тастап, керісінше қазақ тілінің заңдылығына келетін әріптерді айналымға енгізді. Бұл туралы ізденістері мен өзіндік тұжырымдарын 1912 жылы «Айқап» журналының 4 және 5 сандарында жариялаған да болатын [226, с. 111-113]. Жоғарыда атап өткеніміздей, А. Байтұрсынұлы тек араб әріптерін алып тастау ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде кездесетін әріптерді де ойлап табады. «Жаңа емле» деп таныстырылған жаңа әліппе өз заманының қажеттілігін толыққанды орындап, күні бүгінге дейін Қытай сияқты шетелде тұратын қандастарымыз пайдалануда.

XX ғасыр басынан бастап, жаңа латын әліппесі айналымға енген уақыт аралығында бірнеше оқулықтар, мерзімді баспасөз құралдарының барлығы да осы жазуды пайдаланды. А. Байтұрсынұлы ойлап тапқан әліппенің артықшылықтары көп болды. Ең бастысы бұл жазу қазақ халқының рухани болмысына, діни сеніміне жақын болғандықтан да оны игеру қазақ балаларына көп қиындық тудырмады. Қаншама жылдар бойына қолданыста болғанына қарамастан тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының алғашқы съезі барысында ғана ресми жазу ретінде қабылданған [227, 36 б.]. Дегенмен уақыт өте келе, төте жазудың тиімсіздігі туралы пікірлер айтыла бастады. Тіл ғылымында өзіндік орны бар Т. Шонанұлы араб әліппесінің қазақ тілінің заңдылығына сай келмейтін тұстарын ашып көрсетті. Әрине араб әліппесінің өзіндік қиындықтары бар. Ол төте жазу түрінде де кездесті. Әріптің үстіне немесе астына қойылатын белгілер әріптің дыбысталуы тікелей әсер етеді. Ол белгілерді дұрыс қою аса маңызды. Бұл өз кезегінде түрлі қиындықтарды туғызатыны анық. Сонымен қатар араб әліппесіндегі белгілерді түрлі мәтіндер барысында қолдану да қиын деп есептелді. Мысалы музыкалық нота, ғылыми еңбектер, математикалық формулалар және тағы да басқа ресми стиль барысында қолданудың қиындықтары байқалды. Т. Шонанұлы ең бастысы араб әліппесінің заңдылықтары қазақ тілінің фонетикалық ерекшелігін бере алмайды деп санады.

1924 жылдың маусым айында Орынбор қаласында ағарту саласы қызметкерлерінің съезі өткен болатын. Съездің жұмысы барысында латын тіліне көшуді Н. Төреқұлов қолдаса, араб әліппесінің негізіндегі қазақ жазуында қалуды А. Байтұрсынұлы ұсынды. Н. Төреқұлов Шығыс халықтарының Орталық баспасының меңгерушісі болған еді. Сол себепті де өз баяндамасында латын әліппесіне көшу баспа ісі тұрғысынан өте көп пайдасы бар екендігін атап өтіп,

латын әліппесіне көшу арқылы мәдени прогресске қол жеткіземіз деп түйіндеген болатын. А. Байтұрсынұлы болса, латын әліппесіне көшу тек қана баспа ісі тұрғысынан ғана пайдалы екендігін атап өтсе, М. Дулатұлы латын әліппесіне көшу арқылы сауатсыз адамдарды санын көбейтіп аламыз деген салдарына ерекше мән берді. А. Байтұрсынұлы латын тілінің ескі әрі өлген тіл екендігін атап өтіп, оған көшу үлкен қателік болатындығын болжады [228, 146-154 б.]. Көптеген пікір алмасулардан кейін 1923 жылдың тамызында ҚазОАК «Іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу бойынша Орталық комиссияны» құру туралы шешім қабылдады. Оның міндеттері төмендегідей болды:

- ҚазАКСР аумағында іс-қағаздарды жүргізу жұмыстарының жоспарын құрастыру;
- Араб қарпіндегі қазақ тілінде іс-қағаздарды жүргізудің үлгісін даярлау;
- Жергілікті жерлерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу жұмыстарын қадағалау.

Кеңестер билігі орнағаннан кейін большевиктер мән берген маңызды салалардың бірі – КСРО аумағындағы халықтардың бірыңғай жазу емлесін енгізу болды. Соның бір жолы – латын қарпіне көшу мәселесі болды. Кеңестік тарихнамада халықтардың, соның ішінде қазақ халқының латын әліппесіне өтуін алдымен жергілікті тіл ғалымдары мен қоғам белсенділері қалады деген жалған пікір болған. Латын қарпіне жаппай көшірудің де отарлық сипаты басым болды. Олардың қатарында:

- Кеңестер билігі ұлт саясатында орыстандыру бағытының жоқтығын көрсетуді ойластырды;
- Түркі халықтарын, соның ішінде қазақ халқын араб жазуының ықпалынан шығаруды көздеді;
- Жазу тілін жиі өзгерту арқылы ұрпақтар сабақтастығын үзуді жоспарлады.

1926 жылдың наурыз айында I Бүкілодақтық Түркітанушылар съезі өткен болатын. Ақпан-наурыз айларында, Баку қаласында өткен съездің жұмысына сол жылдары түркітану саласында ірі жетістіктерге жете алған В. Бартольд, Б. Чобан-заде, А. Самойлович, А. Байтұрсынұлы сынды зерттеушілер, тіл мамандары қатысқан. Съездің отырыстарының бірінде алғаш рет латын әліппесіне көшу туралы бастама көтерілді. Делегаттардың көпшілігі түркі халықтарының ортақ латын әліппесіне көшу туралы ұсыныстар айтты. Отырыстың қарарында қабылданған шешімнің өзінде де «латын әліппесінің техникалық артықшылықтары» және «латын әліппесінің мәдени, тарихи, прогрессивтік мүмкіндіктері де жоғары» екендігі жазылды. Съезд жұмысына қатысушылар арасында латын әліппесіне көшу қажеттігіне байланысты дауыс беру жүргізілді. 101 адам латын әліппесіне көшуді жақтап жауыс берсе, 7 адам қарсы және 6 адам қалыс қалған болатын. Бұл дегеніміз түркі халықтарының латын әліппесіне көшуге деген үлкен жігер берді. 1927 жылы жалпы түркілік латын әліппелері қалыпқа келтіріліп, оған «Яналиф» немесе «Жаңа әліппе» деген атау берді. Төте жазудың техникалық мүмкіндіктері шектеулі болғаны жасырын емес. Мысалы араб қарпінде жазатын пернетақтаны табу ісі сол заман үшін қиындық туғызған болатын. Мысалы А. Байтұрсынұлы Ағарту халық комиссары

болып тұрған жылдары араб қарпінде жазатын құрылғыны алу үшін арнайы Қазан, Уфа қалаларына барғаны да белгілі [229, 128 б.]. А. Байтұрсынұлының жасаған баяндамасы латын әліппесіне өтудің ауыр салдары немесе ұрпақтар сабақтастығының үзілу мүмкіндіктеріне арналды. Қазақ халқының тағы да ұзақ жылдар бойына жаңа әліппені игеруіне уақыт жұмсайтындығы мен «төте жазудағы» шығармаларды келесі ұрпақтың таныса алмауы сынды жайттарды дұрыс ортаға салды. Осы тұстағы А. Байтұрсынұлы және оның жақтастарының пікірі ескерусіз қалды [228, 37 б.]. Біздің пікірімізше, ұлт қайраткерлерінің пікірінің ескерусіз қалуының бірнеше себептері бар. Ол алдымен латын әліппесінің артықшылықтары болса, сонымен қатар съезд жұмысына қатысушылардың да ықпалы көп нәрсені шешті. Зерттеуші А.Х. Даудов пен Е.П. Мамышева өздерінің зерттеу жұмыстарында жоғарыда аталған ғалымдармен қатар, съезд жұмысына КСРО Ғылым академиясы, Шығыстану ассоциациясы, Украина Ғылым академиясы, Кавказ шығыстану ассоциациясы, Түркия, Австрия, Германия, Иран мен Венгрия сынды елдердің де ғалымдары қатысқандарын атап өтеді. Жиыны 131 өкіл қатысқан съезд барысында тек Қазақстан мен Татар елінің өкілдері ғана ұсынылған Әзірбайжан тәжірибесіне қарсы шықты. Оның орнына араб әліппесін жергілікті ұлттардың тіліне барынша ыңғайлау керектігі туралы пікір келтірген [230, с. 8]. Атап өткеніміздей, қазақ зиялыларының пікірі ескерілмеді. Жасынан медреседе білім алып, өздерінің сенімін исламмен байланыстырған қазақ халқы үшін латын әліппесіне өту исламнан ажырау дегенді де білдірді.

Жаңа латын әліппесіне көшу ісі азамат соғысы жылдарынан кейінгі туындаған қиындықтарды қайта көтерді. Маман тапшылығы, оқулықтың жоқтығы сияқты мәселелер қайтадан күн тәртібіне көтерілді. Дегенмен 1929 жылдың 25 шілдесінде ҚазОАК отырысы өтіп, отырыс барысында «Жаңа қазақ орфографиясын бекіту» мәселесі көтерілді. Отырыс қорытындысында араб қарпіндегі қазақ жазуы өзінің техникалық мүмкіндіктерінің жоқтығы мен қазақ тілінің дыбыстарын толыққанды бере алмауы, діни астары болуы себепті өзінің өмір сүруін тоқтады деген шешім шығарылды. Осылайша жаңа оқу жылынан бастап мектептер латын әліппесін оқытып, жетіжылдық, тоғызжылдық, жұмысшы факультеттері жаңа әліппе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыра бастады. Әрине мұндай бастама мен ұйымдастыру жұмыстары көптеген шығынды талап етті.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен түрлері даярланды. Өйткені жаңа әліппені меңгеру ісі тек мектеп оқушылары ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметкерден бастап, қарапайым шаруаға дейінгі аралықты қамтыды. Қазақ тілінің ерекшеліктерін толыққанды қамтитын қаріптерді жасап шығару да бірқатар қаржылық қиындықтарды тудырды. Оқулық даярлаумен қатар, латын тілін оқытатын мұғалімдерді даярлау да ұзақ уақытты алды. Оған қоса латын әліппесінің өзіндік ерекшеліктері де болды. Бас әріптің болмауы, әріптердің көптігін алға тартып, қазақ тілінің дыбысталуын ашатын әріптер жаңа әліппеге енбей қалды. 1938 жылы орфографияны өзгерту туралы қаулы шығып, бірқатар жаңа таңбалар қосылғаны рас. Алайда орыс тілінің қосарлана қазақ

тілімен бірдей қолданылуы сынды жайттар латын әліппесінің толыққанды жүзеге асуына мүмкіндік бермеді.

Латын әліппесін енгізу тәжірибесінің сәтсіз болуы себепті де қоғамда жаңа толқын пайда болды. Бұл толқын өкілдері ендігі кезекте кирилл қарпіне көшу туралы жаңа бастама бастады. Ресми түрде латын әліппесін оқыту мен латын қарпінде жазу 1940 жылға дейін сақталды. Нәтижесінде 1940 жылдың қараша айында ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Бесінші сессиясында латын әліппесіндегі қазақ жазуын жаңа орыс графикасына өту туралы заң қабылдады [231, с. 450-454]. Біздің пікірімізше, латын әліппесіне көшу туралы бастаманың тарихи шындық тұрғысынан келгенде артықшылықтары көп болуы да мүмкін еді. Бірақ бұл орыс тілін енгізудің қарсаңында жасалған шара да болуы мүмкін. Жалпы латын тіліне көшу туралы ойды большевиктердің көсемі болған В.И. Лениннен бастап, РКФСР-дің тұңғыш ағарту халық комиссары А. Лунчарский де қолдап, мақалалар жазып отырған. Тәжірибе көрсеткендей, кирилл қарпін латын әліппесіне ауыстырудың әрекеті байқалмады. Тек азшылықты құрайтын ұлттарға жасап берген бастама күйінде қалды. Бұл өз кезегінде қазақ сынды азшылықты құрайтын ұлттардың тарихи сана күңгірт етуге алып келгені шындық.

1940 жылы кирилл қарпіне негізделген әліппеге көшкеніміз белгілі. Бір ерекшелігі осы жаңа әліппеге көшу көп пікір-талас тудырмады. Әрине оның басты себептерінің бірі – сталиндік қуғын-сүргін саясаты еді. Қоғамда ұлтқа жаны ашитын зиялы қауым азайды. Сол себепті де бұл бастама қоғамда ашық пікір-талас тудырмады. Кирилл қарпіне көшу өзге де республикаларда 1937 жылы ерекше қарқынмен басталған болатын. Жаңа әліппенің Бүкілодақтық орталық комитеті мұндай қарқынды түрде кирилл әліппесіне көшуге өз наразылығын білдірді. Оған жауап ретінде комитеттің басшылары П. Мусабеков, Г. Коркмасов, С. Диманштейндер 1937 жылы респрессияға ұшырап, «халық жауы» ретінде атылып кетті. Сондықтан да бұл басшылардың ауыр тағдыры көпке сабақ болып, әр республикада кирилл әліппесіне көшу барынша жылдам жүрді. Тіпті жекелеген республикалар үш айдың ішінде өтіп үлгерді. Үкімет тарапынан да қатаң белгіленген мерзімдер белгіленді. Ең ұзақ деген де екі жылға дейін ғана мерзім белгіленді [232, с. 70-79].

1940 жылы 10 қараша айында «Қазақ жазбасын латын алфавитінен орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшіру туралы» Заң қабылданды. 1941 жылдың маусым айында бүкіл ел кирилл әліппесіне сәтті ауысты деп саналады. Әрине бір қарағанда зайырлы білім беру жүйесі жаңа сапалық деңгейге көтерілді деп ойлауымыз мүмкін. Бұл осыған дейін жазылған оқулық, атқарылған шаралардың барлығын жоққа шығарды. Ең бастысы біздің пікірімізше аталған саясаттың рухани отарлау тұрғысындағы астары көп болды. Жоғарыда атап өткеніміздей жазуды өзгерту арқылы ұрпақтар сабақтастығы жойылды.

1940 жылы енгізілген жаңа әліппе 42 әріптен тұрды. Бір ескере кететін жайт – мұндай көп әріп ешқандай халықта кездеспеді. А. Байтұрсынұлы, тіпті қазақ жазуына ыңайланған латын әліппесінде де мұншалықты көп әріп болған жоқ.

Көп әріптің болуының бір себебі, орыс сөздерін жазу үшін қолданылатын әріптердің қосымша енгізілуі болып табылады.

Жалпы Қазақстанда «сауатсыздықты» жоюға бағытталған жұмыстар кең көлемде атқарылғанын байқаймыз. Ұлт қайраткерлері аз ғана уақыт аралығында зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін мектептерді ашып қана қоймай, оқушыларды белсенді тарту, тиісті оқулықтармен қамтамасыз ету, маман тапшылығын жою, материалдық-техникалық базаны жақсарту сынды жұмыстарды кешенді түрде шеше алды. Әсіресе қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мәселесі арнайы әрі кешенді зерттеуді талап етерліктей маңызды. Сталиндік қуғын-сүргін және оқу тілінің жаппай өзгеріске ұшырауы, қазақ тіліндегі оқулықтарды айналымнан шығарып тастау сынды жағымсыз жайттар оның отарлық мәнін аша түседі. 1939 жылдан бастап жаңаша сипатта және коммунисттік идеологияны насихаттауды мақсат еткен оқулықтар ұлт қайраткерлерінің еңбектерін алмастырды.

1926 жылы Бакуде өткен I Түркітанушылар съезі барысында да кирилл әліппесіне өту туралы ұсыныстар болған. Түркі елдерінен келген қайраткерлер бұл ұсынысқа қарсы шыққан болатын. Өйткені орыс жазуы ең алдымен патша үкіметінен бері келе жатқан отарлау, оның ішінде рухани отарлаудың жалғасын білдіреді деп санаған болатын. Мұндай батыл пікір білдіру сөзсіз ұлт қайраткерлерінің кирилл әліппесінің астарын жақсы түсінуін білдірді. Шындығында да солай болып шықты. Большевиктердің тіл саласындағы саясаты патша үкіметі тұсынан бері келе жатқан орыстандыру саясатының жалғасы болды. Рас ғылымда КСРО аумағын мекен еткен көптеген халықтардың өз жазуы болмады деген пікір бар. Алайда олардың қатарына қазақ халқын жатқызу мүлдем дұрыс емес. Біз қазақ халқының араб әліппесі негізіндегі төл жазуының болғандығы және тәжірибеде өзін сәтті көрсете алғандығына көз жеткіздік. Қалыптасқан дәстүр мен тәжірибені ескерместен бірінші латын, кейіннен кирилл әліппесіне көшіру туралы шешім қабылдау – ұлттық бірегейлікті жоюға бағытталған шара болды. Әр жаңа әліппеге көшу өз кезегінде кешенді дайындық жұмыстарын талап етті. Жаңа әліппеге оқыту, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды даярлау, курстар мен үйірме жұмыстарын жандандыру, жаппай оқушыларды оқыту сияқты жұмыстар тез шешім қабылдауды қажет етті. Өскелең ұрпақ пен ересектердің өзін екі жаңа әліппені оқып, меңгеруі сөзсіз қиындықтар туғызды. Ең басты мәселе – ғасырлар бойына жалғасып келе жатқан тарихи сабақтастық жойылды.

Кирилл әліппесін енгізу – Қазақстанда орыс ұлтын қалыптастырудың бір әдісі болды. Төл жазуын ескермеуді шовинизм деп бағалауға болады. КСРО-ның ОАК хатшысы А.С. Енукидзе 1927 жылдың өзінде «Қазақстанды орыс ұлтының деңгейіне төл жазуынсыз көтеруге болмайды. Бұл шовинизм болар еді» деген болатын [233, с. 172-186]. Дегенмен большевиктер әліппені бірыңғай ету арқылы КСРО аумағында өмір сүріп жатқан халықтардың ортақ тілдік кеңістігін қалыптастыру қажеттігін алға тартып, жаппай орыс тілінің қолданысын күшейтті. Жалпы патшалық Ресей, кейіннен КСРО тұсындағы отарлау саясаты дәл осы тілдік және мәдени құндылықтарды сіңіруден көрінді. Орыс тілінде мемлекеттік іс-қағаздарды жүргізу, білім беру жүйесінде тек орыс тілін қолдану

да соның бір көрінісі. Өкінішке орай, отандық тарихнамада патша үкіметі және КСРО тұсындағы отарлау саясаты мәселесін қарастырғанда оның рухани астары назардан тыс қалып, негізінен аграрлық сипатына көп мән беріледі. Отарлау саясаты мәселесіне келгенде міндетті түрде тілдік ассимиляция, ұлттық мәдениетті жаныштау, рухани құндылықтарды жою сынды тақырыптарға ерекше мән берілуі тиіс.

Жалпы орыстандыру ұғымы тарихнамада тек XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап ашық әрі батыл түрде айтыла бастады. Біздің пікірімізше егер де белгілі бір ұлттың тілі мен діні, мәдениетіне саналы түрде өзгерістер енгізуді мақсат еткен шаралар жүзеге асса, оны міндетті түрде рухани отарлау деп атау қажет. Бұл жағдайда КСРО-ның ұлт саясатына қатысты ұстанымынан рухани отарлау немесе орыстандыру саясатының ашық белгілерін байқаймыз. Большевиктер өздерінің осы бағыттағы мақсаттарын мемлекеттік басқару жүйесі, әкімшілік-құқықтық басқару сипатындағы өзгерістермен жасыра алды. Орыс тілі мен мәдениетіне артықшылық берудің өзі осы мәндегі саясаттың бір көрінісі деп бағалаймыз. «Сауатсыздықты» жою деген себептермен дәстүрлі қазақ қоғамында сұранысқа ие болған білім беру мекемелерінің жұмысын тоқтатудың өзі ұлттық құндылықтарды өзгертуге бағытталды. Медресе-мектептерді конфессионалды білім беретін орталықтар ретінде қарастыруы зайырлы білім беру жүйесінің енгізілуіне алып келді. Әрине зайырлы білім беру жүйесінің артықшылықтары көп және ол міндетті түрде енгізілуі қажет еді деп санаймыз. Бұл жүйеде ұлттық құндылықтар, ерекшеліктер мен қазақ дүниетанымы ескерусіз қалуы ұлттық бірегейліктің жойылуына алып келді. Сондықтан большевиктер билігі толыққанды орнығып, білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуі мен әліппені өзгерту саясаты орыстандыру мақсатымен сабақтасып жатты деп нақты тұжырым жасаймыз. Әріптерді реформалау саясаты – күнделікті шешімін тауып жататын тұрмыстық мәселе емес. Әліппе – ұлттық рухани айнасы, ұлттың тілдік ерекшеліктерін, оның әдемілігін көрсететін басты құрал. Әліппе белгілі бір ұлттың қандай мәдениет, өркениетке жататындығын айқындайды. Демек әліппенің ауысуы белгілі бір өркениеттен келесісіне ауысу дегенді білдіреді. Әліппеге күрделі өркениеттік код ретінде қараған ұлт қайраткерлері кирилл әліппесінің енгізілуі орыстандыру саясатының жалғасы екендігін болжауы түсінікті болды. Рас алғашқы уақыттарда белгілі бір әліппені бір ұлттың қабылдауында мәдени фактор басым болды. XIX-XX ғасырда патша үкіметі мен КСРО-ның ұстанған саясатынан әліппені ауыстырудың саяси-экономикалық факторының басым болғандығын атап өтеміз.

4 ӘКІМШІЛІК КЕҢІСТІКТЕГІ ОРЫСТАНДЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ: ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

4.1 Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің әкімшілік басқару жүйесі: орыстандыру саясатының тарихы

Патшалық Ресей және Кеңестік биліктің басқару жүйесі мәселесін салыстырмалы талдау тарихнамада жеткілікті қарастырыла қоймаған тақырыптардың бірі. Патшалық Ресейдің басқару жүйесі мен Кеңестік биліктің ерекшеліктері мәселесі жеке қарастырылды. Қазақстан жағдайында олардың орыстандыру бағыты негізінде тарихи-салыстырмалы талдау өзекті. Алдымен патша үкіметінің басқару жүйесіндегі орыстандыру бағытына мән берсек.

Патшалық Ресейдің Қазақстанда басқару жүйесі түрлі деңгейде жүзеге асты. Жүйелі түрде басқару тек XIX ғасырдың алғашқы ширегінен басталды. Кіші жүз патшалық Ресейдің құрамына кіргеннен кейін қазақ хандарының билігіне жасырын ықпал етіп отырғанын байқаймыз. Қазақ хандарының беделін төмендетуге барынша тырысып, халық алдында хан билігінің дәрменсіздігін көрсетуге тырысты. Мұның барлығы да хандық билікті жойып, қазақ жерін империяның бір құрылымына айналдыру мақсатында жүргізілді. Қазақ даласы патша үкіметін бірнеше мақсатта қызықтырды. Ең маңыздысы империяның аумағын ұлғайтып, жер тапшылығы сынды орыс қоғамы үшін өзекті болған мәселені шешу болды. Көшпелі қоғам үшін жер үнемі тапшылықты құрайтыны түсінікті. Көздеген мақсаттарына жету үшін қазақ халқының шаруашылық ерекшеліктерін ескермеу, ұлттық мүддемен санаспау патшалық Ресейге тән әдістердің бірі болды. Мақсаттарына толыққанды қол жеткізу үшін қазақ хандығының сөз жүзінде емес, іс-жүзінде тәуелді етуі тиіс еді. Бұл үшін алдымен басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттілігі сезілді. Патша үкіметінің енгізген жаңа басқару жүйесі қазақ халқының мүддесі мен қызығушылықтарын ескермеген, отарлық әрі орыстандыру сипаты басым болып шықты.

Патша үкіметі кіші және орта жүз қазақтарын өз құрамына қосқаннан кейін әкімшілік-территориялық жүйесіне өзгерістер енгізуді ойластырды. Сан жылдар бойына қалыптасқан дәстүр бойынша хан сайлау арқылы ел басқару жүйесі тоқтатылды. Мұндай демократиялық принципте қалыптасқан тарихи дәстүрден айыру арқылы қазақ даласын патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жариялау жеңілдеді. 1822-1824 жылдары Орта жүз және Кіші жүздегі хандық билік жойылды. Патшалық Ресейдің оңтүстікке бағытталған жаулап алу әрекеттері нәтижелі аяқталып, 1867-1868 жылдары қабылданған уақытша әкімшілік реформалар дәстүрлі қазақ қоғамындағы басқару жүйесін жойып, оның орнына империялық билікке тиімді болған жаңа басқару жүйесі енгізілді. Біз қарастырып отырған XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамындағы жер қатынастары, білім беру саласы мен сот құрылысы, әкімшілік бөлініс пен дін мәселесі сияқты маңызды салалардың барлығы патша үкіметінің құзырына өтті. Патша II Александр тұсында тәжірибе ретінде екі жылға енгізілгенімен, шындығында 25 жыл бойына қазақ халқын басқару үшін қолданылды. Қазақ даласы генерал-губернаторлықтарға бөлінді. 1867 жылдың 11 шілдесінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1868 жылы болса Орынбор

генерал-губернаторлығы мен Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтары пайда болды. Мұндай басқару жүйесінің енгізілуі ең алдымен қазақ жерін империяның бір құрамдас бөлігіне айналдыру еді. Ежелден билікте болып келген әлеуметтік топты ығыстыра отырып, билікті отарлық жүйеге ыңғайлады. Ендігі кезекте қазақ даласы үш генерал-губернаторлыққа бөлініп, оның ішінде бірнеше облыстар пайда болды. Мысалы Орынбор генерал-губернаторлығында Орал мен Торғай облыстары болса, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына Семей және Ақмола облыстары кірді. Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына енді. Қазақ даласының өзге де аумақтары елімізден тысқары жатқан округтердің құрамында қалды. Солардың бірі Маңғыстау аумағы Кавказ әскери округінің қарамағында болған. Өз кезегінде генерал-губернаторлықтар бірнеше басқармаларға бөлінді. Облыстық басқарма, уездік басқарма, жергілікті басқармаға жіктелді. Генерал-губернаторлықтағы билік әскери-губернаторға тиесілі саналды.

1868 жылы қабылданған Уақытша ереженің № 22-23 баптарында облысты басқаратын губернаторлар әскери қолбасшыларға тең келетіні айтылған, тіпті патшалық Ресейдің әскери тірегі саналған казак жасақтарының бас атаманы болып саналған. Демек байқағанымыздай облыстағы негізгі билік әскери губернатордың қолына шоғырланды. XIX ғасырдың II жартысынан бастап, патша үкіметі құлаған ақпан төңкерісі аралығын қазақ даласындағы облыстарды жергілікті халықтан шыққан адам басқармады. Тіпті облыстың ішінде бөлінетін уездік басқармаларды да орыс шенеуніктері арасынан алынған өкіл басқарды. Бұл лауазымды қызметке әскери губернатордың жеке ұсынысы бойынша тағайындалды. Уезді басқару ісі де бірқатар лауазымдық артықшылықтары бар еді. Тек облыстық басқармаға бағынып қана қоймай, өз уезінің аймағындағы әскери бөлімшелерге басшылық жасады. Салықтардың жиналуын қадағалап, тәртіптің сақталуына жауап берді. Оған қоса халыққа білім беру мен халық денсаулығы сынды әлеуметтік мәселелер де уезд бастығының құзіреттілігіне кірді.

Патша үкіметінің қазақ даласын басқару жүйесінің отарлық сипаты сол – жоғары лауазымды қызметтерге жергілікті халық өкілдерінің тағайындалмауында болып табылады. Тек қана уезд қарамағындағы болыстар мен ауылдарды ғана болыс басқарушылары, ауыл старшиналары ғана жергілікті халық арасынан тағайындалды. Зерттеуші Е. Федоров патша үкіметі қазақ даласын мақсатты түрде бөлшектегенін атап өтіп, осы арқылы жергілікті халықтың мәдени дамуына тежеу, білім алуға деген ұмтылысын қадағалауды мақсат етіп отырды деген пікір білдіреді [234, с. 69-70]. Зерттеушінің пікірімен келісуге болады. Өйткені тек ауылдық немесе болыстық мәселелерді ғана шешуге құқылы болған қазақ басшыларының мүмкіндіктері шектеулі болды. Болыс, ауыл басшылары өзіне қарасты аумақтарға қоныс аударушылардың белсенді түрде көшіп келуіне наразылық білдіре алмады. Тек шенеуніктер бұйырған тапсырмаларды орындап отырды. Қарастырып отырған әкімшілік реформа қазақ даласындағы патша билігінің әскери басқыншылық сипатын ашты. Өйткені жергілікті патша шенеуніктері өз аппаратын әскер жасақтармен күшейтіп, өздерін жергілікті халықтан оқшаулады [39, с. 29-32]. Мұның өзі

жүргізіп отырған орыстандыруға бағытталған саясатының жергілікті халықтың наразылығын тудыратынын алдын-ала білу еді. Мұндай отарлық мәндегі басқару жүйесін қалыптастырған келесі әкімшілік реформалар XIX ғасырдың соңында қайта қабылданды. 1886 жылдың 2 маусым айында Түркістан өлкесі туралы, ал 1891 жылдың 25 наурыз айында Ақмола мен Семей, Жетісу мен Орал, Торғай облыстарын басқару туралы ереже қабылданған болатын. Жаңадан Батыс-Сібір мен Орынбор генерал-губернаторлығы бірігіп Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Әкімшілік өзгерістер болғанымен, жалпы реформаның отарлық мәні өзгермеді. Өйткені жаңа ереже тағы да генерал-губернаторға толыққанды билік берді. Генерал-губернатор өзіне бағынышты аймақтардың барлығына өз әмірін жүргізді. Ірі қалаларда, соның ішінде Верный мен Семей, Петропавл мен Орал сынды қалаларда полиция басқармалары құрылды. Полиция басқармалары уақыт өте келе уездерде пайда болып, полиция приставтары деп аталды. Сонымен қатар сот құрылысы да үлкен өзгерістерге ұшырады. Империя аумағында бір сот жүйесін қалыптастыру әрекеттерін байқаймыз. Әлемдік сот, облыстық сот, жоғары сот инстанциялары құрылды. Байқасақ, ежелден дәстүрлі қазақ қоғамында сот істерін жүргізіп келген билер сотының мүмкіндіктері ескерілмеді.

Халықтық сот та империяның сот жүйесіне қосылғанымен, ол өздігінен шешім қабылдай алмайтын тәуелді сот жүйесіне жатты. Әкімшілік реформаның мәні қазақ даласы мен қазақ халқының дәстүрлі қоғамын отарлық жүйеге барынша бағындырды. Мұның барлығы да қазақ даласының патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жариялануында еді. Қазақ халқының мүддесінен қарағанда патша үкіметінің отарлаушы органдарының мүддесі ескерілді. Мысалы Торғай облысы аумағындағы уездік, болыстық басқармаларын ұйымдастыру ісі бойынша бірнеше комиссия жұмыс жасаған. Комиссия төрағаларының барлығы да уездің басшылары болды. Жоғарыда атап өткеніміздей уезд бастықтарының өзі жергілікті халықтың арасынан шықпады. Барлығы да сырттан келген адамдар болған. Біз қарастырып отырған кезеңде дәл осы облыс аумақтарындағы уездік басқармалардың жұмыстарын ұйымдастыру ісінде Ч. Яковлев, Ф. Добрынин, П. Корин, Г. Шершавидзе сынды адамдар атсалысты [157, с. 37]. Жоғарыда атап өткеніміздей уездің бастықтарының да өзіндік құқықтары мен артықшылықтары болды. Солардың бірі – өзіне бағынбаған әрі жаппай тәртіпсіздікке жол берген ауыл басшыларын 7-15 күнге тұтқынға алу еді. Ауыл басшылары жергілікті халық арасынан таңдалғанын ескерсек, қазақ басшыларын билеп, басқаруға ыңғайлыстырған ереже болды деп айта аламыз.

Патша билігінің басқару жүйесі барынша қарапайым тұрғындардан оқшаулануға бағытталды. Әр облысты басқарған генерал-губернаторлардың өзі тұрғындармен байланысы көмекшілері, уезд бастықтары арқылы жүргізілді. Көмекшілерінің өзі аға шенеунік деп аталатын мәртебеге ие болды. Аға шенеуніктердің тапсырмасын орындап, генерал-губернатордың талап-тілектері мен халық сұранысына жауаптары кіші шенеуніктер арқылы жүргізілді. Қарапайым халықтың талап-тілектерін тыңдау үшін облыстық басқарма жанында аудармашылар жұмыс жасады. Аудармашылар көп жағдайда халықтың

арыз-тілектерін жеткізумен емес, керісінше патша мен генерал-губернатордың жарлықтары, қаулыларын түсіндіру жұмыстарымен айналысты. Байланыс тек біржақты болды деп айтуға толық негіз бар [235, с. 74-75].

Уақыт өте келе, қазақтарды басқару жүйесінде шаруа істерін жүргізетін арнайы шенеунік лауазымының енгізілгендігін байқаймыз. Шаруа істері бойынша шенеунік болыстық және ауыл басшыларының шешімдерін қарастырып, осы аймақтардағы сот істері, салық жүйесін де тексеруге құқылы болды. Бұл ең алдымен ауыл және болыс деңгейінде өмір сүретін орыс шаруаларының құқықтарын қорғау, олардың жер тапшылығын сезінбеуі сынды мәселелерді ұйымдастырды. Өзіне бағынбаған тұрғындарды 3 күнге дейін қаматуға құқылы болды. Орыс шаруаларының немесе патша үкіметінің мүддесіне сай келмейтін жергілікті ережелердің күшін жоюға да құзіреттілігі болды. Тіпті жекелеген азаматтарды 6 сомға дейінгі қаражатта айыппұл да салуға құқығы болған. Бұл қызметке азаматтарды Ішкі істер министрінің шешімімен тағайындады.

XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласында патша үкіметінің тікелей араласуымен түрлі білім беру, халықтың денсаулығын сақтау, шаруашылық істерді ұйымдастыратын жаңа мекемелердің жұмысы қарқынды жұмыс жасай бастады. Уездік басқармадан бастап, облыстық басқармалардың барлығы да орыс шенеуніктерінен тұрды. Сол себепті аталған мекеме жұмыстарының да орыстандыру бағытында жұмыс жасауына ерекше көңіл аударылды. Орыс тілі мен мәдениеті, христиан дінін насихаттау ісіне басты назарда болды. Болыс пен ауыл деңгейінде қазақ балаларына арналған мешіт жанындағы мектептерді ашудың жолдары өте ауыр еді. Өйткені уезд басқармасының ерекше рұқсаты қажет еді. Мешіт жанындағы мектептердің шығынын қазақтардың өздері көтеретін болғанымен, оның ашылуы жайлы мәселелер көп жағдайда рұқсатсыз қалып отырды. Тіпті мектептің ашылуына рұқсат бергенімен, басқару жүйесі мұндай дәстүрлі мектептерді қаржыландырмады. Бұл қазақтарда туындайтын қаржылық қиындықтан кейін мектептердің жабылуына алып келеді деген ойдан туындады. Есесіне қазақ балаларын орыс-түземдік мектептерге тегін қабылдау сынды жұмыстарды ұйымдастырып отырды. Бұл билік жүйесінің қазақ халқын орыстандыруға бағытталған әрекеті деп түсінуге болады.

1895 жылдың 17 шілдесінде Түркістан өлкесінде медресе ашуға рұқсат беріліп, оны қаржыландыру қарапайым тұрғындар есебінен жүргізіледі. Уақыт өте уездік басқарма медреселерде міндетті түрде орыс тілі оқытылуы керек деген қаулы шығарып, медреседегі діни мазмұндағы білімнің жеткілікті түрде берілмеуіне күш салады. Керісінше үкімет тарапынан қаржыландыратын мектептердің беделін арттырудың кешенді жұмыстарын атқарумен айналысады. Мұның барлығы да қазақты орыстандырып, ортақ рухани құндылықтарды қалыптастыру әрекеті еді. Ол турасында А. Байтұрсынұлы «үкімет үшін ең қолайлысы бағынышты халқының бір жазумен жазып, ортақ дінге сенуі. Ресейге бағынышты елдердің ішінде түрлі дін мен түрлі жазуды пайдаланатын халықтар бар. Сол халықтардың жазуы мен тілін, дінін орысқа қарай аударса, билік үшін одан артық іс болмайтын еді» деген болатын [236, 115 б.]. Демек қалыптасқан

саяси билік өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазақтарды орыстандыру үшін қызмет етті.

Саяси-құқықтық және басқару тұрғыдан келгенде қазақ даласы толыққанды орыстардың ықпалында қалды. Патша билігі жекелеген дәстүрлі билік жүйесін тек ауыл және болыс деңгейінде ғана қалдырып, қалған маңызды құрылымдардың барлығын өз бақылауында ұстады. Әрине бұл патша үкіметінің әкімшілігінің жұмысын жеңілдетті. Толыққанды басқару жүйесін империяның құқықтық тәртібіне икемдеу үшін халықтық сот, билердің қызметтерін де бақылауға алуға тырысты. Патша үкіметі билікті ғана емес, қоғам өмірін толыққанды орыстандыру үшін қазақ даласына тек шаруалар ғана емес, орыс қоғамының ең таңдаулы адамдарын да қоныстандыру туралы ұсыныстар түсе бастады. 1908 жылы К. Пален Түркістан жерінде сенаттық тексеріс жүргізеді. Қазақ өлкесін орыстандыру ісінің тым баяу жүріп жатқандығын атап өтіп, орыс халқының ең төменгі топтарын көптеп әкелуге қарсы шықты [237, с. 181]. К. Пален қазақ даласындағы орыс әкімшілігінің ықпалын одан сайын күшейтуді ұсынды. Сол себепті де XX ғасыр басынан бастап қазақ даласын басқару жүйесін реформалау басталды. Генерал-губернатордың құқықтық мүмкіндіктері кеңейтіліп, сот жүйесін өзгерту ісі жоспарланды. Сот жүйесін жалпы империялық заңдар аясына икемдеу ісі басталды. Мұның барлығы да орыстандыру мақсатында жүргізілді. Зерттеуші П.Ф. Рагимова өзінің зерттеу жұмысында патшалық Ресейге бағынған аймақтардағы өзгерістерді сипаттай келе, қазақ даласы ең тыныш әрі патша үкіметінің өлкені басқару үшін жасаған өзгерістері толыққанды қабылданған аймақ деген қорытындыға келеді [238, с. 134-138].

Біз қарастырып отырған жылдары патшалық Ресейдің Финляндия мен Польша сынды елдерді өз ықпалына алу мақсаттары жүзеге асып жатты. Салыстырмалы түрде алғанда қазақ жері, Сібір, Қиыр Шығыс, Кавказ сынды дамымаған аймақтардың қатарына жатқызылды. Мұндай аймақтарды патшалық үкіметтің басқару жүйесіне ыңғайлау үшін алдымен дәстүрлі билік жүйесін сақтай отырып, кейіннен оның құқықтарын шектеу арқылы жүзеге асады. Жергілікті ерекшеліктерді сақтау арқылы алдымен өзіне сенімділік орнатып, нәтижесінде уақыт өте келе өз тәртібі мен заң жүйесінің үстемдігіне қол жеткізеді. Дәл осы тәсілді біз патшалық Ресейдің қазақ халқына ұстанғанын байқаймыз.

Патшалық Ресейдің билік жүйесінің ерекшелігі – билік империя аумағына түгелдей таратылды. Әрине оның жүзеге асу барысының әртүрлі болды. Олардың элементтері ретінде біз бірнеше ерекшеліктерін байқаймыз. Мысалы:

- Мемлекеттік билік жоғары органдарының барлығы астанада орналасты. Жоғары мемлекеттік билік заң шығарушылық, әкімшілік сынды салаларды да реттеді. Дегенмен шеткері аймақты басқаруға тікелей қатыспаған болатын;
- Орталық территориялық әкімшілік;
- Аймақтық әкімшіліктің болуы. Аймақтық әкімшілікті генерал-губернатор басқарып, патша үкіметінің заңды талаптарын жүзеге асырумен айналысады.

Қазақстанның жағдайында басқару жүйесіндегі өзгерістер біз келтірген үшінші белгілер мен көрсеткіштерге сай келеді. Патшалық Ресей алғашқы

уақыттарда дәстүрлі қазақ қоғамында болып келген басқару жүйесін қалдырғанымен уақыт өте келе, қарастырып отырған XIX ғасырдың II жартысынан бастап толықтай жойды. Патшалық Ресейдің шеткері аймақтарды басқару жүйесі өз үстемдігін орнату мен өз дүниетанымының қорғалуына негізделді. Мұндай принцип патшалық Ресейдің территориялық ұлғайтуды мақсат еткен әрекеттерімен қатар жүріп жатты. Олай дейтініміз Кіші және Орта жүз қазақтарын өз ықпалына көндіргеннен кейін-ақ басқару жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерді бастады. Еуропа мен Азия сынды екі құрлыққа созылып жатқан патшалық Ресей қазақ халқын басқарудың жүйесін тек біз қарастырып отырған XIX ғасырдың аяғына қарай толықтай өзгерте алды.

Патшалық Ресейдің басқару жүйесіндегі шеткері аймақтарға деген ұстаным негізгі үш принципке негізделді:

- Салық түсімін көбейту;
- Басқарудың тиімділігі;
- Шекарадағы қауіпсіздік.

Бұл үш принциптерді де басқару жүйесіндегі орыстандыру бағыттарымен тығыз қарым-қатынастарда қарастыруға болады. Осы принциптердің толық жұмыс жасауы үшін де патша үкіметі қазақ даласын басқару ісін реформалауы тиіс болды. Қазақ даласы патшалық Ресей үшін стратегиялық маңызды аймақтардың бірі болды. Қазақ даласына империяның отары және Ресейдің өндірістік саласын дамытатын шикізат көзі ретінде қарастырды. Оған қоса қазақ жері Орта Азия жеріне апаратын «қақпа мен кілт» ретінде де маңызды болды. Сол себепті де Қазақстан жерін империямен біріктіріп, бір саяси-құқықтық кеңістікті қалыптастыруы керек болды. Қазақстанды басқаруды жалпы империялық заңнамасына лайықтау ісіне мемлекеттік мән берілді. Тек қана саяси-әкімшілік жүйені ортақ ету бірыңғай империялық мемлекет құру аздық ететінін патша билігі жақсы түсінді. Осы үшін де жергілікті жерлерде мүмкіндіктері мен қаржылық қоры мол орталық билікті ұйымдастыру керек еді. Іс-жүзінде көрсеткендей, патша үкіметінің талаптарын орындауға бағытталған орталық билік құрғанымен, ол қарапайым тұрғындардың қызығушылығына мән бермеді.

Зерттеуші Л.М. Дамешек өзінің патшалық Ресейдің шеткері аймақтардағы билік институты туралы іргелі еңбегінде бірқатар қызықты тұжырымдар жасайды. Ғалымның пікірінше, патша билігі қазақ даласы үшін ағылшындармен бәсекелесуіне тура келді және сол үшін де өзінің ұстанымдарын нығайтуға барынша көңіл бөлді. Сонымен қатар патша билігі қазақ даласының кеңдігі және оны игерудің өзі үшін маңыздылығын да жақсы түсінді дейді [239, с. 138]. Патша билігінің Қазақстан үшін тандап алған әкімшілік құрылысы мен территорияларды басқару әдістері бірнеше факторларға байланысты еді. Жоғарыда атап өткен саяси билік түрімен қатар, географиялық орта да маңызды рольді атқарды. Қазақ жері орталық биліктен алыс жерде орналасты. Сондай-ақ қазақ даласы өзінің ауқымдылығымен ерекшеленді.

XIX ғасырдың соңында орыс қоғамында беделі жоғары саналған заңгер А.Д. Градовский қазақ даласын басқару үшін қолданылған генерал-губернаторлық биліктің дәл осындай географиялық ортаның ерекшелігін

ескеруден туындағанын атап өтеді [240, с. 324]. Генерал-губернаторлықта міндетті түрде Кеңес жұмыс жасады. Бұл өлке басшысы генерал-губернатордың территориялық шалғайлықты пайдаланып, өздігінше басқаруға жол бермеуі үшін жасалды. Бұл ұсыныс М. Сперанскийге тиесілі. Біздің пікірімізше Кеңестің жұмысы патша жарлығының дұрыс орындалуын қадағалаумен тығыз байланысты еді. Сәйкесінше патша жарлығында жергілікті халықтың мұң-мұқтажы мен қажеттілігін өтеу туралы сөз болған жоқ.

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының мәні мен мазмұны көптеген Еуропалық державалардан өзіндік ерекшелігі болды. Жекелеген елдер отарланған елдердің рухани өміріне араласпады. Керісінше патшалық Ресейдің негізгі ұраны «православтық, шексіз билік» деген ұғымдармен байланысты болды. Православтық дінін мемлекеттік дін ретінде қарастырған билік өзінің барлық басқару жүйесінде осы діни нанымды насихаттауға тырысты. Оны жүзеге асыратын мемлекеттік аппарат, шенеуніктер, шіркеу, әскер мен мектептер болды. Жергілікті қазақтардың орыстарға деген теріс көзқарасы қалыптасып, барынша наразылық танытпауы үшін қазақ жерін басқаруға неміс, поляк сынды өзге ұлттардан шыққан генерал-губернаторларды тағайындады. Отан тарихында кеңінен танымал болған Игельстром, Кауфман, Эссен, Безак, Гейнс, Гирс сынды шенеуніктер соның дәлелі болып табылады. Қазақтардың дәстүрлі басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістерді батыл енгізудің бір себебі, қазақтарға деген ұстанымына байланысты еді. Патша шенеуніктері қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылғанына сенімді болды. Сондықтан да барлық өзгерістерді талқыламай, берген анттарына адал болып, шексіз бағынуы тиіс деп санады. Демек осы келтірген жайттардан-ақ біз патша үкіметі Қазақстанды басқаруға енгізген жүйесінің отарлық, ең бастысы орыстандыру бағыты болғандығына көз жеткіздік.

Патша үкіметінің Бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуы тек қазақтар ғана емес, империя аумағындағы барлық халықтарға әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туғызды. Жұмыс уақытының ұзаруы, салық көлемінің өсуі, жұмысшы күшінің жетіспеушілігі, ең бастысы адам шығынының орын алуы сынды мәселелер қоғамның тыныштығын бұзды. Большевиктердің астыртын ұйымдастыруымен 1917 жылы ақпан революциясы орын алды. Патша билігі құлатылып, орнына Қос үкімет орнады. Тарихи-салыстырмалы түрде алғанда Уақытша үкімет тұсында ұлттық мүдде ескеріле бастағандай әсер қалдырады. Уақытша үкіметті қазақ зиялыларының басым көпшілігі қолдады. Әсіресе кейінірек Алаш партиясының төңірегіне топтасқан ұлт қайраткерлері Уақытша үкіметті қолдауда белсенділік танытты. Уақытша үкіметтің комиссарлары ретінде қазақ комитеттерін құрып, қазақ халқының өз даму жолын табуына үлес қосты. 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында тұңғыш жалпықазақ съезі өтіп, нәтижесінде Алаш партиясы құрылды. Қазақ халқының өз даму жолын табу әрекеттері Уақытша үкіметтің биліктен кетуімен өзгеріске ұшырады. Уақытша үкіметтің басты қателіктерінің бірі – Бірінші дүниежүзілік соғыстан шықпауы деп санаймыз. Әрине соғыстың аяқталуына аз қалды және оның нәтижесі Ресей үшін қолайлы болатындығы барлығына да белгілі еді. Сол себепті жеңімпаз ел ретінде соғыс шығынын өтетіп алудың керемет мүмкіндігі

бар еді. Міне осы мүмкіндікті Уақытша үкімет жіберіп алмау үшін соғысты аяғына дейін жеткізуді ойлаған деп санаймыз. Қарапайым тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық қиындықтары мәселесі шешілмеді. Осыны пайдаланған большевиктер тұрғындарды арандатып, сол жылы қазан революциясын ұйымдастыра алды. Қазан революциясы тарих сахнасына большевиктердің көтерілуіне жалғасты. Халықты өз жағына шығару қос бірдей декрет қабылдады. «Жер туралы» декретке сай ірі байлардың жерлері мемлекет есебіне алынды. Кедейлердің сол жерлерде еңбек етуіне жағдай жасалынады делінді. Келесі декрет «Бітім туралы» деп аталып, Ресейді Бірінші дүниежүзілік соғыстан шығарды. Тұрғындар үшін қос бірдей декрет те аса маңызды болды. Сол себепті большевиктердің жақтастары күн сайын арта түсті. Дегенмен толыққанды билікке тек азамат соғысынан кейін ғана қол жеткізе алды. Билікті толықтай өз қолына алғаннан кейін өзіндік басқару жүйесін енгізіп, ол басқару жүйесінен де патшалық Ресей тұсынан бері жалғасып келе жатқан орыстандыру бағытын байқай аламыз.

Большевиктер билігі, Кеңестер Одағы империяның күйреуі нәтижесінде пайда болған еді. Большевиктер ғасырлар бойына жалғасып келе жатқан орыстандыру саясатын сәтті жүзеге асыру үшін билікті түпкілікті қолдарына алуы тиіс еді. Ол үшін мемлекеттің басым көпшілігі шаруалар болғандықтан, оларға түсінікті ортақ идеологияны ұсына білді. Большевиктер ұсынған идеологияны қабылдамаған әлеуметтік топқа қарсы жағдаятқа қарай қудалау мен зорлық көрсету саясаты ұстанды. Кеңестер билігі басқару жүйесінің саяси-әлеуметтік негіздері маркстік-лениндік доктрина мен «жарқын болашақ» турасындағы түсініктерге негізделді. Бұрынғы империялық басқару жүйесі қолданыстан шығып, жаңа әрі орыстандыруға бағытталған билік түрі қалыптаса бастады. Ол билік коммунисттік ілімдер негізінде жаңа саяси-әлеуметтік принциптер бойынша қоғамдық қатынастарды реттеуді мақсат етті. Ол үшін әрине большевиктік, яғни коммунисттік партияның саяси жүйедегі толық үстемдігіне қол жеткізуі тиіс болды. Осы бағыттағы мақсаттарына қол жеткізу үшін Кеңестерден барлық партияларды қуып, жалғыз ел билеу әрекеттерін жүзеге асырды. Азамат соғысынан кейін-ақ большевиктер партиясы бұрынғы патшалық Ресей территориясына толық таралды. Коммунисттік партияның қоғам өміріндегі ықпалы артқан сайын оның экспансиялық белгілері де айқын көріне бастады. Әр жаңа территорияларда өз идеологиясына негізделген билік түрлерін қалыптастыра отырып, ұлттық негіздегі құрылымдарды мойындамау ұстанымдары басшылыққа алынды.

Большевиктер тек өздеріне тән этнотерриториялық құрылымдарды қалыптастырды. Ол бойынша ұлтаралық шекаралар мемлекет тарапынан бекітіліп, оның сақталуына кепілдік берілді. Зерттеуші В.Я. Заславскийдің пікірінше, мұндай этнотерриториялық құрылымның өзі кеңестік мемлекеттіліктің империялық мәнін аша түседі. Өйткені бұл орталық билік пен оған бағынушы шеткері аймақтардың қатаң тәртібін енгізеді. Демек әр республика тек орталық биліктің белгілеп берген ережелеріне сай құрылып, өз даму жолдарын белгілеп отырды [217, р. 85].

Большевиктер құрған жаңа биліктің басқару жүйесі қуғындауға негізделгені басынан-ақ белгілі болды. Зерттеуші Г. Федотов өзінің зерттеу жұмысында мынандай мәліметтер келтіреді: «1917 жылы Ресейді жарты жылдай уақыт басқарған демократиялық зиялылар қазан революциясынан кейін шетелге қашты. Өйткені большевиктер қару және террорлық әрекеттер арқылы империяны құруға тырысты» деген болатын [240, с. 322-324]. Әрине Ресей тарихнамасында большевиктер құрған мемлекеттіліктің тек басқыншылық, орыстандыру бағытында болмағандығын дәлелдейтін пікірлер де көп. КСРО-ны патшалық Ресей империясының жалғасы ретінде қарастырып, большевиктер азшылықты құрайтын ұлттардың өзін-өзі басқаруына мүмкіндік берді деген ойды алға тартады. Біздің пікірімізше, азшылықты құрайтын ұлттардың барлығына бірдей өзін-өзі басқару құқығы берілмеді және ең бастысы ол ұлттардың барлығы дерлік Ресей тарапынан жаулап алынған болатын. Сонымен қатар азшылықты құрайтын ұлттар өзін-өзі басқарып, уақыт өте келе бөлініп шығуына да болады деген большевиктердің уәдесі орындалмады.

Большевиктер билігі, алдағы уақытта құрылған КСРО мемлекет ретінде империализмнің ең жоғарығы түріне жатты. Алғашқы жылдары ұлт зиялыларының белсенді әрекеті байқалғандықтан большевиктер кішігірім мәмілеге баруға мәжбүр болды. Ұлттық мемлекетке тән белгілер мен ерекшеліктердің болуына мән беріп, өздері белгілеген қатаң тәртіп пен ереже негізінде өзін-өзі басқаруына мүмкіндіктер берілді. Патша үкіметін азшылықты құраған ұлттарды қанап келді деген желеумен отарлық белгілерді жоюға кірісті. Алайда отарсыздандыру үдерісі ескі патшалық Ресей белгілеп кеткен территориялық ерекшеліктерді сақтай отырып жүргізді. Белгілі бір қаналған ұлттардың қызығушылығы мен мүдделері интернационалдық достық сынды ойдан шығарылған идеяға орайластыра отырып, тапталды.

Кеңестік басқару жүйесіне тән ерекшеліктердің бірі – екі императивті ұстанымның басшылық етуінде деп есептейміз. Оның біріншісі – идеологиялық, екіншісі геосаяси ұстанымдар. Идеологиялық ұстанымның мақсаты большевиктер билігін мойындаған алып территорияда бір идеологияның үстемдік етуіне қол жеткізу. Осы арқылы кез-келген ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен рухани құндылықтары жоққа шығарылып, керісінше ұлт тарихындағы коммунисттік идеологияға ұқсас тұстарын барынша насихаттау ісі қолға алынды. Мысалы қазақ тарихында тап күресін сипаттайтын оқиғалар іздестірілді. Солардың бірі бай мен кедейлер арасындағы байланыстар, байлардың кедейлерді қанауы сынды жайттар белсенді насихатталды. Күні бүгінге дейін бай десе қанаушы әлеуметтік топ дейтін түсінік санада берік қалыптасқан. Ал XX ғасыр басындағы ұлт зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі бай балалары екендігін ескерсек, бұл тұжырымның дұрыс еместігіне көз жеткіземіз. Себебі, бай балалары саналған Алаш қайраткерлері саналы ғұмырын халықтың дәл осы әлеуметтік аз қорғалған топтарының мүддесін қорғауға арнады. Осындай идеологиялық насихат арқылы жалған интернационалдық достыққа негізделген қоғамды қалыптастыруды ойластырды. Бір қызығы коммунисттік идеологияда артықшылық берілген тілдердің бірі – орыс тілі саналды. Демек алдағы болашақта ұлттардың ана тіліне деген сұранысты азайту

көзделді. Уақыт көрсеткендей, орыс тілі одақтас республикалардың барлығында қолданысқа ие болған халықаралық сипаты айқындалды.

Бүгінде бірқатар зерттеушілер Кеңестік басқару жүйесінде отарлаушы империялық мемлекеттерге тән белгілердің көптігін атап өтеді. Оның бірі – өзіне бағынышты елдерді бөліп, басқару тәжірибесі. Кеңестік билік жүйесі қалыптаса бастаған алғашқы он жылдықта орталықтағы саяси билікті күшейтуге барын салды. Шеткері аймақтар мен орыстан басқа халықтар саяси шешімдер қабылдау барысына мүлдем қатыстырылмады. Зерттеуші Д. Ливен большевиктердің басым көпшілігі В.И. Ленин мен И.В. Сталиннің сөздерін империалистік тұрғыдан түсінді деген пікір білдіреді. Зерттеу Кеңестер билігінің қарамағында бірнеше ұлт пен дін өкілдерінің болғандығын алға тартады. Оларды басқаруда әр ұлттың ерекшеліктеріне емес, ортақ коммунистік идеологияға сай «Кеңес ұлтын» қалыптастыру бағытына көп мән берілгендігін айтады [216, 455-456 р.]. Рас зерттеушінің пікірімен толық келісуге болады.

Кеңестік биліктің ерекшеліктері турасында кешенді ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген зерттеуші И. Валлерстайн большевиктердің билігінің негізгі төрт ұстанымын атап өтеді. Солардың бірі – патшалық Ресейдің иеліктерін қалпына келтіру деп атап өтеді. Осылайша зерттеуші КСРО-ны патшалық Ресейдің мұрагері деп қарастыру керектігін ұсынады. Ол турасында «Кеңестер патша үкіметінің мұрагері ретінде өз ойындарын бастады. Тек қана өздерінің геосаяси рольдерін патшаға қарағанда жақсы атқара алды» деген пікірі көңілге қонымды [179, с. 20-23]. Большевиктер өздерінің патшалық Ресейдің мұрагері ретінде мойындамады. Дегенмен географиялық шекаралар, геосаяси жағдайы мен этникалық құрамы жағынан патшалық Ресейден айырмашылығы болмады.

Құқықтық жағынан алғанда КСРО одақтас республикалардың федерациясы болды. КСРО аумағында тең мәртебелі автономиялар да көп болды. Коммунистік партия енгізген тоталитарлық саяси жүйе жағдайында федерациялық құрылым тек сөз жүзінде ғана болды. Өйткені федерация жағдайында өзге республикаларға берілуі тиіс түрлі құқықтық құзіреттіліктер жүзеге аспай, керісінше олардың құқықтары мен мүмкіндіктері террорлық әрекеттер арқылы жанышталып отырды. Этно-элеуметтік саясат болса, Кеңес халқының утопиялық қоғамы сияқты ұрандармен байланысып жатты. Бір ұлт болып ұйысудың орнына, орыс тілі мен мәдениетіне негізделген Кеңес халқын қалыптастыру жұмыстары жүрді деп айта аламыз.

Кеңестік басқару жүйесі патша үкіметімен салыстырғанда отарлаудың, орыстандырудың үлкен жоспарын жүзеге асыра алды. Автономиялы және одақтас республикаларды құра отырып, ішкі шектеулер қоя алды. Ол шектеулерді жүзеге асыратын тетіктердің бастысы – коммунистік партия болды. Коммунистік партияның талаптары, қаулылары мен ережелері қоғамдық өмірдің басты құндылығына айналды. Орталықтан шыққан қаулылар шеткері аймақтар үшін бұлжымас қағидаға айналды. Ол шаруашылық өмірмен қатар, кадрлық саясаттан да айқын көрінді. Мысалы әкімшілік, шаруашылық, әскери, құқық қорғау салаларындағы жауапты қызметтер КОКП ОК-нің тікелей араласуымен жүзеге асты. Партия да өз кезегінде жауапты қызметке тағайындалатын азаматтарға деген өзіндік талаптары болды. Ең біріншіден

басшылық қызметке тағайындалатын азаматтар бойында авторитарлы басқарушылық қасиеті болуы тиіс еді. Оған қоса қаталдық, жылдам шешім қабылдаушылық, мейірім танытпау сынды қасиеттердің болуы да құпталды. Екіншіден басшылық қызметтегі кадрлар партияға шексіз сеніп, кез-келген жағдайда адалдық танытуы тиіс болды. Бұл ретте атап өтетін жайт партия ережелері ғана емес, ең алдымен мемлекет пен партия жетекшісіне деген адалдықты сақтауы тиіс болды. Қазақстанды басқаруға тағайындалған өлкелік партия жетекшілеріне қарап, басшы тағайындауда ең алдымен ұлттық белгіге мән берілгені байқалады. Қазақ революциялық комитетінің басшысынан бастап, кейінгі автономиялы республика, одақтас республика жағдайында да байқалды. 1919 жылы Қазақ революциялық комитеті құрылып, С. Пестковский тағайындалған уақыттан бастап, 1946 жылы Ж. Шаяхметов бірінші хатшы болып тағайындалған аралықта қазақтан шыққан басшы болмады. Мұның өзі большевиктердің орыстандыруға бағытталған саясатын айқын көрсетеді.

Жоғарыдағы тараушалар барысында біз большевиктердің билікке келген алғашқы жылдары жергілікті ұлт қайраткерлеріне көп мән беріп, оларды жергілікті басқару істеріне тарта бастағанын атап өттік. Оған қоса жергілікті ұлт қайраткерлерінің әлеуетін білім беру саласы сынды маңызды құрылымдарда пайдалану ісі де жүзеге асқан болатын. Бұл өз кезегінде Қазақстанда ұлттық құндылықтардың ескерілуіне алып келді. 1930 жылдардан бастап жасырын орыстандыру саясаты жүргізіле бастады. Басқару жүйесі мен партия қызметінде тек орыс тілі ғана қолданысқа ие болды. Рас орыс тілі мемлекеттік немесе ресми тіл деген ерекше мәртебесі болмады. Дегенмен КСРО-ның Конституциясы, КОКП-ның бағдарламасы мен үкімет қаулыларында, ғылыми-зерттеу жұмыстарында тек орыс тілінің үстемдігі байқалды. Ағылшындық тарихшы Джеффри Уилер өзінің Орталық Азияның Кеңестік дәуірдегі тарихына арналған еңбегінде: «Кеңес үкіметі үнемі өзіне дейінгі билік өкілдерінің орыстандыру саясатын әшкерелеп отырды. Бірақ өздері орыстандыру бағытында одан да зор табыстарға қол жеткізді. Орталық Азия халықтарын басқару ісімен қатар, мәдениетін де орыс және кеңестік тәртіпке негіздеді» деген болатын [241, р. 87]. Автордың ойымен толық келісуге болады. Патшалық Ресейдің басқару жүйесі ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласын орыстандыру ісінде большевиктер жоғары табысқа қол жеткізді. Ресми түрде Кеңестік басқару жүйесінде әр ұлттың тілі тең дәрежелі деп есептелді. Алайда ұлттардың өз тілінде сөйлеуі тек белгілі бір орта мен мәдениет шеңберінде ғана жүзеге асып жатты. 20-жылдары жүзеге асқан жергілікті ұлт қайраткерлерін мемлекеттік билікке тарту ісі 30-жылдары толық тығырыққа тірелді. Тоталитарлық режим қалыптаса бастады. Оның басты ерекшеліктерінің бірі – қоғам өмірін барынша идеологияландыру болды.

Саяси басшылық болса, идеологияға монополия орнатып, тек қана мемлекеттің саяси-экономикалық қана емес, рухани саласын да бақылауға алуға мүмкіндікке ие болды. И.В. Сталин билік еткен жылдардағы идеологияның негіздері маркстік-лениндік ілім болғанымен, олар барынша догмаланған, жекелеген қорытындылары абсолюттік мағынаға ие болды. Бұл неге алып келді деген заңды сұрақ туындайды. Нәтижесінде Сталиндік қуғындау саясаты орын алып, халық пен қоғам белсенділері саясат пен билік деген ұғымдардан өз

еркімен ығыса бастады. Ресми рұқсат етілген идеологиядан бөлек ойларға берілу заңсыз деп табылды. Тіпті 30-жылдардың соңындағы Кеңестер басқару жүйесі маркстік-лениндік ілімнен мүлдем алшақ жатты деп те айта аламыз.

Сонымен патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің Қазақстанды басқару жүйесінің ұлттық құндылықтарға мән бермегендігіне көз жеткіздік. Қос билік те ең алдымен өз мүдделері мен қызығушылықтары тұрғысынан басқаруды басты мақсат етіп санады. Большевиктер патшалық Ресей тұсынан басталған орыстандыру саясатын қорытындылады деп түйіндейміз. Патшалық Ресей билігі де, большевиктер де жергілік қазақ халқының өкілдерін өз елдерін басқаруға жібермеді. Себебі, ұлттық мүдде мәселесі орыстандыру саясатынан кейін тұруы тиіс саналды. Орыс тілі мен мәдениетіне, жалпы орыс халқына деген теріс көзқарас қалыптаспауы үшін кадр саясатында екі билікке тән ортақ ерекшелік бар. Ол Қазақстанды орыс емес, бірақ орыстандыру саясатын белсенді жүргізуге атсалысатын өзге ұлттарды тағайындау. Қазақ тілді басшының болмауы себепті де барлық құжат айналымдары, бұйрықтар мен қаулылар орыс тілінде жазылды. Демек қоғамды орыс тілінің үстемдігіне алдын-ала дайындау жүрген. Тіпті 20-жылдары жергілікті ұлт қайраткерлерін кеңестер билігінің нығаюына барынша тартқан жылдардың өзінде араб әліппесі негізінде қазақша құжаттар құжаттардың міндетті түрде орысша аудармасы болуы тиіс деген талаптың болғандығын атап өттік. Келтірілген жайттар мен оқиғалар желісін басшылыққа ала отырып, патшалық Ресей мен Кеңестік басқару жүйесі сан ғасырлар бойына жалғасып келе жатқан орыстандыру саясатын жүзеге асыруда тарихи сабақтастық танытты деген қорытындыға келдік.

4.2 Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің мәдени-сакральды кеңістіктегі орыстандырудағы ұқсастықтар, бағыттары

Мәдени даму көрсеткіштері кез-келген халықтың ұлт болып ұйысуындағы маңызды белгілердің бірі болып табылады. Мәдениетті біз дәстүрлі құндылықтардың жүйесі ретінде де қарастыруды ұсынамыз. Ол ерекше құрылымдарға ие. Қоғамдық өмірдің материалдық және рухани қырларын қамтитын мәдениет әр халықта өзіндік түрде кездесетіні анық. Этностың мәдениеті ұлт тұрасында көптеген ақпарат беретіні белгілі. Сол себепті де этномәдениетті адам мен қоғам және мәдениет арасындағы қатынастарды реттейтін жүйе ретінде қарастыруға болады.

XXI ғасырдың басында ғылыми қауымдастық сакральды кеңістік тұрасында мәселелер көтере бастады. Жалпы сакральды кеңістік деген термин XX ғасырдың өзінде енгізілген болатын. Ол «қасиетті» деген ұғымды білдіреді [242]. Демек мәдени-сакральды кеңістік әр ұлттың рухани келбетін айқындайтын әрі ерекше бағалайтын құндылықтарының біріне жатады. Сол мәдени-сакральды кеңістіктегі теріс өзгеріс сөзсіз ұлттың өзіндік бірегейлігіне әсер етіп, оның ұлттық келбетін бұзады деп санаймыз.

Патша және Кеңестік билік жылдарында қазақ халқының мәдени-сакральды кеңістігі қатаң бақылауда болды. Оның басты себебі, орыстандыруды мақсат еткен осы екі үкімет те қазақ халқының ұлт болып ұйысуы емес, керісінше өзінің

тарихи бастауларын ұмытып, мәнгүрттенуіне ерекше қызығушылық танытты. Бұл өз кезегінде мәдени-сакральды кеңістігіне қол сұғып, оны шектеу әрекеттеріне жалғасты. Мәдени-сакральды кеңістік ұғымында біз ұлттың ерекше қасиетке ие болған құндылықтары десек, ол руханият мәселелерімен тығыз байланысып жатыр. Руханияттың өзегін халқымыздың ауызша тарихын айту дәстүрі, шығармашылығы құрайды. Сонымен қатар оның жарқын өкілдерінің шығармашылығы да мәдени-сакральды кеңістікпен ұласып жатыр.

Қазақ халқының руханиятының өзегі ақын-жыраулардың шығармашылығында жатыр. Олардың шығармашылығы тек лирикалық немесе махаббат тақырыбы ғана емес, сонымен қатар ел бірлігі мен территориялық тұтастық мәселелесін де жырлаған болатын. Сол себепті де патша үкіметі мен Кеңестер билігі жылдарында Жаяу Мұса, Балуан Шолақ пен Мәди, Үкілі Ыбырай, Иман Жүсіп сынды өнер қайраткерлері қудаланып, олардың шығармаларына тыйым салу әрекеттері болды. Мысалы патша үкіметінің біз жоғары тараушада атап өткен қоныстандыру саясаты салдарынан қазақтар жер тапшылығын сезінген болатын. Әсіресе Дала генерал-губернаторлығында бұл мәселе тіпті ушығып тұрған еді. Павлодар облысында өмір сүрген Жаяу Мұса қазақ халқының ауыр тұрмысын өз көзімен көріп, жергілікті басшылардың теріс әрекеттерін өзінің өлеңдеріне қосады. Жаяу Мұса дүниеге келген Баянауылда патшалық Ресей 1850 жылдардың ортасынан бастап әскери бекіністерді белсенді түрде сала бастаған болатын. Қазақтардың жерлері тарылады. Оның үстіне жергілікті байлардың бірі Шорман және оның қос ұлы да жерлерді тартып алумен айналысады. Көзі ашық, үнемі халықтың мұң-зарын өз өлеңдеріне қосқан Жаяу Мұса патша атына арыз жазып, халықтың талап-тілектерін өз шығармасына қосады [243, 2 б.].

Қалай болған күнде Жаяу Мұсаның халықтың талап-тілектерін жеткізуі патша үкіметіне ұнамағаны анық. Сол себептен де патша үкіметінің саясатына қарсы адам ретінде Тобылға жер аударылады. Әрине Жаяу Мұсаны елден аластатып, шығармашылық бағытына күштеп өзгерістер енгізуді ойлаған патша үкіметінің өз себептері бар еді. Ең алдымен Жаяу Мұса сынды ақындар сол заманның қоғамдық пікірін тудырушылар еді. Халық арасында жүріп, түрлі аймақтардағы патша үкіметінің отарлық саясаттарын жырлап, халық арасында патша үкіметіне деген теріс көзқарасты қалыптастырды. Міне осындай ақындардың мүмкіндіктерін білген патша үкіметі олардың шығармашылығын шектеуді көздеді. Нәтижесінде біз қарастырып отырған Жаяу Мұса Тобылға жер аударылған болатын. Жер аударудың соңы, Тобылдағы түрмеге тоғытылумен аяқталады. Түрмеде генерал-губернатор атына арыз жазып, өз еркімен әскер қатарына алынады. Әскерилер қатарында Орынбор мен Қазан, Мәскеу мен Петербург, Новгород пен Владимир сынды қалаларда болады. Тіпті М. Черняев әскерінің қатарында Әулиеата мен Шымкент жорықтарына да қатысқан. Міне осы жорық барысында патша үкіметінің тек жерді тартып алуы ғана емес, жаулап алушылық әрекеттерінде көріп, патша үкіметінің әділдігінен тіпті көңілі қалады. Мұның барлығы да «Толғау», «Хаулау», «Бозторғай» сияқты шығармаларына арқау болады. Сөзсіз мұндай шығармалары патша үкіметінің шенеуніктерінің жіті бақылауында болды [243, 280-367 б.].

Патша үкіметінің қазақ ақындары мен сал-серілерінің шығармаларынан қорқып, ашынған жыр жолдары қоғамдық пікір тудырады деген қауіппен барлық руханияттың өкілдерін қудалау жұмыстары белсенді жалғасып жатты. Жаяу Мұса мен Балуан Шолақпен қатар, патша және Кеңестер билігі жылдарында да қуғындау саясатын көрген тұлғалардың бірі – Үкілі Ыбырай болды. Өзінің бір шығармасында «...жақпады асау ақындық, кінәм жоқ іске татырлық» дейді. Демек нақты бір заңға қайшы келетін іс жасамай-ақ шығарған өлеңім үшін қуғындалып отырмын дегенді алға тартады. Өзінің соңғы өлеңдерінің бірінде патша және Кеңестер билігінің де қатар қинап, қуғындағанын айтады. «...Николай, қырсығың тиді ау бір талай» деп басталатын жырында «...Айналайын, Сәбетім, Өлімге тартты-ау тәбетің, Аша тұяқ қалдырмай, Асқынды масыл әдетің» [244] деген сөздер де кездеседі. Кеңес үкіметінің келуімен зобалаң келіп, қорадағы малды таладың деп айыптау да кездеседі. Міне патша үкіметінен бері жалғасып келе жатқан қазақты тонау, жерін тартып алу саясаты Үкілі Ыбырайдың да жырларына негіз болып, үлкен қоғамдық сұранысқа ие болды. Жоғарыда атап өткеніміздей патша үкіметі сал-серілер мен ақындардың дәл осы қызметінен қатты сескенді. Сол себепті де сан ғасырлар бойына қалыптасқан халық ауыз әдебиеті сияқты мәдени-сакральды құндылығымызға тыйым салды.

Тек патша үкіметі ғана емес, сонымен жаңа орнаған большевиктер билігінің де жүргізіп отырған саясатының отарлық астарына қатысты ойларын батыл жеткізді. Өзінің суырып салма ақын болып қалыптасуына патша және кеңестік билік жылдарында қуғындалған ақындардың шығармашылығыда көп әсер етті. Мысалы Ақан сері мен Балуан Шолақ сияқты өнер иелерінің шығармаларын естіп, оларды керемет орындап та отырған. Жаяу Мұсамен де жақын жүріп, көп сырласқан. Саяси көзқарастары үшін патша үкіметі тарапынан көп қысымшылыққа ұшырады. Бұл ақынның шығармалары қоғамдық пікір тудырып, патша саясатына қарсы халық арасынан топ қалыптастыру мүмкін деген қауіптің алдын алу еді. Қысымның әсерінен Иманжүсіп Құтпанұлы XIX ғасырдың соңында Ақмолаға қоныс аударған. Дала генерал-губернаторлығы патша үкіметінің отарлық саясаты ерекше жүзеге асқан аймақ екендігін жоғарыдағы тараушада атап өткен болатынбыз. Міне Ақмола жеріне келген Иманжүсіп Құтпанұлы да қоныс аударушылардың көптігі, жерден таршылық көрген қазақ халқының ауыр жағдайы туралы өлеңдерін жазды. Осы үшін де 1905-1912 жылдар аралығында Өскеменге жер аударылса, 1913 жылы Сыр бойындағы Шиелі болысы аумағына қоныс аударылды, одан 1914 жылы Жетісу жеріне қоныс аударылды. Атап өтетін жайт, бұл аймақтар да қоныс аударушылар көптеп орналасып үлгерген жерлер еді. Қазақтың бірқатар жерлерінде қуғындалып жүргендіктен оның шығармалары қазақ халқы арасында кеңінен таралып үлгерді. «Ішім өлген, дүние ай, тек сыртым сау» деген сияқты жырлары оның азапты тағдырын бейнелейді. Патша үкіметіне жақпаған Иманжүсіп Құтпанұлының көзқарастары большевиктермен де сай болмай шықты. Кеңес үкіметінің ұлт саясатындағы ұстанымдарын батыл сынағаны үшін де 1930 жылдың желтоқсан айында тұтқындалады. 1931 жылы 2 наурыз айында үштіктің шешімі бойынша ату жазасына кесіледі.

Большевиктер билікке келген алғашқы күннен бастап ұлттық мүддені коммунисттік идеологиядан төмен қойды. Қазақ халқының ерекше қасиетке ие болған мәдени-сакральды кеңістігі ақын-жыраулардың шығармаларымен тығыз байланысып жатты. Тек қудалап, өлтірумен шектелмей олардың шығармаларын саналы түрде, өз идеологияларына сай етіп өзгерту ісін де жүзеге асырды. Оған дәлел – Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. 1931 жылы Ішкі істер халық комиссариатының өкілі Абзал Қарасартовтың қолымен өлтірілген Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі «Құдай», «Алла» сөздері «табиғат», «тағдыр» деген сияқты сөздермен алмастырылған. Оның басты себебі, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы ұлттық болмысты жойып, атеисттік қоғамға сай ету болып табылады. Мысалы «Құдай неше түрлі жан жаратты» деген жыр жолдарын «Табиғат неше түрлі жан жаратты» деп өзгертілсе, «...Мақтан, атақ іздесең Құдайдан без» деген жыр жолдары «...Мақтан, атақ іздесең адамнан без» деп өзгертілді [243, 231 б.]. Мұндай мысалдар өте көп. Мұның өзі Кеңестік билік жылдарында мәдени-сакральды кеңістіктегі өзгерістерді білдіреді.

Қазақ халқының ақындық және жыраулық дәстүрі XX ғасырдың басынан бастап жазбаша әдебиет түріне ауысты. Жазушылар мен ақындардың шығармашылығы белсенді жүзеге асып, қоғамдық пікір тудырды. Бір ғана Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деген өлеңінің өзі қоғамды ұйыстыратын әлеуеті болды. Қайраткердің мұндай шығармалары қатарында «Бақытсыз Жамал» және тағы да басқа туындылары болды. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және тағы да басқа да тұлғаларды атап өтеміз. Аталған тұлғалардың еңбектері кеңестік билік жылдарында оқуға тыйым салынды. Өйткені ұлт қайраткерлерінің еңбектері қазақ жастарын ұлттық құндылықтарға негіздей отырып қалыптастыруға бағытталды.

Сонымен бірге мәдени-сакральды кеңістікте ұлттың рухани кемелденуіне жол ашатын салаларға ерекше басымдылық беріледі. Міне солардың бірі – ұлттық сахна өнері болып табылады. М. Әуезов қазақ театр өнерінің ең алғашқы кәсіби қадамдары Жүсіпбек Аймауытұлының есімімен тығыз байланысты екендігін атап өткен. Кеңестік билік жылдарында, тіпті 1970-ші жылдары да Жүсіпбек Аймауытұлының ұлт руханиятындағы ролін айтуға тыйым салынған. Бұл туралы мәліметтер театр зерттеушісі Б. Құндақбайұлының еңбегінде сақталған [245, 198-201 б.]. Енді қалыптасып келе жатқан қазақ театр саласының дамуы үшін өзі спектакльдер жазып, М. Әуезов бастаған жазушылардың шығармаларын сахналау ісіне көп үлес қосты. Алайда Ж. Аймауытов кеңестік жүйенің қудалауына ұшырап, ату жазасына кесілгені тарихымыздан белгілі.

Сол сияқты уақыт өте келе 1937 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасы да сынға ұшырап, қуғындау саясатына түрткі болды. Тағылған айып – қазақ даласында Кеңестер билігін орнату барысындағы орыс пролетариатының бастамашылдық әрекетін көрсетпегені деп танылды. Ұлттың дүниетанымы мен мәдени-сакральды кеңістігінде ақындар мен жазушылардың ролі жоғары екендігін де Сәкен Сейфуллин айтып кеткен болатын. 1936 жылы пленум жұмысы барысында «Ендігі шаруа жазушыларға тіреліп тұр» деп айтқан

болатын. Мұның өзі қазақ халқының ұлттық болмысының сақталуы мен өз құндылықтар жүйесін дамытудағы ақын-жазушылардың ролінің жоғары екендігінің дәлелдеп берді.

Осы жылдары Бейімбет Майлин де өзінің төрт томдық шығармаларын жариялаған болатын. Артынша мерзімді басылымдарда «Б. Майлиннің қателіктері туралы» атты мақала шықты. «Контрреволюциялық идеялар» анықталып, қудалаудың алғышарттары дайындалды. Алаш қозғалысына қатысты айтқан ойларының «дұрыс еместігіне» назар аударылып, олардың қатарының көбеюіне шақырды деген айыптар тағылды.

Сөзсіз біз патшалық және Кеңестік билік жылдарында мәдени-сакральды кеңістіктегі жыраулар мен ақындар, сонымен қатар жазушылардың ролінің жоғары болғандығына көз жеткіземіз. Жоғарыда атап өткен қайраткерлермен қатар, Мағжан Жұмабайұлының «Мен жастарға сенемін!» деп аталатын өлең жолдарынан ұлт болып ұйысу мен ұлттық құндылықтарға негізделген ұстанымның қалыптасуындағы жастардың орнын дәл анықтайды. Мұндай қоғамды топтастыруға қабілетті жыр жолдары мен оның авторының да қудалануында большевиктердің мәдени-сакральды кеңістікті өзгертуге бағытталған саясаты жатыр.

Патша және кеңестік билік қазақ дүниетанымы мен ділінде рухани мәдениетінің жоғары болғанын байқады. Оған бір мысал XX ғасырдың басында өз өнерімен танылған Жаяу Мұса, Ақан серілердің кеңестік билік жылдарындағы жалғасы Әміре Қашаубаевты атауға болады. Әміре Қашаубаев жастайынан кедейліктің ауыр зардабын тартқан тұлғалардың бірі. Семей жерінде байдың малын бағып жүріп-ақ әншілігімен көзге түскен. Атақты Қоянды жәрмеңкесінде Жаяу Мұса, Мәди Бәпиұлымен танысады. Мұндай таныстық Әміре Қашаубаев үшін, оның шығармашылығының өрістеуіне көп мүмкіндік берді. Осылайша Әміре Қашаубаевтың есімі ел арасында кеңінен таралып, 1925 жылы Ағарту халық комиссары А. Луначарский тарапынан ұсыныс түседі. Ұсыныс бойынша Әміре Қашаубаев Кеңестер билігінің өнерпаздары қатарында Парижге баратын болады. Әрине бұл ұсыныс Әміре Қашаубаев тарапынан қабылданады. Қолданбалы өнердің Әлемдік көрмесі аясында ұйымдастырылған этнографиялық концертте өнер көрсетеді. Парижде Әміре Қашаубаев «Қанапия», «Үш дос», «Ағаш-аяқ», «Дударай» сияқты әндерді орындап, екінші орын, күміс медальмен марапатталады. Әміре Қашаубаевтың Париждегі өнеріне тек француз көрермендері ғана емес, әлем жұртшылығы тәнті болады. Тіпті қазақ даласында әншілерді неліктен «бұлбұл» деп атайтынын енді түсіндік деген сияқты пікірлер де айтылады. 1927 жылы Кеңестік этнографиялық ансамбльдің құрамында Германияның Франкфурт қаласында да өнер көрсетеді. Сөзсіз Әміре Қашаубаев табиғатынан дарында болған өнерпаз болды. Оның бірнеше әндері ғалым-этнограф А.В. Затаевич тарапынан жазып алынып, кеңінен насихатталды. Алайда Әміре Қашаубаевтың мұндай танымалдығы мен қазақ халқының мәдени-сакральды кеңістігін қалыптастырып, дамытуға бағытталған әрекеті большевиктер тарапынан құптала қоймады. Тіпті 1934 жылдың күзінде Әміре Қашаубаев сол большевиктер тарапынан ұйымдастырылған қуғындау мен азаптау шаралары нәтижесінде қайтыс болады. Әрине Кеңестік билік

жылдарында Әміре Қашаубаевтың өлімі оның ұзаққа созылған ауру салдарынан деп түсіндірді [246, 77 б.].

Большевиктер билігі нығайып, саяси қарсыластарын толыққанды жеңгеннен кейін мәдени-сакральды кеңістікке жүйелі түрде өзгерістер енгізуді жоспарлады. Қазақ халқының мәдени-сакральды кеңістігінде дәстүр мен әдет-ғұрыптың алар орны ерекше. Ол біз жоғарыда атап өткен ақын-жыраулар мен жазушылардың еңбегімен де тығыз сабақтасып жатыр. Бұл әсіресе 1936 жылы Мәскеуде ұйымдастырылған қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі барысында ерекше көрінді. Зерттеушілер А.А. Нурмухамбетов пен А.Е. Садыковалар өздерінің «Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің бірінші он күндігі тарихынан» деп аталатын ғылыми-зерттеу жұмыстарында бұл декаданың қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі оқиғалардың бірі болғандығын атап өтеді. Әсіресе 1932-1933 жылдардағы зұлматтан кейін ел еңсесін көтеруге бағытталған бұл шара қазақ халқының ауызша тарихы айту дәстүрі мен тарихи тұлғалар шығармаларының озық үлгісін паш етуде маңызы ерекше деп түйіндейді [244, 148-153 б.].

1936 жылдың мамыр айында Т.Қ. Жүргенов бастаған қазақ өнерпаздары мен жазушылар Мәскеуге аттанады. Мәскеуде «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» қойылымдарын қойып, тек Мәскеу тұрғындары ғана емес, Коммунистік партияның бірінші жетекшілерін де таңғалдырады. Үлкен жауапкершілік сол жылдардағы Қазақстанның Ағарту халық комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргеновке артылады. Дайындық жұмыстары өте қатал тәртіп жағдайында жүзеге асады. Оған себеп Қазақстанның он күндігі Украинадан кейін болған еді. Сол кезде И.В. Сталин «қазақтарда мәдениет бар ма?» деген сұрағы болды. Он күндікке қатысқан Қаныбек Байсейітов өзінің естелігінде «Он күндікке дайындық кеңесуден басталады. Әлі күнге дейін ондай кеңесуді көрген жоқпын. Екі жұма кеңесу болды. Демалыс деген жоқ. Таңғы сағат тоғыздан түнгі он екіге дейін отырып қаламыз. Тамақ ішуді де ұмытып кетеміз» деген болатын [247, 110 б.]. Мәскеудегі он күндікке дайындық барысында қазақ халқының мәдени-сакральды кеңістігінде өзіндік орны бар жазушыларға көп сенім артылды. Мысалы Жазушылар одағы басқармасы төрағасы болған Ғаббас Тоғжанов «Сәкен, Сәбит, Мұхтар, Бейімбет он күндікке жаңа шығармаларын беруі керек. Ол шағын повесть пен мағынасыз өлең емес, маңызды мәселеге арналған өлең түрінде болуы керек. Мұхтар мен Бейімбет орталық газеттерге шағын әңгімелерін берсе де болады. Қазақ әдебиетінің кешін ұйымдастырып, қазақ тілінде өлеңдер оқылу жоспарлануда. Ақындар да дайындалуы керек. Әсіресе Сәкен, Әбділдә, Сәбит, Ілиясқа дайындалу керек. Тағы да не істеуіміз керек?» деген сауалын жолдайды [248, 9-14 пп.]. Атап өтетін жайттардың бірі, Мәскеудегі он күндік барысында қойылған пьесалар мен ұсынылған шығармалар, қойылым барысындағы актерлердің өнерінде қазақ халқының рухани мәдениеті, оның дүниетанымы мен болмысы айқын сезілді. Ұлтты ұйыстыратын өміршең идеялар көтеріліп, бірлік, бір мақсатқа жұмылу сияқты маңызды мәселелерді жырлаған бабаларымыздың даналық сөздері айтылды. Мұндай ұлттың бірегейлігін сақтауға әсер ететін қойылымдар мен шығармалардың театр сахнасында қойылуы – өзіндік мәдени-сакральды

кеңістікті қалыптастырып, дамытуға әсері бар. Әрине Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі аяқталғаннан кейін оның қатысушылары жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Десек те, осы он күндікке қатысушылардың көпшілігі 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғындау саясаты барысында атылып кетті. Мұның өзі большевиктердің мәдени-сақралды кеңістіктегі өзгерістерге жол ашу алдындағы дайындық жұмысын білдірді. Өйткені мәдени-сақралды кеңістіктің негізін руханият құрайды десек, сол руханияттың өкілдерін жаппай қуғындау арқылы мәдени-сақралды кеңістікті еркін өзгерістерге ұшыратуға қол жеткізді. Жаппай қуғындаудан аман қалған ақын-жазушылар оңай басқарылып, мәдени-сақралды кеңістікті большевиктердің қалауынша өзгерту ісіне атсалысатын болып шықты.

Кеңес үкіметі ең алдымен қазақ халқының мәдени-сақралды кеңістігі бүтіндей Кеңестер Одағындағы халықтармен сабақтасып жатуына көңіл аударды. Ортақ идеология, нақтырақ айтқанда коммунисттік идеологияға сай болып, «халықтар достығы» деген ұранға сай болуы үшін барлық шараларды қабылдады. Кеңестер одағы көп ұлтты мемлекет болғандығын ескерсек, большевиктер қазақ халқының мәдени-сақралды кеңістігі де дәл осы көпұлттылықтың бір бөлшегіне айналуы тиіс деп санады. XX ғасыр басында ұлт қайраткерлерінің еңбектерін оқуға тыйым салынды. Бұл дегеніміз қазақ халқының ұлттық болмысын жою мақсатында жүргізілді. Мысалы зерттеуші М. Кадралинова өзінің еңбегінде XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің еңбектері ұлттың шығармашылық санасын тереңінен зерттеуге мүмкіндік береді деген пікір білдіреді [249, с. 7]. Біздің пікірімізше, Сталиндік қуғын-сүргіннен кейін ұлт қайраткерлерінің еңбектерін оқуға тыйым салу арқылы мәдени-сақралды кеңістікті өзгертудің мүмкіндіктері туындайтын еді. Әрине түрлі шығармалар арқылы қазақ халқының мәдени-сақралды кеңістігінде орыс тілі мен мәдениетінің үстемдігі орнатыла бастады. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларына тағылған айыптардың бірі – Қазақстанда большевиктер билігінің орнауында орыс пролетариатының зор ықпалы ашылмай қалған деген болатынбыз. Міне қазақ халқының мәдени-сақралды кеңістігінде орыс зиялылары мен шаруаларының прогрессивті әсері енгізіле бастады. Большевиктер мәдени-сақралды кеңістікте енгізетін өзгерістері «әртүрлі мәдениеттің бірлігі» деген тұжырымға сай келді. Демек түрлі ұлттарға ортақ идеологияны енгізумен байланысты болды.

Кеңестік билік тұсында мәдени-сақралды кеңістіктегі өзгерістердің бірі «халықтар достастығы» деген ұғымның пайда болуымен байланысты болды. 1930 жылдардан «халықтар достығы» деген тұжырым пайда болды. И.В. Сталин Украина жазушыларына арнап сөйлеген сөзінде көп ұлтты Кеңестер мемлекетіндегі ұлттар арасындағы достық мәселесін көтерді. Сонымен қатар 1935 жылдың желтоқсан айында Тәжікстан мен Түрікменстан колхозшыларына арнаған сөзінде де «халықтар достығы» және оған адал болу мәселесін көтереді. Зерттеуші Терри Мартиннің пікірінше «халықтар достығы» деген тұжырым осыған дейін болған «халықтар бауырластығы» деген тұжырымның орнына пайда болған [216,71р.]. «Халықтар бауырластығы» тұжырымы большевиктердің ұлт саясатындағы ұстанымдары болған. Бұл тұжырым көп

жағдайда тап күресін айқындау үшін қолданылды. Демек кез-келген халықтың төменгі тап өкілдері арасындағы бауырластық сезімін қалыптастыруға бағытталды. 30-шы жылдардан кейін «халықтар достығы» тұжырымына да күрделі өзгерістер енгізіле бастады. Бұл өзгеріс халықтар достығының орыс халқының төңірегінде ғана жүзеге асуы тиіс деген ұғымның пайда болуымен байланысты. Осыдан бастап әр халықтың өзіндік ұлттық құндылықтары мен дүниетанымы, әдеби институттары орыс мәдениетін басшылыққа ала отырып, қалыптасуы тиіс болды. Осы мақсатта 1932 жылдың 23 сәуірінде «Әдеби-шығармашылық ұйымдарды қайта құру туралы» қаулы шықты. Қаулыда большевиктер билігі орнағаннан бері жазушылардың үлкен тобы қалыптасқандығы, большевиктердің әлеуметтік-экономика саласында жеткен жетістіктері туралы айта келе, осы жетістіктерді халыққа дұрыс, көркем жолмен жеткізу мәселесі қарастырылады. Сол себепті де Кеңестік биліктің жеткен жетістіктерін насихаттайтын жазушыларды топтастыру, олардың шығармашылық жұмысын орталықтан басқару міндетін қояды.

Негізінен мәдени-сакральды кеңістік халықтардың сан жылғы қалыптасқан дәстүрі мен өнері, дүниетанымы мен болмысы негізінде қалыптасып, дамиды. Большевиктер қазан революциясы және азамат соғысынан кейін әр халықтың осы өзіне тән мәдени-сакральды кеңістігіне өзгерістер жасау үшін біз жоғарыда атап өткен бағыттарды мықтап қолға алды. Социализм рухында жастарды тәрбиелеу ісі өзекті бола түсті. Осы іске жауапты ретінде Бүкілресейлік пролетариат жазушыларының ассоциациясын құрылды. 1931 жылы Ресейлік пролетариат суретшілерінің де ассоциациясы құрылған болатын.

Бұл ұйымдардың барлығы да И.В. Сталиннің саяси ұстанымдарын нығайту бағытында жұмыс жасады. Сонымен қатар біз жоғарыда атап өткен орыс халқы мен орыс мәдениетінің шешуші күш екендігін дәріптеу ісі жүйелі түрде жүргізілді. Орыс тілі, мәдениеті және жалпы орыс халқының прогрессивті әсерін молынан дәріптеудің үлкен мүмкіндіктері Екінші дүниежүзілік соғыс барысында туындады. Тек қана жазушылар мен ақындар ғана емес, сонымен қатар кино саласында да дәріптеу жұмыстары өзіне жүктелген міндетті сәтті жүзеге асырды. Бір байқағанымыз Екінші дүниежүзілік соғыс барысында әр халықтың ішінен жергілікті және Кеңестер мемлекетіне танымал батырлар көптеп шықты. Міне соларды дәріптеу жұмыстары қолға алынған болатын. Ол әсіресе соғыстың қиыншылығын көп көріп, әбден қиналған халықтың рухын көтерудегі маңызы ерекше. Халық белгілі бір дәрежеде моральдық-психологиялық тұрғыдан қолдауға мұқтаж болды. Қираған қалаларды қалпына келтіру, соғыста асыраушысынан, ұлынан айырылғандар мәселесі де өзекті болды. Сол себепті соғыстан кейінгі мәдени-сакральды кеңістіктегі өзекті мәселе осы бағытта қалыптаса бастады. Өйткені соғыс салдары кеңес адамдары, соның ішінде қазақ халқының моральдық көңіл күйіне үлкен әсер етті. Әрине партия басшылығы халықтың мұндай ауыр жағдайын түсінгенімен, мәдени-сакральды кеңістіктегі өзгерістерді мүлдем басқа бағытта жүргізе бастады.

И.В. Сталиннің жетекшілігімен жеткен жетістіктер, экономика мен әлеуметтік бағыттағы алға жылжушылық, мәдениет саласындағы қол жеткен табыстар деген сарындағы үгіт-насихат жұмыстары белсенді жүргізілді. Бұл

дегеніміз мәдени-сакральды кеңістіктегі жаңа өзгерістер болды. Ендігі кезекте социалистік қоғамды орнату, фашизмді жеңген Кеңес халқы, қаһармандар мен И.В. Сталиннің көрегенділігі мен әділеттілігі сияқты мәселелер басты бағдарға айналды. Осы ретте Кеңес билігі үшін аса үлкен қауіпті зиялы қауым құрады. Өйткені олардың өзіндік ұстанымдары жоғарыдағы айтқан мәдени-сакральды кеңістіктегі өзгерістерді жүзеге асыруға кедергісін келтірді. Сондықтан Кеңестер билігі жаңа қаулылар шығара бастады. 1946 жылдың 14 тамызында «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысы шықты. Қаулыда Ленинград қаласынан шығып тұрған аталған журналдардың жұмысы дұрыс ұйымдастырылып жатқан жоқ деп танылды. Таланты Кеңестік жазушылардың шығармаларымен қатар, антикеңестік шығармалар да жарық көруде делінді. Жастардың санасына теріс әсер ететін шығармалар көбеюде екендігі айтылып, кеңес халқын мәдениетсіз, ақымақ, тәртіпсіз етіп көрсететін шығармалар көп екендігіне назар аударылды. Ақын А. Ахматованы сынап, оның өлеңдерінде пессимизм, буржуазиялық сарқыншақтар кездесетіндігі аталады. Өмірден түңілуді жазғанның орнына, Кеңестік биліктің жетістіктерін жазу керектігіне назар аударылды. Мемлекеттің мүддесі емес, жеке мүддеге жұмыс жасауда деген айып тағылды [265, 587-588 с.].

Сонымен қатар 1946 жылдың 4 қыркүйегінде «Большая жизнь» киносына қатысты да жаңа қаулы шықты. Қаулыда фильмнің желісі Кеңестік биліктің мүддесіне қарама-қайшы екендігі көрсетіледі. Атап айтқанда Донбасс шахталарын қалпына келтіру ісінде жергілікті шахта қызметкерлерінің еңбегі көрсетілгенімен, олардың әрекетіне Кеңестік билік ешқандай көмек көрсетпегенін байқатады деп фильмнің екінші бөлімін түсіруге тыйым салынады. Сондай-ақ киноматография Министрілігі жанындағы Көркемдік кеңес өз жұмысына салғырт қарайды деген қорытынды шығарылады [250, 598-602]. Сол сияқты 1948 жылдың 10 ақпанында В. Мураделидің «Великая дружба» деп аталатын операсына қатысты да Коммунистік партияның Орталық Комитетінің қаулысы шығады. Тағылған айып В. Мурадели Кеңес үкіметіндегі халықтар достығы мәселесін дұрыс ашпауы болып табылады [250, с. 630-634]. Әрине бір қарағанда Мәскеу, Ленинград қалаларында болып жатқан идеялық күрестің әсері болмауы тиіс еді. Бұл жергілікті Қазақстан басшылығын да жаңа идеялық бағытқа сай болу ұстанымын қалыптастырды. Осылайша жаңа мәдени-сакральды кеңістік қалыптаса бастады. Орталықтағы мұндай идеялық күрес өз кезегінде атақты «Бекмаханов ісі» сияқты бірқатар ұлт тарихы мен руханиятын дамытуға атсалысқан зиялыларды қуғындауға алып келді. Е. Бекмахановпен қатар, Б. Сүлейменов, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев және тағы да басқалары қуғындалды. Соғыстан кейінгі Сталиндік қуғындаудың үшінші кезеңі – мәдени-сакральды кеңістіктегі өзгерістердің анық көрсеткіші болып табылады.

Жалпы коммунистік режимнің орнығуынан кейін қоғамдық-саяси құндылықтарды сакральды ету әрекеттері жүзеге аса бастады. Сталиндік қуғын-сүргіннен кейінгі мәдени-сакральды кеңістіктегі басты ерекшелік диалогтық байланыстың жоқтығы десек те болады. Қоғамда сұрақ қою, жеке пікірін білдіру, пікір алмасу сияқты диалогтық белгілер қоғамда байқалмады. Мемлекеттік идеология қоғам мүшелерін жүйелі түрде сұрақ қою сияқты белсендіктен

айырды. Мәдени-сакральды кеңістікте қоғамдық-саяси құндылықтар басты бағдарға шықты. Диалогтық байланыстың жоқтығы, ұлттық құндылықтарға қарағанда коммунисттік тәртіптің күшті болуы күнделікті үйреншікті құбылысқа айналды. Мұндай тоталитарлық қайта құрулар нәтижесінде жаңа мәдени иерархия немесе мәдени-сакральды кеңістік қалыптасты. Кеңес адамдары үшін сакральды орталық – коммунисттік идеология болды. Ұлттық құндылықтар мен өзге де төл мәдениеттер қол жетімсіз және талқылауға жатпайтын мәселеге айналды. Сөзсіз коммунисттік идеологияны сакральды ету большевиктер үшін сенімді қорғанысты қамтамасыз етті.

Отарлау саясатының салдарынан дәстүрлі өрісінен, жайлауынан, атақоныстарынан айырылған қазақтың кеңістік пен уақыттық континуумда өзін-өзі үйлесімді реттеп отырған әлеуметтік құрылымдық институттары күйреп, халықтың өзі үлкен рухани дағдарыс пен күйзелісті басынан кешті. Бұл ұлттық сана мен сакральды құндылықтарды аяққа таптау деуге де болады. Олардың қатарында төлтума топонимдік жүйе болды, өз кезегінде бұл ұлттық санаға, ұлттық бірегейлікке ойсырата тиген соққы еді. Сөйтіп ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай келе жатқан ұлттық топонимдік жүйеміздің тұтастығын ыдыратуға Ресей патшалығының «қосқан үлесін» ұлттық сананың қалыптасуына, эволюциялық дамуына жасаған орыстандыру саясатының салдары деп бағалауға болады. Отаршылдықпен байланысты келген атаулар негізінен елді мекен атаулары – ойконимиялық жүйеде орын алды.

Ал ірі физика-географиялық нысаналар: тау, өзен, көл атаулары өзгеріссіз қалды деуге болады. Дегенмен, Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі 4 мыңға жуық көлдің едәуір бөлігі (жартысына жақыны) әлі күнге дейін орыс тіліндегі атауларға ие болып отырғандығын көруге болады. Тарихқа әрі қарай тереңдемей-ақ олардың отаршыл-орыстық мазмұндағы мазмұндағы атаулардың сипатын төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Романовтар әулеті мүшелерінің, князь, ханзада, ханшайым есімдерінен қойылған атаулар: Петропавловск, Софиевка, Верный, Александрова, Павлодар, т.б.;

2. Ресей империясына қызмет еткен, отарлау саясатын жүзеге асыруға атсалысқан орыс генералдары, генерал-губернаторы фамилияларынан қойылған атаулар: Қолпаковский, Черняев, Ванновский, Перовский, т.б.;

3. Қазақ жеріне көшіп келген қоныстанушы орыс мұжықтары мен атамандарының фамилия, есімдерінен қойылған ойконимдер: Корниловка, Андреевка, Алексеевка, Самсоновка, Қостаниновка, т.б.;

4. Бұрынғы Ресей жеріндегі өз қоныстарының атын қою, олардың алдына ново-, велико- сөзін қосып не қоспай ат қою да етек алды. Бұларды келтірінді атаулар «миграционные топонимы» дейміз: Новониколаевск, Рязановка, Полтавка, Новомосковское, Самарское, Донецкое, Ростовское, Черниговка, Архангельское, т.б.;

5. Қазақ атауларын тікелей калькалау арқылы атау жасау да басым болды: Ақсу – Белые Воды, Беловодск, Қарасу – Черноводск, Көкшетау – Синегорье, Шортанды – Щучье, Шөтпикөл – Сенокосное, Бесмола – Пятигорское, Ақжар – Белоярск, т.б.;

6. Қазақ тіліндегі атауларға -во, -ское, -ое, -ая, -ий т.б. орыс аффикстерін жалғау арқылы орысшалау үрдісі де орын алды: Олар: Нурбаевск, Бекетайский, Ерментауский, т.б.

7. Христиан дінін уағыздайтын діни мейрамдар, әулиелер атауларынан қойылған ойконимдер: Вознесенка, Покровск, Троицкое, Новотроицкое, Воскресенское, Рождественское, Крестовское, Преображенское, Благовещенка, Богородское, т.б.;

8. Қоныстанған орыс селениелерінің табиғи ерекшелігіне қарай орысша номинациялау: Березовка, Малиновка, Крутойск, Многоводное, Тихогорское, Раздольное, Верхнеишимское, Приреченск, т.б. Байқап отырсақ, орыс тілінің ықпалы ұлттың тілдік, топонимдік санасында тек тілдік деңгейлерінде (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) ғана емес, мәдени, рухани, идеологиялық деңгейлерде де көрініс тапқан

Бұл туралы зерттеуші Е. Керімбаев отаршылдық мазмұндағы топонимдер жөнінде былай ой өрбітеді: «Характерной особенностью колониальной топонимии являлось то, что на территории колоний появлялись географические названия в результате официальных переименований, исходящих от государственно-правовых институтов и потому несущих в себе печать официальной идеологии и политики правящих классов. Государство на основе волюнтаристских актов «высочайших повелений, указов» стремилось «обновить» национальную народную топонимию, нарушить сложившуюся в течение тысячелетий картину жизни и истории аборигенного населения, каковым в сущности является национальная топонимия» [251]. Бұл атаулар Ресейден жер аударған орыс мұжықтарының фамилияларынан, есімдерінен қойылған ойконимдер Қазақстан картасында 100 жылдай өмір сүрді десе болады. Мұндай процесс КСРО аумағында қайта құру кезеңі басталып кеткенімен, Кеңес Одағы республикаларының топонимиялық жүйесіндегі жаппай өзгертулер енді басталғалы тұрған сәтте, отаршыл мазмұндағы ойконимдер ұлттық топонимдік кеңістігінің айтарлықтай бөлігін құрап, елді мекен, сельсовет, ауылсовет атауларының орыс фамилия, есімдерінен жасалғандары басым көпшілік бөлігі екендігі сырт көзге бірден көрініп тұрды [252].

Ұлттық болмысты рухсыздандыру, сакральды жер-су атауларын өзгерту Кеңестік кезеңде де орын алды. Қоғамда болып жатқан барлық кереғар құбылыстар, идеологиялық дағдарыстар міндетті түрде алдымен ұлттың тілінде, оның ішінде ономастикасында көрініс тауып отырды. Осыған байланысты проф. Т.Жанұзақ: «Ономастика (онимдер) белгілі бір тілдегі лексиканың ажырамас бөлігі ретінде қоғам өмірімен тығыз байланысты болады да, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық әрі мәдени-әлеуметтік факторлармен тығыз ұштасып жатады», деп пайымдайды [253]. Шынында да, қоғамдағы өзгерістерге тілдік құрылымдағы ең бір «сергек», кез келген өзгерістерді «елең етіп, жаңалықты қағып алатын» сала сөз мәдениетімен қатар ұлттың Ономастикалық жүйесі, оның ішінде, топонимдік жүйе.

Жаңа орнаған Кеңес үкіметінің географиялық жер атауларына лениндік ұлт саясаты жүргізілгендігі туралы ғалым М. Мырзахметов былай дейді: «Халықтың

тілегіне сай, бұрынғы патша сарайындағы императорлар мен ұлы кінәздардың, монархияшыл мемлекет қайраткерлерінің атына қойылған қала, елді мекен, жер-су атауларын түгелдей өзгерту жұмысы алдымен қолға алынды. Бұл беталыс тек ірі топонимикалық атауларды ғана қамтымай, тіпті микротопонимдер мен қалалардағы көше атауларына дейін қалдырмай жаппай жаңарту саясатына алып келді. Себебі жаңа қоғам алдына қойған мақсаты жаңа дүниетаным, жаңа идеология тұрғысынан ескі дүниетаным негізінде қойылған атауларды өзгертуі заңды құбылыс еді. Мысалы, Қазақстандағы патша ағзамдарының құрметіне қойылған ірі қала аттары (Павлодар, Петропавловск) өзгеріссіз қала берді. Тіпті, 1923 жылдың өзінде Петропавловск қаласына бұрынғы Қызылжар атауын беру туралы облыстық сессияда арнайы түрде күн тәртібіне қойылып қаралғанымен, қарсылық күшті болып, өзгеріссіз қала берді» [5, 76 б]. Зерттеуші Н. Уәли қазақ тілінің дамуының советтік кезеңінің пафостық бастапқы сипатын 1920-30 жылдарға жатқызады да, ойын әрі қарай былай жалғастырады: «Жұртшылыққа белгілі Ұлы Төңкеріс кезінде ұзақ жылдар бойы жинақталған сандық өзгеріс сапалық күйге өтті. Әлеуметтік организмде жаңару мен жаңғырту басталды. Соған сәйкес қоғамдық идеал түбегейлі әрі тез өзгерді. Ескіні қирату, жаңаны жасау, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасау, саяси бостандық, әлеуметтік теңдік, пролетариат билігі төңкеріс кезеңінің ұраны болды», деп көрсетеді [254].

Жалпы «Ұлы» төңкерістің қазақ даласына әкелген қасіретті «ұлттық апатынан», қазақ тілінің отаршылдық, тоталитарлық саясатынан ең көп зардап шегіп, құрбандыққа алдымен шалынған саласы да осы ономастика, оның ішінде топонимика болды. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, өз қызметін қазақ қауымының мүддесіне орай атқарып келген төл жүйе түбегейлі өзгерді. Бұрынғы уез, жайлау, этникалық мекен, ауылдық жүйе жаппай колхоздастыру, ұжымдастыру нәтижесінде мүлдем басқаша әкімшілік аумақтық сипатқа ие бола бастады. Сол кездегі Қазақстанның барлық аймақтарында бұрынғы ұлттық үрдістегі сан мыңдаған микротопонимдер жұтылып, орнына жүздеген, мыңдаған ірілі-ұсақты колхоз, артельдер аты дүниеге келді. Олардың бұрынғы табиғи аталым нәтижесінде туындаған, жер бедерін, табиғи ерекшелікті білдіретін ұлттық мазмұндағы атаулардың орнына өте-мөте пролетарлық-большевиктік рухта жасалған атаулармен ауыстырылып, ұлттық аталым дәстүрінің тамырына балта шабылды. Мысалы, сол тарихи кезең реалийлеріне, замана талабына сай, ойконимия саласында жүргізілген лениндік саясаттың нәтижесінде Батрак, Большевик, Кедей, Жаңа шаруа, Қызыл Орақ, Бейнеткеш, Бейнетқор, Түзеу, Полезный труд, Шаруатеңеу, Жұмыскер, Жалшы, Құрама, Ұйымшыл т.б. сынды кедейшаруаларды біріктіретін колхоз, артельдердің семантикалық тұрғыдан жұтаң да қарапайым бейұлттық мазмұндағы атаулары Қазақстан аумағында және өзге бұрынғы одақтық республикаларында да жүздеп, мыңдап жаңадан пайда болды[255].

Бұл тарихи кезең жер-су атаулары, әсіресе, ойконимдік жүйе репертуарының қомақты бөлшегін әлемдік пролетариат көсемдері мен большевиктік партия қайраткерлерінің, Қызыл әскер қолбасшылары есімдері: К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Ленин, И.В. Сталин, Калинин, Киров, Молотов, Ногин,

Орджоникидзе, Буденный, Чапаев, Дзержинский және т.б. көптеген меморативтік сипаттағы атаулар құрады. Тіпті бұл қазіргі Қазақстан жағдайында да толық жолға қойылмай отырғандығын көруге болады. Әлі де көптеген елді мекендердің атауы былай тұрсын, осы жоғарыдағы есімдермен байланысты көше атаулары да әлі күнге дейін сақталып отыр.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін мәдени-сакральды кеңістікке түбегейлі өзгерістер жүргізу ісі большевиктер үшін аса маңызды болды. Өйткені мемлекет аумағында бірнеше ұлт пен ұлыс, дін мен діни ағым өкілдері өмір сүріп жатты. Оларды белгілі бір мақсатқа жұмылдыру үшін де мәдени-сакральды кеңістіктегі өзгерістер орны алуы тиіс еді. Әрине қазан революциясына дейін де бұл халықтар бір-бірімен етене жақындаса отырып өмір сүріп келген. Неліктен большевиктер мәдени-сакральды кеңістікте түбегейлі өзгерістер жүргізді деген сұрақ туындары анық. Қазан революциясынан кейін саяси жүйе өзгеріске ұшыраған соң сөзсіз мәдени-сакральды кеңістікті де өзгеруі керек болды. Өйткені саяси көзқарастар тұрғысынан мықты ұйымдасуы үшін ең алдымен азаматтардың ортақ мәдени құндылықтары болуы тиіс саналды. Ортақ мәдени-сакральды кеңістік қана азаматтардың өмірі мен саяси көзқарастарын реттейтін әлеуметтік рөлге ие бола алатын еді. Сөзсіз большевиктер құрған Кеңестер мемлекетінің рухани және материалдық мәдениет мүмкіндіктері мен әлеуеті өте зор болды. Бірнеше ұлттың басын қосқандықтан әлеуеті жоғары азаматтардың үлкен тобы да қалыптасты. Большевиктер сол адамдардың мүмкіндіктерін өз пайдасына қолданды. Нәтижесінде өздерінің сенімдеріне негізделген мәдени-сакральды кеңістіктегі қағидаларды тұрғындарға насихаттады. Азаматтар болса диалогтық байланыстан тыс ұсынылған идеяларды саналарына сіңіруіне мәжбүр болды деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы Патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің орыстандыру бағытындағы саясатының қазақ қоғамына тигізген ауыр салдары болғанын тарихтың өзі айғақтап беріп отыр. Жұмыс барысында аталып өтілгендей жер шарындағы ірі империялар әлсіздерді өзіне бағындырып, өзінің күш-қуатын одан әрі арттырып қана қоймай, әлемдік бәсекелестікке түсті. Отарлаушылардың алғашқы санатын британдықтар (Үндістанда), француздар (Солтүстік Африкада) жүргізгені белгілі. Бұл санаттан Ресей империясы да қалыс қалмай, әсіресе Петрдің I қазақ өлкесін «Азияға апарар кілт пен қақпа» қағидасынан кейін мақсатты ой жүзеге асырыла бастады. Десек те Ресей жаулаушылығына ұшырап отырған халықтардың әр қайсысының бай және ежелден келе жатқан мәдени тарихы болды. Сол себептен де болар үкімет орыстандыру мен христиандандырудың зорлықсыз саясатын жүргізіп, мұсылман дінінің ықпалын шектеп, орыс тілінде зайырлы білім беруді енгізді. Қазақтың кең даласын орыстандыру мен христиандандыру арнайы агенттіктер яғни мемлекеттік аппарат, шенеуніктер, миссионерлер, шіркеу, әскер, әр түрлі санаттағы мектептер арқылы жүргізді. Алайда өзінің этникалық, тілдік және діни болмысын ұзақ уақыт бойы сақтаған, шекарадан жырақ өмір сүрген еркін дала халқын ассимиляциялау қиынырақ болды.

